XX ғасыр басында сырттан келген халықтардың Оңтүстік Қазақстан жерін отарлау процесі жалғаса берді. Бұл уақытта Жетісу облысына да Түркістан мен Қашқариядан өзбектер қоныс аударды. 1901 жылы Жетісудың қазақ уездерінде 3732 өзбек тұрғын болса /154/, 1913 жылы олардың саны - 7926-ға жетіп, 9 жыл ішінде 2,1 есеге өскен [2]. П.Скрыплев Сырдария облысында 1897 жылдан 1906 жылға дейін өзбек тұрғындары 11,1 процентке өскенін, 1865 жылдан бастап санағанда олардың саны 74,7 процентке және жер үлесі - 95,0 процентке өскендігін анықтай келе, “бұл өсімді сарттардың (өзбектердің - Л.Д.) өлкені отарлауының жалғасып отыруымен түсіндіруге болады” - деп қорытынды жасайды [3]. 1909 жылы Шымкент уезіндегі 24 өзбек қыстақтарында 9028 қожалық, Әулиеата уезінде 5 қыстақта 1674 қожалық өмір сүрген [4]. Алайда, өзбектердің облысқа қандай көлемде келгендігін анықтау қиын. Облыстарға шолуларда берілетін мәліметтерде барлық жергілікті ұлттарды бір атпен - “түземдіктер”-деп берген. П.Галузо бұл жөнінде мынандай мәлімет береді: Шымкент уезінің 4 өзбек қыстағанда (1906 жылы зерттелген) бір шаруашылыққа орта есеппен 6,11 мүшеден тура келген. Бұл сандық коэффициентті барлық өзбек шаруашылығына көбейтсек, облыстың қазақ уездеріндегі өзбектердің саны - 65390 адамға жеткен. Бұл санды 1897 жылғы мәліметпен салыстырар болсақ (әрине табиғи өсімін есепке ала отырып), сөзсіз, XX ғасыр басында өзбектердің қазақ аудандарына көшіп келіп орналасуы арта түскенін көруге болады [5,48-б]. Әрине, өзбектердің Оңтүстік Қазақстанға келуі ішкі Ресейден өз еркімен келген орыс шаруаларының келуі сияқты қарқынды түрде жүрген жоқ, бірақ олардың келуімен елді мекендердегі кедейлердің саны жылдан жылға көбейіп отырды.

Өзбек тұрғындары негізінен өздерінің бұрынғы таралу аймақтарына сәйкес келетін шағын өзендік-климаттық зоналарда орналасты. Өзбектердің қоныстары оңтүстік облыстағы Сырдария, Арыс, Талас, Шу өзендері ағысы бойында қалыптасты. Бұл региондардағы ауа-райы суармалы егіншілік үшін қолайлы болды. Одан басқа өзбектер егіндерін суару үшін каналдармен арықтар тұрғызумен шұғылданды. Өзбектер шағын бірақ тығыз орналасқан топтар болып қоныстану арқылы өздерінің жеке этникалық қоныстарын қалыптастырды. Яғни Қазақстанның оңтүстігіне қоныс аударған өзбек тұрғындары шағын топтарға бөлініп Сырдария облысы аумағына орналасты. Түркістан өлкесінің статистика материалдарында жоғарыда аталғандар өзбек тұрғындарының негізгі кәсібі алғашқыда егін шаруашылығы болғандығын көрсетеді [6].

Граф Паленнің Түркістан өлкесіне жүргізген ревизиясында өзбектердің (сарттардың) қоныстану территорияларына Шымкент, Әулиеата уездері, бұрынғы Ташкент бегі қарамағындағы Иқан, Созақ, Қарнақ, Шолаққорған, Бабайқорған, Сайрам, Манкент, Қарабұлақ, Қарамұрт, Сұлтанрабат және Мерке елді мекендерін жатқызады. Даладағы алдыңғы өзбек (сарт) коллонизациясы 1868 жылдан бастап он төрт жыл ішінде екі есе көбейіп, өзбектердің қоныстануы артып, көшпелі қазақ даласына қарай тереңдей бағытталды [7]. Орта Азияның басқада аймақтарынан өзбектердің келуі есебінен өзбек қыстақтары кеңейді. Өлкені зерттеген П.Скрыплев өзіндегі 1906 жылғы мәліметтерді зерттеуші Южаковтың 1865 және 1897 жылдардағы сол өзбек қыстақтарына қатысты мәліметтерімен салыстырады. Анықталғанындай зерттелген қыстақтарда 1897 жылдан 1906 жылға дейін халық саны 11%-ға өскен, 1865 жылдан бастап шаруашылық 74,7%-ға және жер үлесі 95%-ға көбейген. Скрыплев мұны «сарттар (өзбектер) коллонизациясының далаға жалғасуымен болды» деп қорытынды шығарды. Әрине Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы қыстақтарға өзбектердің келуі Ресейдің орыс поселкілерінен өз еркімен келген шаруалар сияқты қарқынды болмады. Сондай-ақ, қыстақтардағы кедейлердің санының артуы байырғы тұрғындардың кедейлену есебінен ғана емес, сонымен бірге кедей қоныстанушылар есебінен де артып отырды. 1901 жылы қыстақтағы жылқы санын есептегенде қыстақтардағы кедейшіліктің өте үлкен көлемге жеткенін көрсеткен.

Өзбек тұрғындары егін шаруашылығымен және мүмкіндігінше мал шаруашылығымен де айналысты. Олар жылқы, өгіз, түйе, қой және есек бағуға тырысты. Малдарды көбінесе еңбек күші, қатынас көлігі және азық ретінде пайдаланылады [8,82-б.]. Мал саны бойынша Әулиеаталық өзбектер көш бастады. Ал, Шымкенттік өзбек тұрғындары бау-бақша өсірумен шұғылданды, қазақтар бұл салада өте аз болды. Сенатор К.К.Паленнің 1897 жылғы халық санағына сүйене отырып Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ ауылдарындағы өзбектерге байланысты «Ревизиясы» есептерінде келтірілген мәліметтерге қарағанда Жетісу облысындағы өзбектердің 19,33% –

егіншілікпен, 1,20% – малшаруашылығымен, ал 79,47% – басқа да жұмыстармен шұғылданған. Бұл деректен өзбек шаруаларының ауыл шаруашылығынан басқа жұмыстарға кету өту процесі анық көрінеді. Жетісу өзбектерінің 80%-ға жуығы және Сырдария облысындағы өзбектердің 41%-ға жуығы ауыл шаруашылығымен шұғылданбады. Олар негізінен көпестер, ұсақ саудагерлер, ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алушылар, сондай-ақ, әсіресе Сырдария облысындағылары колөнермен айналысты [9].

Бұл кезеңде Түркістан өлкесінің өзбек, қазақ және қарақалпақ еңбекшілері екі жақтан-патшалықтан және жергілікті феодалдар тарапынан қысым көрді. Салықтардың артуы қарапайым халық үшін көп қиындықтар тудырды. Тұрғындар Харадж салығы үшін астық өнімдерінің 1/10 бөлігін беруі қажет болды. Харадж үшін бір пұт өнімнен ақшалай: бидай үшін – 40 коп., арпа және тарыға – 30 коп. төлеп отырды. Көшпенді тұрғындар түгін салығы үшін әр шаңырақтан – 6 руб. төледі. Патша қазынасы шаруалар мен саудагерлерден, колөнершілерден алынатын түрлі салықтар есебінен толып отырды. Мысалы: Шымкент және Сайрам қалалары тұрғындарына базардан түсетін бүкіл кірістердің барлығын Шымкенттік Казы-Календар-Ходжаға беріледі деп жариялады. Базарда сатылатын әр түйеден – 20 коп. күміспен, қойдан – 5 коп. күміспен, таразыға тартылған бір пұт бидай үшін – 5 коп. күміспен төлеу қажет болған. Тұрғындарға базарлардан тыс жерлерде мал сатуға тыйым салынды, сатқандарға екі есе айыппұл төлетті.

Үлкен көлемдегі салықтардан халық кедейлене бастады. Ресми мемлекеттік салықтардан бөлек шаруалар феодалдарға және дінбасыларға салық төлеуге мәжбүр болды. Шамадан тыс алым-салықтардың көп болуынан тұрғындар уақытылы төлей алмай борышкерлерге айналу жағдайлары жиілеп кетті. Тұрғындар бірнеше рет төлей алмаған салықтардан босатуын сұрағанмен олардың шағымдары қанағаттандырылмады. Әбден қажыған өзбек және қазақ шаруалары бірнеше рет алым-салықтарды төлеуден бас тартты. Мысалы, 1903 жылы наурыз айында Шымкент уездінің шаруалары мен ауылдық әкімшілігі арасында осы мәселеге байланысты қақтығыс болды. Патша шенеуніктері халық толқуларынан қауіптеніп, ұлтаралық жауластықты тұтату саясатын ұстанды. Алайда, бұл шаруалардың отарлық әкімшілікке қарсы шығуын тоқтата алмады.

Г.П.Васильев пен Б.Х.Кармышевтың редакциясымен жарық көрген «Этнографические очерки узбекского сельского населения» атты еңбегінде егіншілік процестеріндегі өзгерістер баяндалады. XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басында Орта Азия шаруашылығында өлкеде өндіруші күштердің аяққа тұруынан, товар-ақша қатынастары үдемелі қарқынмен артты. Тауар ретінде жерді де көп сатылымға қоятын болды. Бұл жағдайдан ұсақ және орта шаруалар тақырға отырғанымен, екінші жағынан жер ірі жериелерінің қолына шоғырлана бастады. Сауданың дамуы және ауылшаруашылығының интенсификациясынан еңбек күші көп қажет болды. Шаруалардың жерлеріндегі өзгерістерден мақта егетін жерлердің көбеюінен, жер бөлісу жүйесінде және жұмыстарды ұйымдастыруда да айтарлықтай өзгерістер орын алды. 1898 жылы «Русский Туркестан» газеті беттерінде мынадай мәліметтер келтірілген: «Верный өзінің құрамы жағынан қызық картинаны құрайды мұнда қазақ, таранчы, дүнген және сарттар (өзбектер-Л.Д.) өмір сүреді. Тіпті бұл жердегі орыс тұрғындарының да өздерінің кәсіптері, қажеттіліктерімен және дәстүрлері жағынан Еуропалық Ресейдің қалаларындағы мешандарға ұқсамайды. Намангандық, Ташкенттік, Марғұландық және Түркістан өлкесінің басқа қалаларынан Верныйға келген өзбектердің (сарттар) 700 дейін ер адам құрайды. Жергілікті рынок саудасы әсіресе мал және ет саудасы солардың қолында, сондықтанда, олар Жетісу өлкесіндегі басты мал және жалпы мал өнімдерін бүкіл Түркістан өлкесіне тасымалдаушылар. Жалпы саудадағы қаржылық айналымдар мен операциялардан басқа дұрыс ұйымдастырылмаған несиенің жоқтығынан Верныйдағы өзбектер үйде тәрбиеленген банкирлер (домарашенные банкиры), мұқтаж халықтардың барлығын қанаушылар» [10, 112.-б].

XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басында отаршыл билік ұлтаралық жауластық отын тұтатқанына қарамастан Сырдария облысында еңбекшілер арасында ұлтаралық қатынастар нығая түсті. Ғасырлар бойы қалыптасқан Ташкент, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Әулиеата және Сырдария облысының басқа қалаларындағы өзбек-қазақтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени қатынастары екі халықтың тығыз қарым-қатынас орнатуына септігін тигізді. Көптеген өзбек және қазақтар құда болып, туыстасып кетті. Олардың ұрпақтары әлі күнге дейін қазіргі Қазақстан және Өзбекстан территорияларында өмір сүреді. «Шала қазақтар» азиялық шекарадағы қалаларда ұсақ мал, жеке тауар саудасымен немесе басқа саудагерлерде дүкенші қызметін атқарды. Бауырлас екі халықтың жан-жақты қарым-қатынасы Шымкентте көп байқалған. Әйгілі орыс шығыстанушы ғалымы А.И. Добромислов: «Олар (Шымкенттіктер) Түркістан және Отрарлықтардың ұрпақтары таза өзбектер емес, қазақтармен аралас. Шымкенттік өзбектердің өздерінің сыртқы келбеттері жағынан қазақтарға да ұқсайды», - деп жазды [11, 113-б.]. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басында Шымкент Қазақстанның

онтүстігіндегі сауда-экономикалық орталық қана емес, екі халықтың мәдени қарым-қатынасының да орны болды.

Қорыта айтар болсақ, Оңтүстік Қазақстанға шеттен келіп қоныстанған азиялық ұлттардың көпшілік бөлігін өзбектер құрады. XIX ғасырдың соңында - XX ғасырдың басында ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруалардың қоныс аударып келуі өлкеміздің экономикалық дамуына біршама әсер етті. Егін алқабы ұлғайып, егін егу, жер өңдеу әдіс түрлері байи түсті. Дегенмен, кейінгі уақыттарда патша үкіметінің жүргізген аграрлық саясаты негізінде олардың көпшілігі ауыл шаруашылығынан қол үзіп, шетке кәсіп іздеп кетіп отырды. Осылайша, өлкемізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші негізгі халық - қазақтар болып қала берді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Смирнов Е. Обзор Сырдарьинской области. Спб., 1887.с.76-77
2. Обзор Семиреченской области за 1913 г. -Верный, 1914. с.5.
3. Материалы по изучению хозяйства оседлого туземного населения в Туркестанском краю. Сартовское хозяйства в Чимкентском уезде Сыр-Дарьинской области. -Ташкент, 1912. с.57.
4. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г. -Ташкент, 1911. с. 14.
5. Галузо П.Г.Аграрное отношение на юге Казахстана. -Алма-Ата, 1965. с.48.
6. Буяновский А.В. О пространстве и населении Туркестанского края. с.119
7. Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского края (1865-1917).- М., -1980.с.132
8. Отчет о состоянии Туркестанского края. - СПб., -1888.с.82
9. Отчет по ревизии Туркестанского края. Ч.1. СПб., -1910. с.148
- 10.Этнографические очерки узбекского сельского населения. Под.ред. Васильева.Г.П., Кармшева.Б.Х. -Москва, «Наука»- 1969. с 116-118.
- 11.Добрасмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск. Перовск. Туркестан. Аулие-ата и Чимкент. Ташкент, 1912. с.113

### **СОЦИАЛЬНО ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ УЗБЕКСКОГО НАСЕЛЕНИЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

**Л.С.Динашева, А.Джумадуллаева, М.Аксой**

*Аннотация: В статье рассматриваются проблемы социального развития узбекского населения в южных областях Казахстана в начале XX века, а также изменения в хозяйственном развитии и взаимоотношения с другими народами. Выявляются основные причины ухудшения положения узбекского народа в результате колониальной политики царизма.*

### **SOCIALANDECONOMICSITUATION OF THE UZBEK POPULATION IN SOUTHERN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURY**

**L.S.Dinasheva, A.Dzhumadullaeva, M.Aksoy**

*Summary.The article deals with the social development of the Uzbek population in southern regions of Kazakhstan at the beginning of the XX century, the changes that occurred in the farms and other peoples relationships. We study the causes of the deterioration polazheniya Uzbek people as a result of the colonial policy of tsarism.*

## СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ДВАДЦАТЫЕ ГОДЫ XX ВЕКА. ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ПО МАТЕРИАЛАМ АРХИВОВ

**Аннотация:** В статье рассматриваются социально-экономические характеристики населения в Казахстане в двадцатые годы XX века. Показаны социальное положение женщин и изменения в первые годы советской власти. Автор анализирует историческую ситуацию по данным архивных материалов. В целом характеризуется исторический аспект социально-экономического состояния населения Казахстана по данным архивов.

**Ключевые слова:** социально-экономические характеристики, исторический аспект, семейное состояние, занятость населения, социальное положение.

*Исторический аспект преобразований советской власти в двадцатые годы XX века вызывает большой интерес и, несомненно, актуально сегодня, когда в обществе вновь обсуждаются вопросы возврата к прежним, традиционным ценностям. В рамках историко-демографического исследования семьи актуальным представляется экономический аспект. В середине двадцатых годов XX века в нашем обществе присутствовали элементы старого, традиционного, в то же время было множество нововведений. Причудливое переплетение разных элементов отразилось в социально-экономических характеристиках семейного состояния. В статье были использованы важные и наиболее полные исторические источники: Всесоюзная перепись населения 1926 года, а так же материалы государственного архива, раскрывающие особенности исторического периода.*

Особый интерес приобретает соотношение занятости населения, сфер занятости и семейное состояние лиц. Семейное состояние – положение человека в демографической структуре семьи или домохозяйства. Интересно, насколько срабатывают традиционные установки: муж – кормилец семьи, в каком возрасте статус самостоятельного, самодельного человека становится преобладающим. Немаловажную роль гендерные характеристики играют в выборе сферы занятости, и в распределении по категориям самодельных и несамодельных лиц у мужчин и женщин. В материалах переписи 1926 года представлено распределение населения в семейном состоянии по двум категориям: 1) «самодельное», к ним относятся работающее население, имеющее заработок, самостоятельное в экономическом плане; 2) «несамодельное» – это неработающее население, в экономическом отношении несамостоятельное, зависящее в материальном плане от родных и близких.

Первая группа состоит из лиц, непосредственно участвующих в обеспечении общественного производства. Сюда относятся не только лица, имеющие доходное занятие, то есть лица наемного труда и самостоятельные хозяева, но и безвозмездно работающие в семейном предприятии члены семьи предпринимателя. Вторую группу составляют лица, которые непосредственно не вступают в общественно-производственные отношения с другими лицами, но находятся в неразрывной связи с людьми, принадлежащими к первой группе; они являются иждивенцами частных лиц или государства. Сюда относятся домашние хозяйки, студенты, пенсионеры и другие.

По материалам переписи 1926 года, были сделаны специальные расчеты, население КАССР по семейному состоянию, полу и положению в занятии в 1926 году (на 1000 человек) [Рассчитано по: 4, с. 16-23]. Самая большая занятость населения приходится на долю «хозяева, одиночки и помогающие члены семьи» - 91%, что означает: главы семей, домохозяйств и работающие в нем члены семьи, либо одиночки. В основном это занятое в сельском хозяйстве население – 88%. Среди них распределение по категориям «самодельного» «несамодельного» следующее: у мужчин 95% самодельные, и лишь 5% приходится на несамодельных.

Анализируя все население республики по категории «самодельное» / «несамодельное» важно отметить большую дифференциацию в гендерном аспекте. Самодельных мужчин значительно больше, чем женщин. Среди мужского населения 94% составляют самодельные, и лишь 6% несамодельные. У женщин примерно равные пропорции – 56% самодельных и 44% несамодельных. Важен момент семейного состояния населения в соотношении по категориям самодельные/несамодельные. Так, среди холостых мужчин несамодельных людей в два раза больше, чем самодельных. Среди женатых напротив, в два раза выше показатели самодельных. Дело в том, что холостыми несамодельными являются в основном молодые люди, еще не

выделившиеся в самостоятельное хозяйство. При рассмотрении по положению в занятии среди «рабочих» у мужчин 92% самодельных и 8% несамодельных. У женщин работниц 29% самодельных и 71% несамодельных. Таким образом, учитывая, что в процентном отношении больше самодельных мужчин, нужно отметить – основную массу рабочих составляют мужчины. Почти аналогичная ситуация и среди служащих.

При рассмотрении женского населения по категориям занятости и семейного положения в городских поселениях сложилась ситуация, когда категория несамодельных женщин очень высокая – 77%, против 23% самодельных. При этом именно замужние женщины в большинстве своем несамодельные, и почти в три раза превышают долю самодельных. Этот факт объясняется тем, что в основном замужние горожанки заняты ведением домашнего хозяйства, таким образом, основной род занятий у них – домохозяйство. В исследовании экономиста Беккера Г. говорится: «Женщины с низкой заработной платой должны тратить больше времени на производство продукции в домашнем хозяйстве по сравнению с высокооплачиваемыми женщинами, так как время низкооплачиваемой женщины имеет меньшую ценность» [2, с. 19]. Данный тезис обосновывает, почему женщины в основном являются домохозяйками.

Сопоставление показателей мужчин и женщин, самодельных и несамодельных, представляется возможным по городским поселениям, по которым имеются данные в переписи. В основном, замужние женщины являются домохозяйками. Интересны показатели о разведенных женщинах в городской местности. Развод в двадцатые годы оставался преимущественно городским явлением. Показатели развода в городских поселениях были примерно в три раза выше, чем в сельской местности. Если же рассматривать разведенных с позиции положения в занятии, то хорошо прослеживается зависимость от рода занятий. Так, наибольшие показатели разведенных приходятся на городских самодельных работниц и служащих. При этом высокая занятость самодельных разведенных женщин именно среди служащих и рабочих.

Особый интерес представляет зависимость поведения женщин от социального положения в вопросе проведения операции аборта. Сведения по данному вопросу, относящиеся к середине двадцатых годов, были обнаружены автором в ЦГА РК [7]. Существование аборта как метода контроля рождаемости имеет длительную историю. Аборт происходит от латинского слова abortus - выкидыш, прерывание беременности в первые 22 недели, когда плод еще нежизнеспособен. Искусственный аборт может быть медицинским (легальным) или незаконным (криминальный, внебольничный) [5, с. 9]. Впервые аборт был разрешен в Советском государстве в 1920 году. Рассмотрение этого вопроса в историческом аспекте - в советские годы, есть в работах Вишневого А.Г. [3]. Автор показывает, каким образом происходили изменения в демографических процессах семейных отношений в СССР с принятием нового законодательства об абортах, на примере России.

При работе в ЦГА РК нам удалось обнаружить материалы, освещающие данную проблему в крае и пути ее решения на правительственном уровне. Сведения об абортах в КАССР содержатся в делах по раскрепощению женщин, избавлению от пережитков прошлого. В материалах архива приводятся документы, отражающие работу с женщинами в целом, обнаруженные сведения об абортах находятся в делах по улучшению здоровья женщин.

В основном вся медицинская помощь женщинам была сосредоточена в городах. Именно в этой ситуации проводится осуществление правительственного постановления НКЗ (народного комиссариата здравоохранения) и НКЮ (народного комиссариата юстиции) от 16 ноября 1920 года о легализации аборта. В условиях отсутствия или нехватки обязательных моментов, государство проводило аборт бесплатно. Главной задачей советского законодательства в этом вопросе было вывести аборт из подполья, “вырвав его из рук невежественных абортистов, которые из тайны... создавали себе промысел.” Постановление, признавая “зло, которое представляет из себя аборт для коллектива”, объясняло “моральными пережитками прошлого и тяжелыми экономическими условиями настоящего” [6, л.8] и предсказывало его постепенное исчезновение.

Советское правительство стало на другой путь: 1) улучшения экономического положения женщин; 2) повышение квалификации их труда; 3) широкого осуществления принципов охраны Материнства и Младенчества. Таким образом, предполагалось прийти к изжитию этого явления. Проведение работы в этом направлении в Казахстане, наиболее полно раскрывает следующий документ - доклад народному комиссару здравоохранения: “Аборты в КССР в 1925 и 1926 годах”, подготовленный заведующей учреждениями охраны материнства и младенчества Мананниковой Н. и заведующим Статистического бюро Виленским М. [6, л.8-16] Скорее всего названный доклад единичный документ такого рода, подготовленный специально, и что является особенно важным, сохранившийся в архивных материалах. Материал по абортам относится в основном к жителям

городской местности. В докладе Мананниковой Н. и Виленского М. изучаются причины, приводящие к аборту, и меры борьбы с этим явлением, собраны и проанализированы статистические данные на профессиональном уровне, с учетом корректировки обозначенных трудностей и проблем. В источнике содержится богатый фактологический материал о введении в жизнь практики аборта, так же показан ход сбора данных. Принимая во внимание возможность преуменьшения количества карточек против истинного числа абортов в два, и даже в три раза, авторы отмечали: “мы все же считаем необходимым произвести анализ полученных данных, поскольку рост количества абортов за последние два года выразился в значительных цифрах” [6, л.9]. На основании имеющихся сведений об абортах, была произведена некоторые расчеты, и составлена таблица 1. Особенно важно подчеркнуть разницу в числе абортов, что связано с вопросами их регистрации.

Таблица 1. Количество абортов в КССР за 1925, 1926 год

Годы	1925		1926		1926 / 1925	
	число	в % к итогу	число	в % к итогу	Соотношение числа	в % соотношении
Произведено полных абортов	372	63,9	2 094	92,6	в 5,6 раз	1,4
Принято с начавшимся вне больницы абортom	210	36,1	167	7,4	в 0,8 раз	0,2
Итого:	582	100	2 261	100	3,8	1

Рассчитано по: ЦГА РК, ф. 248, оп.1, д.6, л.11.

Данные таблицы свидетельствуют, что основная задача легализации аборта - борьба с подпольными абортами, в ходе осуществления привела к определенным достижениям. Так, в 1925 году подпольных абортов было 36,1%, в 1926 году 7,4%. Как отмечают составители доклада, эти цифры показательны тем, что “подтверждают правильность политики Советского Правительства по отношению абортов.”[6, л.11] В документе также уделяется внимание распределению абортировавшихся по возрасту. Прослеживается такая характеристика - за оба года возрастная группа 20-29 лет дает более половины всех абортировавшихся (54% женщин приходится на этот возраст в 1926 году). В возрастных когортах 15-19 лет и 40-45 лет на 1926 год абортировавшихся, в процентах к итогу, не так много. На эти категории приходится примерно одинаковое количество - 5,48% и 5,04% соответственно. По семейному положению из числа женщин, подвергшихся операции, значительное большинство состояло замужем: в 1925 году - 85,39% и в 1926 году - 86,20%. [6, л.12]

По социальному составу на 1926 год распределение следующее: максимум абортов приходится на женщин, занимающихся “домашним хозяйством не по найму” - 58,91%, за ними следуют “служащие” - 20,75% и “работницы производств” - 8,55%, “занимающиеся сельским хозяйством” - 7,28%, на остальные группы приходится очень незначительный процент (менее 3%). По определению составителей материала: “Здесь мы имеем тождество с материалами по аборту других республик, где самую большую группу абортирующихся составляют жены рабочих и служащих, то есть домашние хозяйки” [6, л.12].

Важным моментом является определение причин, по которым были сделаны аборты. Они распределились в 1925 году следующим образом: болезненное состояние - 16,15%, социально-экономические факторы - 56,02%, и далее в 27,83% причины не указаны или указаны неточно. В 1926 году соответственно: для первой группы (болезненное состояние) - 25,52%; для второй группы (причины социального характера) - 49,80%; для третьей группы - 24,68%. Среди указанных 1126 случаев проведения аборта по социально-экономическим причинам в 1926 году распределение следующее: недостаток материальных средств - 34,11% (в процентах к общему количеству); желание скрыть беременность - 0,49%; невозможность продолжить работу - 3,98%; так же называются нежелание иметь ребенка и многосемейность [6, л.13].

Тяжелые жилищные условия, конечно, не могли не отразиться на количестве абортов. В таблице, приведенной в документе, четко прослеживается такая зависимость: жизнь в одной комнате вчетвером толкает женщину на аборт в значительном большинстве случаев. Распределение по месяцам количества операций показывает, что увеличение происходит к осени, и максимум приходится по 1926 году на ноябрь-декабрь, что вполне соответствует жизненным ситуациям.

Особое внимание авторов доклада было уделено вопросу о наличии абортов у женщин-мусульманок: “таких карточек в 1926 году было - 73, что составило 3,2% от общего количества

абортов, из которых казачек (казашек) - 17; узбечек - 3; татарок - 46; таранчинок - 1, и мусульманок без указания национальности - 6.” [6, л.10 ] Подробные данные об абортировавшихся восточных национальностей таковы: среди поступивших карточек полных абортов - 61 (83,56%), и принятых в больницы с начавшимся уже аборт - 12 (16,44%). Распределение по возрастам аналогично общим показателям: у мусульманок на возраст 20-29 лет также выпадает более половины всех случаев - 52,06%. [6, л.14] По социальному положению абортировавшихся в том числе наблюдаются одинаковые тенденции - наибольший процент дают женщины, занимающиеся домашним хозяйством не по найму (68,49%), то есть домохозяйки.

В большей степени, как и для остальных национальностей, являлись социально-экономические причины, вызвавшие необходимость в производстве аборта у женщин восточных национальностей. На их долю приходится 60,28% случаев, что на 10% выше, чем данные, полученные при общей разработке. Сравнение показывает, что у мусульманок социально-экономический фактор является более частым моментом, побуждающим женщину к производству аборта. Значимость обнаруженного документа весьма высока. Практически, материал, хранившийся в архивах много лет, проливает свет на такой малоизученный вопрос, как аборты в КАССР, и фактически дает дополнительный материал о демографических процессах в республике. На основании имевшихся статистических данных ответственные работники советского государственного аппарата выявили причины, условия проведения абортов в Казахстане.

Безусловно, нереально было в одночасье изменить многовековой уклад жизни. Тем более, можно представить, насколько революционным для женщин - мусульманок были разрешение на развод или на проведение операции аборта, если учитывать тот факт, что в указанный период присутствовала не столь значительная распространенность прерывания беременности по всей советской стране. Как отмечает Вишневецкий А. Г., даже когда после революции (в 1920 г.) законодательные ограничения на аборт были сняты и стало возможно его производство врачом, население далеко не сразу воспользовалось этой возможностью. В отчете Института социальной гигиены (1926 г.): “большая часть крестьянок до разрешения производить аборт легально и не знали о возможности искусственного прерывания беременности. Во время обследования встречались женщины, которые не знали о праве на аборт... Большинство женщин боятся операции...” [3, с. 128]

Сопоставляя ситуацию в РСФСР и КАССР, учитывая документы, обнаруженные в архиве - выявляется вполне реальная картина распространенности аборта. Архивные материалы показывают, как обстояло дело в нашей республике с акушерской и гинекологической медицинской помощью, аборты только начинали входить в обыденную практику, и особого одобрения или принятия в сознании масс не наблюдалось. Выявленные тенденции: играют роль такие характеристики, как национальная принадлежность, трудовая занятость, уровень образования и место проживания (город - село).

Особое внимание заслуживают социальные предпочтения при выборе брачного партнера. Материалы городского архива ЗАГСа позволяют сделать вывод о заключении браков между лицами, относящимися преимущественно к одному и тому же социальному статусу. Например, служащие женились либо на служащих, либо на домохозяйках. Женское население города Усть-Каменогорска по роду занятий было преимущественно домохозяйками, что составило 83% от всех вступивших в брак в 1926 году [1].

Безусловно, среди рабочих и служащих более распространенным является когда жена домохозяйка, то есть проходит по категории «несамодетельная». Это свойственно в наибольшей степени для городских поселений. В сельских поселениях напротив, до 60% женщин самодетельные, и лишь 40% - несамодетельные. Здесь играет роль фактор экономический. В городе заработок рабочего или служащего позволяет мужу содержать жену. К тому же более востребованы были мужчины рабочие. Рациональным с экономической точки зрения было, когда жена занималась ведением домашнего хозяйства и воспитанием детей. Степень воздействия социального статуса на выбор брачного партнера является значительным. В двадцатые годы более половины мужчин-рабочих женились на домохозяйках.

По данным переписи 1926 года, среди самодетельного населения в городах Казахстана только 22% составляли женщины. На самодетельных городских мужчин приходилось 78% [4]. Среди женщин-работниц наибольшую долю составляют вдовы, разведенные и молоденькие девушки, работавшие только до замужества. Доля самодетельных женщин-работниц составила 12% в городах по республике. Невысокий удельный вес женщин в производстве был связан как с недостаточно развитой промышленностью, так и с низкой квалификацией многих женщин. Рабочих мест для них было мало. Среди городских служащих доля женщин была заметно выше - 31%. Преобладали



машинистки, конторщицы и другие технические работники низшей квалификации. По материалам архива ЗАГСа г. Усть-Каменогорска среди женских занятий упоминаются: служащая, врач, учительница, портниха, швея, учащаяся, рабочая, башмачница и т.д. [1]

Почти у всех вступивших в брак существовали свои социальные симпатии, которыми руководствовались люди, выбирая спутника жизни. Довольно четко прослеживается стремление создать семью с человеком из своего социального окружения. Влияние на добрачное поведение оказывала и сложившаяся социальная конъюнктура. Подчас представители дореволюционной элиты, вступая в брак с рабочими, тем самым повышали свой подозрительный или ненадежный социальный статус. Возможно, среди 10-14% служащих обоего пола, заключивших брак с рабочими, были и те, кто руководствовался такого рода мотивами.

Таким образом, изучение взаимосвязи между занятостью населения и семейным состоянием дает основание для следующих выводов. Во-первых, ярко выражена гендерная характеристика при выборе сфер занятости, распределения по семейному состоянию в категориях «самодеятельных» и «несамодеятельных». Во-вторых, четко прослеживается дифференциация по городской и сельской местности, что связано с видами трудовой деятельности. Именно в городе выше доля самодеятельных вдовых и разведенных женщин. В-третьих, выявлены социальные предпочтения при выборе брачных партнеров. В наибольшей степени при заключении брака руководствовались однородностью социальной сферы занятости. Далее, отмечена высокая доля несамодетельных замужних женщин, которые состоят в браке и являются домохозяйками. В-четвертых, отмечена более высокая самостоятельность и независимость женщин служащих и работниц, или же состоящих в браке с рабочими и служащими, т.е. городские женщины. У них высокие показатели разводимости, и показатели занятости. Все эти черты видны при анализе одной из сторон семейной жизни – планировании детей, именно эти женщины в значительно большей степени прерывали беременность, производя операцию аборта.

Все это свидетельствует о восприятии новых установок, привносимых советской властью, и временем, непосредственно в городской среде. Через призму семейно-брачных отношений мы наблюдаем изменение менталитета, самосознания женщин. Причем, не только мусульманок, несомненно, для них все преобразования были революционного порядка, и это, всегда отмечалось исследователями. Но и для женщин славянских этносов, что свидетельствует о ломке традиционных патриархальных отношений в семейной жизни, раскрепощении женщины вообще и женщины труженицы в частности. В целом, изучение социального статуса, положения в занятии, во взаимодействии с семейным состоянием дает возможность более полной и комплексной характеристики социально-экономических процессов в исторической ретроспективе в двадцатые годы XX века.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Актовые записи брачности. Государственный архив городского ЗАГСа г.Усть-Каменогорска, опись 1, д.1, 2; опись 2, д. 3,4.
2. Беккер Г. (США) Выбор партнера на брачных рынках.// Альманах «THESIS» «Теория и история экономических и социальных институтов и систем» Выпуск 6 «Женщина, мужчина, семья». М., 1994. – С. 12-36.
3. Вишневский А.Г. “Серп и рубль. Консервативная модернизация в СССР.” М:ОГИ, 1998. – 432 с.
4. Всесоюзная перепись населения 1926 год. Т. 42, Каз.ССР, М., 1930 г., отдел III, таблица II, С.16-23.
5. Народонаселение. Энциклопедический словарь / гл. ред. Г.Г. Меликьян. М., 1994. – 640 с.
6. ЦГА РК, ф. 248, оп.1, д.6, л.8.
7. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК), ф. 248, оп.1, д.6, л.8-16.; ф. 248, оп.1, д.8, л.54.; ф. 248, оп.1, д.20, л.2 об, л.3.

#### XX ҒАСЫРДЫҢ ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ. МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША ТАРИХИ АСПЕКТІСІ

С.К. Уалиева

*Мақалада XX ғасырдың жиырманшы жылдарындағы Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары қарастырылады. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы әйелдердің әлеуметтік жағдайы мен тарихи өзгерістер көрсетілді. Автор*

*тарихи жағдайды мұрағаттық деректері материалдар бойынша талдайды. Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мұрағаттар деректері бойынша тарихи сипатталады.*

**SOCIO-ECONOMIC CHARACTERISTICS THE POPULATION OF KAZAKHSTAN IN THE TWENTIES OF 20<sup>th</sup> CENTURY. THE HISTORICAL ASPECT ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE ARCHIVES**  
**S.K. Ualiyeva**

*This paper is devoted to problems of the socio-economic characteristics of the population in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. This article attempts to explain the social status of women and changes in the first years of Soviet power. The author analyzes the historical situation according to the archival materials. In generally characterized by the historical aspect of socio-economic status of the population of Kazakhstan according to the archives.*

ӘОЖ: 94(574)

**Р.Қ. Айдарбаева**

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен қаласы

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫ ТАРИХЫНАН**  
**(XX ғасырдың 20-30жж.)**

***Аннотация:** Қазақстандық тарихнамада осы кезге дейін аз зерттелген мәселелердің бірі Алтайдағы қазық халқының қалыптасу мәселесі болып табылады. Аталмыш мақалада алтай қазақтарының тарихының мәселесі қарастырылған. Әсіресе XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ автономиялық республикасының шығыс шекарасының қалыптасу мәселесіне ерекше көңіл бөлінген.*

***Түйінді сөздер:** Алтай, қазақтар, шекара, көші-қон, аумақ*

Отандық тарих ғылымында халық тарихын зерттеу маңызды орын алады. Алайда бүгінгі күні сол мәселелердің басым көпшілігі қазіргі заманғы методологиялық тәсілдер тұрғысынан қосымша зерттеулерді қажет етеді. Бұл әсіресе аймақтық мәселелерді зерттеуге, Қазақстанның жеке аймақтарының тарихына тікелей қатысты. Қандай да болмасын құбылыстың, оқиғаның мән-мағынасын толық ашу үшін оның құрамдас бөліктерін бүге-шүгесіне дейін зерттеп білу қажет екендігі белгілі. Біз қарастырып отырған мәселе бойынша, Қазақстан халқының ұлттық және әлеуметтік дамуының толық бейнесі жасау тек жеке аймақтардағы осы үрдістердің ерекшеліктері мен барысын талдау негізінде ғана мүмкін болады.

Аса ірі олқылықтар қазақ халқының тарихын зерттеуде орын алып келеді. Әсіресе жеке аймақтарда қазақ халқының қалыптасуына байланысты мәселелер ерекше атап өткен жөн. Осы күнге дейін Алтайда қазақ халқының қалыптасуы мәселесі аз зерттеліп, қазақстандық тарихнамада өз деңгейінде көтерілмей келеді. Қазірге кезде Алтай - төрт мемлекеттің (Қазақстан, Ресей, Монғолия және Қытай) шекаралары тоғысқан аймақ. Осы жерлерді көптеген ұлт өкілдері ертеден мекен етіп келеді. Дегенмен, осы төрт мемлекеттің де аумағын мекен ететін тек қазақ халқы ғана. Бұл кездейсоқтық емес екендігі күмән тудырмауы тиіс. Бұл жерде барлық заманда тарихы, мәдениеті және тілінің ортақтығымен топтасқан тайпалар мен халықтар мекен еткені белгілі. Мұны археологиялық, этнографиялық, фольклорлық және лингвистикалық деректер мүлтіксіз дәлелдеп береді. Дегенмен, көптеген жылдар бойы бойы қазақтардың тарихы көршілес халықтардың тағдырынан, оның ішінде Алтай түріктерінің тағдырынан бөлектеліп жеке қарастырылып келгені мәлім. Тіпті олар бір-біріне қарама-қарсы қойылып, шаруашылық және мәдени байланыстарының сан-алуандылығы тек Ресеймен қарым-қатынас шеңберінде ғана жасанды түрде шектеліп отырды. Ендігі жерде, қазақтардың Алтайдың түрік халықтарымен этногенетикалық байланыстарын зерттеп, дәлелдеу арқылы осы кемшіліктің орнын толтыру қажеттігі туындап отыр.

Отандық тарих ғылымында Таулы Алтай, Моңғолия мен Қытай аумағын мекендеген алтай қазақтарына арналған зерттеулер баршылық [1]. Дегенмен Кенді Алтай (Қазақстандық Алтай) қазақтарына қатысты бірде-бір іргелі зерттеу жоқ. Бұл жерде XX ғ. басына дейін Үлкен Алтай қазақтары бір-бірімен қоян-қолтық араласқан біртұтас болғандығын және ол аймақтағы оқиғалардың

ортақ себеп-салдары болғандығын естен шығармаған абзал. Алтай қазақтарының тарихын бөліп-жармай кешенді зерттеу және жаңаша ой елегінен өткізу Қазақстан тарихшылары алдындағы маңызды ғылыми міндеттердің бірі.

Алтай қазақтары тарихының мәселелерімен ресейлік тарихшылардың назарынан тыс қалған жоқ. Олар Таулы Алтай (Ресейлік Алтай) қазақтарының жергілікті тобының этносаяси және этноәлеуметтік тарихын зерттеуге өзіндік үлестерін қосты [2]. Дегенмен, өз тұжырымдарының басым бөлігін олар идеологиялық және саяси тапсырыс ретінде пайда болған орыс тіліндегі мемлекеттік құжаттар негізінде жасап, тарихты «жоғарыдан» зерттеумен шектеліп қалады. Қазіргі заманғы қалыптасып отырған геосаяси жағдайда аталған мәселе қоғамдық-саяси өзектілік пен елеулі практикалық маңызға ие болып отыр. Саяси арандатуларға жол бермеу және Алтай аумағында орын алған күрделі тарихи үрдістерді дұрыс түсіну үшін іргелес мемлекеттер ғалым-тарихшыларының тығыз қарым-қатынасын орнатып, ортақ зерттеулер жүргізу қажеттігі туындап отыр.

Соңғы кездері солтүстік көршілеріміздің ақпарат құралдарында шекара мәселелерін қайта көтеріп, сепаратистік пиғылдағы көзқарастарын жария ету үрдісі белең алуда. Бұл талаптардың негізсіз екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, дер кезінде тойтарыс беріп отырған жөн деп санаймыз. Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрағатында сақталған алтай қазақтары тарихына қатысты тарихи деректер осы өңір тарихының кейбір көлеңкелі жақтарын зерттеп, шынайы тарихи баға беруге мүмкіндік ашады. Сондай мәселелердің бірі еліміздің шығыс шекарасының айқындалу мәселесі болып табылады.

Таулы Алтайда қазақтар жиі қоныстанған аймақтардың бірі – Қосағаш ауданы. Мұндағы қазақтар тұрған жеріне қарай - Жазатыр қазақтары, Шүй бойы қазақтары болып - екіге бөлінеді. Бұл жерлерге қазақтар XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қоныс аударып келе бастады. Оның әртүрлі себептері болды. Ресей Мемлекеттік Кеңесінің 1870 жылы 19 қазанындағы шешімі бойынша Қытаймен шекараны нығайту мақсатымен Жеменей және Бұқтырма өзендері бойында жаңа әскери бекіністер салу көзделген еді. Жаңа жерлерге қоныс аударуға ниет білдірген казак офицерлеріне шеніне қарай 50-ден 400 десятинге дейін жер, ал қатардағы қазақтарға 10-20 десятин жер бөлу туралы Императордың бұйрығы шығады.[3] Бұл шешімнің салдарынан осы уақытқа дейін Бұқтырма аңғарын жайлап келген қазақтар өз жерлерінен бірте-бірте ығыстырылып шығарыла бастады. Жер көлемінің азаюы қазақтардың өз ішінде де дау-дамайлар туғызады. Сол кезде Бұқтырма қазақтарының бір бөлігі Қытайға, екінші бір бөлігі солтүстікке, төлеңгіттер жеріне көшуге мәжбүр болады.

Жазатырға қазақтар қазіргі Катонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылынан келген. Жазатыр - қазақ сөзі. Жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, қазақтар Катонқарағайдан келіп, алғаш қыстаған жылы киіз үйде отырған. Ағаш үйлерді олар кейіннен сала бастаған. Бұл жердің қысы киіз үйде отырған қазақтарға қатты тиеді, малдары да көп қырылады. Ал жазы адамдарға да, малға да аса жайлы болған екен. Сондықтан олар бұл «жаз отыратын ғана жер» екен деген. Тіл танушы ғалым Ж.Болатовтың пікірінше Жазатыр топонимі «жаз отыр» тіркесінің азын-аулақ өзгеріске ұшырап біріккен түрі.

Бұл жерге алғаш қоныстанған Шәкен, Тоқтамыс, Сатыбай деген кісілер. Ел ішіндегі би-болыстармен келісе алмай олар туыстарын ертіп, елден көшіп кетеді. Тоқтамыс Мұқал ұлы бірден Жазатырға келеді де, сонда орнығып қалады. Шәкен бастаған топ Қытайдың Бұрылтоғай, Үліңгір деген жерлеріне барып қыстайды. Сол жылы қыс қатты болып, олар жұтқа ұшырайды. Жаз шыққан соң олар Жазатырға таяп барып отырады. Сол жерде Сатыбайдың Есім атты ұлы дүниеге келіп, ол жер «Есім сайы» деп аталып кеткен.

Халық ауызынан алынған мәліметтер тарихи шындықпен берік қабысып жатыр. 1878 жылы орыстың атақты саяхатшысы Н.М. Пржевальский Зайсаннан шығып, Тибетке бара жатқанда, Қытай аумағында қазақтардың ауылына кезігеді. Н.М. Пржевальский осы жағдай туралы былай деп жазады: «...Қашқан қазақтардың ауылы. Біз келерден сәл ғана бұрын бұл жерлерде, яғни Үліңгір өзенінің орта бойында қазақтар бір жыл қыстаған. Олар Семей облысы Өскемен уезінен 1878 жылы Қытайға қашқан қазақтар болатын. Сол кезде барлығы 1800 түгін көшіп кеткен. Қашқан қазақтардың бір бөлігі оңтүстік Алтайға, ал бір бөлігі Үліңгірге келген. Олар алғашында Бұрылтоғайдан тура жолмен Гученге өтпекші болған. Алайда шөлде жол таба алмай, кейін бұрылып, қайта Үліңгірге келеді. Осы жерде 1878-1879 жылдың қатаң қысын өткізіп, малдары жұтқа ұшырайды...».

1870 жылдың жазында Шүй алқабында болған В.В. Радлов өз күнделігінде: «Бұқтырма қазақтарының бір бөлігі (қаратайлар) Ресейге бағынды, ал самайлар Қытайға өтіп кетті», -деп жазған. Осы жолдардың алдында: «Өткен жылы, бәлкім, бұл жерлерде қазақтар тұрған болуы керек», -деген сөздер бар. Шындығында қазақтар бұл кезде Шүй даласына әлі бекініп орныға қоймаған кез болатын.

Тек осыдан он шақты жыл өткен соң ғана кезінде Шыңғыстайдан Қытайға босып кетуге мәжбүр болған Қаратай, Самай, Қаракерей рулары аз-аздап Қалғұты, Үкөк, Жазатыр, Жұмалы, Аюлы жағына өтіп, тұрақты қоныстана бастайды.

Ол кезде бұл жерлерде, Шат, Жазатыр, Қалғұтыда да урұнқайлар мекендеген, алғашқы қоныстанушылар оларға салық, тарту төлеп тұрған. Мысалы, олар алғашқы жылы 60 құнан төлеген деген мәлімет бар.[4] Алайда 3-4 жылдан соң урұнқайларды көшіп келіп жатқан қазақтар ығыстыра бастайды. Ал XIX ғасырдың аяғында Қытай мен Ресей арасындағы шекара белгіленген соң, урұнқайлар бұл жерлерді біржолата тастап, Қызыл кезең асуы (Ұландаба) арқылы өтіп, Монғолия аумағына орнығады. Сол уақыттан бастап бұл жерлер қазақтардың қарамағына өтіп, жергілікті халық әртүрлі алым-салықтарды, жал ақысын Семей облысы әкімшілігіне төлеп тұрған.

Осы аталған жерлердің солтүстік бөлігінде қазақтар төлеңгіттермен көршілес тұрды. 1912 жылы жер өлшеушілер қазақтар мен төлеңгіттердің арасындағы жерлерді бөліп, жеке қазақ болысын ұйымдастырады.[5] Олардың иеліктеріндегі жерлердің шекарасы Мұзтау мен Көксу өзенінің сол жағалауындағы Теректай таулары арқылы, Қаракем, Жазатыр, Ақсай өзені бойымен, Аюлы, Суырлы тауларымен Монғолияға дейінгі жерлерден өтетін болады.

Алайда жер бөлісі кезінде мемлекеттік қорға жататын иен жатқан жерлер туралы анық шешім қабылданбағандықтан, кейін Қазақстан жеке автономиялы республика болып құрылғаннан соң Ойратия мен Қазақстан арасында жер дауы пайда болды. Бұл даулы жердің көлемі 50 551 198 шаршы метрді құрады.[6]

1926 жылы өткізілген Бүкілодақтық алғашқы халық санағы нәтижесінде Қосағаш аймағына қарасты Қазақ ауыл кеңесінің құрамында 451 қазақ шаруашылығы, ондағы тұрғындардың саны 2175 деп көрсетілген. Бұдан басқа Жазатыр бойында, яғни даулы аумақта санаққа ілінбеген 403 көшпелі қазақтардың 43 шаруашылығы бар екендігі аталған.[8] Ал 1930 жылы Жазатыр алқабындағы қазақ шаруашылықтарының саны 128-ге жеткен, оның тек 23 ғана Ойратияға тіркелген болатын.[7]

1930 жылдың республикамыз тарихындағы аса ауыр жыл болғандығы мәлім. Бүкіл елімізде жаппай ұжымдастыру саясаты басталып, оның жүзеге асыру барысында көптеген аймақтарда асыра сілтеушілікке жол берілді. Оның ауыр зардабын, әрине, халық көрді. Республикамыздың қиыр шығысында орналасқан Шыңғыстай, Катонқарағай аудандары тұрғындарының жағдайы да осы жылы күрделене түсті. Олардың бар малы күштеп тартып алынып, өздеріне ауыр алым-салықтар салынды. Сонымен қатар, олардың көпшілігі аса ауыр ағаш жығу жұмастарына күштеп тартылды.

Жаппай ұжымдастыруға жол бермеуге тырысқан кулактар мен байлар әр елді мекенде өзін-өзі қорғау отрядтарын құрып жатты. Осы кезде мал-жанын, дүние-мүлкін сақтап қалуға тырысқан көптеген тұрғындар Қытай асып кетуге әрекеттенді. Олардың арасында тек байлар ғана емес, репрессиялық органдардың негізсіз қудалауына ұшыраған талай орта және кедей шаруалар да болды.

Жан сауғалап қашқан қазақтардың көшіне тыйым салу үшін шекара күшейтілді. Сенімсіз деген адамдардың дүние-мүлкі кәмпескеленіп, өздерін шекарадан 100 шақырымнан ары жерге күшпен қоныс аударту шаралары қолданыла бастады.

Осындай жағдайда өздерін қорғап қалуға тырысқан қазақтар солтүстікке, Ойратияға қарай өте бастады. Ойратияның әкімшілік органдарының қызметкерлері де осы жағдайды өз пайдасына қолданып қалу үшін жер дауын көтеріп, халық арасында үгіт жұмысын жүргізеді. Катонқарағай аудандық аткомының президиумы мәжілісінің 1930 жылғы 25 сәуірдегі шешімінде: «Қосағаш аймақтық аткомының төрағасы Манеев пен Қосағаш аткомы Қазақ ауыл кеңесінің президиум мүшесі Әлімханов Әбілқәсен 21-23 наурызда, одан кейін 11-16 сәуірде Жазатырдағы қазақ ауылдарын аралап, тұрғындар арасында Қазақстанға қарсы үгіт жұмыстарын жүргізген. Оларды Ойратия әкімшілік органдарының қоластына өтуге үгіттеген», -деп аталып өтілді.

Айта кеткен жөн, ол кезде Ойратияда жағдай Қазақстанмен салыстырғанда біршама жақсы болатын. Мысалы, 1929-1930 жылдары ауыл шаруашылық салықтары Қосағашта біршама төмен еді. Шыңғыстай ауданы бойынша салық мөлшері жылқы – 13 сом, ірі қара – 15 сом, қой -3 сом, ешкі – 2 сом 50 тиын болса, Қосағашта жылқы мен ірі қара малға 11 сом, қой мен ешкіге 2 сом көлемінде салық салынды. Сонымен қатар салық төлеуден босатылған шаруашылықтар біздің шекаралық аудандарда 40 пайызды құраса, Қосағашта барлық шаруашылықтардың тең жартысын құраған.[8]

Халықты ең қажетті тауарлармен қамтамасыз етуде де Қазақстан өкілетті орындары кейбір қателіктерге жол берді. Мысалы, Қосағаш ауданы егіншілікпен айналыспайтын аудан болғандықтан тұрғындары жоспарлы түрде астықпен қамтамасыз етіліп тұрса, көршілес біздің аудандарда жағдай басқаша еді. Осы жерлердегі Қазақстанға қарасты ауылдар тұрғындары астықпен қамтасыз етілмегендігі былай тұрсын, керісінше, оларға ет салығымен қатар астық салығын төлеу де міндеттелген еді. Соған байланысты олар малдарының бір бөлігін астыққа айырбастап, оны қайтадан

мемлекетке астық салығы ретінде өткізуге мәжбүр болды. Аталған себептерге байланысты даулы аймақтағы қазақтардың басым көпшілігі Ойрат азаматтығына пейілді болды.

Кейбір кеңес қызметкерлері тарапынан орын алған асыра сілтеушілік фактілері жағдайды одан әрі ушықтыра түсті. Қосағаш аткомы президиумы атына жазылған Манеевтің хабарламасында төмендегідей фактілер келтірілген: «Ойратия азаматы болып саналатын Тоқтыбаев Шауханның жергілікті органдарға міндетті 51 сом салығын төлеп қойғанына қарамастан, Қазақстан өкілі Қониятов келіп «120 сом салықты Қазақстанға өткізуің керек» деп қоқан-лоққы көрсеткен, төлеуден бас тартқан Тоқтыбаевты тұтқынға алып, 1,5 айдан кейін ғана босатқан. Осыдан кейін оған 480 сом көлемінде салық төлеуді талап етеді. Оны төлеуге шамасы келмеген Тоқтыбаевты түнде келіп, тұтқындап алып кетеді. Отбасы жан сақтау үшін ауыл-ауыл бытырап кетті». Ал тағы бір деректе: «Жайқынов Айтымның отбасы 4 адамнан тұрады. Шаруашылығында 111 қой, 3 сиыр, 4 жылқы бар. Осының бәріне ол 322 сом салық төлеуі керек. Ойратияда осы шамалы шаруашылық әлдеқайда аз салық төлейді», -деп жазылған.[9]

Салық көлемінің нәліктен жоғары болу себебін халыққа ешкім түсіндірмеді. Көп жағдайда салық жинаушылар тұрғындарға ешқандай құжат бермейтін, мұның өзі олардың тарапынан әртүрлі пайдақорлық әрекеттердің болу мүмкіндігін көрсетеді. Халық тарапынан басшылардың іс-қимылдарын сынау туралы сөз қозғамаса да болады. Өйткені не бассыздық жасалса да, бәріне «кеңес өкіметінің заңы» деген дәлел айтылатын болды.

Сондай-ақ, Қазақстан шекарашылары тарапынан орын алған кейбір заңсыздықтар халықтың жағдайын одан әрі шиеленістіре түсті. Олар өкімет органдарының шешімінсіз осы аймақты «соғыс жағдайындағы аймақ» деп жариялап, жергілікті халықтан ет, май, малға жем-шөп тартып алып, шекарашыларды атпен қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл әрекеттерге сәл ғана қарсылық көрсеткен қазақтарға «антикеңестік әрекет» жасады деп айып тағылып, айдалып кете баратын болған.

Міне, осындай халық наразылығы шегіне жетіп тұрған кезде, Ойратия өкілдері жер дауын тағы да көтеріп, оны өз пайдасына шешуге әрекеттер жасауға кірісті. Жер дауының басты нысаны – Жазатыр алқабы болды. Жазатыр арқылы Қазақстан Монғолиямен тікелей шекаралас болып, онымен тікелей сауда-саттық жүргізіп тұрған. Айырбас сауда орталығы Катонқарағай ауылында орналасқан болатын. Осыған байланысты Қосағаш және Катонқарағай ауылдары арасында Монғолиямен сауда жасау үшін бақталастық та болды. Жазатыр Ойратия қоластына өткен жағдайда Қазақстан Монғолиямен шекаралық сауда жасау мүмкіншілігінен айрылатын. Сондықтан Ойратия жағы даудың өз пайдасына шешілуіне бар күш-жігерін салды.

1930 жылы даудың ең шиелініскен шағында мәселенің шешімін табу үшін Семей облысы және Ойратия арасында екі жақты келісім нәтижесінде арнайы комиссия құрылды. 1930 жылдың 5-6 сәуірінде Қосағаш ауылында осы комиссияның мәжілісі өтіп, төмендегідей шешім қабылданады:

«1. Жазатыр, Ақ-Алаха және Көксу өзендері және олардың салалары бойында тұратын халықтың жағдайын жақсарту және жер мәселесін біржолата шешу мақсатында жаңа ауылдық кеңес құру қажет деп саналсын.

2. Жаңадан ұйымдастырылған ауылдық кеңесті Қазақ АКСР-і болмаса Ойрат автономиялық облысы құрамына бекіту мәселесі тұрғындардың өз талқылауына берілсін.

3. Осы шешім негізінде тұрғындардың жиналыстарын өткізу үшін комиссия жоғарыда аталған елді мекендерге Қазақ АКСР-і жағынан И.В.Трегубов, Ойратиядан Қосағаш аймақ аткомы президиумының мүшесі Д.Мүсрәлімов баратын болсын деп шешті».[10]

Осыдан соң, тұрғындардың пікірлерін анықтау мақсатымен Жазатырда – 11 сәуірде, Шатта – 13 сәуірде және Қалғұтыда – 17 сәуірде азаматтардың жалпы жиналыстары өткізіледі. Талқылау барысында тұрғындардың басым көпшілігі Ойратияға қосылуға дауыс береді. Жиналысқа қатысушылар ішінен Шат ауылының тұрғыны Жәкенов өз сөзінде Ойратиядағы тұрмыстың кеңшілігін және салық мөлшерінің төмендігін алға тартып, Ойратия қоластына өтуге үгіттейді. Оны Мамырсалқанов Мырзағұл қостап, ешбір дәлел-дәйексіз мал-мүлікті тартып алып, контрабандист деп айыптап азаматтарды қамауға ала берген Шыңдығатай шекара заставасының іс-әрекеттеріне наразылығын мәлімдейді. Мысалы, еш себепсіз Баировтың анасы жер аударылды, ал Байбосынов, Әженов және т.б. орта шаруалардың дүние-мүлкі тартып алынған. Нуркин Сүлеймен Қалғұтыда мектептің жоқтығын, тұтыну қоғамының мүшесі болғанына қарамастан, ешқандай тауарлармен қамтамасыз етілмейтіндігін тілге тиек етіп, Ойратия құрамына өтуді қолдайды.

Жиналыстарда сөйлеген Қазақстан өкілі П.В.Трегубов: «Социалистік революция нәтижесінде қазақтар өз автономиясын құруға мүмкіндік алды. Жергілікті халықтың бәрі қазақтар. Олардың қазіргі уақытта және болашақта жан-жақты дамуы тек қазақ автономиясы құрамында ғана толық қамтамасыз етіледі», - деп атап көрсеткеніне қарамастан, голощекиндік саясаттың құрбандығына

ұшыраған қазақтар басқаша шешім қабылдады. 1930 жылдың 20 шілдесінде өткен Семей округтық аткомы президиумының мәжілісінде осы мәселе қаралып, Ойратиямен жаңа шекара шебі туралы шешім қабылданды. Аталған елді мекендер Ойратия құрамына енгізілді.

Осы оқиғалар нәтижесінде Қазақстан өз жерінің бір бөлігінен ғана айрылып қойған жоқ, Монғолиямен тікелей байланыстың үзілуіне байланысты Катонқарағай ауылы айырбас-сауда орталығы ретінде маңызын жоғалтты.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2007; Кабыш-ұлы И. История казахов Алтая. - Алматы, 1992; Кабыш-ұлы И. Керейлер керуені. - Олгий, 1995; Зардыхан Қ. Казахи Монголии. - А., 2001; Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). - Алматы: ҚазАқпарат, 2000.
2. Октябрьская И.В. Казахи Алтая. История и современность // Этнографическое обозрение. - 1997. - № 6. - С. 92–102; Моисеев В.А. К истории русско-китайского размежевания на Алтае в XVIII в. // Колывань: История, культура и искусство сибирской провинции России. 1728–1998. - Барнаул: изд-во Управления архивного дела администрации Алтайского края, - 1998. - С. 121–126; Карих Е.В. Проникновение казахов на Алтай в XIX в. и их хозяйственное взаимодействие с русскими // Этнография Алтая и сопредельных территорий: Матер. Междунар. конф. Вып. 5. –Барнаул, 2003. - С. 49–52.
3. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Сост. И.И.Крафт. - Оренбург, - 1898, - С.346.
4. Шығыс Қазақстан облыстық мұрағатының Зырян бөлімшесі (ШҚО ММ Зб), 6-к., 1-т., 95-іс, 131-б.
5. Кабо Р.М. Высокогорные степи Чуйской долины Алтая. Природа и население // Вопросы географии. Сб.5. - М., - 1947, - С.91.
6. ШҚО ММ Зырян бөлімшесі), 6-к., 1-т., 151-іс, 35-б.
7. Всесоюзная перепись населения 1926 г. Сибирский край.- М., - 1928, - С.20-21.
8. ШҚО ММ Зырян бөлімшесі, 6-к., 1-т., 95-іс, 125-б.
9. Сонда, 196-б.
10. Сонда, 134-б.

#### ИЗ ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ВОСТОЧНОЙ ГРАНИЦЫ КАЗАХСТАНА

Р.К. Айдарбаева

*Аннотация: До сих пор малоизученной и не достаточно освещенной в казахстанской историографии остается проблема формирования казахского населения Алтая. В данной статье затрагиваются проблемы истории алтайских казахов. Особое внимание уделено вопросу определения восточных границ Казахской автономной Республики в 20-30 годы XX века.*

#### FROM THE HISTORY OF FORMATION OF THE EAST BORDER OF KAZAKHSTAN

R.K.Aydarbaeva

*Annotation: Still poorly understood and not sufficiently addressed in the Kazakh historiography remains the problem of the formation of the Kazakh population of Altai. This article addresses the problem affected the history of Altai Kazakhs. Particular attention is paid to the eastern border of the Kazakh Autonomous Republic in 20-30 years of XX century.*

**БРАЧНОСТЬ И РАЗВОДИМОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА (1979-2009 гг.)**

**Аннотация:** В статье рассматривается брачная структура населения Казахстана, анализируются такие важные демографические процессы в обществе, как брачность и разводимость в конце XX - начале XXI веков (межпереписной период 1979-2009 гг.). Выявлены новые тенденции, не характерные для предшествующего периода такие, как рост разводимости, рост числа незарегистрированных браков, снижение показателей состоявших в браке, увеличение никогда не состоявших в браке, смещение среднего возраста вступления в первый брак к более старшим возрастам, в целом, изменение в брачном поведении населения Казахстана.

**Ключевые слова:** брачная структура, брачность, разводимость, частота браков и разводов, незарегистрированные браки, брачное поведение, население, Казахстан.

В Казахстане уделяется особое внимание демографической политике, реализуется комплекс социально-экономических, административных, пропагандистских мероприятий, с помощью которых государство воздействует на рождаемость. Показатели брачности являются одними из важных демографических показателей развития страны, непосредственно связанных с воспроизводством населения. В последние десятилетия XX и в начале XXI веков процессы брачности и разводимости в Казахстане претерпели глубокие изменения, что отразилось и на процессах рождаемости в целом. Наблюдались такие демографические явления, как снижение количества заключаемых браков, нуклеаризация, малодетность, рост числа разводов и неполных семей, распространение незарегистрированных браков, увеличилось число тех, кто никогда не состоял в браке.

Брачная структура населения становится своеобразным индикатором социально-экономических условий жизни населения. Стабильность семьи зеркально отражает стабильность общества. Психологическое самочувствие общества, система ценностей и приоритетов, политика государства, социально-экономический уровень жизни населения непосредственно влияют на состояние брачной структуры населения. Тем не менее, брачность и разводимость населения, остается одной из наименее исследованных областей демографической истории Казахстана. В то время как изучение брачности актуально для формирования научно обоснованных прогнозов в демографической политике, решения важных практических проблем, касающихся брака, семьи, а также для формирования трудовых ресурсов.

Как известно, показатели брачного состояния населения представляют собой распределение мужчин и женщин по их матримониальному статусу (никогда не состоявшие в браке, состоящие в браке, вдовы, разведенные) и характеризуют, для каждого возраста итоги брачного движения населения во всех предыдущих возрастах, т. е. первых браков, разводов, овдовений, повторных браков [8; с.6].

Брачность, как явление, характеризуется двумя показателями – числом вступающих в брак и числом состоящих в браке. Общепринято уровень брачности (вступление в брак) населения характеризовать общим коэффициентом брачности.

В послевоенные годы уровень брачности населения Казахстана являлся высоким. В 1950 г. 12 браков приходилось на 1000 человек, что в 2 раза больше, чем в 1999 г. Затем брачность стала медленно снижаться (за 29 лет всего на 11%) и к 1979 г. установилась на уровне 10,7‰ в год (таблица 1). В период с 1979 г по 1999 г. можно наблюдать падение общего коэффициента брачности в Казахстане с 10,7‰ до 5,8‰. Снижение произошло почти в 2 раза. Существенное ухудшение состояния брачности в республике повлияло не только на уровень рождаемости, но и на весь ход воспроизводственных процессов населения.

Таблица 1 - Динамика показателей брачности населения Казахстана на 1000 человек в 1979-2009 гг. [2;с.192, 3;с.222, 7;с.27,5;с.28, 6; с.85]

Годы	1979	1980	1985	1989	1991	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2009
Браков на 1000	10,7	10,6	10,1	10,0	10,1	8,8	7,5	7,2	6,6	6,5	6,4	5,8	8,8

В их динамике значительную роль сыграли изменения возрастной структуры населения в 1979-1999 гг., в частности, уменьшение численности и удельного веса возрастной группы 20-24 лет (наиболее активного, с точки зрения детородного, возраста). Следует учесть, что именно данной возрастной группе характерен максимальный коэффициент повозрастной брачности.

Общий коэффициент брачности требует подробного изучения для установления факторов, определивших сложившийся уровень брачности и выявляющих его динамику. Вступление в брак, т.е. создание семьи, определяется в каждом отдельном случае целым комплексом социально-экономических условий, а также индивидуальными особенностями будущих супругов. Тем не менее, можно назвать несколько факторов, которые при прочих равных обстоятельствах, оказывают существенное влияние на частоту заключения браков. Прежде всего, это возрастно-половая структура населения.

Как известно, важным процессом, активно воздействующим на естественное движение населения, является уровень его разводимости. Распад семьи принимает форму либо расторжения брака, либо овдовения. Частота разводов в Казахстане, имевшая минимальные показатели в годы после Великой Отечественной войны, стала постепенно увеличиваться. В 1950 г. общий коэффициент разводимости в республике составлял 0,1‰, на 1000 браков приходилось всего 7 разводов. Для сравнения: через 20 лет в 1970 г. на 1000 браков уже приходится 168 разводов. В период с 1979 г. по 1992 г. данный коэффициент увеличивался с 2,6‰ до 3,6‰ в 1,4 раза. Затем стал постепенно снижаться - до уровня 1,7 развода на 1000 человек в 1999 г. В 1979 г. один развод приходился на 4 брака, в 1999 г. – на три брака. В целом общий коэффициент разводимости по республике снизился в период с 1979 г. по 1999 г. на 34,6% или в 1,5 раза (таблица 2).

Таблица 2 - Динамика показателей разводов населения Казахстана на 1000 человек в 1979-2009 гг. [2, с.192, 3, с.222, 7, с.27,5, с.28, 6, с.85]

Годы	1979	1980	1985	1989	1990	1991	1993	1994	1996	1997	1998	1999	2009
Число разводов на 1000	2,6	2,6	2,6	2,8	2,7	3,0	2,7	2,6	2,6	2,3	2,4	1,7	2,5

Среди сельского населения число разводов значительно ниже, чем среди городского. В 1980 г. общий коэффициент разводимости горожан составлял – 4,0‰, сельских жителей – 0,8‰, что в 5 раз меньше. Однако постепенно количество разводящихся среди сельского населения стало увеличиваться. Так, в 1970 г. общий коэффициент разводимости сельских жителей составлял 0,4‰. К 1992 г. он приобрел уровень – 1,3‰ (т. е. увеличился в 3 раза) [7, с.132]. Разводы традиционно считались феноменом городской жизни. Рост разводов связывали, как правило, с влиянием урбанизации, под воздействием которой менялись нормы и эталоны поведения, формы и характер семейного и внесемейного общения, ослаблялся социальный контроль. Но ситуация изменилась. Повидимому, городские нормы матримониального поведения распространяются и среди сельских жителей. [1, с.210] Устой семейных ценностей, которые были всегда сильными для жителей сельской местности, постепенно расшатываются. Рост разводов связан с резкими изменениями, произошедшими на селе, когда сельские жители из системы широкого государственного социального обеспечения в советское время в рыночных условиях оказались в ситуации сильного кризиса. Социально-экономический кризис в первую очередь отразился на семейных отношениях.

Показатель частоты разводов отражает не только степень интенсивности расторжения браков, но и структурные особенности населения, в частности, половозрастную структуру репродуктивных контингентов. Для элиминирования влияния возрастной структуры на частоту разводов женщин фертильного возраста необходимо исчислить повозрастные коэффициенты разводимости.

Первое, что можно отметить - общие тенденции, характеризовавшие повозрастную разводимость в 1989 г. и в 1999 г. Разводимость женщин в возрасте до 19 лет минимальна. Сравнительно не много разводов и в возрастной группе 20-24 года. Наиболее интенсивной была разводимость женщин в возрастах 25-39 лет и, особенно, в возрасте 25-29 лет, т. е. чаще разводились женщины наиболее активного репродуктивного возраста, что, безусловно, оказало негативное воздействие на течение воспроизводственных процессов населения.

Рассмотрим продолжительность расторгнутых браков по времени. Значительное число женщин фертильного возраста (23,9% в 1989 г. и 44,8% в 1999 г.) расторгли браки, которые продолжались 10 и более лет. Особо следует подчеркнуть и то, что за 10 лет количество



расторгнутых браков продолжительностью 10 и более лет увеличилось на 42,1%. Безусловно, этот негативный фактор в состоянии брачности населения Казахстана, должен привлечь внимание государственных органов и поднять приоритетную проблему укрепления института брака и семьи в демографической политике. Количество расторгнутых браков продолжительностью 5 - 9 лет несколько увеличилось (с 27,1% в 1989 г. до 31,3% в 1999 г.).

В 1989 г. 62,6% расторгнутых браков в Казахстане имели продолжительность 5 и более лет. В 1999 г. их количество возросло до 76,0%, что фактически означает - 2/3 расторгнутых браков в этом году были со стажем больше 5 лет, что показывает, насколько серьезна эта проблема. В период 1989-1999 гг. выявилась следующая тенденция: количество расторгнутых браков менее 2 лет значительно снизилось: менее 1 года - в 2,7 раза, от 1 до 2 лет - в 4 раза. Количество расторгнутых браков продолжительностью 3-9 лет сильно не расходится в своих показателях. Браки со стажем 10 и более лет, которые должны быть стабильными, оказались более подверженными различным негативным явлениям, которые в конце концов приводили к их распаду (интенсивность увеличилась за 10 лет в 1,4 раза).

В анализе воспроизводства населения к числу важных структурных характеристик относится брачное состояние населения. В резком ухудшении состояния воспроизводства населения свою негативную роль сыграло и падение уровня брачности. В период с 1979 г. по 1999 г. произошло его снижение почти в 2 раза (общий коэффициент брачности населения сократился на 46%). В этом процессе существенное значение сыграло ухудшение половозрастной структуры: уменьшение численности населения возрастной группы 20-29 лет. Уровень разводимости несколько снизился в этот период.

За прошедшие годы наблюдаются следующие тенденции: у мужчин выросли показатели среди никогда не состоявших в браке - почти на 10%, значительно снизился удельный вес состоящих в браке, показатели вдовых и разведенных изменились незначительно. У женщин наблюдались аналогичные тенденции. Показатели никогда не состоявших в браке женщин увеличились на 10%, и доля разведенных женщин увеличились. В то же время снизились показатели состоящих в браке женщин. Доля состоящих в браке мужчин существенно выше, чем замужних женщин (за счет старших возрастов). Значительный рост удельного веса никогда не состоявших в браке женщин, оказал влияние на рождаемость, вследствие чего имели место отложенные или внебрачные рождения.

В городе всегда показатели разводов выше в силу урбанизированности, менталитета городских жителей. Разница в показателях у городского и сельского населения демонстрирует, что городское население быстрее реагирует на изменения в обществе. У сельского населения изменение интенсивности заключаемых браков, и в особенности разводов, происходит несколько медленнее.

С начала 1991 года - кривая разводимости несколько выросла, затем происходит снижение до минимальных значений в 1999 до 5,4 промилле. В последующем, с 2001 года показатели разводов выглядят более стабильно. Показатели разводов по республике в целом не претерпели резких изменений, однако отличия в поведении городских и сельских жителей прослеживаются более рельефно. Практически, в три-четыре раза выше показатели разводов в городской местности. Наименьшие показатели как брачности, так и разводимости приходятся на 1999 год. Данные диаграммы демонстрируют зеркальное отражение показателей, с центром на 1999 год. Со следующего 2000 года наблюдается постепенный и уверенный рост показателей брачности. Объяснением данной тенденции является характеристика половозрастной структуры населения Казахстана, на «брачный рынок» вступило многочисленное поколение, рожденное в 1980-е годы. Наибольший удельный вес имеют возрастные группы 15-19 и 20-24 года. Соответственно коэффициенты брачности увеличиваются. Немаловажным фактором является увеличение доли повторных браков, в особенности у городского населения.

Показатели брачного состояния за тридцать лет между тремя переписями претерпели значительные изменения. Общая тенденция - увеличение никогда не состоявших в браке. При этом, как у мужчин, так и у женщин, показатели никогда не состоящих в браке выросли практически на 10%. Значительный рост удельного веса никогда не состоявших в браке женщин, оказал влияние на рождаемость, вследствие чего имели место отложенные или внебрачные рождения. Показатели разведенных были наибольшими по переписи 1999 года. В целом, показатели разведенных женщин в два раза превышают показатели разведенных мужчин по данным 1999 и 2009 годов. Показатели вдовых мужчин изменились незначительно, у женщин несколько снизились показатели (на 2%). При этом показатели вдовых женщин в пять-шесть раз превышают показатели мужчин, за счет старших возрастов.

В данном случае, имеют место повторные браки, заключенные разведенными мужчинами в 2000-х годах. Соответственно снизились показатели разведенных мужчин. Социально-экономическое положение стабилизировалось, все это отразилось на показателях брачности и разводимости в половозрастных характеристиках.

Показатели никогда не состоявших в браке женщин увеличились по всем возрастам. В особенности с 20-24, 25-29 лет на 10% увеличились. На это повлияло снижение показателей заключения браков в 90-е годы. Официально регистрируемый уровень безбрачия вырос. В то же время получили распространение незарегистрированные браки, которые можно проследить по показателям внебрачных рождений. В целом, анализ данных показывает, что перепись 1999 года отразила изменения сложных 1990-х годов на показатели брачного состояния женщин.

Кардинальные изменения девяностых годов XX века проявились на всех характеристиках брачности. Поскольку они все взаимосвязаны между собой, снижение числа регистрируемых браков и увеличение показателей безбрачия, отразилось на снижении показателей овдовения по переписи 2009 года.

В настоящее время происходит смещение среднего возраста вступления в первый брак к более старшим возрастам. Откладывание браков на поздние возраста, увеличение среднего возраста вступления в брак, свидетельствует о важных изменениях в брачном поведении. Причины таких изменений заключаются, на наш взгляд, в изменении менталитета, представлений молодых людей. Заметна ориентация на западные стандарты поведения, где большая свобода отношений, выбора партнера, и более поздняя регистрация браков. В то же время, распространение получили незарегистрированные отношения, так называемый «пробный брак», в обиходе их еще называют «гражданскими браками» (хотя первоначально, в советские годы, гражданские браки в отличие от церковных браков, были зарегистрированными). Так же на увеличение среднего возраста вступления в первый брак влияет стремление молодых людей быть самостоятельными в экономическом отношении, получить образование, специальность, работу, сделать карьеру.

В большей степени, мужчины, которые состоялись в экономическом плане и решили либо создать, либо оформить существующие незарегистрированные брачные отношения. Ряд факторов имеют значение для характеристики таких изменений: это и увеличение возраста вступления в брак, и регистрация прежних гражданских браков, и стабилизация социально-экономической обстановки в целом, - все это в совокупности привело к увеличению доли первых браков в возрастной группе тридцати и сорока летних мужчин. В целом, учитывая общие показатели брачности населения, тенденция положительная, и свидетельствует о росте числа заключаемых первых браков.

Таким образом, основные тенденции брачности в Казахстане за прошедшие между переписями десятилетия четко оформились. Увеличились показатели никогда не состоявших в браке. Произошло снижение показателей состоящих в браке. Различия в городской и сельской местности сохраняются. Увеличился средний возраст вступления в брак как у мужчин, так и у женщин.

Рыночная экономика, платное образование, необходимость обустройства с работой при рыночных отношениях, все это приводит к увеличению уровня безбрачия, и более позднему заключению браков. Молодые люди считают, что семью лучше создавать, когда «встанешь на ноги», то есть будет экономическая стабильность. В ближайшем будущем обозначенные тенденции будут сохраняться.

В девяностые годы XX века произошло изменение интенсивности демографических событий – разводов. Общие коэффициенты разводимости в Казахстане имели тенденцию к снижению с 1992 года, и к последующей стабилизации на уровне двух промилле после 2000 года. В Казахстане общие показатели разводимости составляют: по данным 2009 года в Казахстане приходилось 28 разводов на 100 браков [5, с. 28].

Анализируя ситуацию по городскому и сельскому населению, следует подчеркнуть, изменения демографического поведения более быстрыми темпами происходят в городской среде. Четко прослеживается дифференциация в брачном поведении населения по городской и сельской местности. Более рельефно изменение процессов разводимости прослеживается через дифференциацию показателей среди городского и сельского населения, сохраняется более консервативный подход к разводам у сельского населения. Высокий процент разведенных в городской местности отражается на большем удельном весе повторных браков. Процент таких браков в два раза выше, чем в сельской местности.

В ряде случаев это могут быть незарегистрированные прежде браки, которые в силу улучшения социально-экономического положения страны и определенной стабилизации, получают в начале XXI века юридическое оформление. Факт распространения незарегистрированных браков

подтверждается косвенными данными - возросшими показателями внебрачных рождений. Следует подчеркнуть, что экономическая целесообразность регистрируемых браков значительно возросла, в связи с развитием банковской системы кредитования и предоставления ипотеки на приобретение жилья. С развитием рыночной экономики актуальными стали вопросы наследования, юридического оформления права собственности на недвижимость и т.д. Все это свидетельствует о трансформации семейно-брачных отношений.

Ряд факторов имеют значение для характеристики таких изменений: это и увеличение возраста вступления в брак, и регистрация прежних гражданских браков, и стабилизация социально-экономической обстановки в целом, - все это в совокупности привело к увеличению доли первых браков в возрастной группе тридцати и сорока летних мужчин. В целом, учитывая общие показатели брачности населения, тенденция положительная, и свидетельствует о росте заключаемых браков в начале XXI века.

За прошедшее десятилетия, выявлена трансформация интенсивности демографических процессов брачности и разводимости. Выявлены характеристики брачной структуры населения, повышение среднего возраста вступления в первый брак, тенденции увеличения доли первых браков и числа повторных браков в связи с изменением половозрастной брачной структуры населения. В значительно большей степени повторные браки распространены в городской местности, что связано с более высоким уровнем разводов.

В целом, за прошедшие десятилетия, выявлена значительная трансформация интенсивности демографических процессов брачности, разводимости. Глубокие изменения свидетельствуют о постепенном переходе к новому типу брачности, для которого свойственны повышение возраста вступления в первый брак, уровень безбрачия в разных возрастных группах и определенный уровень разводимости. Выявлены характеристики брачной структуры населения по основным этносам, повышение среднего возраста вступления в первый брак, тенденции увеличения доли первых браков и числа повторных браков в связи с изменением половозрастной брачной структуры населения. В значительно большей степени повторные браки распространены в городской местности, что связано с более высоким уровнем разводов. При этом этнические различия сохраняют определенную специфику. В тоже время происходит унификация определенных тенденций, что связано с экономическим развитием страны, процессами урбанизации и трансформации общества в целом.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Воспроизводство населения СССР /А.Г. Волков, В.А. Белова, Г.А. Бондарская и др. - М.: Финансы и статистика, 1983.- 303 с.
2. Демографический ежегодник Казахстана. - Алматы: Казинформцентр, 1993. - 205 с.
3. Демографический ежегодник Казахстана: Статистический сборник /Госкомстат РК. – Алматы: Нацстатагентство РК, 1996. - 250 с.
4. Демографический ежегодник КазССР, 1990. - Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1991. - 126 с.
5. Предварительные данные за 2009 год. Статистический сборник / Под редакцией Смаилова А.А. / Астана, 2010, - 222 с.
6. Регионы Казахстана в 2010 году / Статистический сборник/ на казахском и русском языках / Агентство РК по статистике. Гл. редактор Смаилов А.А. / Астана, 2011- 405 с.
7. Региональный статистический ежегодник Казахстана. Ст. сб. - Алматы: Казинформцентр, 1993. - 588 с.
8. Синельников А.Б. Брачность и рождаемость в СССР.- М.: Наука, 1989. - 104 с.

#### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ НЕКЕГЕ ОТЫРУЫ ЖӘНЕ АЖЫРАСУЫ (1979-2009 жж.)

Ж.Аубакирова, С.Уалиева

*Мақалада Қазақстанның некеге отыру құрылымы, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қоғамдағы маңызды демографиялық үрдіс болып табылатын некеге отыру және ажырасушылық қарастырылады (1979-2009 жж. санақаралық кезең). Алдыңғы кезең үшін тән емес ажырасу санының өсуі, тіркелмеген неке, некеге тұру көрсеткіштерінің төмендеуі, некеде болғандардың санының ұлғайуы, ешқашан некеге тұрмағандар санының өсуі, некеге отыру жасының орта жасқа ығысуы, жалпы алғанда, Қазақстан халқының некелік мінез – құлқының өзгеруі анықталған.*

## MARRIAGES AND DIVORCES OF KAZAKHSTAN POPULATION (1979-2009)

Zh.S. Aubakirova, S.K. Ualiyeva

*In the article the marriage structure of population of Kazakhstan is examined. Such important demographic processes are analyzed in the society, as marriages and divorces in the end of the 19<sup>th</sup> - beginning of the 21<sup>st</sup> centuries (intercensus for 1979-2009). New tendencies not characteristic for a preceding period such as the rate of divorces, the increasing number of unregistered marriages are educed, the number of married people decrease, the increase of never married people number, shift of the middle age of those who married for the first time to more senior ages, on the whole, change in marriage behavior of Kazakhstan population.*

ЖОЖ : 94(574)

**С.Б.Бажеева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

### ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВ ЖӘНЕ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРЛІС

***Аннотация:** Мақалада Ермұхан Бекмахановтың ғылым жолындағы ізденістері мен Кенесары Қасымұлы бастаған (1837-1847 жж.) ұлт-азаттық көтерілістің тарихы қарастырылған.*

***Кілт сөздер:** тұлға, қоғам қайраткері, ғылым, ұлт-азаттық көтеріліс.*

Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов - көрнекті ғалым, қазақтан шыққан алғаш тарих ғылымының докторы, елімізде «Қазақстан тарихы» кафедрасының негізін қалаушы, профессор, Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының дамуына өз үлесін қосқан ғалым және еліміздегі отандық тарих ғылымының негізін салушылардың бірі болатын.

«Қазақ ССР тарихының» авторы Ермұхан Бекмаханов 1943 жылы 28 маусымда Мәскеуде «Қазақтардың Кенесары Қасымұлы басқарған азаттық күресі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ал 1946 жылы Ермұхан Бекмаханов докторлық диссертациясын қорғап, оны «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деген атпен 1947 жылы жарыққа шығарған екен. Бұл еңбектің басым бөлігі Кенесары Қасымұлы басшылық еткен ұлт-азаттық көтеріліске арналған. Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясы өте құнды еңбек болып табылады. Олай дейтініміз, бұл-кеңестік әкімшіл-әміршіл билік тұсында, Сталиннің тірі кезінде жазылған еңбек. Кеңестік идеологияға сәйкес, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі тарих «біздің тарих» емес, Ресейде патшалар мен ақсүйектер, ал Қазақстанда «байлар» билік еткен таптық қоғам ретінде зерттелуге тыйым салынған тарих болатын. [1, 172б]

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырларда болған барлық басқа ірі көтерілістерінен Кенесары көтерілісінің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгел қатысқан. Олар күреске бірден, жұмыла қосылмағанымен, жекелеген облыстар қозғалысқа тартылған кезде өзге аудандардағы қозғалыс басылып қалып отырғанымен Кенесары көтерілісі алғашқы жылдардың бүкіл халық көтерілген қозғалысқа айналды. Қозғалыстың бүкіл халықтығы, кең қанат жаюы, айқын көрінген саяси сипаты Кенесары көтерілісінің өзіне тән ерекшелігі деп білеміз. Кенесары көтерілісіне қазақтың басты руларының бәрі қатысты. [3, 172б]

Патшалық Ресейдің Қазақ халқын езіп-жаныштаған отарлау саясатына қарсы бағытталған Үш жүздің баласының басын біріктірген ұлт-азаттық көтеріліс деп бағалаймыз. Кенесары тұлғасы арқылы қазақтың жаншыла бастаған рухын дүр сілкіндірген. Ермұхан Бекмахановтың тағдырының талас-тартыс, дау-дұмайға түсуінің негізгі сыры-оның осы әділдікті сталиндік тоталитарлық жүйеге жалтақтамай, дер кезінде айта білуінде жатты. Уақытында айтылмаған ақиқаттың, уақытында жазылмаған тарихи шындықтың еш қадірі, еш құны жоқ екенін қайсар талант тауқыметке толы тағдырымен айшықтап, қазақ тарихына есімін алтын әріптермен жазып кетті. Ұлт-азаттық күрес-отаршылдыққа қарсы күрес. Ермұхан Бекмахановтың сипаттары бойынша «Орта Азия хандықтарына, ең алдымен Қоқан хандығына қарсы күресе отырып, Кенесары соғыс қимылдарын тоқтату туралы патша өкімет орындарымен келісуге тырысты, өйткені патшалық Россия сияқты қуатты елге қарсы күрестен нәтиже шықпайтынын жақсы білді». [2, 39б]

Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билікті жоюы, шекаралық аймақтарда жаңа бекіністерді салып, қазақ жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы, қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуына себеп болды. Қазақтардың XVIII-XIX ғасырларда болған басқа барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгелге дерлік қатысты. Бұл күрестің кең қанат жайып, бүкілхалықтық сипат алуы, Кенесары күресінің өзіне тән саяси ерекшелігі деп білеміз. Азаттық күреске қатысушы рулардың саны күрестің алғашқы жылдарына қарағанда 1843-1845 жылдары көбейе түскені байқалады. Кенесарыны анағұрлым белсенді қолдаған рулар: Қыпшақ, Төртқара, Жағалбайлы, Табын, Тама, Бағаналы, Шекті, Алшын, Керей, Жаппас, Арғын, Үйсін, Дулат т.б. Кенесары жетекшілік жасаған азаттық күресіне ру басылары мен билер және басқа да ауқатты топ өкілдері қатысты. Олар, мысалы, Ш. Едігенов, Шорман Күшіков, Мұса Шорманов және т.б болған.

Ермұхан Бекмаханов «Кенесары – ұлт – азаттық көтерілістің көсемі», - деген ғалымның сөздеріне тоқталсақ Кенесары өзінің жақтастарына былай дейді: «Ресей барлық мемлекеттерден ірі және орыс патшасы барлық патшалардан үлкен». Өзінің басқа бір хатында орыс патшасына ол «аға» деп, ал Абылай мен Уәлиханды «патшаның інілері» деп атайды. Кенесары өкіметпен өзінің дипломатиялық келіссөздерінде атасы Абылайдың тұсындағы қатынасты қалпына келтіруді талап етумен болған. Кенесары Ресейдің қорғаушылығы астында болуға келісім бере отырып, қазақтардың саяси тәуелсіздігін және жерінің тұтастығын сақтауды талап еткен - дейді. [4, 34 б]

1838 жылы Кенесары әскері Ақтау мен Ақмола арасындағы шептерге шабуыл жасап, онда орналасқан Симоновтың отрядын талқандап, 10 пистолет, 9 мылтық, 13 қылыш, 7 найза, 495 мың оқ, т.б., қару-жарақ, оқ-дәріні қолға түсіреді. 1838 жылдың күзінде Кенесары сарбаздары патша үкіметінің жазалаушы әскерлерімен бірнеше дүркін қарулы қақтығысқа түскені мәлім.

Ақмоланы талқандаған соң Кенесары 1838 жылдың күзгі айларында жүйелі түрде приказдарға, бекеттерге және разъездерге шабуыл жасап, дұшпанның дайындалған жем-шөптерін жойып, қатынас жолдарын қиратып, партизандық күрес жүргізуді жалғастыра түскен. Ол сатқын сұлтандардың ауылдарын жиі-жиі шапқыншылыққа ұшыратып, шекаралық Шеп маңындағы чиновниктер мен тілмаштардың малдарын айдап әкетіп, сауда керуендерін қолға түсіріп отырған. [5, 240] Троицкіден немесе Петропавлдан шығып, Ақмола арқылы Ташкент пен Хиуаға баратын керуендерге жүйелі түрде шабуыл жасап отырған. Кенесары белгілі бір саяси мақсат көздеп отырған. Орта Азиямен сауда патшалы Ресейге көп пайда келтіреді деп білген ол сауданың берекесін қашыруды ойлаған. [5, 241]

1838 жылдың аяғына қарай Кенесары Орынбор әскери губернаторлығына қарасты Ырғыз бен Торғай жаққа көшеді. Ол кездегі Орынбордың генерал-губернаторы граф В.А.Перовский алғашқы кезеңде көтерілісшілермен арақатынасты бейбіт жолмен шешуге тырысқан еді. Арадағы келіссөздер барысында В.А Перовский Кенесарыға көмектесетін болатынын айтады. Жылдың аяғында Кенесары мен В.А.Перовский арасында уақытша бітім жасауға қол жетеді. Ол бітім бойынша Кенесары бастаған көтерілісшілер шекара шебіне шабуыл жасамауға уәде береді. Бұл тыныштық 1842 жылға дейін созылды. Бірақ уақытша тыныштық орнаған тұста Батыс Сібір генерал-губернаторлығының әскери отрядтарымен қарулы қақтығыстар тоқталған жоқ болатын. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақтың үш жүзінің атынан жиналған ықпалды билер мен сұлтандар Кенесары Қасымұлын ата салт бойынша ақ киізге салып көтеріп, бүкілқазақ халқына билігі жүретін хан етіп сайлады. Осылайша, Қазақ хандығы қайта құрылып, қазақ мемлекеттілігі қайтадан қалпына келтірілді. Ресей империясының билігі орныққан Ертіс, Есіл, Орал шептерінің бойындағы аудандардан басқа Қазақстанның барлық жерлеріне Кенесары ханның билігі жүрді.

Кенесары қазақ жерлерінің тартып алынуына күйініп қана қойған жоқ, атамекенді кері қайтару үшін де халықты батыл күреске шақырған. «Ата-бабамызға тиесілі жерге салынған бекіністерді талқандап, өртеп жіберемін» деп өкіметке сес көрсетті. Қоқан ханымен тынымсыз күрес жүргізе отырып, Кенесары олардың шеңгеліндегі Ұлы жүздің жерлерін қазақтарға қайтаруды мақсат етті. Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы осыған байланысты Азиялық Департаментке былай деп жазды: «Өзінің Қоқан жерлерін басып алуға тырысуының түпкі мақсаты-сол жерді кейін қазақтарға бөліп беру». Кенесары «қазақтардың ежелгі тәуелсіздігін қалпына келтіреміз», яғни тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрамыз деген ұранмен күрес жүргізді. Халық бұқарасының жанына жақын талаптар қазақ кедейлерінің де, сонымен қатар байғұстардың да, жатақтар мен егіншілердің де мүддесін қозғағандықтан олардың күреске белсене қатысуы табиғи еді. Көтеріліске Торғай және Ырғыз өзендерінің аңғарын мекендеген егінші қазақтар да қатысқан. Ал Торғай мен Ырғыз өлкесі көтерілісшілер қозғалысының орталығы болғаны белгілі.

Осы жерде Ермұхан Бекмахановтың «Кенесары – ұлт – азаттық көтерілістің көсемі»- деген мақаласынан Кенесарының өлер алдындағы сөзін айтад: Кенесарының қырғыз әскерімен соңғы шайқасы Тоқмақ селосының шығыс жағында, Пішпек қаласына жақын Кеклі тауларында болды. Кенесары әскерлері Шу өзенінен 1-2 шақырым жердегі Майтөбе деген таулы үстіртке орналасты. Қырғыздар ғасырлар бойы Майтөбені «қанды жер» деп атайды екен. Майтөбеге солтүстік-шығыс жағынан Кеклі тауы жалғасып жатады, жергілікті халық оны «қасиетті төбе» деп атаған. Осы төбенің батысында Шу өзеніне дейін созылған Қарақоныс аңғары жатыр. Осы аңғар екіге бөлінеді: бірі «Алмалы сай» деп, ал сонымен шектесетін аңғар «Саулман» деп аталады. Бұл аңғарлар орманға бай, ортасынан асау өзен ағып жатыр. Кенесарының қырғыз манаптарының тұтқындаған жері осы «Алмалы сай» еді. Өзін өлтірер алдында Кенесары қырғыз манаптарына тағы да өз ойын айтты: «Жауласуды қояйық та, ортақ жау Қоқанға қарсы бірлесіп күресу үшін қазақтар мен қырғыздардың күшін біріктірейік» деп ұсыныс жасады. Алайда қырғыз манаптары бұл жолы да оның ұсынысын қабылдамады. Кенесары өзін өлтірер алдында, иін тірескен халық жиналып тұрған сол бір шақта өлеңдетіп қоя берді. Өлеңінде өз елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі жолында өзі жүргізген аса ауыр күрестің бүкіл өткен жолын баяндады, Сарыарқаның кең даласын, шайқаста қаза тапқан серіктерін еске алды. Кенесары өлтірер алдындағы сәт былайша суреттелген: «Кенесары жиналған жұртқа, алыстағы тауларға, күн шуағы төгілген биік аспанға, онан соң жан-жағына қарап алып, ән бастады. Ән ұзақ айтылып, жиналғандар ұйып тыңдады. Ән сөздері тыңдаушының бойын билеп, жүрегін баурап, қатты тоқытқан. Ол өзінің туып-өскен даласында, кіндік кескен ауылында өткен бар өмірін есіне алған еді». Кенесары өлімі оның серіктері үшін, әскери достары үшін ауыр соққы болды. [6, 96]

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың жеңілуінің негізгі себептері мынадай: қазақ халқының бір тудың астына біріге алмауы, кейбір ру басыларының өз бетінше билік жүргізуге ұмтылуы және де кейбір қазақ билеуші топ өкілдерінің патшалық Ресейді жақтауы, Кенесарының Ресей, Қоқан, Бұхар хандықтарымен күресте күштің тең болмауы. Сонымен қатар, ол өзін жақтамаған кейбір қазақ және қырғыз ауылдарын шабуы кері әсерін тигізді, өйткені ол халықтың наразылығын тудырып, көтерілісті әлсірете түскен. Дегенмен де, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес жеңіліс тапқанымен, ол қазақ халқының тарихында мәңгілік өшпес із қалдырған, қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртуға тырысқан, тарихи маңызы зор күрес болды. Халықтың қолдауының нәтижесінде ғана көтеріліс он жыл бойына созыла алды. Екінші бір даусыз нарсе, ол көтерілістегі басшылық рөл халық бұқарасында емес, Қазақстандағы бұрынғы патриархалдық рулық бытыраңқылықты жоюға тырысқан орта феодалдық топтардың қолында болғаны. Көтерілістің барысымен және Кенесарының саяси шараларымен танысқанымызда біздің оған көзіміз жетеді. Көтерілісте қоғамдық күштердің бұлайша орналасуы заңдылық екенін атап өтуге болады, себебі Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысы феодализм жағдайында патриархалды-рулық тұрмыс сарқыншақтары күшейіп алған шақта дамыған еді. Қазақстанда патриархалдық-феодалдық қоғамдық қатынастар мен рулық тұрмыс үстемдік етіп тұрған кезде халық бұқарасы өзінің басқару тобының билігінен және ықпалынан шыға алмады.

Қорыта келгенде Кенесары қозғалысы өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігін қорғап қалу үшін жанын қиюға әзір қазақ халқының аса зор қарсыласу күшін көрсетіп берген болатын. Бұл көтеріліс Кенесары Қасымұлы алға тартқан саяси талаптар бойынша прогресшіл көтеріліс болғанын көреміз. Мұны ең әуелі Кенесарының ру аралық жауласуды және феодалдық бытыраңқылықты жойып, орталықтандырылған біртұтас мемлекет құруға талаптануынан байқауға болады. Тарихшы Ермұхан Бекмаханов көтерілістің халқымыздың тарихынан алатын орны мен маңыздылығын өзі өмір сүрген қоғамға лайықты жақсы ашып бере алды деуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ноянов Е. Кенесарының көтерілісі сипаты жағынан ұлт-азаттық көтеріліс болды. // Аңыз адам.- №17,-2015ж.-38б.
2. Жақсығалиев Ж. Кенесары мен Бекмаханов-Алаш баласы үшін мәңгілік аңызға айналған дара тұлғалар/Сауалнаманы дайындаған Мәдина Серікқызы// Аңыз адам.-№17,-2015ж.-39б.
3. Бекмаханов Е. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық.-Астана: «Астана полиграфиясы» АҚ, Т.18.-2010.-450 бет
4. Бекмаханов Е. Кенесары - ұлт – азаттық көтерілістің көсемі/ дайындаған Әнуар Шотбай //Аңыз адам.-2015.-№17.-34бет
5. Бекмаханов, Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40- жылдарында: Оқу құралы / Е. Бекмаханов.- Алматы: Санат, 1994.- 416б.
6. Бекмаханов Е. Кенесары – ұлт – азаттық көтерілістің көсемі/дайындаған Дарын Секер//Аңыз адам.-2011.-№21. -9с

## ЕРМУХАН БЕКМАХАНОВ И НАЦИОНАЛЬНО – ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ВОССТАНИЕ ВОЗГЛАВЛЕННОЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМУЛЫ

С.Б.Бажеева

*В статье рассмотрены научные исследования Ермухана Бекмаханова и история восстания, возглавленным Кенесары Касымұлы.*

## ERMUHAN BEKMAHANOV AND THE NATIONAL LIBERATION UPRISING UNDER COMMAND OF KENESARY KASYMOV

S.B.Bajeeva

*The article describes the scientific research of Ermuhan Bekmahanov and history of the uprising, headed by Kenesary Kasymuly.*

ӘӨЖ: 94: 63 (574)

**А.Р. Ботабекова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

### СЕМЕЙ Өңірінде тың және тыңайған жерлерді игеру тарихынан

*Мақалада Семей өңірінде тың және тыңайған жерлерді игеру тарихының маңызды жақтары қарастырылған. Сондай-ақ, мақалада Семей өңіріндегі тың және тыңайған жерлерді игерудің негізін қалаған тұлғаларға баса назар аударылған.*

**Түйін сөздер:** Тың, тыңайған жерлер, колхоз, совхоз, реформа, партия

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанның ұлттық-демографиялық құрамының және экономикасының тұтас құрылымының өзгеруіне әсер еткен үлкен іс-шара тың және тыңайған жерлерді игеру болды. Егістік алқаптарын кеңейтумен тікелей байланысты осы шара, салыстырмалы қысқа мерзімде (негізінен 1954-1960 жж. аралығында) КСРО бойынша 42,0 млн. гектар, ал Қазақстан бойынша – 25,5 млн. гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге мүмкіндік берді.

Тың игерудің арқасында Қазақстан өз тұрғындарын ғана нанмен, нан өнімдерімен қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге орта есеппен жылына 10,12 миллион тоннадай астықты басқа республикаларға шығарып отырды. [1; 248].

Жалпы алғанда, Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру, негізінен солтүстіктегі алты облыста – Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай және Павлодар облыстарында жүзеге асырылды. Алайда, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарын нығайту жолында еліміздің басқа облыстары да белгілі дәрежеде қамтылды. Соның ішінде, бұрынғы Семей облысын атап өтуге болады. Халықтың санасында бұрынғы Семей облысының мал шаруашылығымен айналысқаны және сол салада алдыңғы қатарлы орындардан көрінгені қалыптасқан.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысты Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында деректі құжаттар сақталған. Бұлармен қоса баспасөз материалдары да баршылық. Ол туралы осы мұрағат мекемесінің Ғылыми-анықтамалық аппараты және құжаттарды пайдалану бөлімінің жетекшісі Л.Қ. Қадырова өзінің «Семейліктер егіс алқабында» деген мақаласында: «... құнды тарихи деректердің ішінде тың игеру жылдарындағы, яғни 1954-1958 жылдар арасын қамтитын бұрынғы Семей облысының облысқа тарайтын «Екпінді», «Семей правдасы» деген атаумен шыққан газеттерде сан алуан мақалалар жарияланып тұрған, әр мақаланың өзіндік сырлары бар. Қарап үңілетін болсақ «Егін оруды, астық тапсыруды жеделдете түсейік!», «Мемлекетке уақытында 30 миллион пұт астық тапсырайық!» деген ұрандармен бүкіл комбайншылар мен тракторшылардың, егіс алқабындағы жұмыс жасаған барлық азаматтардың, аса қызығушылықпен еңбекке белсене араласқанын көруге болады» –деп көрсетеді.

Тың игеру бойынша Семей облысының аудандары жер жағдайларына қарай жеке аймақтарға бөлінген. Олар Новопокровка, Новошұльба, Бородулиха, Ақсуат, Көкпекті, Жарма, Шар аудандары және Коростелевский, Ұзынбұлақ совхоздары. Бұл аудандардың жері егін егуге қолайлы, топырағы құнарлы, тың егін бітік шығады деп есептелген. Бірақ, Көкпекті, Новошұльба, Бородулиха, Жарма сияқты аудандардың жерлерінің астық шығу мүмкіндіктеріне байланысты сенімді түрде айтуға болатын болса, ал Ақсуат, Шар және т.б. аудандар туралы мұны айта алмайсыз. Сол науқаншылық

кезінде осыны айтудан облыс басшылығы жоғары тұрған органдардан қаймыққан ба деп ойлауға болады.

Мұрағаттағы Семей облыстық партия комитетінің құжаттары сақталған 103 қорда, әр түрлі деңгейдегі партия ұйымдары мәжілістерінің хаттамалары бар. Хаттамаларда ең алғашқы құрылған Мақаншы, Үржар, Коростелев, Ұзынбұлақ сияқты тың совхоздары туралы шешімдер бар. «Семей правдасы» газетінің 1958 жылғы 159 нөмірінде «Биік таулы, бұлақты, жері құтты Көкпекті қоймасына 5 жарым миллион пұт астықты керуендеп әкеліп төкпекші» деген атаумен үлкен мақала шыққан. Мақалада Көкпекті ауданының «Большевик», «Үлгілі малшы», «Приображенка», «Ивановка» совхоздарының егіс алқаптарындағы жұмыстың жоғары деңгейде орындалып, белгіленген жоспарға сай миллиондаған пұт астық жинап, өкіметтің қоржынына салынғаны мақтанышпен айтылады. Сонымен қатар, Бородулиха ауданының өкіметке 2 миллион 800 мың пұт астық тапсырғаны, «Сталин» атындағы колхоздың егін алқабындағы жұмыстың нәтижелерінің мол болғандығы да көрсетілген [2].

Семей облысының климаттық жағдайы Шығыс Қазақстан облысымен салыстырғанда ерекше болатын. Семей облысының ауылшарушылығы айналымында суармалы жерлер жүйесі үлкен роль атқарды. 1949 жылы облыста суармалы жердің жалпы көлемі 116865 га құрады, оның ішінде 83241 га, яғни 80%-ы қолданыста болды. Суармалы жерлердің қалған бөлігі бірнеше себептермен пайданылмады, оның бір себебі судың жетіспеушілігі еді. Бұл жағдайды түзету үшін су қоймаларын салу жоспарланған болатын.

1946 жылы Семей облысы бойынша жалпы егіс алқабының көлемі 624653 гектарды құрады, соның ішінде көктемдік дақылдар егілген жерлер – 295903 га, және күздік дақылдар егілген жерлер – 328750 га. Облыс бойынша көктемдік дақылдар көптеп егілген аудандар – Новошұльба (39593 га), Көкпекті (35378 га) және Ново-Покоровка (34414 га), ал ең аз егілген аудан Шұбартау (2519 га) болып табылады. Енді күздік дақылдар көптеп егілген аудандарға келетін болсақ, олар тағы да Новошұльба (45506 га), Ново-Покоровка (34414 га) және Жарма ауданы (33306 га), ал ең аз күздік астық егілген алқап Шұбартау ауданы (2519 га). Яғни, осыдан көретініміз Семей облысының барлық аудандарының ішінде Новошұльба және Ново-Покоровка аудандары күздік, сондай-ақ, көктемдік егіс алқабымен ерекшеленеді.

Жалпы облыс аудандары бойынша белгілі бір дақыл өсіру түрімен мамандану байқалады. Мәселен, Жана-Семей және Үржар аудандарында облыс бойынша ең үлкен көкөніс егістері орналасқан, яғни 485 және 272 га. Үржар ауданы және Семей қаласы картоп егуден облыстың басқа аудандарына қарағанда алдыңғы қатарда болды (877 және 882 га). Көпжылдық шөптер егістігі Бородулиха және Жарма аудандарында болды (645 және 634 га) [3; 62].

Қазақстанда негізінен бидай егілді. Бидай 1953 жылы 4,6 миллион гектарға егілсе, ал 1958 жылы 19,3 миллион гектарға егілген, яғни екі еседен артық жерге бидай егілген. 1958 жылғы егін егу науқаны кезінде көктемде себетін тұқым тапшылығы орын алды. Оның себебінде 1957 жылғы алынған астықтан қоймаға салынған тұқым ретіндегі астықтың келесі жылғы себуге жеткіліксіз болғандығы жатты. Өйткені облыс аудандары барлық астықты жоспаршылдық саясат негізінде, тұқымға астық қалдырмай мемлекетке өткізіп жіберген. Мысалы, Шар ауданында 1954 жылы себуге жүгерінің 685 центнері, тарының – 1025 центнері, картоптың – 667 центнері жетпеді. Үржар ауданында тұқым жетпегендіктен 841 центнер бидай егілмеген. Сол сияқты Аягөз, Абыралы аудандарында тың игеру қарқыны кезінде жерге салатын тұқым тапшылығы орын алды. Ал, КОКП Орталық Комитеті үсті-үстіне жоспар орындау жөнінде нұсқауларды қарша боратты. 1954 жылы Семей облыстық атқару комитеті, жоғарыдан нұсқауларды негізге ала отырып, 1955 жылы облыс ұжымдарына 60 мың гектар жерді қосымша игертуді жоспарлады. Семей облысында қабылданған жоспардың орындалуына келетін болсақ, облыс бойынша бидай егу жердің 113,3 мың гектарын, яғни 30 пайызын, ал жүгері егу 30650 гектарды ғана қамтыған [4; 66].

Ауыл еңбеккерлері бидайды тұқымға қалдырмаса да, осыншама қыруар жер жыртып, жоспарды орындау үшін күш салған, яғни «жоспаршылдық» әкімшіл-әміршіл саясат негізінде облыс колхоздары тапсырмаларын орындағаны жөнінде рапорттар бере бастады. Облыс колхоздары тапсырманы 15 күн бұрын орындағанын мәлімдеді. Колхоздар жүгері өсіретін жердің көлемін өсіре түсті, Үржар ауданының «Қызыл қырандар» колхозы 80 гектар жерге жүгері екті. Үржар ауданы жүгері себуді 15 күнде, Мақаншы ауданы – 22 күнде орындады. Міне осындай орталықтың шешімімен асыра сілтеулерді әрбір колхоз жасады. Жоспарын орындай алмаған колхоздар партия комитеттерінің бюроларында талқыланып, қатаң ескертулер алды. Мәселен, Үржар, Аягөз, Ақсуат ауданында өмір бойы мал шаруашылығымен айналысқан табиғи жайылымдардың орны жыртылып, егін, жүгері егілді. 1500 гектер орнына 938 жерге ғана, Шар ауданында 1444 гектар орнына 1081



гектар жерге ғана дән егілді деп аудан еңбеккерлері қатаң сөгіс алды, партия шешімін орындамағаны үшін аудан басшылары орындарынан түсірілді [5].

Тың және тыңайған жерді игеру жылдары мал шаруашылығында да үлкен қарқынмен болмаса да ілгерілеу байқалды. Мұны тың жерлерді игергеннен кейінгі 1958 жылы мемлекетке өткізілген мал басы мен ет тапсыру жоспарынан аңғаруға болады. Семей облысында осы жылдың тоғыз айында ғана 22863 мың бас мал, 73572 мың тонна ет өткізілген, ет өткізу жоспары Ақсуат және Шар ауданынан басқа аудандарда толық орындалған. Семей облысының атқару комитеті мал шаруашылығын, оның ішінде жылқы өсіруді одан әрі дамытуға қатысты 1958 жылы маусым айында «Колхоздар мен совхоздарда жылқы шаруашылығындағы кемшіліктер және оны жоюдың шаралары» жөнінде қаулы қабылдаған [6].

Жылқы малының азайып кетуіне төмендегі жағдайлар әсерін тигізді. Біріншіден, соғыс жылдарында жылқы малы күш көлігі ретінде жаппай пайдаланылды және соғыс жылдарында үлкен шығынға ұшырады. Соғыстан кейінгі жылдары қалпына келіп үлгермеген жылқы малының басы, тың жерлерді игеру кезеңінде қолбаса және т.б. ет өнімдерін жасау үшін ет комбинаттарына көптеп өткізілді. Екіншіден, мал жайылымдарының үнемі пайдаланылмауы, жем-шөп қорының жетіспеуі, шабындық жерлерге жүгері, қант қызылшасы көптеп егілуі. Үшіншіден, жылқы және түйе шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан назар аударылмады.

Салыстырмалы түрде келтіретін болсақ, дәл осы тың игеру жылдары қазақтың төрт түлігіне жататын түйе мен жылқы басы күрт азайып, мұсылман халықтары етін жемейтін шошқа саны шұғыл көбейді, яғни шошқа басы 4 еседен астам өсті. Шығыс Қазақстан және Семей облыстарында шошқа өсіретін ірі шаруашылықтар құрылды. Семей облысының Ленин атындағы совхозында әр мекеннен 38 торай өсіріліп, саламақтарын 25 центнерден өткізді. Мұндай шошқа етін өткізуді ұлғайту міндеті республиканың барлық облыстарына берілді [7; 750]. Сол сияқты қызметкерлерге жеке меншікке шошқа алып өсіру міндеті қойылды. Мұның іске асырылуы партиялық бақылау жағдайында кәдімгідей қадағаланды.

Қазақстандағы игерілмеген құнарлы егістік жердің шамамен 1,5 млн. гектарға жуығы Семейдің Ертіс өңірінде еді. Тың игеру ісіне байланысты «Мақаншы», «Үржар», «Коростелевский», «Ұзынбұлақ» астық совхоздары қайта құрылды. Олардың әр қайсысында 30 мың гектарға дейін жерлер игерілді. Аталған совхоз шаруашылықтарына, тек 1955 жылдың өзінде Кеңес Өкіметінің түкпір-түкпірінен 1400 ден астам адам көшіп келді. Тың жерлерді игеру жоғары қарқынмен жүргізілді. Егер облыс бойынша 1954 жылы 280 мың гектар жер игерілсе, ал келесі жылында 390 мың гектардан астам жер игерілді. Осылайша, 1955 жылдың аяғына таман игерілген егістік жердің аумағы екі есеге, ал 60-шы жылдары үш есеге дейін өсті.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің бастапқы жылдарында облыстағы 28 МТС-тарда және 13 совхозда 3807 трактор, 3800 астық жинайтын комбайндар, 1108 жүк көліктері болған. Десек те, ауыл шаруашылығындағы көптеген жұмыстар қолмен жүзеге асырылды. Атап айтар болсақ, астықты жинағаннан кейінгі жұмыстар, көкөніс және картоп жинау, сабан мен шөпті жинап, оларды шөмелелеу сияқты жұмыстар. Малшаруашылығы фермаларын механикаландыру қалыптасу кезеңінде ғана болды және автоматты суару және мал қораларындағы қи мен көнді тазалайтын жабдықтардың да аздығы байқалды. [8; 71-72].

Тың және тыңайған жерлерді игеру бойынша қойылған үлкен міндеттер – патриоттар мен өз ісінің шеберлерінің арқасында шешілді. Семей облысы бойынша 63 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ерен еңбектері үшін сегіз мыңға жуық адам Кеңес Одағының ордендері және медальдарын алды.

Бүгіндері сол кезде болған азаматтар облыстағы алғашқы тың игерушілердің қажырлы еңбектерін айтып, есімдерін құрметпен еске алады. Олар – тың игеруде Социалистік Еңбек Ерлері атанған белгілі механизатор -астық өсірушілер: Анатолий Яковлевич Булгак («Большевик» совхозы),– Қуанышбай Саяқұпов («Тасбұлақ» совхозы),– Михаил Александрович Самарский («Ұзынбұлақ» совхозы), Анна Ивановна Семушкина («Қызыл тау қырандары» колхозы), Назарбек Саяқымұлы Саяхимов (Буденный атындағы совхозы) және т.б.

Кезінде Кеңес Одағының әр түрлі өңірлерінен келген Виктор Иосифович Березнов, Иван Яковлевич Юрченко, Владимир Иванович Евстифеев, Павел Львович Зиц, Заманғазы Мұхамедиев, Иван Егорович Браун, Анатолий Романович Онищенко сияқты алғашқы тың игерушілер өз тағдырларын Семей облысымен мәңгілікке байланыстырды.

Тағы бір тыңның шаруашылығы - «Үржар» совхозын 18 ұлт өкілдері құрды. Мұнда алғашқы тың игерушілер – далалық бригада басшысы А.А. Михайлов, тракторшылар В.В. Бунин, И.В. Коваленко, П.П. Шашлов, Р. Азиз-Ага, А.Я. Шипинский, В.В. Ларкин және т.б. аса үлкен құрметке ие

болған. Совхоздың 300 ден астам жұмысшысы «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» медалімен марапатталған, алтауына «ҚазақССР-нің ең үздік механизаторы» атағы берілген. «Үржар» совхозы 1954 жылдың қараша айында құрылған. 1955-1956 жылдардың өзінде жаңа құрылған шаруашылықта 26 трактор, 116 комбайн және басқа да техника жұмыс істеген. Совхоздың құрылған алғашқы екі жылында 42 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. 37 мың гектар жерге егістік дақылдары отырғызылды. 1956 жылы шаруашылық мемлекет қазынасына 200 мың центнерден астам астық, 293 центнер ет, 240 центнер сүт және 127 центнер жүн өткізген. Совхоз құрылған күнінен бастап, 1991 жылы тарағанға дейін мемлекетке 15 миллион пұт астық, 10 мың тонна ет, 12 мың тонна сүт және 1000 тоннадан астам жүн тапсырған [8; 74].

Семей қаласында өткен тың және тыңайған жерлерді игерудің 25-жылдығына арналған салтанатты жиында сөз сөйлеген, Жанасемей ауданының Карл Маркс атындағы колхозынан шыққан алғашқы тың игеруші Николай Терентьевич Олейник былай деген: «Мен біздің еліміздің басқа да өкілдерімен бірге тың жерлерді игеруге ат салысқаным үшін ризамын. Мен Белоруссия жерінде туып, өстім. Әскери қызметтен кейін Семей қаласына жұмыс істеуге келдім. Тың игеруді бастаған алғашқы жылдары-ақ біздің шаруашылықтың механизаторлары алты мың гектардан астам егістік жерді жыртып тастаған болатын. Тың игеру жылдары механизатор мамандығын игеріп, далалық аймақты ұнатып, осы өзім құрылуына қол ұшымды тигізген шаруашылықта өмір сүруге қалдым. Республикамызда тың игеру жылдары атқарған жұмыстарым үшін бойымды мақтаныш билейді» [9].

1954 жылдан басталатын тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты қалай болғанда да бұрынғы Семей облысының жалпы экономикасының, оның ішінде ауылшаруашылығының дамуына тікелей әсер еткен факторлар қатарына жатады. Әрине, көптеген іс-шараларды жүзеге асыру барысында асыра сілтеулер мен науқаншылдыққа жол берілгенін де айтуымыз керек. Бұл әсіресе 60-шы жылдардың басындағы жаппай малды ет комбинаттарына өткізуден болған мал басының азаюынан көреміз. Осы солақай саясаттың салдарынан бұрынғы Семей облысындағы болған түйе өсіру шаруашылығы бүтіндей жойылды деуге болады. 1964 жылдан былай қарай жүргізілген байыпты саясаттың нәтижесінде облыстың ауылшаруашылығы халық шаруашылығының тиімді салаларының біріне айналды. Халық шаруашылығының дамуында тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дүниеге келген шаруашылықтардың да үлестерінің қомақты болғанын айтамыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Казахстан за 50 лет. Статистический сборник. – Алма-Ата, 1971. – с. 248
2. Қадырова Л.Қ. «Семейліктер егіс алқабында» [электрондық ресурс]. - URL <http://cdni-arhiv.vko.gov.kz/kz/publications> - қаралған күні 18.02.2017 ж.
3. Ескендилов М.Г. «Развитие сельского хозяйства в Восточном Казахстане послевоенный период» // Қазақ тарихы: – 2005- №5. – с. 62
4. Байсарина К.К. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: тарихы мен тағлымы (1946-1965 жж.). Семей, 2005. – 66 б.
5. КММ ШҚЗТҚО. 410 қ. 2а.т., 21 іс, 4 п.
6. Егемен Қазақстан. 1993, 8 мамыр
7. Решения партии и правительство по хозяйственным вопросам /1917-1967 гг./ М., 1968. Т.3. – с. 750
8. Коновалов А.П., Фесенко Н.А. и др. «Целинная эпопея в свидетельствах и оценках». Семей, 2011. – с. 71-72-74
9. Подвиг первоцелинников зовет к новым свершениям: Материалы торжественного заседания, посвященного 25-летию освоения целинных и залежных земель // Иртыш, 23 марта 1979 г.

### **ИЗ ИСТОРИИ ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ В СЕМИПАЛАТИНСКОМ РЕГИОНЕ**

**А.Р. Ботабекова**

*В статье рассмотрены вопросы об истории освоения целинных и залежных земель в Семипалатинском регионе. А также, в статье уделено особое внимание личностям, стоявшим у основания освоения целинных и залежных земель в Семипалатинском регионе.*

### **FROM THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF VIRGIN AND FALLOW LANDS IN THE SEMIPALATINSK REGION**

**A.R. Botabekova**

*The article considered questions about the history of the development of virgin and fallow lands in the Semipalatinsk region. And also, in the article special attention was given to the persons who stood at the base of development of virgin and fallow lands in the Semipalatinsk region.*

## **XIX Ғ.ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ (ЖЕТІСУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)**

*Аңдатпа:* Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан генерал – губернаторлығына қарасты қазақ облыстарындағы халық ағарту жүйесінің жайы қарастырылады. Өлкеде өмір сүрген мұсылмандық және зайырлы білім беруде орын алған өзгерістер мен оларды басқарудағы отарлық биліктің ұстанымдары зерделенеді.

*Кілт сөздер:* Түркістан өлкесі, Жетісу облысы, Сырдария облысы, орыс-түзем мектептері, медреселер, білім беру жүйесі

Құрамында Оңтүстік Қазақстан облыстары орналасқан Түркістан өлкесіндегі жаңа территорияларды қарудың күшімен жаулап алған патшалық Ресей үкіметі жергілікті тұрғындардың әлеуметтік өмірінің барлық салаларында дерлік түрлі қиындықтарымен кезікті. Орыс елді-мекендерін құру, онда орыс переселендерін орналастыруға қатысты көптеген іс-шараларды шешу мәселелерімен бірге, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелерін құру қызметтерін реттеу қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселе болды. Отарлық биліктің әскери-азаматтық әкімшілігінің осы әлеуметтік бағыттағы маңызды қызметі 1853 ж. Ақмешітті (қазіргі Қызылорда) жаулап алған уақыттан бастау алды. Мұнда сол кездегі Қазақстанның оңтүстігіндегі жалғыз лазарет ұйымдастырылды да, іле-шала жергілікті тұрғындарды рухани бодандықта ұстап, құлдық психологияны енгізу мақсатында орыстық білім беретін оқу орындарын кеңінен ашылып, орыстандыру саясаты жүргізіле бастады.

Отарлық билік орнағанға дейін Түркістан генерал-губернаторлығының территориясында және оның құрамындағы Сырдария, Жетісу облыстарында мұсылмандық діни негіздегі, өзіндік ерекшелігі бар, бірізді қалыптасқан білім беру жүйесі өмір сүрді. Өлкедегі мұсылмандық мектептер мен медреселер, жалпы алғанда, исламдық дәстүрлі білім беру жүйелерін қайталады. Мектептер ағарту жүйесіндегі бастаушы білім беру сатысына жатты. Онда араб әріптерін тануға және мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранды оқуға үйретті. Ал жоғары білім беретін медреселердің негізгі мақсаты уақыт талабы мен өмір жайлы ғылымдарымен таныс имамдарды, хатыптарды, мұғалімдерді, мүдаристерді, қазылар мен мүфтияларды дайындау болды. Басқа сөзбен айтқанда, медреселер рухани ұстаздарды, шариат заңдарын кәсіби түрде талқылай алатын, мұсылман құқықтары мен нормаларын және қасиетті Құран кітабын жақсы білетін мешіт қызметкерлерін, сондай-ақ діни мектептердің оқытушылары мен мұғалімдерін әзірлеумен айналысты. Балаларды оқытатын мектептермен салыстырғанда жоғары дәрежедегі білім беретін медреселердің оқу бағдарламалары мұсылмандық діни ілім негіздері және жалпы білім беретін, сондай-ақ оқушылармен жұмыс істеуге қажетті педагогикалық пәндермен үйлесімді жүргізілуімен ерекшеленді.

Қазақстанның өзге облыстарына қарағанда Сырдария және Жетісу облыстарында діни оқу орындары көбірек шоғырланды. Мәселен, Сырдария облысындағы Түркістан уезінде XIX ғасырдың 70-жылдарының өзінде 2 медресе және 29 мектеп жұмыс істеді [1]. Аталған екі медреседе (Түркістан қаласында және осы қалаға жақын орналасқан Қарнақ ауылында) 91 оқушы (тәліп) білім алды. Жалпы, Сырдария облысына қарасты Түркістан уезінде 618 адам діни білім алуға тартылды.

XIX ғасырдың 90 жылдарының басында Сырдария облысындағы мектептер мен медреселерде 28868 оқушы білім алса, Жетісудағы 74 мұсылмандың оқу орындарында 9000 оқушы оқыды [2]. Мұнда, сол кезде Сырдария облысы қарамағына қарайтын Ташкент қаласы және Ташкент уезіндегі мұсылмандық мектептер мен медреселер саны мұндағы оқу орындарының көлемін айрықша көбейтіп тұрғанын айтқан жөн. Бұл сандық көрсеткіштер осы кезеңде Қазақстанның оңтүстігінде мұсылмандық мектептердің көптеп тарағандығын көрсетеді.

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында осында жүргізілген жеке реформалармен байланысты бұл оқу орындарының өмірі мен қызметінде жаңа кезең басталды. Өлкеде отарлық әкімшіліктің орнаған алғашқы жылдарында патша шенеуніктері жергілікті діни мектептердің жұмыстарына шектеу қоймады, алайда бұл мекемелерге қолдау да көрсетпеді. Ал, 90-жылдардың басына қарай патша әкімшілігі өлкедегі мұсылмандық оқу орындарының қызметін өзгертуге байланысты маңызды қадамдар жасамағанымен, олардың жағдайлары мен оқыту дәрежелеріне халық

училищелері инспекциясы тарапынан бақылау орнатты. Әсіресе, оқытушы кадрлерінің кәсіби талапқа сай келуі, мүфтилер мен мударистердің діни дәрежелерінің жоғары болуы жіті қадағаланды [3].

Түркі мұсылман білім беру жүйесін реформалау XIX ғасырдың соңында туындаған тарихи процестерге байланысты болды. Бұл кезде қоғамды дамытуға деген талаптарға сәйкес ағарту және мұсылман мектептерін модернизациялау саласындағы жаңа бастамалар пайда болған еді. Бұл идеялар мен бастамалар кейіннен «джадитшілік» деп аталған Ресейдегі түрлі этностардың рухани өсуі қозғалысына айналды.

Жалпы Түркістан өлкесі Қазақстанның оңтүстік өңірін қоса алғанда, мұсылмандық білім беруді реформалау процестерінен тыс қалмады. Діни мектеп жүйесін реформалаудың авторларының бірі –Қырым-татар халқының өкілі И.Гаспринский болды. Ол өзінің ұлттық және конфессионалдық міндеттерін шешу үшін еуропалық ағартушылық бағыт өкілдерінің еңбектерін пайдаланды. И.Гаспринский жаңа оқу әдістерін қолдануды енгізу және діни оқу орындарындағы пәндердің мазмұнын ішін-ара өзгертулер қажет деп есептеді.

Түркістан өлкесінде 2 млн. астам тұрғыны бар негізгі үш - Сырдария, Жетісу және Ферғана облыстарында 1906 ж. 285 медресе және 5572 мектеп болды. Білім саласы мен мәдениеттегі әйгілі қайраткерлердің пікіріне қарағанда, сол кездегі Түркістандағы тұрғындардың өмірінде дін мен дін басыларының рөлі өте мықты еді және де көрші ислам мемлекеттері тарапынан қолдауға ие болатын [4]. Діни мектептерді реформалауға байланысты И.Гаспринскийдің идеялары мен іс-әрекеттері мұсылмандық білім беру мекемелерінің бірқатар қызметкерлері тарапынан қолдау тапты. И.Гаспринскийдің реформаторлық бағдарламасы Түркістан әкімшілігіне ғана емес, сонымен қатар өлкенің ғылыми-педагогикалық қоғамына да әйгілі болды.

Бұдан бөлек өлкенің генерал-губернаторы мұсылман мектептеріндегі жаңа бастамаларды іске асыру қажеттілігі жөнінде И.Гаспринскийден хат алды. Сол тұстағы өлке басшысы Н.Розенбахтың нұсқауымен Н.Остроумов және В.Наливкин Гаспринскийдің хатымен танысып, губернатор үшін анықтама-баяндама әзірледі. Аталмыш баяндамада бағдарламаға теріс баға берілді. Түркістандағы білім беру жүйесінде біраз жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Н.Остроумов И.Гаспринскийдің жаңашылдық идеясын құптамады. «Өлкедегі өзге ұлттардың өзіндік болмысын сақтауды қызу қандылықпен талап етіп отырған өзге ұлттардың емес, Ресейдегі өзге халықтарға білім беру ісінде Халық ағарту министрлігінің орыс мүшесінің нұсқауы қажет бізге»-деп жазды [5].

Түркістанның ресми өкілдерінен қолдау таппаған И.Гаспринский 1893жылы өлкеге өзі келеді. Самарқан және Бұхара қалаларында болып әмірмен кездеседі. Бұхара хандығы территориясында жаңа әдістегі мектептерді ашуға кедергі болмауы жөніндегі әмірдің уәдесін алады. Сондай-ақ, И.Гаспринскийге бұл істі ұйымдастыруға материалдық көмек беруге мұндағы зайырлы қауым мен либералдық бағыттағы қайраткерлердің бірқатарлары сөз береді. Ташкент пен Самарқаннан соң, іле-шала жаңа әдістегі мектептер Верный, Шымкент және Пішпек қалаларында ашылды. Пржевальск қаласында (қазіргі Қырғызстандағы Қаракөл қаласы) Исмаил Гаспринский атындағы мектеп жұмыс істеді. Ал XIX ғ.70 жылдары Қазалыда ашылған татар мектебі 1903 ж. жаңа әдісті деп атала бастады. Осындай мектеп 1905 ж. Перовск қаласында ашылды [6].

Сол жылдары жаңа әдісті мектептерде орын алған жаңа үдерісті және И.Гаспринскийдің идеясын «жақсы» деп бағалаған ғалымдар көп болды. Солардың бірі мұсылман және араб әдебиетінің академигі А.Е.Крымский өлкелік газеттің екі нөміріне «Ресей мұсылмандарындағы білімділік және әдебиет мектебі (мәдени-этнографиялық очерк)» деп аталатын мақала жариялады. Онда әйгілі ғалым былай деп жазды: «Гаспринский енгізген оқудың дидактикалық тәсілдері мен жаңа әдістерінің әйгілі болғандығы сонша, ендігі жерде Бакшасарайға Қырымнан тыс өлкелерден татарлар мен басқа да түркілер көптеп келе бастады. Қазір Ресей империясының әртүрлі облыстарында 500 ден астам жаңа әдістегі мектептерді санауға болады. Тіпті, Қытайдың ішіндегі Құлжада да мұндай мектеп бар» [7].

Іс жүзінде де, әрине жағдай осындай болды. К.Е.Бендриковтың мәліметіне қарағанда, 1909 жылы Сырдания облысында -40, Жетісуда-18, жалпы өлкеде 92 жаңа әдістегі мектептер жұмыс істеген [8].

Жаңа әдістің талаптарына сәйкес мектептер мен медреселерде бүкіл оқу процесін ұйымдастыру өзгертілді, жаңа пәндер енгізілді: ана тілі және орыс тілі, тарих, математика (арифметика) және т.б. зайырлы пәндер сыныптық-сабақтық жүйеге өткізіліп, сабақ кестесіне енгізілді, сыныптан-сыныпқа өткізу және бітіру емтихандары жүргізілді.

Оқу сыныптары сынып тақталары және карталармен толықтырылды, химиялық және физикалық кабинеттер ашылды, табиғат бұрыштары ұйымдастырылды. Түркістандағы жаңа әдістегі діни мектептер Ресейдің басқа өлкелеріндегі ірі медреселермен іскерлік байланыстар орнатты. Сондай-ақ, бұл оқу орындар өлкедегі ағартушылықтың дамуына, рухани және мәдени өміріне,

қоғамдағы сана мен белсенділіктің артуына ықпал етті. Осы мектеп түлектерінен кейін ұлттық мәдениеттің өркендеуіне, өз халқының әлеуметтік ахуалын қорғауды қамтамасыз етуге мүдделі көрнекті өкілдер өсіп шықты. Жаңа партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің пайда болуына септігін тигізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында өлкеде жоғарыда баяндалған мұсылмандық білім беру ошақтарымен бірге отарлық биліктің бастамасымен ашылған, үкіметтің жан-жақты қолдауына ие болған орыс оқу орындары приход училищелері, станицалық және поселкелік мектептер түрінде қызмет етті. Оңтүстік өңірдегі орыстық білім беру ісінің негізгі міндеттері мен мақсаты жөнінде өлкеде сенаторлық тексеру жүргізген граф К.К. Пален: «Орыс үкіметінің мемлекеттік міндеттері мен отанымыздың бұратаналарға көзқарасы жөніндегі ой-ниеті орыстандыруда болып табылады. ... тағы бір басқа міндет – қазақтардың орыстармен бірге тұтас бір саяси – мемлекеттік организмге айналуына жәрдемдесу» [9]- деп жазды.

1867 жылға дейін Жетісу көлемінде Верныйда екі кластық приход училищесі, 6 станицалық мектеп (Кіші Алматыда, Сергиопольда, Үржарда, Лепсіде,, Софийада, Қапал станицаларында) және бір поселкелік мектеп (Надеждин поселкесінде) болды. Жетісу өңіріндегі алғашқы орыс оқу орны Сергиополь станциясындағы қазақ балаларына арналып 1852 жылы [10], ал Сырдария облысындағы алғашқы орыс мектептері Қазалы және Перовск бекіністерінде ашылды.

Қазалы бекінісінде орыс оқу орны 21 қаңтар 1860 жылы ашылды. Бұл 50 орындық оқу орнына төменгі әлеуметтік сатыны құрайтын 31 орыс және екі қыз оқушысы қабылданды [11]. Қазалы мен Перовскідегі орыс мектептерінде Ланкостр әдісімен дәріс берілді. Бұл тәсіл бойынша оқытушы тек белсенді оқушыларға сабақты нақты түсіндіріп, ол оқушыларды дәріс беруге дайындайтын. Ал дәрісті толық меңгерген белсенді оқушылар кейіннен мұғалімнің бақылауында басқа оқушыларға сабақты түсіндіретін. Әрине, мұндай тәсілмен оқыту жақсы нәтиже бермеді. Соның салдарынан, 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан кейін, мектептерді тексеруден өткізген өлке басшысы К.П. Кауфман, орыс оқу орындарының деңгейінің төмен екенін айтып, ендігі жерде жергілікті бұратана балалары мен орыс балаларының араластырып оқытуды талап еткен. Ол өзінің 1867 жылы 25 қазанда облыс басшыларына жіберген нұсқау хатында халық ағарту ісіне империялық мүдде тұрғысынан қарап, облыста приход мектептерінің санын көбейту жолында қолдан келген шараның бәрін жасауды, приход мектептерін ашуда әкімшіліктегі қаражаттан басқа, облыстағы қоғамдар мен жеке адамдардан да қаржы тартуды талап етті. [12].Генерал-губернатордың нұсқау хатынан кейін қазақ облыстарында орыс мектептер саны арта бастады. Орыс мектептерінің оқу бағдарламасына да ерекше көңіл бөлінді. 1871 жылы әзірленіп, Жетісу облысының әскери-губернаторы Колпаковский бекіткен бағдарлама бойынша оқушылар бастауыш мектепте 3 жыл бойына діни ілім(Закон Божий), орыс тілі, арифметика, таза жазу секілді пәндерді оқып, орыс тілі пәні бойынша «Родное слово», «Книга для чтения», діни ілім (Закон Божий) пәнінде «Начатки христианского православного учения», арифметика бойынша Томбовтын құрастыруымен шығарылған «Арифметические задачи» сияқты оқулықтар қолданылуы керек болды. Бағдарламада оқушылардың аптасына 18 сабақ (діни ілімнен -3, орыс тілінен -8, арифметикадан – 4, таза жазудан -3 сабақ) дәіс алатындығы да көрсетілді[13].Билік шенуниктері орыс мектептеріне жергілікті ұлт балаларын тарту жолындада жұмыстар атқарды. Алайда, алғашқыда бұл іс-әрекеттері жақсы нәтиже бермеді. Жергілікті тұрғындар діни бөлек, отарлық биліктің орыс мектептеріне сенімсіздікпен қарады.

Патша үкметі өлкедегі орыс оқу орындарына қазақ балаларының тартылуының баяу жүру себебін, мектептерді қамтамасыз ететін қаржының жетіспеуін халық ағарту ісінің дұрыс ұйымдастырылмауынан деп тауып, 1875 жылы мамырда мұндағы оқу орындарын халық-ағарту министрлігі қарамағына қаратуды ұйғарды.Мұның артынша 1876 жылы шілдеде Халық ағарту министрлігіне тікелей бағынатын Түркістан өлкесі оқу орындарының Бас басқармасықұрылды. Сөйтіп, өлкедегі оқу орындарды басқару генерал-губернатор жанындағы Бас оқу инспекторына жүктелді. Ендігі жерде жергілікті әкімшілік орындары өлкедегі орыс тұрғындары балаларының міндетті түрде білім алуын қамтамасыз етудің шараларын қарастырды. Бірақ мұндай маңызды шараны сол кезде бірқатар себептерге байланысты жүзеге асыру мүмкін емес еді. Біріншіден, міндетті білім алуды қамтамасыз ету үшін көп мөлшердегі қаражат қажет еді. Мұндай қаржыны үкмет бермеді, ал жергілікті жерлерден жиналған қаржы мардымсыз болды. Екіншіден, мектептерде сабақ беретін мұғалімдер жетіспеді. Үшіншіден, жаңадан қоныс аударған немесе қоныс аударып келе жатқан переселен шаруалардың тұрмыс жағдайларының нашарлығынан балаларын мектепке жібере алмады.

### Әдебиеттер:

1. ӨР ОММ, 1-к., 1-тізбе, 539-іс, 16-17 пп. (1877 ж. есеп)
2. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1893 год, с.127; Обзор Семиреченской области за 1895 год, с.62.
3. ӨР ОММ, 48-к., 1-тізбе, 10-іс, 2-3 пп.
4. Наливкин В.Н. Роль религии и духовности. //Туркестан.30 сентябрь1906 г.
5. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924). М.1960, с.254.
6. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. Алма-Ата. 1950, с.16.
7. Крымский А.Е.Школа образованности и литература у Российских мусульман (культурно-этнографический очерк). //Туркестан», №82 от 28 ноября 1916 г.
8. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924). М.1960, с.256
9. ӨР ОММ. 47-к., 1-т., 968-іс., 42-п.
- 10.Кауфман К.П. Проект всеподданнейшего отчета генерал-губернатора К.П.Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства.Спб., 1885, с.151
- 11.Остроумов Н.П. Первые училища для детей русских в Казалинске, Перовске и Ташкенте в 1860-1867 годах. // Туркестанские ведомости. 11 августа 1881г. № 31.
- 12.ӨР ОММ. 1-к., 27-т., 1-іс., 1-4-пп.
- 13.ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 5670-іс., 162-165-пп.

### СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА (ПО МАТЕРИАЛАМ ДЖЕТЫСУСКИХ И СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТЕЙ) Л.С.Динашева, Ю.Жахангир

*Аннотация: В статье рассматривается положение системы народного образования в казахских областях Туркестанского генерал-губернаторства во второй половине XIX века. Дается анализ изменения в мусульманском и светском образовании и принципов, которыми руководствовалась колониальная власть.*

### THE EDUCATION SYSTEM OF TURKESTAN IN THE SECOND HALF OF THE NINETEENTH CENTURY (BASED ON DZHETYSU AND SYRDARYA REGIONS) L.S.Dinasheva, Yu.Zhahangir

*Summary: The article deals with the position of the public education system in Kazakh regions of Turkestan province in the second half of the nineteenth century. The analysis of changes in the Muslim and secular education and the principles that have guided the colonial power.*

ӘОЖ: 94(574.42-2С)"1917"

**Б.Ж. Атантаева, Д.С. Ешенғазин**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

### АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ СЕМЕЙ УЕЗДІК ЗЕМСТВОЛЫҚ МЕКЕМЕСІН ҚҰРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

*Аннотация: Ұсынылып отырған мақалада қазан төңкерісінен кейінгі Семей өлкесіндегі жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерін (земстволық мекеме) құрудағы Алаш қайраткерлерінің қызметі қарастырылады. Жергілікті жердегі Алаш қайраткерлерінің земстволық мекемелердегі қызметі мұрағат деректері негізінде талданып, сараланды.*

*Түйін сөздер: Алаш, қайраткер, төңкеріс, съезд, Семей уезі, Уақытша үкімет, қазақ комитеттері.*

1917 жылдың қысы мен көктемінің және жазының айлары қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірінің барынша жанданған кезеңі болды. Ол бірнеше: халық өкілдерінің Ақпан революциясынан кейінгі мемлекеттік құрылысқа қатынасу, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар құру, әлеуметтік-

экономикалық реформалар бағдарламаларын жасау және елдің саяси өміріне араласу бағыттарында көрініс тапты.

Осы кезеңдегі саяси жағдайларды тиімді пайдаланып, алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқайдың қазақ оқығандарын мемлекеттік қызмет органдарына ұсынуын ғалым Кеңес Нұрпейісов өзінің еңбегінде былай деп көрсетеді: «...Негізінен осы үш қайраткер Ақпан революциясы жеңісіне жетісімен қазақ интеллигенциясы өкілдерінен кімдерді жаңа мемлекеттік құрылымдардың қызметіне ұсыну мәселелерін шешуге өз міндеттеріне алды немесе, қазіргі терминологияны қолдансақ, олар басқару жүйесіндегі кадр мәселесін айқындауға атсалысты. Олардың ұсыныстары бойынша Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының әр түрлі дәрежедегі басқару жүйесінің шенеуніктері болып Ахмет Бірімжанов, Ғалиасқар Қуанышев, Балға Құрметов, Біләл Малдыбаев, Ахмет Кенесарин, Айдархан Тұрлыбаев, Мұхтар Саматов және басқаралар тағайындалды» [1, 89б].

Ақпан төңкерісінің халыққа берген кең бостандықтарын саяси күрестегі қазақ оқығандары жергілікті жерлерде де мейлінше пайдаланып қалуға ұмтылды. Оларға алғашқы берілген нұсқау, жол көрсеткіш ретінде Әлихан Бөкейхановтың және оның жанында болған бір топ азаматтардың Бас қолбасшының ставкасы тұрған Могилевтан Қазақстандағы 25 жерге, оның ішінде Семейге Райымжан Мәрсековтың атына берілген телеграммаларды атауға болады. Онда Алаш көсемі өзінің жақтас, пікірлес, серіктестерін Ақпан төңкерісімен құттықтай отыра, алда не істеу керектігін байқатады.

Алаш қайраткерлері халықты оятуға, олардың басын біріктіретін шараларды іске асыруға ұмтылды. Ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ халқына тән қоғамдық-саяси белсенділіктің бірі және жарқын көрінісі – 1917 жылдың көктем айларында құрыла бастаған облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық немесе қазақ комитеттері жүйесі болды. Олар 1917 жылы негізінен сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездерінде құрылды. Атап айтқанда, мұндай съездер сәуір айында Орынборда (Торғай облыстық), Оралда (Орал облыстық), Семейде (Семей облыстық), 27 сәуір-7 мамыр аралығында Омбыда (Ақмола облыстық), т.б. қалаларда болды.

Семей жеріндегі қазақ оқығандары Райымжан Мәрсековтың, Халел Ғаббасовтың, Ахметжан Қозыбағаровтың басшылығымен Ақпан төңкерісі берген демократиялық бостандықтар мен құқықтарды өздерінің туған халқының мүддесіне, тағдырлық мәселелерін шешудегі істерде пайдалануға ұмтылды. Бұл орайда, олар Әлихан Бөкейхановпен толықтай пікірлес болды дейміз.

Тарихшы А.К. Бочагов, өзінің Алашқа қарсы жазған, 1927 жылы жарық көрген еңбегінде қазақ зиялыларының басшылығымен өткен 1917 жылғы көктемдегі қазақ облыстық съездері туралы қалай болғанда да тәп-тәуір пікір берген. Онда ол: «Бұл съездер халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің және халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру, т.б. үміттерінің көрінісі болды» деген [2].

1917 жылы маусым айында Семей облысындағы Уақытша Үкіметтің билік жүйесін қайта құру ісі аяқталды. 1917 жылы 11 маусымда Семей облыстық атқару комитетінің мәжілісі өткізілді. Онда облыстық комитеттің бұрынғы құрамының қызметін тоқтату және оны енді «Делегаттар жиналысы» деп қайта құру туралы шешім қабылданды. «Делегаттар жиналысы» құрамына жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінен – Попов, Воронов, Салов, шаруалар және казактар депутаттар кеңесінен – Ляшкевич, Троицкий және Голянов, ал қазақ комитеті атынан Ғаббасов, Сәрсенов, және Ермеков енді.

1917 жылдың жазынан Семей өңірінің зиялылары аса маңызды деп санаған жергілікті басқару (земство) мәселесінің ресми тұрғыдан талқылануына мұрындық болды. Жергілікті басқару (земство) мәселесіне байланысты арнайы мақсатта бас қосулар өтті. Жұмысшы және солдат депутаттары және қазақ облыстық комитетінің делегаттар жиналысының мәжілісінде (22 маусым 1917 жыл) жергілікті басқару (земство) комитеттерін құру мәселесі қаралып, шешім қабылданады [3].

Онда қазақ комитеті атынан өкілдікке Райымжан Мәрсеков пен Халел Ғаббасов ұсынылады. 1917 жылы 11 шілдеде облыстық земство (жергілікті басқару) комитетінің бірінші мәжілісі өтті. Оған «Делегаттар жиналысы» атынан Райымжан Мәрсеков және С.Дүйсенбинов қатысты. Көп кешікпей «Делегаттар жиналысының» төралығына Н.С. Юдин сайланып, оның орынбасары болып Райымжан Мәрсеков бекітілді [4].

Ал Халел Ғаббасов болса, «Делегаттар жиналысының» арнаулы өкілі (комиссары) ретінде облыстық үйездеріне іссапарларға шығып, олардан оралған соң тиісті есептер беріп тұрған. Мәселен, «Делегаттар жиналысы» мәжілісінің Қазақстан Республикасының Орталық мұрағатында (ҚРОМ) сақталған 21 тамыздағы хаттамасында (1917ж), комиссар Халел Ғаббасовтың және тағы басқа өкілдердің есептері тыңдалып, талқыланған. Халел Ғаббасов Зайсан үйезіне барған іссапарының қорытындыларын баяндаған. Онда Уақытша Үкіметтің жергілікті комитеттері жұмысын жолға

қоюдың шешілуі сөз болып, үйез көлемінде сот жүйесін құру, земство сайлауларын өткізу туралы ұсыныстар жасалған [5].

Алаш қайраткерлері 1917 жылы аса үлкен саяси белсенділік көрсеткен тағы бір оқиға Семей облыстық екінші қазақ съезі болды. Бұл съезд 12 қыркүйекте басталады деп күтілді. Оған әр үйезден делегаттар шақырылды.

Съезде қарайтын мәселелер қатарында:

1. Құрылтай жиналысы сайлауы.
2. Земство құру ісі.
3. Жер комитеттері.
4. Милиция жасағын құру.

5. Облыстық қазақ комитетінің есебі және тағы басқа мәселелер қарастырылады деп ұйғарылды [2].

Осы съезге жер-жерден өкілдердің аз келгеніне байланысты бұл бас қосу Облыстық Қазақ Кеңесі атауымен өтілсін деп ұйғарылды. Кеңес төрағасы Райымжан Мәрсеков, орынбасары Жақып Ақпаев, хатшылары Имам Әлімбеков пен Мұстақым Малдыбаев болды. Кеңесте Халел Ғаббасов ұсынған 7 мәселе қаралды. Олардың қатарында Қазақ комитетінің есебі, милиция мәселесі, жер комитеттерін сайлау, земство құру, азық-түлік, Құрылтай жиналысына өкілдер жіберу туралы мәселелер болды.

Съезде жер комитеттері, азық-түлік мәселесі, земство, Құрылтай сайлауы, оқу және жай жұмыстар жөнінде тиісті шешімдер қабылданады. Ал шешімдердің орындалуын қадағалау сезсіз Қазақ комитетіне жүктелді. Мәселелер ішінде милиция жасағын құру, жер комитеті мен земство жұмысын іске қосу және Құрылтай жиналысына депутат сайлау істері қыркүйек айынан бастап біртіндеп іске асырыла бастады [6, 186].

1917 жылы 26 қарашада Семей облыстық Қазақ комитетінің тағы бір мәжілісі өтті. Онда облыстық земствоға мүшелер сайлау мәселесі қаралып, мәжіліс қабылдаған шешімінде земство басқару бұрынғыдағы мәні «дуан басылық, аға сұлтандық, бектік емес, жұрт пайдасы мен шаруасын ілгері бастыру үшін ерінбей жүріп қызмет қылу» екендігі баса айтылды. Қазақ комитеттері земствоның «тек қазаққа ғана емес, орыстарға да ортақ сыбаға екенін ескеріп, әрі олардың бұл істе білімдірек, шеберлірек, ынталырақ болып, қазақтың жайбасарлығын, бірден түсінбеушілігін пайдаланып кетпес үшін земствоға мүшелікке кімді, қай ұйымнан сайлауын көрсетіп», нақтылы нұсқау беріп тұрды. Мәселен, Семей облыстық Қазақ комитеті облыстық земствоға мүшелікке (гласнойлыққа) ұсынуға лайықты адамдардың тізімін «Сарыарқа» газетіне жариялады: «Қарқаралы үйездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Әлихан Бөкейханов. 2. Жақып Ақпаев. 3. Иманбек Тарабаев. 4. Әлімхан Ермеков. 5. Сатылған Сатабаев; Павлодардың үйездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Мұқыш Боштаев. 2. Имам Әлімбеков. 3. Әбікей Сәтбаев; Өскемен үйездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Әміре Айтбақин. 2. Райымжан Мәрсеков. 3. Садық Дүйсенбин; Зайсанның үйездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Халел Ғаббасов. 2. Арғынғазы Боштаев; Семейдің үйездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Ахметжан Қозбағаров, 2. Бидахмет Сарсенов, 3. Әнуар Молдабаев» [7].

Семей уездік земство жиналысына гласнойлыққа 8 округтен 49 адам сайланды [8]. Алаш қайраткерлерінің земствалық басқару жүйесін енгізудегі қызметін зерттеген тарихшы Ерлан Сайлаубай «Гласнойға кандидаттыққа 50 адам сайланды. Гласнойлар мен гласнойлыққа кандидаттар тізіміне мұқият қарасақ қазақ жұртшылығы өкілдерінің басымдылығы айқын аңғарылып тұр. Мәселен, 49 гласнойдың 36-сы қазақтар. Бұл жәйт түсінікті, өйткені Семей уезінің тұрғындарының және болыстықтарының 90%-не жуығы қазақтар болып келді. Әлеуметтік тұрғыдан талдау жасасақ, олар әр-түрлі әлеуметтік топтарға жатады. Ішінде жоғары, ортаңғы және төменгі әлеуметтік топ өкілдері бар екенін құжаттарға мұқият қарау арқылы байқаймыз», - дейді [6, 216].

1917 жылдың желтоқсан айының 9-17 күндері аралығында І-ші төтөнше Семей уездік земство жиналысы өтеді. Мәжілісте земство жиналысы төрағасына Райымжан Мәрсеков, орынбасарлығына Иманбек Тарабаев, хатшылығына Толымхан Өтепов сайланады. Сонымен қатар, мәжіліске Семей уезі бойынша земстволық енгізу комитетінің төрағасы С.С. Брюханов қатысты [9].

Осы мәжілісте Р.М. Мәрсеков Семей уездік земство жиналысы атынан Құрылтай жиналысына, Орынборда өтіп жатқан екінші жалпықазақ съезіне, Бүкілресейлік Земство Одағына, Томскіде өтіп жатқан Жалпысібір съезіне жеделхаттар жіберуді талқылауға ұсынады [9]. Бұл талқылаулар сәтті аяқталып, аталған жерлерге жеделхаттар жіберу ұйғарылды. Жеделхаттар мәтіні мәжілісте оқылып бекітіліп, 9 желтоқсаннан кейін жоғарыда аталған Жалпықазақ съезіне [10],



Бүкілресейлік Земство Одағына [11], Жалпысібір съезіне [12] Семей уездік земство басқармасы жұмысының басталғандығын айта отырып, жіберіледі.

Жиналыста Семей уезінің ұйымдастыру мәселелері қаралады. Семей Уездік Земство Басқарма құрамы, Уездік Земство жиналысының түрлі комиссиялар құрамы және Семей облыстық Земство жиналысына мүшелер мен кандидаттар тізімі айқындалады. Семей уездік земства жиналысының І-ші төтенше мәжілісі Семей уездік земства басқарма төралығына Козыбағаров А.Қ., басқарма мүшеліктеріне Булатов А.Е., Дюсембин С.Д., Богатырев Н.Е., Воробьев Н.П. сайланады. Басқарма мүшелері ішінен Н.П.Воробьев төрағаның орынбасарлығы міндетін атқаруға ұйғарылады [13].

Сонымен қатар, І-ші төтенше мәжілісте Земства жиналысының тұрақты комиссиялары сайланады.

Финанс-сметалық комиссияға: Ә. Ермаков, Р. Мәрсеков, А. Андамасов, Б. Есергепов, Қ. Мұздыбаев, М. Есенбаев, Ж. Шүленбаев, Х. Ғаббасов және Т. Юсупов;

Бағалау комиссияға: А. Андамасов, М.Есенбаев, Т. Өтепов, Т.С. Петров және Қ. Мұздыбаев енеді.

Халыққа білім беру комиссиясына П.Э. Лодэ, И. Әлімбаев, Т. птепов, М. Малдыбаев, Б. Мусин және С.Г. Бутиндер сайланды.

Ревизиялық комиссия құрамына Х.Ғаббасов, М.Малдыбаев, Қ. Бодымбаев, И. Қазанғалов және Т.С. Петровтар өтеді.

Сонымен қатар, Семей облыстық Земство жиналысына уезд атынан гласнойлар ұсынылады: 1. К.П. Ляшкевич, 2. Б. Сәрсенев, 3. Ә.Молдабаев, 4. И. Әлімбаев, 5. Т. Ибрагимов, 6. Қ. Есенғұлов және М.С. Просеков;

Кандидаттыққа: 1. Е. Айтмұхаметов, 2. Қ. Мұздыбаев, 3. М.Мұхамедұалиев, 4. Т. Өтепов, 5. Н. Қазанғалов, 6. Д. С. Шахворостов ұсынылады;

Земство банкісінің директорлығына Н.А. Керн, бірінші жолдастыққа Ә.Молдабаев, екінші жолдастыққа А. Есергеповтер сайланады.

Банк директорының жолдастарының кандидаттығына М. Тохтабаев пен О.Салауатовтар өтеді.

Уездік жер комитетінің құрамына М. Есергепов, Т.С. Петров, Ә. Молдабаев және Қ. Есенғұловтар ұйғарылады.

Банктік ревизия комиссиясына: 1. Х. Ғаббасов, 2. К. Дюсембин, 3. Р. Оспанов, 4. А.В. Колобовтар сайланды.

Оқу-жекелік (учетно-ссудный) комитетке: 1. А. Андамасов, 2. Ж. Шүлембаев, 3. В. Волков, 4. Н.Булатов және 5. Т. Ибрагимовтар өтеді.

Уақытша уездік қазақ (қырғыз) соты төрағасына Ә. Молдабаев, ал мүшеліктеріне Қ. Есенғұлов пен Т. Ибрагимовтар, Е. Айтмұхаметов, И. Қазанғалов және М. Қуандықовтар сайланады [14].

Сөйтіп, Семей уездік земствасы жоғарыда көрсетілгендей негізде қызметін бастайды. Жалпы ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында 20 ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси оқиғаларына қатысты біршама мол құжаттар сақталған. Земство мәселесіне қатысты құжаттар №37 қорда (128 іс) сақталған. Осының бәрін зерттеп, келер ұрпаққа жергілікті жердегі Алаш қайраткерлерінің қызметін таныстыру алдағы уақыттың еншісінде. Сонымен бірге, жергілікті басқару ісінің өткен тәжірибесіне бүгінгі күннің талаптары жағдайында көңіл аудару да қажеттілік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда / К. Нұрпейісов. – Алматы: Ататек. – 1995. – 89 б.
2. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. – Алматы: Санат. – 1995. – 368 б.
3. Өскенбаев, Қ. Әлімхан Ермаков: Тұлға тағылымы / Қ. Өскенбаев. - Қарағанды, Арко, 2013. -340 б.
4. Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (ШҚО ҚЗТҚО), Делегаттар жиналысы // Воля народа. №33, 16 шілде 1917.
5. Ожанова, Ж. Халел Ғаббасов / Ж. Ожанова // Қазақ тарихы. – 2004. - №4. – Б. 107-107.
6. Сайлаубай Е.Е. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің земство мекемелерін құрудағы қызметі (1917-1918 жж.) / Е.Е. Сайлаубай // Отан тарихы. – 2007.-№4.- 18-30 бб
7. Мұқамедқанұлы, Қ. Жалпықазақ съезі (1917) туралы / Қ. Мұқамедқанұлы // Семей таңы. 17 желтоқсан, 1991.
8. ШҚО ҚЗТҚО 37-к., 1-т., 98-іс, 18-19-п.
9. ШҚО ҚЗТҚО, 37-к., 1-т., 3-іс, 4-п.
10. ШҚО ҚЗТҚО, 37-к., 1-т., 3-іс, 22-п.

- 11.ШҚО ҚЗТҚО, 37-к., 1-т., 3-іс, 26-п.
- 12.ШҚО ҚЗТҚО, 37-к., 1-т., 3-іс, 25-п.
- 13.ШҚО ҚЗТҚО, 37-к., 1-т., 1-іс, 8-п.
- 14.ШҚО ҚЗТҚО 37-к., 1-т., 98-іс, 2-п.

## **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ АЛАШ В СОЗДАНИИ ЗЕМСКОЙ УПРАВЫ В СЕМИПАЛАТИНСКОМ УЕЗДЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ**

**Б.Ж. Атантаева, Д.С. Ешенғазин**

*Аннотация: В предлагаемой статье на основе архивных документов проанализирована деятельность представителей Алаш в создание земских управлений в Семипалатинском уезде.*

## **ACTIVITY OF REPRESENTATIVES OF ALASH IN CREATION OF COUNCIL MANAGEMENT IN SEMPALATINSK DISTRICT ON THE BASIS OF ARCHIVAL MATERIALS**

**B. Atantayeva, D. Yeshengazin**

*Abstract: In the given article on the basis of archival documents were reviewed and analyzed, the activities of Alash representatives in the creation of council management in Semipalatinsk district.*

УДК: 94 (574.42): 339.174 «18/20»

**М.Г. Ескендиоров, А.Ф. Даутова**

Государственный университет имени Шакарима города Семей

## **ЯРМАРКИ НА ТЕРРИТОРИИ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА: ИХ РОЛЬ В РАЗВИТИИ ТОРГОВЛИ В XIX – НАЧАЛО XX ВВ.**

*Аннотация: В данной статье рассмотрено значение ярмарок в экономическом развитии Восточного Казахстана в XIX-начало XX вв. Показано что, функционирование ярмарочной торговли в XIX-начало XX века свидетельствовало о глубоком проникновении рыночных отношений в экономику края, а также способствовало созданию новых связей с регионами России, поддержке и развитию существующих торговых взаимодействий с Китаем, Монголией.*

*Ключевые слова: ярмарки, торговля, Восточный Казахстан, товарооборот*

В середине XIX века в Казахстане получает развитие ярмарочная торговля. Этому способствует все нарастающая интеграция народного хозяйства края в экономику России и интенсивное развитие рыночных отношений. На территории Семипалатинской области действовали более двадцати ярмарок. Среди них по значимости выделялись Кояндинская, Чарская и Екатерининская ярмарки. Главными объектами торговли были скот, животноводческое сырье и промышленные товары российских и зарубежных промышленных предприятий, которые составляли 90% в обороте ярмарок.

Кочевой образ жизни казахского населения, слабое развитие путей сообщения, крайне редкая заселенность, прохождение по территории области очень важных скотопрогонных трактов из Китая – в Россию все это обуславливало развитие ярмарочного типа торговли. Если проследить по карте пункты прохождения наиболее важных по своим оборотам и значению ярмарок, то можно увидеть, что эти ярмарки возникали или на путях, идущих из Монголии и Китая в Россию, по которым прогонялся скот и провозилось сырье или же в пунктах наибольшего скопления кочевого населения со своими стадами в определенные времена года. Возникнув еще в конце XVIII – нач. XIX вв., некоторые ярмарки развились настолько сильно, что оборот их достиг очень солидной цифры. Степень развития ярмарок и их значение в товарообороте говорит как само их число, так и обороты. Так, число ярмарок в Степи, перед 1-й мировой войной достигло 30, с общим годовым оборотом до 7 млн. рублей.

Но не все существовавшие ярмарки имели одинаковое значение в товарообороте. В то время как одни из них остановились в своем развитии и сохранили значение ярмарок и торжков с ограниченным кругом их влияния, другие, наоборот, постепенно развиваясь и укрепляясь, достигли такого значения, что влияние их перешагнуло через границы губернии, и они получили значение

краевых ярмарок. Кроме этого, благодаря тому, что Семипалатинская область расположена в приграничной полосе с Китаем и Монголией, некоторые ярмарки распространили свое влияние и на соседние округа и провинции этих стран. К числу ярмарок, имевших краевое значение, а также и значение в деле установления торговых сношений с соседними странами, относится Ботово-Кояндинская ярмарка, в местности Коянды вблизи реки Талды Каркаралинского уезда.

Помимо удобного расположения Кояндинской ярмарки на скотопроегонных и караванных путях, идущих из Китая, успеху ярмарки и ее развитию в огромной степени способствовали и другие условия. Начиная с 40-х годов XIX в. в районе этой ярмарки стала развиваться также горная промышленность.

Кроме этого, немалую роль в успешном развитии ярмарки играли также и те меры, которые принимались российским правительством в целях развития торговли с соседними странами. Из таких мер нужно отметить отмену пошлин по Сибирской линии в 1831 году с привозимых из внешних округов невыделанных кож и сала, предоставление в 1834 году бухарцам и ташкентцам, живущим в Западной Сибири, права торговли азиатскими товарами без оплаты гильдейских пошлин на границе, разрешение в 1845 году приезжим азиатским купцам торговать своими товарами без торговых свидетельств, данное в 1852 году разрешение беспошлинной торговли на китайской границе товарами, за исключением чая, и заключение торговых трактатов между Россией и Китаем. Все эти меры способствовали успешному развитию ярмарок [1].

Следует отметить, обороты ярмарок зависели от количества привезенного товара, покупательной способности населения, наличия спроса на привозные и вывозимые товары. Соответственно росту оборотов улучшалось и благоустройство самой ярмарки. До официального признания ярмарочный торг производился в киргизских юртах и только со времени отчуждения под ярмарку в 1871 году площади, ярмарка начинает обстраиваться торговыми помещениями.

Наглядным примером служит данные из торгово-промышленного календаря 1900 г., из которого мы видим стоимость проданных в 1897 г. товаров [2].

Таблица 1

Название ярмарок	Местонахождение ярмарок	Общая стоимость проданных товаров и скота
Ботовская (Куянд.)	При пикете «Куянды» Каркаралинско-Павлодарского почтового тракта	1403409
Чарская (весенняя)	В Дельбегетейской волости Семипалатинского уезда	-
Чарская (осенняя)	Там же	-
Семипалатинская	В г.Семипалатинске	-
Екатерининская	В г.Усть-Каменогорске	21485
Никольская Введенская	В г. Кокпектах	-
Никольская	В с. Большевладимировском, Семипалатинского уезда	-
Сергиевская	В поселке Лебяженском, Семипалатинского уезда	4134
Екатерининская	В ст.Семиарской, Семипалатинского уезда	167445
Покровская	В ст.Баян-Аульской, Павлодарского уезда	38896
Козьмо-Демьянская	В пос.Железинском, Павлодарского уезда	10480
Сергиевская Рождественская	В ст.Урлютюпской, Павлодарского уезда	39125
Никольская	В п.Чернорецком, Павлодарского уезда	-
Иоанно-Златоустовская	В п.Песчанском, Павлодарского уезда	146818
Никольская	В п.Пяторьжском, Павлодарского уезда	10970
Спиридоновская	В п.Ямышевском, Павлодарского уезда	112700
Никольская	В ст. Алтайской, Усть-Каменогорского уезда	88645
Тимофеевская	В ст. Батинской, Усть-Каменогорского уезда	8825
Рождественская	В ст. Бухтарминской, Усть-Каменогорского уезда	-
Введенская	В п. Урьльском, Усть-Каменогорского уезда	1780
Никольская	В ст. Убинской, Семипалатинского уезда	6037
	Итого	2060749

На ярмарках происходит, главным образом, обмен продуктов кочевого скотоводческого хозяйства на мануфактурный, бакалейный и прочий товар, привозимый, преимущественно, из Европейской России, за неимением в области соответствующих заводов и фабрик. Так называемые

крестьянские изделия, мука, зерновой хлеб и азиатские (туркестанские) товары играют в ярмарочных оборотах, сравнительно незначительную роль.

Ярмарки являлись уникальным средством удовлетворения материальных и духовных потребностей. Население в значительной степени удовлетворяло свои потребности в хлебе, в изделиях русского фабрично-заводского производства и в предметах домашнего обихода. На ярмарке можно было приобрести товары широкого потребления, в которых кочевое население постоянно нуждалось.

Значимость ярмарок в экономическом развитии Восточного Казахстана, подтверждается тем, что данный регион стал выгодным рынком сбыта товаров российской промышленности. Во всем крае, имевшем важное экономическое значение, не было ни одного коммерческого банка или подобного рода кредитно-финансового учреждения, которые субсидировали бы купцов, предоставляя им кредиты. Близкое расположение городов Восточного Казахстана к Ботовской и другим ярмаркам требовали быстрого решения этого вопроса. Необходимость открыть в городах кредитно-банковские учреждения диктовалась и тем, что «ближе Томска и Петропавловска не было ни казенных, ни частных банков»[3].

Развитие ярмарок и ее оборотов способствовало учреждению на территории ярмарки почтово-телеграфного отделения и отделения Государственного Банка для обслуживания нужд, собирающихся на ярмарку торговых организаций.

Отделение государственного банка в Семипалатинске открылось в 1887 г., а в 1888 г. здесь был учрежден филиал крупного для того времени Сибирского торгового банка. Позднее ежегодно для обеспечения кредитных операций открывалось временное отделение государственного банка на Куяндинской ярмарке [4].

Ярмарки были центрами, где обычно располагались лавки, магазины, занимавшиеся реализацией товаров фабрично-заводского производства. В документах часто встречаются сведения о том, что купцы, получая различные товары из центральных губерний, часть из них отдавали местным купцам в кредит, которые были осведомлены о потребностях кочевого населения через своих агентов и развозили нужные товары по ярмаркам, селам, при искам и по аулам инородцев [5]. Торговля все более приобретала ростовщические черты. Однако большую часть купли-продажи по-прежнему составляли скот и животноводческое сырье. Если бы не огромное количество скота и запасов животноводческих продуктов, то степные ярмарки утратили бы свою роль в экономической жизни края. Размеры, характер торговых сделок стали отличаться от таковых в первой половине XIX в., когда организация закупки скота большими партиями была слабой. Теперь возникло торговое скотоводство. Новое байство (черная кость) разводили скот не только для собственных нужд, но и для рынка [6].

О масштабах торговли скотом говорят следующие показатели: в Усть-Каменогорске и Семипалатинске каждую осень лошадей продавалось до 300 голов, несколько тысяч быков отправлялось в Москву и Петербург. Только казахским населением «Области сибирских киргизов» на ярмарках ежегодно продавалось: лошадей до 15 тыс., быков до 100 тыс., баранов до 3 млн. голов на сумму до 8 млн руб. серебром [7].

Примечательно, что именно сбыт на местных центральных рынках огромного количества скота приносил значительные доходы казне и местным купцам.

Торговцы-баи поддерживали связи с ярмарками, в том числе с городскими, приспособляли свое хозяйство к нуждам рынка. Дальнейшее развитие торгового скотоводства в некоторой степени зависело от потребностей внутреннего рынка, состояния городских, степных ярмарок, от уровня товарно-денежных отношений в экономике казахского аула и крестьянских селений.

В 1891 г. в Восточном Казахстане функционировало 14 ярмарок, общая выручка которых (не считая пошлины за внешнюю торговлю) достигла 17 368 000 руб. [5]. С развитием капиталистических отношений увеличивался объем мануфактурных, бакалейных товаров, а также изделий российской промышленности, которые преимущественно поступали из Пермской, Тобольской губерний. Только за 1891 г. таких товаров было привезено на 322 300 руб. [8]. Кроме того, российскими торговцами было доставлено на ярмарку 10 000 п. хлеба.

Значительными по масштабам торговли были и другие ярмарки: Чарская только от продажи скота за 1891 г. имела 15 940 руб. дохода, Екатерининская в станице Семиарской Семипалатинского уезда — 91 090 руб., доходы Сергиопольской ярмарки в 1899 г. составляли 78 000 руб. [8].

Значительно возросло число торговцев, обосновавшихся в городах на постоянное жительство. Об этом говорят данные за 1898 г. (для сравнения приведены сведения и по другим городам Северного и Южного Казахстана): в Павлодаре купцов I гильдии -1 чел., II - 63; в Усть-Каменогорске

I гильдии - 1 чел., II - 35; в Семипалатинске I гильдии - 4 чел., II - 92; в Кокпектах I гильдии - 1 чел., II - 30; в Каркаралинске - вообще купцов - 21, в Зайсане - 32; в Омске I гильдии - 5 чел., II - 73; в Верном I гильдии - 6 чел., II - 56. [2].

Оживленной торговле на ярмарках содействовали административные реформы, в частности реформа 1867—1868 гг., отменявшая пошлины на городских рынках и ярмарках. Примечателен тот факт, что степные ярмарки значились как центры углубления хозяйственных связей между кочевым казахским и городским населением, жителями казачьих станиц, деревень. В экономическом подъеме Восточно-Казахстанского края и в упрочении торговых связей Усть-Каменогорска, Аягуза, Зайсана, Семипалатинска, Павлодара с Западной Сибирью исключительное место принадлежало Иртышскому водному пути. Было налажено пароходное сообщение, и в результате восточно-казахстанский хлеб во все увеличивающемся масштабе транспортировался через Верхне-Иртышские пристани в Омск, Тюмень и другие города, отсюда — в Европейскую Россию. Это послужило причиной роста товарного земледелия, расширения зернового хозяйства, связанных с городским рынком. Восточно-Казахстанский край с его городскими и степными ярмарками постепенно становился потенциальным поставщиком зерна для мукомольных предприятий преимущественно Западной Сибири [6].

Таким образом, появление ярмарок на территории Восточного Казахстана способствует интенсивному развитию рыночных отношений, формированию предпринимательства, наличию посреднических операций, появляются почтово-телеграфные отделения и отделения Государственного Банка. В торговле участвовало пестрое в этническом плане население. В лице новых баев-скотопромышленников появилась и постепенно окрепла национальная торговая буржуазия. Увеличилось число алыпсаторов-перекупщиков, саудагеров (торговцев); наблюдался рост удельного веса служащих городских торговых заведений. Все это способствовало повышению роли ярмарок в экономическом развитии Восточного Казахстана.

#### Список использованной литературы

1. Д.И.Бралинова Формирование Семипалатинска как торгового центра: Куяндинско-Ботовская ярмарка // «Социально-политические вызовы модернизации: тенденции, перспективы». Материалы международной научно-практической конференции, 29-30 сентября 2011 г. – Семей, 2011. С. 473.
2. Сибирский торгово-промышленный и справочный календарь на 1900 год. Год седьмой. – Томск, 1900.
3. Обзор Семипалатинской области за 1887 г. Семипалатинск. 1888. С. 43.
4. Фридман Я. Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. Алма-Ата, 1974. -176 с.
5. ЦГА РК, ф. 391, оп. 1, д. 91, л. 315.
6. Касымбаев Ж. Қ. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г.: (социально-экономический аспект). - Алма-Ата: Гылым, 1990 . - 184 с.
7. Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства // Вестник ИРГО. Кн. 2. 1855. С. 27.
8. ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 3115. л. 8—10, 13.

#### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛЕР: ОЛАРДЫҢ XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ САУДАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

М.Ғ. Ескендіров, А.Ф. Даутова

*Аннотация: Бұл мақалада XIX-XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстанның экономикалық дамуындағы жәрмеңкелердің маңызы қарастырылады. XIX-XX ғасырдың басындағы жәрмеңкелік сауданың дамуы нарықтық қатынастардың өлке экономикасына тереңдеп кіргендігін көрсетті. Сондай-ақ, Ресейдің аймақтарымен жаңа байланыстар орнатуға, Қытай мен Моңғолиямен сауданың одан әрі дамуына әсер етті.*

#### FAIRS ON THE TERRITORY OF EAST KAZAKHSTAN: THEIR ROLE IN THE DEVELOPMENT OF TRADE IN THE XIX-BEGINNING OF THE XX CENTURIES

M.Eskendirov, A. Dautova

*Annotation: In this article, shows the importance of fairs in the economic development of East Kazakhstan in the XIX-early XX centuries is considered. It is shown that the functioning of fair trade in the XIX-early XX century indicated deep penetration of market relations in the economy of the province, and also contributed to the creation of new ties with the regions of Russia, support and development of existing trade relations with China, Mongolia.*

## **СЫРДАРИЯ ОКРУГІ - КӘМПЕСКЕНІҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ**

*Мақалада Оңтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылық реформалары барысында жүргізілген кәмпеске, ұжымдастыру науқанының саяси-әлеуметтік жіктелудің негізгі себептері көрсетілген, сонымен бірге архивтік деректер топтамасы ғылыми айналымға ұсынылған.*

**Түйін сөздер:** кәмпеске, шаруалар, байлар, ұжымдастыру науқаны.

Шаруаларға қатысты мәселелерді іске асыруда құғындау шараларына жүгіну кеңестік биліктің басты жұмыс тәсіліне айналғаны белгілі. Ауылшаруашылығын қысқа мерзімде модернизациялаудың шұғыл міндеті осындай авантюралық әрекеттерге итермелеген тоталитарлық биліктің келесі шарасы –кәмпеске науқаны болды. Осы науқанның дайындығыретінде Қазатком төралқасы 15 наурыз 1928 қаулысымен округтік және аудандық басқару жүйесін енгізу туралы Ережені бекітті. Ереже бойынша Сырдария облысы Қызылорда және Сырдария округіне бөлінді.Сырдария округі өз ішінде 21 ауданы біріктірді. Олар Әулиеата, Жуалы, Мерке, Сарысу, Шу, Талас, Бостандық, Иіржар, Келес, Қызылқұм, Созак, Түркістан, Жаңақорған, Арыс, Бадам, Белыйвод, Қараспан, Манкент, Сайрам, Шаян, Түлкібас аудандары. Жалпы Сырдария губерниясында аудандастыру 30 мамыр 1928 жылы басталды [ 1, 174-п].

Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі 1928 ж. 30 тамызында республикадағы аудандарды шаруашылық түріне қарай топтастырған қаулы қабылдады. Ол қаулы бойынша Сырдария округінің Қызылқұм, Созак, Сарысу, Шу аудандары көшпелі аудандар қатарында аталады.Жартылай көшпелі аудандарға Талас, Әулиеата, Мерке, Қараспан, Жаңақорған, Арыс, Түлкібас, Шаян аудандары, отырықшы аудандар қатарына Түркістан, Келес, Бадам, Қаратас, Иіржар, Жуалы аудандары енгізілді [2,24-25-66.].

БК(б)П X съезі Шығыс халықтары арасында ұлттық теңсіздікті жоюдың басты шарттарының бірі ретінде социалистік қоғамдағы патриархалдық-феодалдық қатнастарды жою, сол арқылы қаналған ұлтты коммунистік құрылысқа тарту деп белгіленген еді. Қазақстан Республика болып құрылғаннан соң партияның осы мәлімдемесі басшылыққа алынды. Республикалық партия ұйымы еңбекшілерді кеңестік құрылысқа тарту арқылы оларды ауылдағы жартылай феодалдық қатнастарды жоюға жұмылдырумен болды.

ҮІ партконференцияның кәмпеске туралы шешімі қазан-қараша айларында ірі байлардың, ақсүйек топтарды жер аударып, олардың мал-мүлкін кәмпескелеу – ауылдың жартылай феодалдық және рулық патриархалдық қатнастарды тазалап, Қазақстан партия және кеңес органдарының ауылды кеңестендіру, кедей шаруаларды социалистік құрылысқа тартуға мүмкіндік беретін еді.

Кәмпеске барысында таптық жіктелу күшейе түсті. Соның бір жағымсыз көрінісі кәмпескенің тізіміне іліккендер түрлі жолдармен өздерін ақтап, онына өзгелерді тіркету фактілері орын алған. Бұл жағдай ауылдағы әлеуметтік қатынаста кері әсер туғызары сөзсіз. Қаратас ауданы №28 Қақпақ ауылының тұрғыны Ахмет Наушабаевтың мал-мүлкі кәмпеске науқанының басында есепке алынады да, кейін мал-мүлкі нормаға сай келмегендіктен кәмпеске тізімінен босатылады. Әйтсе де науқанның соңында ол тізімдегі Пернекүл Тасымбетовпен алмастырылып, кәмпескеленді. «Менің 230 бас қойым, 5 жылқы, 4 сиыр және 4 есегім болды – деп жазды. А.Наушабаев Округтік комиссиядағы Қазатком өкіліне жолдаған шағымында. – Өзім 55 жастамын, осы кезге дейін сотты болғаным жоқ, қатардағы малшы ретінде тұрғындар арасында теріс ықпалым жоқ». Шағым иесі одан әрі өзінің тізімге ілінуін П.Тасымбетовтен көріп, есе қайтару үшін оны әшкерелеуге көшеді. «П.Тасымбетов Сырдария губерниялық сотының 25 маусым, 3 шілдедегі үкіммен екі жылға бас еркінен айырылған, қазір еркіндікте ауылында жүр, сот үкімімен әлеуметтік қауіпті элемент деп танылған және байлардың тізіміне енгізілген. Мүйізді ірі қара және жылқыларымен қосқанда 1500 бас қойы бар. Бұл атқамінер өтірікті шындай етіп, мені өзімен ауыстырды»- дей келіп, таптық қырағылықты таныту арқылы өзін ақтау үшін кәмпеске тізіміне ілінбеген жерлестерін тізіп шығады. «Жақыпбек Құрамбаевтың (патша үкіметі тұсында бірнеше атасы болыс болған, өзі осы қызметті 9 жыл атқарды) 1500-ге жуық қойы бар, Шоңқай Байтерекөвтің 3000-ға жуық, Бөрте Мұсалиевтің 2000-ға жуық, Сүлейменнің 3000-ға жуық қойы болса да кәмпескеленген жоқ дей келіп неге пролетарлық үкіметтің шарасы орташаны қамтып, әлеуметтік қауіпті элементтер атқамінерлер мен байларды бос қояды»

деген сұрақпен шағымын аяқтады [3, 27-28-пп.].

БК(б) П Өлкелік Комитеті мен Қазаткомның кәмпескелеуді жүргізу туралы нұсқауына сай барлық жұмыстар әр округтің шегінде орталықтанған тәртіпте жүргізілуі тиіс еді. Соған сәйкес кәмпескеленетін шаруашылықтар тізімін түпкілікті бекіту Өлкелік Комитеттің құзырында болды [4, 25-п.].

Кәмпеске науқанының бүге-шүгесіне дейін тәптіштеген құдыретті нұсқаудың осы тармағының қазақ шаруасы үшін екі жақты салдары болды. Біріншіден, алдын-ала дайындалған тізім бойынша бірқатар адамдар негізсіз кәмпеске ілінсе, екінші жағынан тап күресінің эйфориясына желіккен қараңғы тобыр мәселесінің ақ-қарасын айыра алмай жергілікті комиссиялардан өздеріне жақпаған орта шаруаларда да кәмпескелеуді талап етті. Мысалы Түркістан ауданы бойынша алдын-ала тізіммен 5 байдың –Пазылбеков, Төлебеков, Сегізбаев, Омаров және Жандарбековтың шаруашылығы кәмпескеленуі тиіс болса, ауданда өткізілген конференцияның делегаттары, «Қосшы» одағының мүшелері кәмпескеленуі тиісті ірі байлардың тізімін көрсетіп ұжымдық арыз тапсырған. Аудандық комиссия мен ауатком бұл арызды талқылап, тізімнің ішінен тек 13 байды ғана іріктеп алып, Округтік атқару комитетіне бекітуге ұсынады. Ал округтік атқару комитеті олардың арасынан тек байназаров Егемберді мен Тәукебаев Мәулебекті кәмпеске тізіміне қосады. Ал 14 қыркүйекте қосымша Манабаев пен Тәттібай Самұратовты тізімге енгізеді [3,65-п. ].

Түркістан ауданы бойынша байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу қазан айының бас кезінде басталып, 11 қазанда аяқталды. Аудандық комиссияның округтік атқару комитетіне тапсырған есепті баяндамасында аудан бойынша кәмпескеленген мал-мүліктің есебі мынадай:

1. Уақ мал	-4660
2. Түйе	-376
3. Жылқы тай, құлынымен	-131
4. Сиыр	-2
5. Есек	-1
6. Киіз	-72
7. Киіз үй	-15

Кәмпескеленген осы мал-мүлік былайша таратылды:

Кедейлерге

1. Уақ мал	-4660
2. Ірі қара мал	-467
3. Киіз	-79 [3, 72-п.]

Түркістан ауданымен салыстарғанда Қызылқұм көшпелі аудан болғандықтан ондағы кәмпеске нәтижелері біршама қомақты болып келеді.

Аудандағы 21 ірі бай шаруашылығынан мына көлемде мал-мүлік кәмпескеленді:

1. Киіз үй	-66
2. Киіз	-246
3. Кілем	-4
4. Жылқы	-220
5. Түйе	-705
6. Сиыр	-3
7. Қой	-27291
8. Ешкі	-1212
9. Есек	-37

Ірі қараға шаққанда барлығы 6625 мал [5, 14-п].

Осы малдың ішінен ірі қараға шаққанда 3925 басы 586 кедей шаруашылыққа үлестірілді яғни әр шаруашылыққа 6,5 ірі қарадан келген [5, 64-п.]. Ал бұл көрсеткіш Түркістан ауданы бойынша 471 кедей шаруашылығына орта есеппен 3,5 бас ірі қарадан келген [3, 68-п.]. Кәмпескеге көмектесу жөніндегі жергілікті комиссия талқылауының ең басты мәселесінің бірі – осы мал-мүлікті үлестіру, соған байланысты үлес алушылардың тізімін анықтап, бекіту болған. Жалпы, қыркүйектің 1-і мен қарашаның 11 аралығында 20 мәжіліс өткізген Округтік комиссия кәмпеске науқан барысында орын алған заңсыздықтар туралы шағымдар бойынша тек қана бірінғай «өтініш қанағаттандырылмасын» деген біржақты шешім қабылдап отырған.

Округке Өлкелік басшы органдарының өкілі болып тағайындалған ҚАКСР Әділет халкомы және прокурор Жанайдар Садуақасовтың [6, 389-390-бб.] жеке ықпалы аз болған жоқ. Комиссия жұмысының барысына оның ықпал етіп отырғандығына мынадай нақты мысалдар келтіруге болады. Ол округтік комиссияның 30 қыркүйектегі мәжілісінде екі ұсыныс жасайды. Бірі –Сарысу ауданының

жер шалғайлығы және онда кедейлер, «Қосшы» одағы, комсомол ұйымдарының әлсіздігіне байланысты, ол ауданға кәмпеске науқаны жүргізетін арнайы экспедициялық топты қаржыландыру мен ұйымдастыруды Қазаткомнан сұрау жөнінде ұсыныс енгізген. Екінші ұсыныс осы аудандағы кәмпескеленетін байлар тізіміне өзгеріс енгізуге байланысты. Осы ұсыныс бойынша бұрынғы болыс, жартылай феодал Сыздық Отыншиев пен Ақберген Көккөзов, бұрынғы би Жүсіп Шоқаевты кәмпескеленетіндер тізіміне енгізу мақұлданған.

Тіпті Ж.Садуақасовтың қызбалыққа салынғаны сонша жер аударылуға тиіс кейбір байлардың мал-мүлкін жасырғандығын, малының едәуір бөлігін Қазатком мен Халкомкенес қаулысына дейін сатып жібергендігі, сол арқылы шаруашылығын ұйымдастыру ғана емес, баюына да жететін ақша мен бағалы заттар жинап алғандығын ескеріп, кінәсі сотпен дәлелдегендеріне Қазатком нұсқауының еңбек нормасына сай малдан үлес беру туралы тармағын қолданбауды жоғары органдардан сұрап қаулы алдырды [7,12-с.п.]. Бұл ұсыныстың астарында мал-мүлкінен айырылып, елінен аластатып, жер аударылып бара жатқандарды ең соңғы күн көрісі напақасынан айыру деген ызғарлы мақсат бұғып жатыр еді.

Кәмпеске науқанын іске асыруда Әділет Халкомы және пракуроры ретінде кеңестік заң талаптарының мүлтіксіз орындалуын қадағалаушы ретінде республика басшылығының өкілі ретінде Сырдария округінің көлемінде аса белсене жасаған қызметі Ж.Садуақасовтың өзін саяси террордан аман алып қала алмады.

Алматы қалалық партия комитеті бюросының 21 тамыз 1937 ж. шешімімен «контрреволюциялық ұлтшыл элементтермен байланысын айқақтайтын бірқатар елеулі материалдарының болуына байланысты КК(б)П ОК шешіміне сәйкес» [6, 389-390-бб.] қызметінен босап, қыркүйек айында тұтқынға алынды. Қазақ ұлттық элитасының таңдаулы өкілдерімен бірге 1938 ж. ақпанында ату жазасы кесілді.

БК(б)П Қазақ Өлкелік Бақылау Комиссиясы коммунистердің науқанға байланысты жұмыстарына талдау жасап отырған. Өйткені, Өлкелік партия ұйымдары мен ұялары, партия қызметкерлері негізінен кәмпескелеу науқанын дұрыс қабылдап, жоғары деңгейде саналылық танытып, белсенділік көрсете алғанымен науқан барысында бірқатар теріс құбылыстар да байқалған. Бұларды тек асыра сілтеушілік, кәмпескенің саяси, әлеуметтік-экономикалық маңызын жете бағаламағандық деуге болмайды. Ол қазақ коммунистерінің белгілі бөлігінің партия алға қойған таптық саясаттан тура мағынасында кері шегінгендігі болды. Билік басындағы қазақ кадрларының негізгі бөлігі ауыл байларымен байланысты қазақ интеллигенциясынан шыққандықтан, олардың кейбірі ұлтшылдық көңіл-күйде болса да олардың партиялық көзқарасқа қайтуынан үміт үзуге болмайтын еді. Ал олардың арасында ұлтшылдық көңіл-күйден арылған, бай туыстарымен байланысын үзіп, коммунистік құрылысқа толық қосылғандары аз болған жоқ.

Әйтсе де, 1928 жылдың тамыз-қыркүйегінде байлардың шаруашылығын кәмпескелеу халықты үркіткен саяси табыстардан басқа билік органдары күткен материалдық нәтиже бере қоймады, оның есесіне бұл науқан Қазақстан жағдайында кулактар мен байларды тап ретінде жою науқанына ұласты.

БК(б)П ОК 1929 жылғы қараша айындағы Пленумы жаппай ұжымдастыру бағытын белгіледі. Оның шешімдері БК (б)П Қазақ Өлкелік комитетінің желтоқсан Пленумының ауылшаруашылығының негізгі міндеттері туралы қорытындыда одан әрі нақтыланады. Қарарда «ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру социалистік құрылысқа қарсы деревняның кулак бөлігі түріндегі тап жауларымен шиеленіскен және шиеленіске түсетін күресі жағдайында өтті және солай болады да» [8] деп атап көрсетілді. Бұл тезисті одан әрі нақтыландырған Қазақ Өлкелік Комитеті «кәмпеске жүргізумен біз байларға қарсы күресті аяқтадық деу дөрекі саяси қателік болар еді. Кәмпеске ауылдағы кеңестік социалистік құрылысқа жауыққан барлық байлар мен кеңеске қарсы элементтермен күресті сөзсіз күшейтеді деген қағидамен елде жүргізілетін тап күресіне идеологиялық негіз қалады.

Тауелсіздік жағдайында қоғамдық ғылымдардың құрылымы мен мазмұнын методологиялық негізде қайта қарау барысында отандық тарих ғылымы бойынша 20-30 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды түрлі аспектілерде жаңаша көзқараспен кешенді қарастырған көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын. Мәселен тың мұрағат құжатарына сүйеніп қарастырған іргелі зерттеулер қатарында М.Қ. Қойгелдиевтің [9], Т.Омарбековтың [10], ал ауылшаруашылығындағы реформалар барысында орын алған асыра сілтеудің демографиялық салдарына байыпты талдау жасаған М.Б.Тәгімовтың [11], М.Х.Асылбеков пен Ә. Ғалиевтың [12] және т.б. еңбектерін ерекше атауға болады.

Қорыта айтқанда, кеңестік билік ауылшаруашылығы реформаларын іске асыруда қолданған



тоталитарлық күштеу тәсілдерімен жаңа экономикалық саясат көңілдеріне сенім ұялатқан шаруалардың өз ісіне өзі қожа сезіне бастаған кеңес өкіметінің аграрлық жаңартуларға деген сенімін күйретті. Реформалық өзгерістерді күштеу тәсілдерімен іске асыруға сүйенген осы саясат арқылы билік құрылымдары ауыл шаруашылығы экономикасын ұзақ жылдар құлдырау мен күйреуге итермеледі. Бұл саяси-экономикалық процесте Қазақстанда бай және кулак шаруашылығын жою науқаны апатты салдарлармен қоғамның әлеуметтік құрылымына терең із қалдырды. Жеке шаруа қожалықтарының күйреп, кедейленген ауыл мен деревняның одан әрі қайыршылана түсуіне алып келген кәмпеске науқаны қазақ шаруаларының әлеуметтік жіктелуін жеделдетті.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. ОҚОММ. 74-қор, 1-тізбе, 14-іс, 174-п.
2. Мұхтарұлы С. Кәмпеске: Көптомдық тарихи-анықтамалық басылым. –Алматы: Жалын, 1997. -397-б.
3. ОҚОММ. 74-қор, 1-тізбе, 192-іс, 65-п.
4. ОҚОММ. 74-қор, 1-тізбе, 184-іс, 25-п.
5. ОҚОММ. 74-қор, 1-тізбе, 187-іс, 14-п.
6. Қазақстанның Халық Комиссарлары 1920-1946; Өмірбаяндық анықтамалық. Құрастырған: Жақыпов М.Х., Зұлқашева А.С., Исмағамбетова А.Н. –Алматы: ҚГЗУБ, 2004. -389-390-бб.
7. ОҚОММ. 74-қор, 1-тізбе, 167-іс, 9,9 сп.
8. Коллективизация сельского хозяйства Средней Азии и Казахстана. (1926-1941 гг.) Документы и материалы. – Алматы, Казахстан, 1967. Ч. 1,2,-576 с.
9. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? –Алматы: Ана тілі. 1993.-208 б.
10. Омарбеков Т. Зобалаң: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық). –Алматы; «Санат», 1994. -272-б.
11. Тәтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. –Алматы: Қайнар, 1990. -240 б. Халықнама немесе Сан мен сапа: Демографтың ой толғаныстары. – Алматы: Жазушы, 1992. -180 б.
12. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата, 1991.

#### СЫРДАРЬИНСКАЯ ОБЛАСТЬ - ПОЛИТИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ КОНФИСКАЦИЙ

Н.К.Каттабекова

*Социально-политические последствия конфискации в Сырдарьинском округе. В статье показаны основные причины социально-политического расслоения общества вследствие конфискации и коллективизации, проводимых в процессе сельскохозяйственных реформ в Южном Казахстане, результаты работы и сборник архивных данных предложены для внедрения в научный оборот.*

#### SOCIAL AND POLITICAL CONSEQUENCES OF CONFISCATION IN SYR-DARYIA REGION

N.K.Kattabekova

*The article deals with the main causes of social and political stratification of the society and confiscation in the course of agricultural reforms in South Kazakhstan, as well as archived data presented in the collection of scientific revolution.*

## **ТЕКСТЫ ПРЕЗИДЕНТА РК Н.А. НАЗАРБАЕВА КАК ИСТОЧНИК ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ)**

***Аннотация:** в статье рассматриваются вопросы систематизации текстов Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева как источника формирования исторического сознания казахстанцев. В результате исследования выявлены типы, группы и уровни исторических текстов Президента РК, предложена их периодизация.*

***Ключевые слова:** Президент Республики Казахстан, историческое сознание, тексты, выступления, доклады, систематизация, периодизация.*

Цель статьи – выявить и систематизировать основные тексты\* Президента РК Н.А. Назарбаева направленные на формирование исторического сознания казахстанцев, определить этапы (периодизацию) и другие возможные их характеристики. В основе анализа текстов будет лежать хронологический подход, что позволит выделить динамику трудов Президента Н.А. Назарбаева и предложить в итоге их периодизацию.

Так уже 10 декабря 1991 г. в своем выступлении, на торжественном заседании, приуроченном к официальному вступлению в должность Президента Республики Казахстан, Н.А. Назарбаев говорит об исторических закономерностях развития государств на территории Казахстана, говорит о деятельности одной из выдающихся фигур казахской истории XVIII века хане Аблае[1, с. 22].

В августе 1995 года Н.А. Назарбаев выступает с обширным докладом на торжественном собрании, посвященном 150-летию выдающегося казахского мыслителя – Абая. Позже, этот доклад будет опубликован на трех языках (казахском, русском, английском) отдельной книгой [2]. В докладе была широко представлена историческая панорама эпохи Абая, конечно, была озвучена его значение и роль, в том числе и в казахской истории в целом.

Следующий масштабный исторический текст – выступление, на торжественном собрании в декабре 1996 года, посвященном пятилетней годовщине независимости Республики Казахстан («Независимость Казахстана: уроки истории и современность»)[3].

В 1997 году Н.А. Назарбаев выступает со специальным докладом перед участниками Ассамблеи народов Казахстана, посвященным исторической памяти казахстанского народа – «Историческая память, национальное согласие и демократические реформы – гражданский выбор народа Казахстана»[4]. В значительной степени «историчность» этого доклада была обусловлена тем, что согласно Указу Президента – 1997 г. был официально объявлен «Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий» [5].

В марте 1998 года была организована встреча Президента Н.А. Назарбаева с представителями творческой и научной интеллигенции страны, на которой он делал итоговое выступление где не редко обращался к историческим сюжетам, давал свое видение и свою оценку той роли, которую сыграли в истории представители казахской правящей элиты – ханы и султаны[6, л.53].

В целом концептуальные положения исторического развития народа изложены в книге Н.А. Назарбаева «В потоке истории» опубликованной в 1999 году [7]. По сути это главный исторический труд Президента Н.А. Назарбаева, который на наш взгляд наиболее полно отражает его восприятие, значение и роль истории в формировании общественного сознания казахстанцев в тот период, ставшей своего рода исторической межой в исторических текстах Н.А. Назарбаева.

В книге рассматривается генезис этнической и государственной истории на территории не только Казахстана, но и шире – евразийского континента, аспекты современной истории стран Центральной Азии, предлагается оригинальная периодизация «развития духовности», а фактически историческая периодизация и т.д. Как свидетельствуют материалы Архива Президента Республики Казахстан (АП РК) после публикации книга прошла обсуждение научной общественностью, в том

---

\* Под текстом обычно понимается любая зафиксированная посредством какого-либо материального носителя мысль, в связи с этим в данной статье тексты – труды, выступления, интервью и т.п. Президента РК Н.А. Назарбаева.

числе за рубежом и получила высокую оценку среди специалистов. Например, в г. Москва в марте 1999 г. при Посольстве Казахстана в Российской Федерации прошла научно-практическая конференция, посвященная обсуждению этой книги[8]. Косвенным показателем востребованности данной работы является ее перевод и последующее издание в зарубежных издательствах, на нескольких языках – на украинском в 1999 и 2006 гг., на турецком в 2000 г., румынском и таджикском в 2001 г., белорусском в 2002 г. и китайском в 2005 г. [9, с.25-26].

Следующий исторический текст Н.А. Назарбаева – «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» в которой он обращается по-новому к истории – не к историческим сюжетам или персоналиям, а к вопросу, связанному с местом исторической науки в учебно-воспитательный процессе в средней школе[10]. В поле зрения или вернее в данном случае будет сказать в поле критики, в данной статье попали методики преподавания истории, оцененные как «устаревшие». Отмечено также снижение интереса у младшего поколения казахстанцев к национальной истории, которая как школьный предмет, по оценке автора той статьи, характеризуется учениками – «скучным», «не интересным», «запутанным»[10].

В конце того же 2012 г. Н.А. Назарбаевым было озвучено Послание Президента Республики Казахстан-Лидера нации народу Казахстана – «Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства» [11]. Именно в этом Послании Н.А. Назарбаев четко обозначает вопрос содержания исторического сознания казахстанцев и прямую необходимость проведения дальнейшей работы по формированию исторического сознания.

Осенью 2013 года в общенациональной газете Казахстанская правда была опубликована небольшая по объему, но весьма емкая в контексте нашей темы статья Президента РК Н.А. Назарбаева – «Воплощение мечты Абылая»[12]. Выход статьи приурочен был к отмечаемому в тот год 300-летию юбилею этого государственного деятеля. В статье четко очерчены не только роль Абылая в казахской истории, но и подчеркивается значение проведения торжественных мероприятий по случаю юбилея этого исторического деятеля [12].

Одним из важнейших текстов на наш взгляд стало резонансное, имевшее отклик в экспертной среде интервью Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, которое он дал агентству «Хабар» в конце августа 2014 г. по итогам своей поездки в «жезказганский регион», после публикации обзора интервью в «Казахстанской правде» получившее собственное название – «Размышления у подножия Улытау» [13]. В этом интервью Президент Казахстана обращался к важным вопросам национальной истории, исторической символике и фактам. Само место, где проходила эта беседа ужесам по себе имело исторический смысл, на что обратил внимание и сам Президент РК Н.А. Назарбаев, приведя исторические сюжеты, связанные с этим местом[13, с. 1].

Следующим знаковым для формирования исторического сознания казахстанцев стало выступление Главы государства на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан 15 декабря 2014 г. при публикации получившее название – «Независимость Республики Казахстан – Великая история Мәңгілік Ел», однако более известное как «Слово о независимости» (каз. «Тәуелсіздіктолғауы») [14]. В «Слове о независимости» было обращено особое внимание на отмечаемые в 2015 г. юбилейные годовщины важнейших исторических событий – 550-летие Казахского ханства, 20-летие АНК и Конституции, 70-летие Великой Победы. По оценке самого Президента, такие исторические события выполняют особую роль в формировании Нового казахстанского патриотизма в сознании будущего поколения [14].

11 сентября 2015 г. в г. Астана Президент Казахстана Н.А. Назарбаев выступает с докладом на торжественном собрании, посвященном 550-летию образования Казахского ханства [15]. Как и следовало ожидать, значительная часть выступления была посвящена историческому значению создания и развития Казахского ханства как одной из ключевых вех в развитии государственности на территории Казахстана. При этом он отметил значение и прогресс в изучении и почитании национальной истории в период независимости [15].

В конце 2016 г. была опубликована книга Президента Казахстана Н.А. Назарбаева – «Ұлыдала ұлағаттары» [16]. В данной книге Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев представляет свои размышления, в том числе о событиях новейшей истории, истории государственности, приводит свой анализ развития Республики Казахстан за период независимости.

Проведенный обзор текстов Президента Казахстана Н.А. Назарбаева и оценка значения их воздействия на массовое общественное сознание казахстанцев, позволяет предложить их следующую периодизацию: *первый этап* (1991-1998 гг.) – характеризуется появлением и нарастанием количества публикаций Президента Н.А. Назарбаева, которые могут быть интерпретированы как «исторические», то есть в той или иной степени содержать отсылки к историческим сюжетам,

конкретным событиям прошлого их интерпретации и т.д. При этом значительная часть текстов носит преимущественно мемориальный (памятный) характер – выступления, приуроченные к историческим юбилеям; начало *второго этапа* (1999-2011 гг.) однозначно связано с появлением цельной, комплексной работы – «В потоке истории», которая во многом определила (частично продолжает определять) повестку исторического дискурса на следующее десятилетие и оказала наиболее значительное влияние на процесс формирования исторического сознания граждан страны; и *третий этап* (с 2012 г.) связан с обнародованием Президентом РК Н.А. Назарбаевым «Стратегии «Казахстан-2050»» в которой кратко, но предельно четко были определены задачи по дальнейшему вектору формирования исторического сознания граждан Казахстана.

По видам историографических источников, публикации Президента РК по исследуемой теме могут быть отнесены *кофициальным и массово-политическим*.

По типам знания все проанализированные в статье тексты Президента Н.А. Назарбаева мы относим к *группе социально-ориентированных источников*.

Кроме того, анализ содержания текстов позволяет классифицировать «исторические» тексты Президента РК Н.А. Назарбаева – *по уровню*. В основу этих уровней мы положили жанровую направленность и поэтом уровни в данном случае носят условное обозначение, подчеркивая не иерархичность, а разность текста не по формальным, на наш взгляд мало характеризующим признакам (доклад, интервью, выступление и т.д.), а по содержанию.

Итак, по уровням тексты Н.А. Назарбаева характеризуются как – *мемориальные, философские, директивные*. Необходимо дать пояснение, что мы вкладываем в эти обозначения. Труды Н.А. Назарбаева, содержание которых приурочено к историческим юбилеям, или, например, посвящено памяти исторических деятелей были отнесены нами в группу *мемориальные*. Его размышления на тему истории, толкования восприятия истории и т.п. мы отнесли к группе – *философские*. И *директивные тексты*, в которых содержатся указания в рамках его служебной, государственной деятельности на необходимые меры, связанные прямо или косвенно, с воздействием на историческое сознание граждан Казахстана (это в первую очередь конечно официальные тексты).

Исследованные тексты Президента Н.А. Назарбаева классифицируются: *по типам знания* – социально-ориентированные; *по видам* – официальные и массово-политические; *по содержанию* – мемориальные, философские, директивные.

Из данной классификации отчетливо видно, что все тексты Президента РК Н.А. Назарбаева направлены «во вне», то есть для максимально широкой аудитории, так как имеют явную социально-ориентированную направленность и по видам представлены двумя жанрами – официальные тексты и массово-политические. При этом данная характеристика текстов Президента Н.А. Назарбаева прослеживается на всем этапе его деятельности. Вывод в целом ожидаем, так как обуславливается социально-политическим статусом и определяется государственными обязанностями Н.А. Назарбаева как Главы государства.

Анализ показывает, что значительное место в текстах Президента Республики Казахстан, занимает не просто «историческая» тематика, но и часть целых работ отдельно посвящена вопросам истории, ее восприятию, значению и т.п. Среди текстов Президента РК Н.А. Назарбаева весьма заметное место занимают тексты, носящие мемориальный характер, что обусловлено, вероятно, тем, что проведение памятных мероприятий приуроченных к юбилеям исторических деятелей и весомых исторических событий является важным аспектом формирования исторического сознания граждан.

В целом обзор трудов выступлений, докладов и других текстов Президента РК Н.А. Назарбаева исторической тематики позволяет характеризовать их как один из важнейших источников формирования исторического сознания современных казахстанцев.

#### Литература

1. Назарбаев Н.А. Выступление на торжественном заседании Верховного Совета Республики Казахстан двенадцатого созыва по случаю официального вступления в должность Президента Республики Казахстан. – 10 декабря 1991 г. // Избранные речи. Том II. 1991-1995 гг. – Астана: ИД Сарыарка, 2009. – С. 21-27.
2. Назарбаев Н. Абай туралы сөз. – Алматы: «Рауан», 1995. – 160 б.
3. Назарбаев Н.А. Тарих тағылымдары және қазіргі заман. – Уроки истории и современность: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасалған баяндама. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
4. Назарбаев Н.А. Историческая память, национальное согласие и демократические реформы – гражданский выбор народа Казахстана. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 72 с.

5. Указ Президента Республики Казахстан от 30 декабря 1996 года № 3299 «Об объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий» // Әділет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. [Электрон.ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U960003299> (дата обращения: 29.09.2015).
6. Стенограмма встречи [Президента] Республики Казахстан Назарбаева Н.А. с творческой и научной интеллигенцией. – 17 марта 1998 г. // Архив Президента Республики Казахстан Ф. 5-Н, Оп. 1, Д. 8635. – Л. 1-66.
7. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
8. Информация от 22 марта 1999 г. о научно-практической конференции по книге Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. «Тарих толқынында» («В потоке истории») состоявшейся в г. Москве // Архив Президента Республики Казахстан Ф. 5-Н, Оп. 6, Д. 852. – Л. 1-3.
9. Труды Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева в фондах Музея Первого Президента Республики Казахстан: Каталог / жалпы редакциясын басқарған. А.С. Сағынғали, Б.Ф. Мұхамеджанов, К.Қ. Ақтаева. – Астана: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі, 2010. – 42 б.
10. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. Общенациональная ежедневная газета Казахстана. – 10 июля 2012 года.
11. Послание Президента Республики Казахстан-Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства. – 14 декабря 2012 г. // Официальный Сайт Президента Республики Казахстан. [Электрон.ресурс]. URL: [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/page\\_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-14-dekabrya-2012-g\\_1357813742](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-14-dekabrya-2012-g_1357813742) (дата обращения: 04.08.2016).
12. Назарбаев Н.А. Воплощение мечты Абылая // Казахстанская правда. – 2 октября 2013 г., № 286 (27560). – С. 1.
13. Размышления у подножия Улытау // Казахстанская правда. – 26 августа 2014 г., № 165 (27786). – С. 1-2.
14. Независимость Республики Казахстан – Великая история Мәңгілік Ел. Выступление главы государства Нурсултана Назарбаева на торжественном собрании, посвященном дню Независимости Республики Казахстан // Казахстанская правда. – 16 декабря 2014 г., № 246 (27867). – С. 2.
15. Выступление Президента Казахстана Н. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном 550-летию Казахского ханства // Официальный сайт Президента Республики Казахстан. [Электрон.ресурс]. URL: [http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazakhstan-n-nazarbaeva-na-torzhestvennom-sobranii-posvyashchennom-550-letiyu-kazahskogo-hanstva](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazakhstan-n-nazarbaeva-na-torzhestvennom-sobranii-posvyashchennom-550-letiyu-kazahskogo-hanstva) (дата обращения: 12.09.2015).
16. Назарбаев Н.Ә. Ұлы дала ұлағаттары: Ойлар, толғаныстар. – Астана: Фолиант, 2016. – 248 б.

#### **ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ МӘТІНДЕРІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗІ РЕТІНДЕ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ)**

**Н.С. Лапин**

*Мақалада қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыру көзі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің мәтіндерін жүйелендіру мәселелері қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде ҚР Президенті мәтіндерінің түрлері, топтары және деңгейлері анықталып, оларды кезеңдерге бөлу ұсынылған.*

#### **THE TEXTS OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN N. A. NAZARBAYEV AS A SOURCE OF FORMATION OF HISTORICAL CONSCIOUSNESS OF KAZAKHSTANIS (HISTORIOGRAPHICAL ANALYSIS)**

**N. S. Lapin**

*The article deals with the systematization of the texts of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev as a source of formation of historical consciousness of Kazakhstanis. The study identified the types, groups and levels of historical texts of the President, offered periodization of these texts*

## **ҚАЗАНҒАП БИ САТЫБАЛДЫҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАНЫМАЛ ҰРПАҚТАРЫ**

**Түйін:** Мақалада танымал мемлекет және қоғам қайраткері, Қазанғап би Сатыбалдыұлының өмірі мен қызметіне қатысты кейбір деректер талданып қаралады. Деректерді талдау негізінде автор Қазанғап бидің беделі мен ықпалы қазақ ру-тайпаларының арасында да, жергілікті Сібір әкімшілігі қызметкерлерінің арасында да жоғары болған дей келе, оның біліктілігі, адалдығы мен әділдігі, келісімге келе білуі абыройының өсуіне ықпал етті, сондай-ақ Кереку-Баянауыл өңірінің дамуына, жергілікті қазақтардың мүдделерін қорғауда елеулі үлес қосты деп қорытынды жасаған.

**Кілт сөздер:** Би, Баянауыл округі, келісім, сауаттылық, кәсіпкерлік, қайырымдылық, шешендік өнер.

Тарихта өшпестей із қалдырған, бірақ та өмірі мен қызметі жайлы мәлімет аса көп емес кейбір саяси тұлғалардың есімдерін қайыра жаңғыртып халыққа қайтару бүгінгі ұрпақ, біз үшін парыз. Сондай саяси тұлғалардың бірі - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қазанғап би Сатыбалдыұлы.

Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856 жж.) қазақтың атакты батыры бәсентиін Малайсарының үзеңгілес досы Байдаулет батырдың шөбересі (*кейбір деректер бойынша - немересі*), Бәсентиін елінің төбе биі, сауаттылығы мен абыройы үлкен саяси тұлға, руы бәсентиін ішінде бөрі.

1843-1848 жылдар аралығында Қазанғап Сатыбалдыұлы Баянауыл сыртқы округін басқарады. Алайда сонау 1820 жылдары Орта Жүз қазақтарының жерінде алғашқы округтер құрыла бастағанда Қазанғап Сатыбалдыұлы дербес Баянауыл округін құру үшін көп еңбек сіңіреді және өзінің қарамағындағы бәсентиіндерді ғана емес «көрші Бура-наймандарды да осы округке кіруге көндіреді» [1, 43 б.]. 1833 жылы Баянауыл округі ашылғаннан кейін «халыққа да, жоғарғы ұлықтарға да ықпалы күшті, шен-шекпен, сый-сияпатқа басқалардан бұрын ие болған Қазанғап... - аға-сұлтан болып сайланбаса да есесіне - 5 болыс Бәсентиін елінің көңілін аулау үшін Қазанғаптың ұлы Бердәліні қазы қып сайлайды» [1, 43-44 б.].

Қазанғап орыс тілін жақсы білетіндіктен «... Батыс-Сібір губернаторы мен Омбы облысының басшысы қазақ даласындағы істері бойынша алдымен осы қазақтар арқылы байланысып отырған» [1, 43 б.]. «Мысалы, Қалқаман көлінен шығарылған тұзды түйелерге артып, Керекуге тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда Сібір үкіметіне үлкен қолғабыс тигізген. Жалпы, ол дала билері атынан орыс үкіметімен келіссөз жүргізіп, халқының игілігіне қажетті міндеттерді өз мойнына алыпты» [1, 43 б.].

Қазанғаптың аға-сұлтан қызметін атқарып жүргенінде жергілікті Омбы әкімшілігінің алдында қазақтардың қамын жеп мүддесін қорғағанын дәлейдейтін мысал келтірсек «... бәсентиіндер казак әскерлерінің үлесіндегі жерге мал жіберіп, 29 мың сотық жердің шөбіне зиян...» – келтіргендіктен казак әскерінің Коряковский, Выдрин сияқты өкілдері қазақтардан айып шығынын толық төлеуін талап еткен екен [1, 29 б.]. Аталған «... жерді ертеде қоныстанған қазақтар екендігі... - анықталса да, - бұл әрекеттерді қылмыс етіп көрсету үшін, казак атамандары Ертіс бойына мал жайылдырған қазақтарды жоғары жаққа қаралап көрсетеді» [1, 29-30 б.]. Осындай «... жағдайда аға-сұлтан Қазанғап Омбыға барып, қазақтарды көп айып төлеуден құтқаруды ойлаған – және – Қазанғапты арқа тұтқан бәсентиіндер салық төлеуден мүлде... – бас тартқан көрінеді» [1, 29 б.]. Деректерге сүйене отырып Қазанғап бабамыздың қазақ халқының мұң-мұқтажын патша үкіметіне жеткізіп, мүддесін қорғаудағы еңбегі орасан зор деп айта аламыз, өйткені ол өз заманында сауатты, орыс тілін жетік меңгерген саяси тұлғалардың бірі болған. Сондай-ақ патша үкіметіне де билік басында екі жаққа да жағымды, ымырашыл, қоғамдағы беделі жоғары адамның болғаны қолайлы болды. Тарихшы-ғалым Ж. Артықбаевтың пікірі бойынша «Баянауыл округіне аға-сұлтан болуы да белгілі дәрежеде Қазанғап бидің өз заманында өз халқына да, Ресейге де жағымды болғанының көрінісі» [1, 116 б.]. Орыс деректерінде Қазанғап Сатыбалдыұлының болмысын айқындайтын «парасатты, адал, шыншыл азамат» деген мәліметтер кездеседі [2, 190-191 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының бойындағы парасаттылық, шынайылық сияқты жағымды қасиеттерді, оны ымырашыл тұлға етіп көрсететін тағы бір мысал келтірейік. Есімі әлемге әйгілі

Абай ақынның әкесі, 1849-1852 жылдары Қарқаралы округінің аға-сұлтаны қызметін атқарған Құнанбай Өскенбайұлы Қазанғап Сатыбалдыұлының үйінде жиі тоқтап, сыйлы қонағы, сырлас жолдасы болған, оны ерекше құрметтеген [1, 44-46 б.]. Мәселен, «Құнанбай Бөжеймен арыздасып, ... Омбыға шақырылып, жолда Қазанғапқа сәлем бере кетейін деп келсе, палау бастырып шай береді» [1, 44 б.]. Құнанбай Қазанғапқа мұңын шағады, сонда Қазанғап:

«Тұман түбі – жұт,

Тұмау түбі – құрт,

Закон түбі – сот,

Соттың түбі – шорт, – деп – Бөжеймен алыспа, араздаспа, жеңсең, өзіңді жеңесің, жеңілсең, бойыңа мін-қарғыс таңба болады, - деп ағалық ақылын айтқан екен» [1, 45-46 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының саяси қайраткер ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығы мен егін шаруашылығымен де айналысқан ірі кәсіпкер һәм халыққа жанашыр, демеуші болғанын тарихи деректер айғақтайды [3, 208-209 б.]. Мысалы, Қазанғап Сатыбалдыұлы 1843 жылы дуанбасы болған соң қызметін дуанға мешіт салдырудан бастаған екен және молда ғып Қазанның татары Ғабдулғафар есімді азаматты тағайындаған. Осы молдамен бірге еріп келген Рамазан деген татар жігітін Қазанғап қолына ұстап, сауда-саттығын жүргізетін көмекші еткен. Рамазан өз қамқоршысының тапсырмасы бойынша бүкіл Сібірді, Ірбіт, басқа да ірі жәрмеңкелерді аралап, сауда-саттық жүргізді [1, с. 150]. Тағы айтып қосар болсақ, Павлодар облысы, Ақсу қаласының тұрғыны Жамбыл Қайырбеков пен Қызылжар ауылында тұратын Қаратай Жүкеновтың мәліметтері бойынша Қазанғап Сатыбалдыұлы Павлодар облысына қарайтын Ленин кентінде медресе салғызып қазақ жастарының білім алуларына қолқабыс тигізген екен [4].

«1856 жылы Қазанғап Сатыбалдыұлы қайтыс болғаннан кейін Рамазан Қызылжар, Омбы қалаларынан күйдірілген қызыл кірпіштер мен ақ мәрмәр тастар алғызып, басына ақ күмбезді кесене тұрғызған. Кесене ішінде Қазанғап бидің еңбектері жөнінде ақ мәрмәр тастан жазылған қабірусті ескерткіш орнатқан. Кеңес үкіметі кезінде Қазанғап би кесенесі бұзылып, кірпіштері ауылдағы фермаларға жұмсалған. Кейіннен Рамазанның немересі Абдулфаттах Рамазанов Павлодар (*Кереку*) қаласындағы Алкей Марғұлан көшесінде Қазанғап биге арнап Ақ мешіт салғызған» [5; 1, 150-151 б.]. Зерттеуші-ғалым С. Мамытова тарихи деректерге сүйене отырып Қазанғап Сатыбалдыұлы мен оның ұрпақтарының Ертіс өңірінде ірі кәсіпкер-саудагер болғандарын жазады [1, 131 б.; 3, 208-209 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының шешендігі де Арқа жұртының арасында кең тараған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректеріне жүгінсек, сырым Малайсары батыр Байдаулет сардарға айтқан екен: «Байеке, ... бата-құтыңды кімге тастадың», - деп [1, 149 б.]. Сонда Байдаулет батыр: «Менің құтым балам Сатыбалдының тұңғышында қалады, онда қалмаса мылтығымның ұңғысында қалады», - деген екен [1, 149 б.]. «Байдаулет батырдың айтқаны келіп, Сатыбалдының үлкені Қазанғапта қалған екен. Қазанғапты сұраған сол заманның адамдарынан мынадай сөз бар: «Шоң (*Едігеұлы – Қ.Ж.Н.*) сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты су бетіне шығарады», - деген мағлұматтар бар [1, 149 б.]. Атақты Шөже ақын Ертіс бойындағы Бәсентиін елін аралап жүріп шығарған өлеңінде Қазанғап Сатыбалдыұлы туралы былай деген екен:

«... Тұсында Керекудің апай, бөрі

Жақсының күнде жиын жүрген жері

Жол бермей азулыға қарсы тұрған

Қазекен өткен екен кемеңгері» [1, 42, 152 б.].

Танымал ақын Біржан сал Сара ақынмен айтысында...:

Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан

Тұқымы дегдар шыққан жатынынан.

Полковник шен алады туған бала

Шырылдап түскеннен соң қатынынан», - деп, оны бүкіл Орта Жүз арғынның арысы ғып көрсетеді [1, 42 б.]. М.Ж. Көпейұлы ел аузынан жазып алған аңыз-әңгімелерінің бірінде «бөріден шыққан, атағы жер жарған Қазанғап» - деп оны сол қиын кезеңнің бір ғажап құбылысы ретінде көрсетеді [1, 103 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының атақ-шені мен марапатталған белгі-сыйлықтары жөнінде айтар болсақ (*оның ұрпақтарына тиесілі сый-марапаттар жайында мағлұматты «Қазанғап би Сатыбалдыұлы» кітабынан қараңыз*) ол «... Сібір қазақтарының ішінде бірінші болып... Санкт-Петербург қаласында ақ патшаның қабылдауында болған – және – сол жылы старшын шенін алған..., жыл сайын 50 сом ақша алып тұратын болған» [1, 42, 151 б.; 2, 190-191 б.]. «1810 жылы капитан шенін алды, - 1817 жылдан бастап штаб-офицер және – сыйлыққа шекпен бас киімімен 500 сом

ақшадай (күміспен - автор) алған» [1, 42-43, 151 б.; 2, 190-191 б.]. «1825 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторының шекпенін иеленді» [1, 151 б.; 2, 190-191 б.]. 1833 жылы майор атағын, 1838 жылы 300 сом күміс ақша, 1842 жылы Владимир лентасына тағылған алтын медальды, 1844 жылы алтынмен апталған күміс бокалды иеленді [1, 42-43, 151 б.; 2, 190-191, 443 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының есімімен байланысты жер атауларына келсек «Қазанғаптың асуы», «Қазанғаптың қоралары» деген жерлер Баянауылға Павлодардан келетін тас жолмен кіре берістегі Төлеу бұлағының бас жағында» [1, 103, 153 б.]. Сондай-ақ «Қазанғаптың жайлауы – Шұрық сордың маңы» болса, қыстауы Коряков станицасынан 12 шақырым Бауыртас аталған жерде деген мәлімет сақталған [1, 152 б.; 2, 443 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының әйгілі атасы, Байдаулет батыр жайында айтсақ, біздің болжамымыз бойынша ол Қайып хан елшілігінің құрамында (*Бекболат Екешев екеуі*) 1716 жылдың қыркүйегінде Тобылға келіп, «... Сібір губернаторы М. Гагаринмен «мәңгілік бітім» жасасу, Ресеймен Жоңғар хандығына қарсы әскери одақ құру туралы келісімге қол жеткізу және оларға сауда-саттық жолымен Тобылға баруға мүмкіндік беру үшін Ресейдің жақын жердегі рыноктарына қазақ малшыларының кедергісіз баруына кепілдік алу... - мәселелері бойынша келіссөздер жүргізген еді, - алайда Сібір губернаторы келіспеді» [6, 111, 127 б.].

Қазанғап би Сатыбалдыұлының танымал ұрпақтарына қатысты айтсақ, оның баласы Бердәлі Қазанғапұлы (1802-1842 жж.) Бәсентіін болысының биі, Баянауыл округінің қазысы (1833-1837 жж.), 1840 жылы аға-сұлтанға үміткер, «1841-1842 жылдары Баянауыл округінің аға-сұлтаны қызметін атқарды» [1, 46-48, 151 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының немересі Иса Бердәліұлы (*шамамен 1825-1899 жж.*) ауылбасы, би болған, Алтыбай болысын басқарған [7, 22-42 п.]. «Иса мырзаның қайтыс болуына байланысты «Дала уялатының газетінде» 1899 жылғы, 14 қарашадағы № 42 санында жарияланған мінақыпта мынадай жолдар бар: «Иса Бердәлі баласы қашан болса да халық пайдасын ойлаушы еді» [1, 49 б.]. Сондай-ақ павлодарлық зерттеуші В.Д. Болтинаның мәліметтері бойынша бірінші бүкілресейлік санақ комиссиясының құрамына орыс шенділерімен қатар, Семей облысының әскери губернаторының 1896 жылы 14 қазандағы арнайы жарлығымен бекітілген Алтыбай болысының басшысы, «құрметті қырғыз» деген атағы бар Иса Бердәліұлы сайланған [3, 198 б.].

Исаның баласы, Қазанғаптың шөбересі Қабыш Исаұлы Бердәлі есімі күллі Ертіс-Семей өңіріне әйгілі саяси және қоғам қайраткері, Павлодар уездік Алашорда кеңесінің төрағасы, сондай-ақ Ахметолла Барлыбаевпен бірге Орынбор қаласында өткен ІІ қазақ құрылтайына қатысқан, ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының белді өкілі [1, 121-122, 124 б.]. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты қорында Қабыш Исаұлының тұлғалық қасиеттерін айқындайтын «текті әулеттен шыққан, ықпалы мен беделі жоғары болған азамат» - деген құнды дерек сақталған [8, 181-182 п.]. Қабыш Исаұлы жетекшілігіндегі Алашорданың уездік кеңесі жас Қазақ мемлекетінің негізін қалыптастыруда айтарлықтай жұмыс жүргізді. «Атап айтар болсақ Алашорда кеңесінің басшылығымен Павлодар уезінде большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін 150 жігіттен құралған «Алаш» әскері құрылды» [1, 124-125 б.]. Қабыш Бердәлінің «Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағында қоғамдық-саяси қызметінің және беделі жоғары болғанын дәлелдейтін тағы тарихи дерек келтірсек, 1919 жылдың 7 шілдесінде құрамында Райымжан Марсеков, Қабыш Бердалин және Тұрағұл Құнанбаев бар Семей облыстық делегациясын Уақытша Сібір үкіметі Министрлер кеңесінің төрағасы қабылдайды. Қазақтың сот ісі, қазақ жерлерінің әкімшілік құрылымы, жер қатынасын реттеу сынды мәселелерімен келіссөз жүргізген делегация мүшелері қазақ зиялыларын қудалауды тоқтату қажеттілігін де назардан тыс қалдырмаған» [1, 121 б.; 9, 275 б.; 10, 119 б.]. Сондай-ақ Қабыш Исаұлының «ақындық өнерін оның қаламынан туындаған өлең-жырлары дәлелдей түседі» [1, 117-118 б.]. «Кезінде Біржан Сарамен айтысында «Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан» десе, Құдайберген Қадишамен айтысында Кереку-Ертіс өңірінде Қабыш Бердалиннің беделдігі атап өтіледі: «Затында Апай-Бөрі Қабыш боп тұр

Қабыштар Керекуді қарына ілген» [1, 120 б.].

1934 жылдың 7 қаңтарында тыңшылардың жеткізуі барысында асыл азаматты ОГПУ ұйымдары тұтқындап, біраз уақыт Омбыдағы қалалық түрмеде ұстайды, кейіннен Сібір лагерінің Тайга бөлімінде қамалынып, 1935 жылдың 9 сәуірінде сонда қайтыс болады [1, 127 б.].

Мақала соңында айтарымыз, бүгінде Қазанғап Сатыбалдыұлының өмірі мен қызметіне қатысты мұрағаттық, өзге де деректер толық жинақталмаған, сондықтан әр аймақтың, жалпы Қазақстанның дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу Қазақстан тарихы үшін маңызды және өзекті мәселелердің бірі екені айқын. Бұл тақырыпты зерттеу жақын болашақтың еншісінде деп сенеміз.



## ӘДЕБИЕТ

1. Қазанғап би Сатыбалдыұлы. - Павлодар: «Кереку», 2008.
2. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Часть 1. VIII том. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2006.
3. Среднее Прииртышье в источниках и материалах. Сборник документов и материалов (XVIII - начало XX вв.). Том 1-2. - Павлодар: «Кереку», 2008.
4. Ақпарат берушілер: Жамбыл Қайырбеков, Қаратай Жүкенов.
5. Қазанғап би Сатыбалдыұлы // Казинформ халықаралық ақпараттық агенттігі, интернет-басылымы.
6. Қазақстан тарихы. Бес томдық. III том. - Алматы: «Атамұра», 2010.
7. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 15 қор. 1 тізбе. 309 іс.
8. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының қалалық бөлімі (ПОММ ҚБ). 11 қор, 1 тізбе, 12 іс.
9. Д.А. Аманжолова. Алаш: исторический смысл демократического выбора. - Алматы: Изд. Дом «Таймас», 2013.
10. Нұрбек Шаяхметов. Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін. - Алматы: «АМУ», 2001.

### КАЗАНГАП БИЙ САТЫБАЛДЫҰЛЫ И ЕГО ИЗВЕСТНЫЕ ПОТОМКИ К.Ж. Нұрбаев

*Аннотация: В статье рассматриваются отдельные страницы жизни и деятельности известного казахского бия, государственного и общественного деятеля Казангапа Сатыбалдыұлы. На основании анализа источников автор приходит к выводу, что его влияние и авторитет среди казахского населения и чиновников сибирской администрации были обусловлены его личностными качествами: компромиссностью, честностью и справедливостью, грамотностью и образованностью, и что он внес весомый вклад в развитие края и в решение нужд и чаяний местного населения.*

### KAZANGAP SATYBALDYULY BIJ AND HIS DESCENDANTS K.Zh. Nurbayev

*Abstract: The article considers some pages of life and work of the famous Kazakh Bij, statesman and public figure Kazangap Satybaldyuly. On the basis of sources and literature analysis, the author comes to the conclusion that his influence and authority among the Kazakh population and the Siberian administration officials have been conditioned his personal qualities and skills: compromise, honesty and fairness, literacy and education, and that he made a significant contribution to the development of the region and a solution needs and aspirations of the local population.*

УДК: 355. 233. 231.1 (045)

Қ.Ж. Нұрбаев, Л.Т. Джүмалиева

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ

### ОТАНСҮЙГІШТІК ПЕН ОТАНДЫҚ САНА: БАСТАУЛАРЫ, ДӘСТҮРЛЕРІ, САБАҚТАСТЫҒЫ

*Түйін: Мақалада отансүйгіштік пен отандық сананың қалыптасуы, бастаулары мен дәстүрлері «қазақ» ұғымының шығу тарихын талдау негізінде қаралады. «Қазақ» атауының «қыпшақ» атауымен бір мезгілде, VIII ғасырда пайда болуы жайында болжам жасалған. Автордеректерді талдай келе Отанға деген сүйіспеншілік пен отандық сана сол кездегі түркеш, қарлұқ тайпалары мекен еткен ортада қалыптасты және оның мән-мағынасы мен мазмұны кейінгі кезеңдерде де өзгермеді деген қорытынды жасаған.*

*Кілт сөздер: Отансүйгіштік, қазақ, қыпшақ, бастаулары, дәстүрлері, сабақтастық*

«Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған болса керек, өйткені «отбасы», «Отан» – екі егіздей түбірі бір мағыналас ұғымдар. Осы орайда «Отанның» түп-қазығы «отбасы» болғандықтан, бастауын отбасынан алатын Отансүйгіштік пен Отандық сананың тарихи түп-тамыры қайда жатыр деген сұрақ туындайды. Ал оның жауабын табу үшін, сөзсіз алғашқы қазақ

мемлекетінің, қазақ тайпаларының тарихына, олардың ұлттық құндылықтары мен ұлттық дүниетанымы турасында сөз қозғап, тереңінен үніліп қарағанымыз абзал.

Қазақ ғалымдары «қазақ» деген сөз алғаш рет VIII ғасырға жататын қытай жазба деректемелерінде кездеседі дейді («*Тан патшалығы тарихында*») [1, 19, 122-123 б.; 2, 297 б.]. Сондай-ақ араб саяхатшысы әрі жазушысы Мұхамет Аль-Ауфидің XIII ғасырда Үндістанда жазған кітабында «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл, үш ұлыс қазақ бар», - деп айтқаны назар аударатын жайт [1, 19-20 б.]. Өйткені қарлықтардың Алтай мен Тарбағатайдан өздерінің қандастары түркеш тайпасы (*Түркеш қағандығы жайында сәл кейінірек тоқталамыз*) мекен еткен қазіргі оңтүстік-шығыс Қазақстан, Жетісу аймағына VIII ғасырдың ортасында (750-760 жж.) қоныс аударғаннан кейін барып мемлекет құрғанын ескерсек қарлық тайпалық одақтың ішінде қазақ ру-тайпаларының болғаны күмән тудырмайды. Бұл ойымызды қазақтың ғұлама ғалымы А. Марғұланның «Түрік қағандығы құлағаннан кейін (744-745 жж. – Қ.Ж.Н.) Сырдария өзені бойында «Алаш» деген атпен саяси одаққа біріккен көне қазақ тайпалары еді», - деп айтқан пікірі дәлелдей түседі [3, 123 б.]. XIII ғасырда Алаш одағы Шығыс Дешті-Қыпшақ жерінде (*қазіргі қазақ жерінде*) «алты арыс Алаш елі» түрінде сақталған, Ақ Орданың негізгі халқы осы «Алты Алаш елі» болды деп өзінің ойын түйіндейді ол [3, 123-124, 131]. Моңғолияның танымал түріктанушы ғалымы И. Қабышұлының «... ал қазақ халқы болса, осы кезден бастап көптеген рулар мен ұлыстардан құралған Қарлұқ одағының негізін қалады. Демек, қазақтың халықтық негізіне алғашқы ұйтқы болған – Түркеш пен Қарлұқ одағы екен», - дегені біздің ой-пікіріміздің дұрыс екендігін одан әрі қуаттай түседі («*Еліміз Алаш, керегеміз ағаш*» деген ұғым сол кезде қалыптасқан көрінеді – Қ.Ж.Н.) [4, 71 б.]. Орхон-Енесай түрік жазбаларында олар «үш қарлық» («үш ұлыс қазақ») деген атпен сақталғаны белгілі, сондай-ақ Қарлық қағандығы 200 жылға жуық уақыт қазақ жерінде дәуірлеп қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына елеулі үлес қосқаны тарихқа әйгілі [5, 142 б.; 6, 306, 310 б.].

Түркеш-Қарлық Алаш (*Қазақ*) одағының, кейіннен Қазақ хандығының ірге тасы киелі Жетісу өңірінде құрылғанын ескерсек «Риг-Веда» мен «Авестада» сақталған құнды мәліметтерге сүйеніп жазған кейбір зерттеушілердің «біздің дәуірімізден 2000 жыл бұрын ғылым мен жазу-сызуды меңгерген, өркениеттің жоғарғы сатысында тұрған арийлердің (*қола дәуіріндегі андронов мәдениетіне тиесілі арийлер деген ортақ атпен танылған маләсіруші тайпаларын меңзейді* – Қ.Ж.Н.) атамекені қазіргі Түркістандағы Жетісу аймағы болған», – деп айтқан пікірлерінің өзектілігі арта түседі [7, 166, 168-169 б.].

Қарлықтардың түркештермен бір одаққа бірігіп VIII-X ғасырларда ерекше күшейгендерін (*Түркеш-Қарлық Алаш саяси одағы*) араб жазба деректері растайды. Мәселен, 775-785 жылдары Мысыр Елінде (*Египетте*) билік еткен Аббасид халифы Аль-Махди өзінің әкімшілігін басқаруға сенімді адамы Йахия-ибн-Даут Аль-Хараси есімді түрік мамлюгін тағайындайды (*бір қызығы, дәл осы 775 жылы Қарлық қағаны ислам дінін қабылдайды*) [8, 166-167 б.]. Арабтардың түрік көшпенділерімен тығыз байланыс орнатуы VIII ғасырдың екінші жартысынан басталды деуге негіз бар, өйткені 751 жылы өткен әйгілі Талас өзені бойындағы шайқаста (*Атлах қаласының түбінде*) араб әскері түрік атты әскерінің көмегімен қытайлықтарды тас-талқан етіп жеңгеннен кейін, олар өздерінің әскери күштерін ержүрек көшпелі түрік жауынгерлерден жасақтауын үрдіске айналдырады (*арабтар көшпелі мен отырықшы түрік тайпаларын ажырата білген және көшпенділерін ғана «қыпшақтар» деп атаған екен*) [8, 138-139 б.]. Тағы мысал. 868-905 жылдар аралығында Мысыр Елінде билік жүргізген Ат-Тулунидтер әулетінің тегі қыпшақ екендігін осы әулеттің негізін қалаған Ахмад-ибн Тулунның әкесі Аббасид халифы Аль-Мамунға Хорезм шахының сый ретінде берген қыпшақ мамлюгі Тулун болған деген дерек дәлелдейді [8, 167-168 б.]. (*Хорезм шахтарының әскерлері көшпелі түріктілдес қанлы-қыпшақтардан жасақталғандары және әйелдерінің де тегі қанлы-қыпшақ болғандары тарихқа мәлім* [1, 185 б.; 6, 424 б.; 9, 21-22 б.]). Оғұз тайпаларының ішінде де қазақ тайпаларының болғаны анық [10, 41 б.] (*кейбір ғалымдардың пікірі бойынша қазақтың үш жүзіне негіз болған оғұздардың «үш оқ» тайпасы, сондай-ақ «қарлықтар мен оғұздардың... әдет-ғұрыптары да ұқсайды»* [10, 41, 43 б.]).

Біздің пайымдауымызша жоғарыда есімі аталған Йахия-ибн-Даут Аль-Харасидің ұлты қазіргі тілмен айтсақ қазақ болған. Тарихшы-ғалымдар ауызша және жазба деректерді зерттеу барысында түріктестес халықтарының ішінде қазақ, қырғыз, моңғолды ғана көшпенділер қатарына жатқызады [4, 130 б.; 11, 252 б.; 12, 16 б.]. Алайда қазіргі моңғолдардың түріктестес ата-бабаларының сол кезеңде мұсылман болмағандарын, сондай-ақ тунгус-мәнжур орман тайпаларымен, қарақытайлармен (*қидандармен*) сіңісіп көп араласқандарының әсерінен ана тілдерінің өзгеріске ұшырағанын, қырғыздардың тым алыста, Енесай өзені алқабын мекендегендерін (*Ұйғыр қағандығын*

тізе бүктірген Қырғыз хандығы) ескерсек, сөзсіз көшпенді қаңлы-қыпшақ тайпаларының, негізінен қазақ болғандары күмәнсіз (*әрине, олардың арасында оғұз-түрікмендер де болды, өйткені IX-X ғасырларда қазіргі оңтүстік Қазақстанда, астанасы Сырдария өзені бойындағы Янгикент қаласы болған Оғұз хандығының өмір сүргендігі белгілі [10, 41 б.]*).

Академик М. Қозыбайтегі «... жазба деректер... «қазақ» атауының... тарихи шығуының ерте екендігін дәлелдейді..., ол алғашқыда жеке ру-тайпалардың аты ретінде жарыққа шыққан» - деп айтқан зерттеуші-ғалым Н. Мынжанның пікірін қолдайтынын жазады [13, 10 б.]. Ғалымның айтуынша «қазақ» пен «қыпшақ» этнонимдері тарих сахнасына қатар шығып «қазақ» деген ру қыпшақ халқының құрамында өзге ру-тайпалар сияқты «қыпшақ» атын жамылып жүрген, және «қазақ» атауының даңқы қыпшақ одағы әлсіреген, өше бастағанда ғана әйгілі болды» (*қыпшақтар, керісінше қазақ халқының құрамына жеке тайпа ретінде кірген – Қ.Ж.Н.*) [13, 8-10 б.]. «Қазақ» ұлт аты болудан бұрын ру-тайпа аты болған, ұзақ ғасырлар өту барысында біртіндеп тіл, территория, әдет-ғұрып және мәдениет бірлігіне қол жеткізген халық аты болған деген көзқарас барған сайын көптеген жазба және шежірелік аңыз деректермен дәлелденіп отыр», - дейді қытайтанушы-ғалым Ж. Мырзақанұлы [10, 35 б.].

3. Қинаятұлы, Н. Мынжан, М. Қани сынды қазақ ғалымдары да «қазақ» деген әлеуметтік топтардың пайда болуын қыпшақ тайпасы қоныстанған аймақпен байланыстырады [2, 299-300 б.]. Ал «қыпшақ» деген сөз ұлттық сипаты бар атау ретінде (*этноним ретінде*) жазба деректемелері бойынша алғаш рет ұйғыр қағаны Элетміш Білгенің моласында табылған және VIII ғасырға жататын (759-760 жж.) «Селенгі тасына» жазылған («*түрік-қыпшақ*» нұсқасында) [14, 118-119 б.]. Демек, «қазақ» пен «қыпшақ» этнонимдері бір уақытта (VIII ғасырда) және бір аймақта (*қыпшақтардың ата-қонысы солтүстік-батыс Алтай таулары мен шығыс Қазақстан, Ертіс алқабында болған*) [14, 117, 127 б.; 15, 86 б.; 16, 43 б.] тарих сахнасына шыққан деуге болады.

Қыпшақтардың аталған өңірді III-V ғасырларда (*қыпшақ тайпасына тиесілі әйгілі «жоғарғы Обь мәдениеті»*), одан кейін VIII ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырларда (*қымақ-қыпшақтардың «Сросткин мәдениеті»*) мекендегендерін археологиялық деректер арқылы білеміз [14, 82, 117, 127 б.; 17, 40 б.]. Соңғы кезең ұлы Түрік қағандығының құлауымен (744-745 жж.) тұспа-тұс келеді. Қыпшақтарға тиесілі жоғарыда аталған екі мәдениетке де ортақ ұқсастық болған, атап айтқанда да мейітімен бірге жылқыны көму рәсімі жаппай сипатталған [14, 82, 127 б.].

Бүгінде «қазақ» атауының тарих сахнасына алғаш рет шығуы жайлы әралуан пікірлердің айтылып жүргені рас (VIII, X-XI, XIII ғғ.), алайда біз жоғарыда айтып өткеніміздей бұл VIII ғасырға тиесілі деп есептейміз [6, 329, 428 б.; 13, 10 б.]. Олай айтуымыздың себебі VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың бас кезінен бастап «Түркеш», «Түркеш-Алаш ұлысы» (*ғалымдар түркешті ежелгі үйсіннің орнын басып, дулаттың ішіндегі ең күштісі, қазақ шежіресінде «сары үйсін» атымен шыққан тайпа ретінде қарастырады [10, 34, 37, 45 б.]*) деген атпен көне қазақ тайпалары Батыс-Түрік қағандығында («*Он оқ Елінде*») билікке келіп, кейіннен Алтайдан ауып келген қарлықтардың қол астына бірігеді [10, 45 б.]. Түркеш қағандығы «... Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейінгі аумақтағы он оқ тайпасын түгел биледі. Оның негізгі орталығы ежелгі үйсіндердің ата-мекенінде болды» [1, 132 б.]. Ал қарлықтардың Жетісу жеріне қоныс аударуларының негізгі себебі Түрік қағандығының біріккен ұйғыр-қытай әскерінен жеңіліске ұшырап құлауы болды.

Қазақ ғалымдары Қытай тарихшысы Су Бей Хайдың пікірін негізге алып түркештер қазақ тобына жататын көне түріктер және Түркеш қағандығын алғашқы Қазақ мемлекеті дейді [1, 126 б.; 5, 123-124 б.; 10, 37, 45 б.]. Ж. Мырзақанұлы «Түркеш қағандығы дәуірінің қазақ тарихын зерттеуде төтенше маңызды бір дәуір екендігін көрсетеді», - деп салихалы ой айтады [10, 45 б.].

Енді түркеш тайпасының ұлттық құндылықтары, ұлттық дүниетанымы жайында айтсақ, Отансүйгіштік, Отаншылдық сияқты әрбір қазаққа киелі ұғымдар бастауын солардан алатынына жазба деректемелерінде сақталған мағлұматтар дәлел бола алады. Олардың өмірдегі мақсаты (*кейінгі дәуірдегі қазақтарда сияқты*) олар үшін қасиетті ұғым болып саналатын «отбасы-ру-мемлекет» атты үштік қағидаға негізделген үйлесімдікте өмір сүру болды десек қателеспейміз [5, 134 б.; 6, 302 б.]. Көшпелі қазақ қоғамында отбасы мен одан әрі қарай өрбіп жалғасатын аталық тектің (*рудың*) қаншалықты маңызды орын алатынын оның ру-тайпалық негізде құрылғаны байқатады, өйткені қазақтардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен заңдары, ұлттық құндылықтары мен дүниетанымы - барлығы рулық қарым-қатынасқа негізделген еді. Біздің пікірімізше аталған үштік қағиданың мән-мағынасын көне түрік «қан» ұғымы арқылы түсіндіруге болатын сияқты. Өйткені бұл сөздің түпкі мағынасы көне түрік тілінде «әке» деп аударылса [18, 50 б.], отандық сананы қалыптастырудың түп-өзегі, «үштік қағиданың» бірінші бөлегі «отбасы», яғни «әке» екенін байқатады. Түркештердің «үштік қағидаларының» екіншісі, туыстық негізде құрылған «ру» ұғымының астарында көне түрік және

қазіргі қазақ тілінде туыстық байланысты білдіретін кәдуімгі адам ағзасындағы «қан» деген мағына жатыр. «Қан» сөзінің үшінші баламасы көшпелі түрік тайпаларының мемлекетін, елін басқаратын «қан-хан» деген мағынаны білдіретінін есепке алсақ (*оғұз тілінің ықпалымен «қан» «ханға» айналған*), оның «үштік қағиданың» үшінші бөлегі, «мемлекет» ұғымына байланысты екендігін аңғарамыз.

Сонымен, түркештердің ұлттық құндылықтары «отбасы (*қан-әке-отбасы*) - ру (*қан-қандастық-рубасы*) - мемлекет (*қан-мемлекет басшысы-елбасы*)» атты үштік жүйеге негізделгені байқалады, былайша айтқанда отағасы-отбасы – рубасына, рубасы – елбасына айналған. Танымал түріктанушы-ғалым С. Кляшторныйдың «Структура авестийского скотоводческого социума (*қола дәуіріндегі арийлер мен турлар тайпаларына тиесілі андронов мәдениеті – Қ.Ж.Н.*), т.е. воплощение космического порядка среди людей предельно проста: глава дома, глава рода... и глава страны (*царь*)», - дегені ойға ой салатын мағынасы тереңде жатқан сөздер деп білеміз [14, 30 б.]. Түрік халықтарының ынтымақ-бірлігін аңсап, тәуелсіздігі үшін күрескен әйгілі түріктанушы-ғалым, ойшыл З.В. Тоганның айтуынша, түркештер әскери жорыққа шыққанда шайқаста қаза болған жауынгерлерінің сүйектерін еттен ажыратып, теріге орап елдеріне әкеліп жерлеген екен [5, 132-133 б.].

Біздің болжамымыз бойынша Түркеш-Қарлық Алаш одағы қазіргі тілмен айтсақ Керей-Арғын одағы болғанға ұқсайды. Қытай тарихшы-ғалымы Шуе Зун Жынның айтуынша, Түркеш қағандығын «түркеш», «шеп», «шимойын» атты 3 тайпа құрған болса, қағандар алғашқы екі рудан шыққан екен [1, 130 б.; 5, 125 б.]. Қазақ шежіресі бойынша аталған 3 тайпа қазақ руларымен, дәлірек айтсақ керей тайпасымен байланысты болып шығады [1, 122, 158-159 б.]. Этнограф-ғалым Г. Потаниннің пікірі бойынша да керей тайпасы сары үйсіннен, яғни түркештен тарайды [19, 52 б.; 1, 122, 158-159 б.]. И. Қабышұлының «Түркеш ханы Сұлудың: «Түрік жерінде елім қалды» деп арман етуіне қарағанда Керей, Найман хандығы мен меркіт, қонырат тайпалары Моңғолия жерінде қалып қойғанын меңзесе керек», - деп жазғаны олардың қазақ ру-ұлыстары болғанын байқатады [4, 70 б.].

«Ал қарлықтар Одағы (*Алтай-Қарлық*) кезінде дәуірлеген тайпалардың бірі – болат-қарлықтар (*арғындар*)» болғанын М. Қозыбайтегі жазған [13, 10 б.; 10, 40 б.]. Ж. Мырзақанұлы да «болат қарлықтар Орта жүз қазақтарының ата-бабалары болған» дейді [10, 46 б.]. Ғалымның айтуына қарағанда «... арғындарды арысын айтқанда... ғұндарға, берісін айтқанда қазақ даласында және Орта Азияда 170 жылдан астам дәурендеген Қарлық одағына байланыстырады» [10, 45 б.]. Сондай-ақ алғашқы болып, анығын айтсақ 1456-1459 жылдары Керей мен Жаныбек сұлтандарының соңынан ерген керейлер мен арғындар болғанын Алаш қайраткері, әйгілі зерттеуші-ғалым М. Тынышбаев жазған еді [20, 76, 84, 113 б.].

Араб жазба деректерінің мәліметтері бойынша, Мысыр Елінде қыпшақ мәмлүктері билік жүргізген уақытта мемлекеттік маңызы бар мәселелер «сыйаса» (*қазақ тіліндегі «саясат» сөзінің шығу тегі арабтың сөзі болса керек*), яғни «үш йаса-ясы» атты заңдар негізінде қаралып, мұсылмандық «шариғат» заңдары екінші орындалғандар [8, 134-135 б.]. Отансүйгіштіктің үлгісі ретінде тағы дерек келтірсек қыпшақ мәмлүктері жат елде өмір сүрсе де арнайы үкім шығарып әр сәрсенбі күні белгіленген жерде жиналып қымыз ішуді дәстүрге айналдырған екен [8, 154 б.].

Отанға деген сүйіспеншіліктің мән-мазмұны Қазақ хандығы тұсында, кейінгі патшалық және кеңестік отаршылдық заманда да өзгермеді, қазақ халқы үшін басты мақсат тәуелсіздік пен ынтымақ-бірлікке жету болды. XX ғасырдың бас кезінде, қазақтың басына қиын заман туғанда ұлттық құндылықтарды ұран еткен, түріктілдес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысына басшылық етіп, ұлттың (*түркістандық ұлтының*) саяси хәм рухани көсеміне айналған ұлы тұлға Мұстафа Шоқайдың басты мақсаты ұлт тәуелсіздігі үшін күресу болды [21, 237 б.].

Белгілі түрік ойшылы, қоғам қайраткері Зия Гөкалптың пікірі бойынша «ұлттық ынтымақты күшейту үшін бәрінен бұрын отансүйгіштік моралін (*патриотизм*) күшейту қажет» [22, 272 б.]. Ежелгі түрік-қыпшақ тайпаларында «отансүйгіштік моралі өте күшті болған. Ешқандай түрік өз елі, яғни ұлты үшін өмірін... пида студен тартынбайтын. Өйткені ел Көктәңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын» [22, 273 б.]. Қазақтың ұлы ақыны, рухани көсемі Мағжан Жұмабай да

«Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенім», - деп айтқан сөздерімен Отаны

үшін, ұлты үшін өзін құрбан етуге дайын екендігін өлеңмен жырлаған [23, 315 б.]. Түріктердің ортағасырлық ғалымы, түрік тілдерінің білгірі М. Қашғари «замандастарын... Отанды сүйеге, адал, шыншыл, тұрақты болуға шақырады...» [24, 185 б.].

Бүгінде өскелең ұрпақтың Отанға, оның тарихы мен дәстүріне, тілі мен мәдениетіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, ұлттық рух пен азаматтық сананы қалыптастыру үшін руханилыққа бару, дінге, иманға жығылу керек. Өйткені ата-бабаларымыз үшін адами, рухани құндылықтар бірінші орында тұрды. «Қазақ шешендерінің қалдырған мұраларына зер салсақ адамның шынайы мәні оның руханилығында екендігі айқын көрінеді» [25, 407 б.]. Ұлы ғалым «Ш. Уәлиханов қазақ қауымында рухани болмыстың басқа этностарға қарағанда әлдеқайда жоғары тұратындығын...» айтқан [24, 407 б.]. Сонымен бірге «адам затының жер бетіндегі тіршілік дүниесіндегі шынайы жолы тек руханилықпен байланысты болып танылған» [25, 407-408 б.]. Алаш азаматы Мағжан Жұмабай үшін «... руханилыққа басымдық беру дәстүрі...» асамаңызды [26, 295-296 б.].

Жастарды отаншыл, отансүйгіш болып ата-ананы, үлкенді сыйлауға, имандылық пен адамгершілік қасиеттерге негізделген Саржан-Кенесары Қасымұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай сынды ұлы бабаларымыздың келешек ұрпаққа мирас етіп қалдырған өсиет сөздері мен істерін үлгі тұтып, ой-санасына сіңіріп тәрбиелеудің маңызы зор. Ұлы түрік ойшылы Йолығ тегін ескертіп кеткендей ұлттық дәстүрден, тілі мен ділінен, бабалар өсиет еткен жолдан ажырамаған ұрпаққа өзге мәдениеттің шексіз ықпалында қалудың қауіпі жоқ [26, 214, 231 б.]. Жастар рухты, жігерлі болса, Отанын, ұлтын, елін, жерін шынайы сүйетіні күмәнсіз.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз «отансүйгіштік», «отаншылдық», «ұлтшылдық» деген сөздер мән-мағынасы тең ұғымдар, сондықтан Түркеш-ҚарлықАлаш (*Қазақ*) дәуірінен бастап кешегі «Алашқа» дейін жалғасып келген тарихи сабақтастықты үзбей, ұлы бабаларымыз біздерге мирас еткен өсиетін бұзбай, ұлттық болмысымызды, ұлттық санамызды, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай сақтасақ ғана болашағымыз жарқын болмақ [27, 60 б.].

#### ӘДЕБИЕТ

1. Мұратхан Қани. Қазақтың көне тарихы. - Алматы: «Жалын», 1993.
2. История Казахстана в пяти томах. 2 том. - Алматы: «Атамұра», 1997.
3. Әлкей Марғұлан. Шығармалары. 13 том. - Алматы: «Алатау», 2012.
4. Ислам Қабышұлы. Тұран әлемі. - Алматы: «Санат», 2007.
5. История казахской государственности (древность и средневековье). - Алматы: «Адамар», 2007.
6. История Казахстана в 5 томах. 1 том. - Алматы: «Атамұра», 2010.
7. Е.П. Савельев. Древняя история казачества. - Москва: «Вече», 2010.
8. Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ. - Алматы, 2005.
9. С.Г. Кляшторный. История Центральной Азии и памятники рунического письма. - Санкт-Петербург, 2003.
10. Жақып Мырзақанұлы. Қазақ шежіресінің жазба тарихи деректермен байланысы жөнінде // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
11. Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа (из серии «Библиотека казахской этнографии»). - Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005.
12. Радлов В.В. Труды по казахской этнографии (из серии «Библиотека казахской этнографии»). - Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005.
13. Манаш Қабашұлы Қозыбайтегі. Ата тарихы туралы сыр // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
14. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - Алматы: «Рауан», 1992.
15. В. Бартольд. 12 лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: «Жалын», 1998.
16. Лев Гумилев. Хунну. Хунны в Китае. - Москва: «Айрис Пресс», 2003.
17. Ю.С. Худяков. Роль древних тюрок, кыргызов, кимаков и кыпчаков в трансляции культурных достижений в лесостепные и таежные районы Сибири в эпохи раннего и развитого средневековья // Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации. Сб. материалов международной научной конференции. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
18. Древние тюркские диалекты и их отражение в современных (тюркских) языках. - Фрунзе: «Ілім», 1971. Под редакцией Батманова И.А.
19. М.С. Муканов. Абак-Кереи // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
20. Мухамеджан Тынышбаев. История казахского народа. - Алматы: «Сана», 1998. 21.

21. Мустафа Шокай. Туркестан – наша общая колыбель (Туркестан в документах личного архива М. Шокая 1920-1940 гг.). 1 том. - Алматы: «Қазығұрт», 2011.
22. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Түркі халықтарының тарихи ойы. 10 том. - Астана: «Фолиант», 2006.
23. Әбдімәлік Нысанбаев. Қазақстанның философиялық мұрасы және оның маңызы. // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: «Жазушы», 2009.
24. Азиз Нарынбаев. Махмұд Қашғари шығармашылығындағы түркі халықтары көзқарасының бейнеленуі. // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: «Жазушы», 2009.
25. Д. Раев, Ж. Молдабеков. Билердің бірлік идеясы және битану. // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-томдық. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. 9 том. - Астана: «Аударма», 2007.
26. Ә. Нысанбаев. Мағжан дүниетанымы туралы сөз. // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-томдық. XX ғ. басындағы қазақ философиясы. - Астана: «Аударма», 2008.
27. Ә. Нысанбаев, Н. Аюпов. Түркі фәлсафасы жайында // Әлемдік философиялық мұра. 20-томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: «Жазушы», 2009.

## КАЗАХСКИЙ ПАТРИОТИЗМ: ИСТОКИ, ТРАДИЦИИ, ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

К.Ж. Нурбаев, Л.Т. Джумалиева

*Аннотация: В статье рассматриваются истоки и традиции казахского патриотизма на основе анализа самого термина «казақ». Отмечается, что этноним «казақ» мог возникнуть в VIII веке одновременно с этнонимом «кыпчак». На основании анализа источников автор делает вывод, что формирование казахского патриотизма связано с казахскими племенами этого периода тюркеш и карлук, и что духовно-нравственные ориентиры казахского патриотизма сохранились и в последующие периоды.*

## KAZAKH PATRIOTISM: ORIGIN, TRADITIONS, CONTINUITY

K.Zh. Nurbayev, L.T. Dzhumaliev

*Abstract: In this article are investigated the origin and traditions of Kazakh patriotism on the base of analysis of the term “kazakh”. It is noted, that ethnonym “Kazakh” could appear in VIII century meantime with the ethnonym “kypchak”. On the base of source analysis, author comes to conclusion, that spiritual and moral guide of Kazakh patriotism rest in succeeding periods.*

ӘОЖ 94(574.42) «1920/1940»

**Р.Қ.Нұрбекова, Л.К.Жаманбаева**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.

## XX ҒАСЫРДЫҢ 30-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ІРІ ЖӘНЕ ҰСАҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

*Андапта: Мақалада XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы Шығыс Қазақстан өңіріндегі ірі және ұсақ кәсіпорындардың даму қарқыны, олардың Ұлы Отан соғысына көмегі жайлы баяндалған.*

*Негізгі сөздер: артель, зауыт, индустрия, кәсіпорын, металлургия.*

XX ғасырдың екінші ширегі Шығыс Қазақстан өңірі үшін де өте күрделі кезең болды. Әрбір қоғамдағы тарихи кезеңнің міндеттерін анықтау, халықтың өзін-өзі тануы, мемлекеттің идеологиялық қызметі арқылы көрінді. Бұл жағдай мемлекеттік істердің барлық салаларына өз әсерін тигізді.

Шығыс Қазақстан өңірі, өзінің шаруашылығының даму деңгейі жағынан Қазақстан көлемінде маңызды орын алды. Осы өңірдегі жергілікті кеңестердің басшылығы мен бақылауы негізінде шаруашылықтың даму барысында, 1934 жылы Киров аудандық кеңесінің атқару комитеті, жергілікті өнеркәсіпті игеру және кең тұтынылатын бұйымдар және материалдармен қанағаттандыру инициативасын жеткілікті дамытпады. 1935-1939 жылдары Шарап, Май, Сыра зауыттары, Диірмен,

Өнеркәсіп комбинаты және Кәсіптік өнеркәсіп одағы артелдері біршама дамып, 1935 жылы өнімнің орташа бағасы 2502 сом, ал 1938 жылы 5261 мың сом немесе 210%-ға өсті. Жұмысшылардың жылдық орташа саны 1935 жылы 320, 1938 жылы 730 немесе 228% болды. Олардың орташа жылдық жалақысы 1935 жылы 1761 сом, ал 1938 жылы 2036 сом немесе 127% болды [1. 17].

1936 жылдан аудандағы халық жол құрылысына тартылды. Киров ауданының территориясы арқылы мемлекеттік маңыздағы Предгорное-Бұқтырма, Өскемен-Георгиевка екі автомобиль жолдары өтті. 1937 жылдары 81 шақырым мемлекеттік маңыздағы жол жөндеуден өтіп, 1939 жылдан бастап, 180 метрлік көпір құрылыстары салынды. Бұл ауданда Горно-Ульбинкада, Красно-Иртышта көмір, Секисовкада отқа шыдамды қыш, Горно-Ульбинкада, Бобровкада, Секисовкада извест, қыш өндірді [1. 3].

1929 жылы Риддер кен металлургия комбинаты, байыту фабрикасында 50460 т. руда шығарылса, екінші жылы 90540, үшінші жылы 180 мың т-ға жетті [2. 3].

Қазақстанда кеңестік империяның «шикізат көзі» ретінде тез индустриялық көтерілуі, ойшыл элитаны жою, республика идеологтарына жаңа адамдарды қалыптастыру, қоғамдағы демографиялық өзгерістер, бірыңғай саясаттың нәтижесі болды. Сталиннің басты мақсаты, режимнің тікелей жауларын жою, одан кейін күштілерін және кеңес үкіметіне қарсы шығушы миллиондаған адамдарды құрту болды. Бүкіл елде жазалау органдары абсурдқа барды. Жапон, неміс тыңшылары, халық жауын көптеп тауып, қырды. Осы халықты түрмеде ұстау кеңес мемлекетіне не үшін керек болды? Қаражат көптігі ме, әлде басқаша ма? Түрмедегілер -кеңес үкіметінің экономикасын көтерудің бірден - бір құралы болды. Бұқаралық репрессиялар индустрияландыру саясатының өнімді бөлігі еді. Түрмедегілердің орасан еңбегі, олардың ақша үшін емес, өлім жазасынан жасқануы, ГУЛАГ ресурстары арқылы 10 жылдықты қажет ететін экономикалық дамуды 5-6 жылда-ақ дамытуға мүмкіндігі туды.

1936 жылы Риддер ауданындағы кәсіпорындар: Ульбастрой, Алтай полиметалл комбинаты, Цветметпромснаб, Риддер коммуналдық шаруашылығы, Ридбродтрест, Риддер тас жолдар мен қамту базасы, Риддер орман шаруашылық кәсіпорын тресі, Риддерстрой известь тресі, Ударник артелі, Өнеркәсіп кеңесі орналасты. Риддер кен металлургия комбинатына 20 миллион сом қаржы жұмсалып, жаңа байыту фабрикасы салынып, тәулігіне 1 мың тонна руда беретін Григорьев шахтасының жаңа көпірі орнатылды [3. 2].

Қазақстан Өлкелік партия комитеті және КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссары Г.К.Орджоникидзең келісімімен, 1936 жылы Ертіс қорғасын зауытын монтаждау тоқтатылып, 1937 жылы Ертіс зауытында мыс қорыту басталып, қорғасын-мырыш, мысты пайдалануға мүмкіндік туды [4. 3].

Үкіметтің Кенді Алтайды дамыту шараларына орай, 1937 жылы Риддер рудниктері жаңартылды. Белоусовка руднигінде кен көтергіштің құрылысы салынып, пайдалануға берілді. Техникамен жабдықтаудың нәтижесінде, 1937 жылы Риддер руднигі 592,4 мың, Белоусовка руднигі 450 мың тонна өнім шығарды. Зырян руднигінде кен өндіру, 1932 жылмен салыстырғанда 27 есе өсті. Өндірістің технологиясына терең бұрғылау әдістері, байыту фабрикасында кендердің қышқылдар арқылы байыту кескіндемесін қолдану енгізілді [5. 2].

1938-1939 жылдары БКП(б) Орталық Комитетінің тапсыруымен, Шығыс Қазақстан проблемаларын тексеруге Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатынан, академик И.И.Губкин басқарған комиссия құрылып, олар Кенді Алтайда өнеркәсіп дамуының кемшіліктерін көрсетіп, Алтайдың бай кен жыныстарын қорытуда, олқылықтар барын анықтады. 1936 жылы кен жыныстарынан, түсті және пайдалы металдардың 54% ғана алынды. Ал, комиссия кен жыныстарынан түсті металдарды, алтын мен күмісті арттыруды талап етті.

Үкіметтік комиссияның Шығыс Қазақстанды кешенді дамыту жобасын БКП[б] Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі бекітіп, 1938 жылы 9 қазанда «Алтай түсті металлургия кәсіпорындарын дамыту туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Онда 1939-1944жылдар аралығында Риддер, Зырян, Белоусовка, Березовка полиметалл орындарында, түсті металлургияның ірі кәсіпорындарын салу көзделіп, 1,5 млрд. сом күрделі қаржы игеру белгіленді. 1939 жылы мұндай үлкен құрылысты игеруге 95,9 млн сом қаржы бөлінді.

Үлкен Алтайдың даму жоспарында Ертісте, Өскеменде, одан кейін Бұқтырма және Шульба су электр станцияларын салу жоспарланды. Үлкен Алтайды дамыту бағдарламасын іске асыруда, үкімет 1939 жылғы сәуірде Риддер, Белоусовка, Зырян рудниктерінің базасында Алтайполиметалл комбинатын құруды қолға алды[6. 3].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 6 ақпандағы Жарлығымен, қала - Лениногор қаласы, ал комбинат - Лениногор полиметалл комбинаты деп аталды [7. 1].

1939 жылы Қазақстанда, жалпыодақтық көлемде өндірілген 73,9% қорғасын, 54% мыс Кенді Алтайда өндірілді [8. 32].

Елде, қорытылған жоғары маркалы қорғасынның едәуірін Лениногор қорғасын зауытының комбинаты берді және республикадағы түсті металлургияның орталығы болды. Кенді Алтай соғысқа қажетті металдарды көптеп шығарды. Батыс аудандардан көшіп келген 50 мың адам, өндірістің шешуші учасқтарына орналастырылды. Соғысқа аттанған лениногорлық ер-азаматтардың орнын, арнаулы даярлықтан өтіп, кенші киімін киіп, забойларда кен қазып, әйелдер басты. 43 мыңнан әйел токарь, слесарь, металл балқытушы, басқа да мамандықтарға ие болды. Кенді Алтайдың 60 жауынгері Кеңес Одағының батыры атағын алып, 29 мың адам тылда еңбек етті [9. 2].

Шығыс Қазақстан еңбеккерлері майданға 200 мыңнан аса жылы киім, Ленинградқа 380 т. азық-түлік жөнелтіп, майдан қорына 53 млн сом қаржы, 65 кг күміс, 500 мың пұт астық, қажетті заттарды тапсырды [10. 1].

Қорғасынды бұрынғыдан да көп өндіру қажет болды. Лениногор еңбекшілер кеңесі аудандық атқару комитетінің төрағасы Вдовин, 1943 жылы 3 сәуірде Мәскеуге жіберген жолдау хатында үкіметтің қорғанысына Жоғарғы Басқолбасшының ерекше қорына аудан еңбекшілерінің 3556799 сом, 16 вагон азық-түлік, қорғаныс қорына 3777602 сом, 74000 тонна қорғасын, танк колоннасы құрылысына еңбекшілер өз жинақ кассаларындағы ақшаларынан 214824 сом жібергені жайлы баяндаған [11. 2].

1949 жылы Лениногор кенінде руда өндіру 102%; қорғасын рудасын өндіру 103,9%; гидрометаллургиялық цех 100,5%; орман басқармасы комбинаты 142,9%; №3 байыту комбинаты жоспарын 132% орындаған [12. 7].

1791 жылы Алтайдағы бұл жерді Р.Г. Зырянов ашты. Оны игеру қиын болды, бұл міндет 1933 жылы Зырянға әдейі жіберілген А.И. Духовскийдің алдына қойылды. Петербургте оқып, географиялық жоғары білім алған маманға Алтайдағы шағын поселкеде тұру, жер аударылғанмен бірдей болды. А.И. Духовский 1936 жылы Барлау комитетінің бас нұсқаушылығына тағайындалып, кен байлықтарының анықтап, оның ауқымы, қоры, айналысуға тұрарлығы жайында диссертация қорғады. Ол өзінің түсіндірмесінде: «Зырян қаласы болашақта, «Втородушка» бұлағының оң жағалауында және Бүркіт тауының оңтүстік-батыс жақ бауырында өрістейді» - деп айтқаны келді. «Түсіндірмеде» Порфирий тауының етегінде кірпіш өндірісіне жарамды қызыл балшық барын, осының негізінде кірпіш зауыты салынатынын көрсеткен.

1940 жылы салынған зауыт салынған. Зырянда рудниктер қалпына келтіріліп, байыту фабрикасы, Глубокоода қорғасын-мыс қорыту зауыты салынып, Белоусовка руднигі судан тазартылды.

1931 жылы мамырда Зырян байыту фабрикасы іске қосылып, сол жылы тамызда Белоусовка руднигі руда береді, ал қыркүйекте Ертіс қорғасын-мыс қорыту зауыты іске қосылды [13. 15]. Ауданның қойнауында қазба байлықтар алтын, қорғасын, күміс және басқа да сирек кездесетін металдарға бай. Олардың кейбіреуін Зырян Кенбасқармасы және Бұқтырма алтын-приискілік басқармасы өндіріп, әзірледі. Ағаш және құйма дайындап өндірді, бұл жұмыспен Зырян орман өндірістік шаруашылығы және құйма кеңсесі айналысты [14. 7].

1935-1939 жылдары, Зырян кен басқармасында 1068 жұмысшы болды. Еңбекшілердің орташа еңбек ақысы 129,4 - 175,4%-ға көтерілді. Ал руда өндіру 100% - 160,4%-ға дейін, руданы қайта өңдеу 100% - 169,2%-ға дейін, қорғасын концентраттарын өңдеу 100% - 93,1%-ға, мыс 100 - 73,3%-ға, бір жұмысшының еңбек өнімділігі 100%-85,9% болды [15. 23].

Бірақ Кенді Алтайдың түсті металлургия өнеркәсібінде жаңа технология жетіспеді. Халық шаруашылығы шикізаттық болды. Жеңіл өнеркәсіп болған жоқ.

Ауыл шаруашылығында, Өскемен ауданындағы 14 селолық кенесте 34 ұжымшар жұмыс істеді. 1935 жылы ауданда 3 МТС: Украин, Секисовка, Заульбинкада болса, 1939 жылы 4-ші МТС Бобровкада іске қосылды [16. 3].

1935-1940 жылдары Самар ауданының атқару кеңесіне қарасты «Колба-вольфрам комбинаты»; «Алтай алтын-транс»; «Құлдынды жон кен басқармасы және кен рудниктері» артелдерінде 1119 адам жұмыс істеген, оның 436-ы Старотель секторына қараған.

Жалпы жалақы қоры 2449800 сомды құрап, ал орташа жалақы 3586 сом болды. 1948 жылдың 16 сәуірінде Комбардметтегі кен орындары: Қайыңды да 405; Ретивыйда 512; Сомнительныйда 318; Кенгорда-149; Кончубайда 108; Шуйтаевта 4; Курабаевта 4 адам (ағаш-көмір зауытында) еңбек еткен [17. 121].

1940 жылы аудандағы жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары Куйбышев атындағы көлөнер-кәсіпшілік артелі - мұнда жергілікті құрылыс материалдары, кірпіш күйдіру, известь жағу, қыш-



құмыралық өндіріс, аяқ-киім жөндеумен айналысты. 1935 жылдан 1940 жылға дейін артельдің айналымы 35 мыңнан 500 мың сомға дейін өскен. 2) 1940 жылы мүгедектер артелі құрылып, киім пішу, аяқ-киім жөндеу, фотография, шаштараз, тамақ дайындаумен айналысты. 1940 жылы «Восточное кольцо» магистралы құрылысында ауданның ұжымшарлары бұқарасының инициативасымен, 36,7 шақырым жол салынды.

1948 жылы ауданда тұтынушылар одағы, Колбаредмедпродснаб және Алтынпродснаб сияқты сауда ұйымдары және Куйбышев атындағы артельде қоғамдық тамақтану кәсіпорындары болды. Тауар айналымы 1914,8 мың сомды құрады. Аудандық тұтыну одағы жүйесінде дүкендер болды.

1935 жылы 27; 1936 жылы 28; 1937 жылы 23; 1939 жылы 35; одан басқа Құлынды Алтынпродснабта 13 сауда орны және Колбапродметте жекелей тауар айналымы 1935 жылы 1965 сомнан, 1939 жылы 5 мың сомға дейін өсті. 1939 жылы аудандағы жеке сауда 11087734 сомды құрады [18. 2].

Кестел Катон-Қарағай ауданының артельдерінің қатары [19. 18].

Р/с	Артельдер	Бұйым атауы
	Чапаев Калинин атындағы Начало РКК 25 жылдығы атындағы	Шұға (мәуіті), мата бұйымдары, дөңгелек майы, кір жуатын тақталар, ағаш күректер, ағаш тырмалар, канцелярлық қаламсаптар, қамыр ашытатын күбілер, жуғыштар, ағаш шелектер, май шайқауы; Сабын, шұға, ауыл шаруашылық машиналарының бөлшектерін, кузовтар, кірпіш; Қамыт атауыздары, доғалар, қайыңды бұқа мойынтарақтары, етік, дөңгелек майы, ағаш көмірі; Пима, мата бұйымдары

Катон-Қарағай ауданында 5 майдагерлік ағаш тілетін, ағаш ұсталығы, темір ұсталығы, дәнекерлеуші өнеркәсіптер, Катон-Қарағайдағы "Бозрождение», Коробиха фермасының "Начало" артелінде, Устья Нарымдағы "Горный путь", Медведкадағы Калинин артельдерінде орналасты [20. 77].

1935 жылы Большенарым ауданында Солдатово селосында Уст-Нарым, Солдатово, Солоновка май зауыттарында 29 адам жұмыс істеді.

1928 жылдардағы Тарбағатайда геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде, Маңырақ тауының солтүстік-батыс аймағындағы Қызыл-Адыр, Қара-Адыр үңгірлерінен таскөмір табылып, 1932 жылдың желтоқсанынан 1933 жылдың наурызына дейін, онда 10 адам жұмыс істеп, 2895 центнер көмір өндірілді. Марқакөл ауданының жергілікті өнеркәсібі өте әлсіз дамыды, 1942 жылы Урунхай селосында көзешілік; пима жасайтын; ағаш; тері өндейтін аудандық өнеркәсіп комбинаты цехтарымен ұйымдастырылды [1. 236].

Осылайша, еліміздің қарастырылып отырған кезеңдегі экономикасының даму қарқыны қоғамда болып жатқан осы кезеңдегі саяси жағдайлармен Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңдеріндегі қорғаныс жағдайына байланысты өндірістердің жұмыс істеуімен, ішінара ірі өндіріс орындары және ұсақ шаруашылықтардың дамуы, сол кездегі Шығыс Қазақстан өңірінің шаруашылығының дамуы тарихқа өз іздерін қалдырды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.ШҚОММ. - 3-қор. - 1-тізбек. - 304-іс. - 17-парақ.
- 2.Сағатов С. Бесжылдық белестері. // Коммунизм туы, 1979. - 6 сәуір. 3б.
- 3.ШҚОММ. - 1-қор. - 1-тізбек. - 1-іс. - 2-парақ.
- 4.Соболин Н. Үлкен Алтайдың өркендеу жолы // Коммунизм туы. - 1979.- 4 желтоқсан.
- 5.Ленин және Риддер // Коммунизм туы, 1917. - 13 қазан.
- 6.Мыңжанов Қ. Алтайдың кенді алқасы // Социалистік Қазақстан, 1982. -18 тамыз.
- 7.Лениногорға - 200 жыл // Коммунизм туы, 1986. - 18 маусым
- 8.Джағфаров Н.Р. 20-30-ые годы: Реалии. Перспективы. Итог.. /Н.Р.Джағфаров // Қайнар университетінің хабаршысы. - 2001. - 4. - 32 б.
- 9.Потапов О. Шығыс Қазақстан партия ұйымдары Ұлы Отан соғысы жылдарында Коммунизм туы. - 1967. - 11 тамыз.
- 10.Лениногорға - 200 жыл // Коммунизм туы, 1986. - 18 маусым ;
- 11.ШҚОММ. - 1-қор. - 1-тізбек. - 80-іс. - 2-парақ.

12. Мусин М. Қорғасыншылар // Дидар, 1994. - 22 желтоқсан.
13. Сағатов С. Бесжылдық белестері. // Коммунизм туы, 1979. - 6 сәуір. 3б.
14. ШҚОММ. - 7-қор. - 1-тізбек. - 475-іс. - 7-парақ.
15. ШҚОММ. - 1-қор. - 1-тізбек. - 13-іс. - 23-парақ.
16. ШҚОММ. - 3-қор. - 1-тізбек. - 304-іс. - 3-парақ.
17. ШҚОММ. - 3-қор. - 1-тізбек. - 10-іс. - 121-парақ.
18. Назырбаев Қ. Тарих қойнауынан сыр шертеді // Арай, 1998. - 20 қаңтар. 2б.
19. ШҚОММ. - 6-қор. - 1-тізбек. - 299-іс. - 15-парақ.
20. ШҚОММ. - 6 қор. - 1-тізбек. - 151-іс. - 77-парақ

**УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ КРУПНЫХ И МАЛЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ В 30-40-Х ГОДАХ XX ВЕКА**  
Р.К. Нурбекова., Л.К. Жаманбаева

*Аннотация: В статье докладывается о темпе развития крупных и малых предприятий Восточно-Казахстанского региона в 30-40 годы XX века, о их помощи Великой Отечественной войне.*

**CONDITIONS OF DEVELOPMENT OF LARGE AND SMALL ENTERPRISES IN THE EAST KAZAKHSTAN REGION IN THE 30-40-IES OF XX<sup>TH</sup> CENTURY**  
R.K.Nurbeckova, L.K.Zhamanbaeva

*The article reports on the pace of development of large and small plants of East-Kazakhstan region in 30-40 years of the XX<sup>th</sup> century, about their support of the Great Patriotic War.*

УДК: 902 (574)

**Ф.С.Рамазанова, Р.Т. Дауконова**

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

**ВОПРОСЫ АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОГРАФИИ И ИСТОРИИ СТЕПНОГО КРАЯ В НАУЧНОМ НАСЛЕДИИ Н. Я. КОНШИНА**

*Аннотация: В данной статье дается характеристика научной деятельности Н.Я. Коншина, одного из основателей Семипалатинского подотдела Русского Географического Общества по исследованию вопросов археологии, этнографии и истории Восточного Казахстана.*

*Ключевые слова: Степной край, научное наследие, деятели РГО, народонаселение, архивы, научные экспедиции.*

Николая Яковлевича Коншина хорошо знают не только историки и краеведы, писатели и журналисты, но и просто читатели нашего края, а также далеко за пределами Казахстана. Он щедро делился архивными богатствами со всеми, кто любит свой край, кто живо интересуется его прошлым.

В этой связи мы считаем уместным отметить некоторые факты из его биографии. Еще, будучи гимназистом, Николай Яковлевич зачитывался журналами «Современник» и «Отечественные записки». На страницах этих изданий публиковались произведения Добролюбова, Писарева, Некрасова, революционные идеи, которых стали безраздельными властителями его дум.

По окончании Тверской гимназии Н.Я. Коншин поступает в Московский университет, из которого его исключают со второго курса, за участие в студенческих волнениях и как одного из организаторов демонстрации студентов и высылают из Москвы без права въезда во все университетские города.

В 1885 году он поступает в Ярославский Демидовский лицей, и уже через месяц становится членом студенческого революционного кружка, тесно связанного с организацией «Народная воля».

Летом 1886 года ярославская организация была разгромлена полицией. Н.Я. Коншина посадили в местную тюрьму, а потом его отправили в ссылку в Степной край на три года.

Находясь в ссылке Н.Я. Коншин, будучи по натуре деятельным и неутомимым человеком ищет применение своим знаниям, приобретенным в юридическом лицее. К нему за советами и

защитой обращаются бедняки, обиженные произволом местных властей и богачей.

За время ссылки Н.Я. Коншину довелось пожить в Павлодаре и Семипалатинске, позднее он перебрался в г. Зайсан, о котором он много слышал. Знакомство с городом отставило в памяти Коншина малоприятные впечатления - низенькие домишки, в основном саманные, плоские крыши, арыки, скот, свободно бродящий по улицам. Больше всего его угнетало отсутствие библиотеки и большая отдаленность от губернского центра.

Коншин Н.Я. в своей научной деятельности занимался изучением архивного дела, его перу принадлежит множество трудов по вопросам этнографии, фольклора, ему также принадлежит ряд архивных статей, таких как «История одного киргизского джута», «О политической неблагонадежности Семипалатинских чиновников» и другие [1]. Н.Я. Коншиным собран, обработан и напечатан обширный материал по истории Степного Края и истории административной политической ссылки в Степной Край. Так же им был собран ценный материал о памятниках старины Семипалатинского Края [2].

Изучая историю казахского народа, Николай Яковлевич интересуется буквально всем:

- заселением края;
- бытом, обычаями и занятиями казахов;
- одеждой, жилищем;
- устным народным творчеством.

Эти материалы позднее найдут отражение в знаменитых очерках Н. Я. Коншина по истории Степного края [4].

По окончании полугодового пребывания в Зайсане Н. Я. Коншин получает разрешение переехать в Семипалатинск. Основной доход он получает, преимущественно занимаясь адвокатской деятельностью, по вольному найму. О возвращении домой в Тверь, после полной размолвки с родственниками Коншин и не думает. Но мысли поселиться в одном из городов европейской части России пока еще его не покидали. По окончании ссылки Н.Я. Коншин вместе с семьей переезжает в Саратов. На следующий год переезжает в Омск, где начинает работать в контрольной палате. Однако привязанность и любовь к Степному краю, его народу тянула назад. И в октябре 1896 года Коншин возвращается в Семипалатинск, где проживет до последних дней своей жизни.

Занимая должность секретаря статистического комитета, Николай Яковлевич собирает статистические сведения о социально-экономическом состоянии края, его природных богатствах, истории, географии, археологии, этнографии, положении трудящихся и т. д. Работая в данном направлении, Николай Яковлевич начинает активную научно-исследовательскую деятельность по изучению Семипалатинской области. Недаром же в одной из ранних статей он называет ее - «терра инкогнито» и намечает себе большую программу исследования этой «неизвестной земли».

Под руководством и непосредственном участием Коншина в Семипалатинской области в 1897 году была проведена перепись населения, которая являлась составной частью «Первой всеобщей переписи населения Российской империи» [7].

Получив доступ к архивным материалам и статистическим сведениям, он задумал подготовить серию очерков об истории Семипалатинской области, о социально-экономическом положении казахского и русского населения, переходе казахов на оседлое положение, состоянии переселенческого дела в крае и другим вопросам. При этом он не только изучал архивы, но и сам обследовал казахские и русские поселения.

В 1898 году в «Памятной книжке Семипалатинской области на 1898 год» [6] появился очерк Коншина «К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области на оседлое положение» - о тяжелом экономическом положении джатаков. Эти бедняки, оказавшись без скота, единственного средства для обеспеченного существования в степи, шли в батраки, в наемные работники к баям. Часть их за «неимением в степи достаточного спроса на рабочую силу, - пишет Коншин, - вынуждена бежать из степи в казачьи селения и города», где «при совершенно иных, новых, непривычных условиях жизни, киргиз теряет под собой почву, он становится беспомощен, как рыба, вытщенная на берег и лишенная родной стихии. Бледный, исхудалый, в лохмотьях, это - иногда жалкое подобие человека, на которого нельзя смотреть без сострадания. Не привыкший к работе, он, однако, по необходимости должен искать работы, чтобы пропитать и свое заморенное семейство. Еще куда ни шло - летом джатака, по крайней мере, греет солнце, он дышит чистым степным воздухом, его неприхотливые жизненные потребности удовлетворяются хоть с грехом пополам какой-нибудь дырявой и почерневшей юртой да небольшим количеством айрана. Не то зимою. Жестокие морозы и снежные бураны заставляют джатака искать надежного прикрытия, и вот он идет в поселок к казаку присматривать и ухаживать за скотом домовитого хозяина. На скотном пригоне, стоящем иногда

отдельно от жилого двора казака, к услугам джатака небольшая избушка из плетня, щели которой замазаны глиной, забиты землей, а подчас и навозною почвой, взятою с того же скотного пригона. Можно себе представить, какой жалкой защитой являются эти стены, в морозные дни и какая антигигиеническая атмосфера получается в такой хате в оттепель. Остальная обстановка вполне гармонирует с этим. Маленькое окно, иногда затянутое пузырем, едва пропускает свет; глиняный пол, застланный сеном, на стенах — хомуты и другая сбруя для рабочих лошадей казака, тут же убогая и грязная рухлядь киргиза — вот обстановка, в которой проводит зиму джатак со своей семьей. Прибавьте к этому, в эту же избушку помещается нарождающийся скот, и станет ясно, в каких гибельных, ужасных условиях приходится перебиваться киргизу, извергнутому степью» [6].

В июле-августе 1898 года Коншин совершает поездку по Усть-Каменогорскому уезду, во время которой главной его целью «было ознакомление на месте с положением переселенческих поселков» и «изучение быта джатаков» народном из участков «казачьей десятиверстной полосы».

Из-за недостатка времени и средств он обследовал только шесть переселенческих поселков: Георгиевский, Александровский, Мариинский, Николаевский, Михайло-Архангельский, Карашский и Чубар-Каин. Собранные в переселенческих поселках материалы легли в основу очерка «Переселенческие поселки в Усть-Каменогорском уезде», опубликованном в 1899 году. «Страшно тяжелое впечатление оставил во мне Чубар-Каинский поселок, пишет Н. Я. Коншин. - Домов, в обычном значении этого слова, было в поселке два-три, у большинства же переселенцев - там и сям разбросанные балаганы, землянки, даже шалаши из прутьев и сена». В беседе с переселенцами, которые только в этом году обосновались в урочище Чубар-Каин, Коншин выяснил, что «они совсем разорились и дальше им идти некуда...» [6].

Заключая этот очерк, Николай Яковлевич пишет: «И такой нищеты, как на Чубар-Каине я не видел не только среди переселенцев но даже у киргиз-джатаков, ютящихся в казачьих поселках. Не только постройки, но и вся обстановка, рваная до невозможности одежда на ребятишках - все говорило, что тут действительно до конца разорившиеся люди» [6].

Коншин, показав бедственное положение переселенцев, которые бежали от нищеты искав лучшей жизни, а попадали в ту же нищету и нужду, открыто выступил в защиту обездоленных людей.

В 1899 году Н. Я. Коншин снова совершил экспедицию для сбора материалов о быте казахов, проживающих на казачьих землях. Результаты ее нашли отражение в «Очерке экономического быта киргиз Семипалатинской области», опубликованном в 1901 году. В нем рассказано о заселении и освоении русскими и казахами долины Иртыша и других местностей богатейшего Семипалатинского края, отображен процесс сближения русского и казахского народов, взаимовлияния национальных культур, обычаев [3].

Свидетельствуя о впечатлении, которое произвел на него джатакский поселок, расположенный рядом с Семиарской станцией, Коншин писал: «Джатакский поселок, несмотря на летнее время, имел убогий и жалкий вид. Крошечные землянки, заваленные камышом и навозом, торчали там и сям почти без всякого порядка: не лучше были и маленькие, все в заплатах, юрты. Все без исключения говорило о крайней бедности джатаков. Долгое соседство с казаками не прошло, вероятно, без следа для джатаков: я нигде не встречал так много киргиз с русскими физиономиями и даже русым цветом волос. Зато среди семиарских казаков также не трудно встретить смуглых, черноволосых людей с узкими глазами и широкими скулами...» [3, с. 51].

В своих очерках Н. Я. Коншин показал жизнь казахских семей, проживающих в Прииртышье, связи с русским населением, бесправное положение. Вопреки официальным взглядам царских властей на казахов как на неспособный к развитию народ, Коншин с большой теплотой отзывается о нем, открыто встает на его защиту. Об этом свидетельствуют все его последующие многочисленные очерки в сибирских газетах и журналах. Их публикация вызвала недовольство Степного генерал-губернатора - дальнейшее издание было приостановлено. Но и то, что было опубликовано, имеет большую научную ценность.

В те годы Коншин познакомился с великим Абаем Кунанбаевым. Постепенно знакомство переросло во взаимную привязанность и большую дружбу. По просьбе Николая Яковлевича Абай написал «Заметки о происхождении родов киргизской орды», которые были подготовлены Коншиным к печати [8].

Кроме того он готовит к публикации ряд неизвестных документов из жизни Ф. М. Достоевского в Семипалатинске, пишет статьи. В 1899 году, в память о товарище по ссылке в Зайсане Н. Э. Ватсоне, Коншин напечатал в газете «Сибирская жизнь» его поэму «Послы». В послесловии к ней он написал: «Автор этого стихотворения Николай Эрнестович Ватсон, сын

известного публициста, умер в 1895 году в маленьком городе Зайсане, куда он попал в конце 1889 года. Покойный был одним из типичнейших людей конца 80-х годов [5, с. 123].

...Судя по его письмам, он в последнее время горячо мечтал отдать свои недюжинные силы изучению той страны, которая стала, его второй родиной и откуда он не захотел, даже, несмотря на возможность, вернуться в Россию. Но было уже слишком поздно... Николай Эрнестович, говоря словами Чехова, «веровал не как немецкий доктор философии», и сомненья и порывы «гнули его в дугу, рвали на части тело...» Этот духовный разлад в большой связи, конечно, с безотрадной жизнью в глухом захолустье, рано надломил могучий от природы организм Ватсона, и он умер, не имея 30 лет от роду...» [5, с. 128]

Николай Яковлевич Коншин полностью отдает свои силы изучению того края, который стал его второй родиной.

В 1900 году под его руководством проводится сбор археологических сведений. На основе присланных в статистический комитет данных Николай Яковлевич написал статью «О памятниках старины в Семипалатинской области» [8].

Коншину не сидится в Семипалатинске. И вот он снова в пути. На этот раз он совершает поездку по Каркаралинским степям, начав ее в Павлодаре, с которым были связаны воспоминания о пребывании в тюремном замке.

В путевом очерке «От Павлодара до Усть-Каменогорска» он прозорливо предсказывал: «...Павлодарцы мечтают о блестящем будущем своего города, и, пожалуй, они правы. Павлодар лежит вблизи обширного каменноугольного района, в окрестностях его находятся богатейшие соляные озера, и все это, при массе дешевого киргизского сырья и изобилии медных руд в Павлодарском уезде, позволяет думать, что когда-нибудь Павлодар станет действительно крупным промышленным центром» [3, с. 53].

Кроме названных выше очерков, перу Н. Я. Коншина принадлежат труды: «Заметки об одном киргизском джете», «Поездка в Чугу-чак», «Земство и киргизы», «Новый проект киргизского землеустройства», «Опасности для переселенцев в Степном крае», «Что могут дать семипалатинские архивы для краеведения?», «Дело о Дубинушке», «Административные расследования о неблагонадежных липах в Усть-Каменогорске», «Семипалатинский застенок», «Секретный арестант № 1» и ряд других [5, с. 130].

После победы Великого Октября Коншин завершил большую работу над книгой «Материалы для истории политической административной ссылки в Степной край», которая увидела свет в 1923 году. В ней содержатся краткие сведения о 114 политических ссыльных, отбывавших наказание в Семипалатинске, Усть-Каменогорске, Зайсане, Павлодаре, Каркаралинске и селе Кокпекты Семипалатинской области.

Работая в качестве секретаря Семипалатинского Статистического комитета Н.Я. Коншин, имея неограниченный доступ к архивным документам и статистическим сведениям, решил подготовить серию очерков по истории Семипалатинской области. При этом его исследования не ограничивались изучением архивных документов, Н.Я. Коншин использовал любую возможность для личного обследования казахских и русских поселений, что потом находило отражение в собранных документах и материалах.

В Памятной книжке Семипалатинской области за 1898 год был напечатан его очерк под названием «К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области на оседлое положение», в котором Н.Я. Коншин пишет о тяжелом экономическом положении джетаков. «Что такое джетак? Потеряв почему-либо скот – единственное средство для обеспеченного существования в степи, киргиз прибегает к какому-либо соседнему оседлому пункту. Здесь, при совершенно иных, новых, непривычных условиях жизни, киргиз теряет под собой почву – он становится беспомощен, как рыба, вытасченная на берег и лишённая родной стихии. Бледный, исхудалый, в лохмотьях, это – иногда жалкое подобие человека, на которого нельзя смотреть без сострадания. Непривыкший к работе, он, однако, по необходимости должен искать работы, чтобы пропитать себя и свое заморенное семейство. Еще куда ни шло летом, - летом джетака, по крайней мере, греет солнце, он дышит чистым степным воздухом, его неприхотливые жизненные потребности удовлетворяются хоть с грехом пополам какой-нибудь дырявой и почернелой юртой, да небольшим количеством айрана (баранье кислое молоко). Не то зимою. Жестокие морозы и снежные бураны заставляют джетака искать более надежного прикрытия, и вот он идет в поселок к казаку присматривать и ухаживать за скотом домовитого хозяина. На скотном пригоне, стоящем иногда отдельно от жилого двора казака, к услугам джетака небольшая избушка из плетня, щели которой замазаны глиною, забиты землей, а подчас и навозною почвой, взятою с того же скотного пригона. Можно себе представить, какой

жалкой защитой являются эти стены в морозные дни, и какая антигигиеническая атмосфера получается в такой хате в оттепель. Остальная обстановка вполне гармонирует с этим. Маленькое окно, иногда затянутое пузырем, едва пропускает свет; глиняный пол, застланный сеном; на стенах – хомуты и другая сбруя для рабочих лошадей казака; тут же убогая и грязная рухлядь киргиза, – вот обстановка, в которой проводит зиму джетак со своей семьей. Прибавьте к этому, что в ту же избушку помещается нарождающийся скот, и станет ясно, в каких губительных, ужасных условиях приходится перебиваться киргизу, извергнутому степью. Не встречаемся ли мы здесь лицом к лицу с одной из наиболее ярких и наглядных иллюстраций явления, известного под названием «вымирания инородца»?» [6]

В 1898 году во время летних экспедиций Н.Я. Коншин совершает поездку по Усть-Каменогорскому уезду. «Главной целью моей поездки по Усть-Каменогорскому уезду (в июле и августе 1898г.) было ознакомление на месте с положением переселенческих поселков». [7]

Материалы, собранные во время поездки легли в основу очерков «Переселенческие поселки в Усть-Каменогорском уезде» и «По Усть-Каменогорскому уезду», в которых описано бедственное положение переселенцев и джетаков.

В 1899 году Н.Я. Коншин совершает повторную поездку по Усть-Каменогорскому уезду, результатом данной поездки стал «Очерк экономического быта киргиз Семипалатинской области», в котором дается история возникновения Иртышских крепостей и Сибирского казачьего войска, заселения и освоения русскими и казаками долины реки Иртыша, объясняются причины переселения обнищавших джетаков в русские поселки. «Интересно знать, как объясняют сами киргизы причины своего переселения на казачьи земли. Конечно, вопрос об этом предлагался только тем киргизам, которые могли более или менее точно определить время своего выхода из волости. Оставляя в стороне случайные причины, как на самую общую причину позднейшего выселения киргиз из своих волостей необходимо указать, руководясь свидетельством киргиз, на бедность, неимение скота и невозможность найти в степи заработка. По характерным словам одного джатака, «бедным киргизам среди русских все-таки лучше».[8] Н.Я. Коншин с большой теплотой отзываясь о казахском народе, открыто встает на его защиту.

В 1900 году Н.Я. Коншин возглавляет группу, которая работает по специально разработанной программе и проводит сбор археологических сведений. Собранные материалы были переданы в статистический комитет, где они были обработаны, и на основании данных документов Н.Я. Коншиным была написана статья «О памятниках старины в Семипалатинской области» [9].

«Семипалатинская область, в археологическом отношении изучена крайне мало, что, конечно, объясняется главным образом отдаленностью края от культурных центров. Чтобы содействовать такому изучению, Семипалатинский Областной Статистический Комитет предпринял в 1900 г. собрание археологических сведений по следующей программе, разосланной, помимо некоторых частных лиц, всем управителям киргизских волостей, атаманам казачьих станиц и сельским старшинам области» [10].

Длительное время Н.Я. Коншин был редактором «Памятных книжек Семипалатинской области» и принимал активное участие в редактировании материалов газеты «Семипалатинские областные ведомости».

В 1905 году под непосредственным руководством Н.Я. Коншина в Семипалатинске начинают издавать газету «Семипалатинский листок».

После установления Советской власти архивы царских учреждений были переданы губернским и уездным революционным комитетам [5, с.133].

В 1920 году, 29 марта на заседании Семипалатинского губревкома Н.Я. Коншин был утвержден на должность заведующего архивным бюро, Н.Я. Коншин с энтузиазмом взялся за работу по приведению существующего архивного фонда в порядок и за его дальнейшее пополнение. В этот период выходит его работа «Что могут дать Семипалатинские архивы для краеведения». На этой должности Николай Яковлевич находился до 29 марта 1925 года, до ухода на пенсию.

За огромный научный вклад по изучению истории Степного края и за активное участие в открытии и дальнейшем развитии подотдела Русского географического общества в Семипалатинске Н.Я. Коншин был награжден серебряной медалью Центрального географического общества. Долгое время Н.Я. Коншин на общественных началах заведовал городской библиотекой и по сути был единственным ее работником, не получающим за свою работу жалования. Благодаря его стараниям и усилиям книжный фонд Семипалатинской библиотеки значительно возрос.

### Список литературы

1. Коншин Н. Краткий исторический очерк Семипалатинского края // Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г., Вып 5. Семипалатинск, 1901.
2. Коншин Н. О памятниках старины в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского подотдела Западно-сибирского ИРГО, Вып. I, Семипалатинск, 1903.
3. Коншин Н. От Павлодара до Каркаралинска // Памятная книжка Семипалатинского областного комитета на 1901 г. Вып. III., с. 51-58.
4. Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (до 1917 г.). – Семипалатинск. – 1927. – 34 с.
5. Краеведение Восточного Казахстана в 1917-1991 г.г. // Вестник Семипалатинского государственного университета им. Шакарима – Семипалатинск, 2003. – с. 120 -133.
6. Никитин В.П. Исторический очерк Семипалатинского края. // Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г. – Семипалатинск, 1898.
7. Общий свод по империи результатов разработки данных первой всеобщей переписи населения, произведенной 28 января 1897 г.» — СПб., 1905. Т. 1, 2.
8. Памятная книжка Семипалатинской области на 1900 г., Выпуск IV.
9. Янушкевич А. Дневники и письма путешествия по казахским степям. – Алма-Ата, 1965.
10. Шмидт С.О. Археография. Архивоведение. Памятниковедение. / С.О. Шмидт. – М.: Изд-во Рос. гос. гуман. ун-та, 1997. – 363 с.

### Н.Я. КОНШИННЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДАЛА ТАРИХЫ Ф.С. Рамазанова, Р.Т. Дауконова

*Бұл мақалада Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесінің негізін қалаушы, ғылыми қайраткер Н.Я. Коншинның Шығыс Қазақстанның археология, этнография мен тарих мәселелерін зерттеу мінездемесі берілген.*

### ISSUES OF ARHEOLOGY, ETHNOGRAPHY AND HISTORY OF THE STEPPE REGION IN KONSHINS SCIENTIFIC HERITAGE F.S. Ramazanova, R.T. Daukonova

*This article describes N. Konshins scientific activity, one of the Russian Geographical Society for the Study of archeology, ethnography and history of East Kazakhstan.*

ӘОЖ 658.114.1.(574.53)

**З.С. Абдирасилова**

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қаласы

### КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (Оңтүстік Қазақстан аймағы материалдары бойынша(1861-1917 гг.))

*Аннотация:* Мақалада автор XIX ғ II-ші жартысы- XX ғ басындағы Оңтүстік Қазақстан аймағындағы кәсіпкерлердің мақта шаруашылығы саласындағы қызметін қарастырған. Мақалада әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық және мәдени жағынан маңызды аймақ болып табылатын оңтүстік өңірдегі кәсіпкерлік мәселесі кешенді зерттелген.

*Сондай-ақ, қарастырылып отырған кезеңдегі кәсіпкерлердің мақта шаруашылығын қалыптастыру мен дамытудағы іс-әрекеттері сараланады. Осы кезеңдегі ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік қолдау мен кедергілер мақалада кешенді талданған.*

**Кілт сөздер:** кәсіпкерлік, мақта, сауда, ауыл шаруашылығы, тарих.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер болып жатқанда, оның өткен тарихи кезеңдерін түсіну мен зерттеудің маңыздылығының артатындығы белгілі. Осыған орай, нарықтық шаруашылықтың ұлттық жобасын

құрудың белсенді ізденістері басталды.

Патшалық Ресей Түркістанды отарлау арқылы мақта-мата фабрикаларын арзан шикізатпен қамтамасыз ететін үлкен мүмкіндікке ие болды. Қарастырып отырған аймақтағы мақта өсіру саласындағы кәсіпкерліктің қалыптасуы және даму тарихы А.Ф. Губаревич-Радобыльский [1], С.Г. Гулишамбаров [2] зерттеулерінде қарастырылды.

Қазақстанның оңтүстік аймағының климаттық ерекшелігі кәсіпкерлердің ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруде өз қызметтерін жүргізуге мүмкіндік берді. Кәсіпкерлік тәуекелді де қауіпті еңбек болып есептелінсе, оның аграрлық саладағы қызметі ең қауіптісі болатын. Дегенмен, табиғи апатқа жиі ұшыраған кәсіпкерлер қызметтің саудамен байланысты салаларына ауысып кетіп отырды.

Жалпы алғанда еліміздің оңтүстік аймағының табиғи жағдайы өлкеде егіс мәдениетімен айналысуға мүмкіндік береді. Қазақ жерін отар аймаққа айналдырған ресейлік үкімет өлкеде жер өңдеуге аса көңіл бөліп, бұл іске кәсіпкерлерді жұмылдырды. Мәселен, осы кезеңде Сырдария облысының территориясы 34 413 539 десятин болса, оның 848 302 десятин жері яғни, 2,47 % егіс алқабы алып жатты, ал Жетісу облысының 16 139 686 десятин жерінің 394 826 десятиніне яғни 2,45 % жеріне егіс егілді [3].

Біз қарастырып отырған кезеңде аграрлы саладағы кәсіпкерлік (әсіресе мақта өсіру кәсібі) айтарлықтай дәрежеде дамыды. Кәсіпкерлер ресейлік мақта-мата фабрикаларын шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында мақта өсіру кәсіпшілігіне үлкен мән берді.

Оңтүстік өлкедегі мақта өндірісі фермерлік кәсіпкерлік жолмен дамыды. Мұнда алғашқы уақытта жергілікті далалық мақта сорттары егілетін болса, кейінен орыс кәсіпкерлері оңтүстік өңірге америкалық мақта сортын әкелді. Жыл сайын америкалық мақта өсіретін плантаторлар қатары көбейіп, егіс көлемі артты. Сонымен қатар, өңдеу өндірісінің тазалау тәсілдері, мақтаны нығыздау және қораптау дәреже деңгейі көтерілді.

Мақтаны тұтынушы орыс өнеркәсіпшісі мен оны өсіруші кәсіпкерлер арасын орыс несиелік банкітері тығыз байланыстырды. Банкілер сауда-ростовщиктік капиталды және өсіру операцияларын несиелен қамтамасыз етті. Бұл мақта өндірісінің жандануына мүмкіндік беріп, капитал көзімен қамтамасыз етілген кәсіпкерлер жақсы пайда тапты. Бұны өлкедегі мақта шикізатының бағасының өсуінен көруге болады. Мәселен, мақта бағасы орта есеппен 120 сом болса 60-шы жылдары оның бағасы өзінің ең жоғарғы дәрежесіне жетті [4].

Америкалық тұқымды Түркістан мақтасы Мәскеу және басқада ресей рыноктарын мақтамен қамтамасыз етіп айтарлықтай орын иеленді.

Мұрағат деректерінде сақталған генерал-лейтенант Городековтың 1890 жылы Сырдария облысының Ташкент қаласында өткен ауылшаруашылық және өнеркәсіп көрмесі туралы берген есебінде, халықтың қазба және өңдеу өнеркәсібін игеру барысында үлкен жетістіктерге жете бастағанын, облыстағы халық шаруашылығының жағдайы көңіл толарлықтай әсер қалдырғанын айта келіп : «...бірнеше жыл бұрын пайда болған өндірістер мықты негізге тұрып прогрессивті түрде дамуда. Сонымен қатар өзіне тұтынушылар мен империяның ішкі сауда және өнеркәсіптік орталықтарын тартып, әсіресе американ сортты мақтасына үлкен сұраныс туындап, бұл өсімдіктің өсіру алаңы мен мақта тазалайтын зауыт саны өсіп келеді» -деп хабарлады [5].

Түркістан өлкесінде бұрыннан өсіріліп келе жатқан мақтаның далалық сортының өнімділігі төмен болатын. Сондықтан мақта шикізатына сұранысы күшейген ресейлік өнеркәсіпшілер өлкеге американдық мақта сорттарын әкеліп тәжірбиеден өткізді. Бұл келесі жолмен іске асты. Ресейдің алдыңғы қатарлы өнеркәсіпшілері Савва Морозовтың Николь мануфактурасы, Корзинкинаның Ярослав мануфактурасы, Алексеевтер Серіктестігі және К° сол сияқты, басқа да фирмалар Құрама Штаттардан мақтаның жоғарғы сорттарының тұқымдарын алдырып, түскен өнімді базар нарқымен немесе алдын ала келісілген бағамен тек өздеріне қайта сататын етіп келісімге отырып мақта егумен айналысушыларға тұқымды тегін таратты. Осыдан кейін Түркістандағы мақта өндірісі ілгерілеп дами бастады. Жергілікті әкімшілік ауыл тұрғындарына кіріс беретін мақта өндірісінің дамуына ерекше мән берді. Мақтаның «Upland» сорты әкелініп, ол Орта Азия жерінде жақсы тұрақтанды. Мақтаның бұл сорты қазірге дейін Түркістанда егіледі. Осы аталған фирмалар мақташыларға арнап керекті несиелер беріп және ең бастысы қолмен мақта тазалау еңбегін жаңа қолайландырылған техника түріндегі мақта тазалайтын құралдармен алмастырды. Барлық дәнді дақылдар мен жұмыс күшінің арзандығы Москвада мақта сортының әр пұтының 7-8 сом емес 10 сом тұратындығы тез арада баюды көздеген барлық кәсіпкерлердің басын айналдырды. 1884 жылы алғаш рет Москвада өткен өлкелік көрмеге Кудрин фирмасы американдық тұқым мақтасының 100 пұтын алып келді [6]. Жергілікті халық мақтаның далалық сортына қарағанда жаңа американдық сорттың пайдалылығын көріп, өздерінің жерінде американдық сортты өндіруге қызығушылық туғызды.



Мемлекеттік шенеуіктер мақта өсіруді қолдады. Мәселен, Генерал-губернатор А.А.Кауфманның 1903 жылы Түркістан өлкесіне жасаған іс сапарының есебінен патша үкіметінің отарлау саясатының ерекшелігін және оның бұл аймақта жүргізілген экономикалық саясатын анық көруге болады. Ол қазақ жері патшалық Ресейдің қызығушылығын қамтамасыз етуге міндетті деп есептеді. А.А.Кауфман: «Қызу талқылауды талап ететін маңызды мәселелердің бірі өлкенің нақты қай жерлері орыс отарлауына пайда келтіреді және мемлекеттік қызығушылық туғызатын Сырдария бассейні суын тиімді пайдалану мәселесін талқылау бізге маңызды болмақ», -деп жазды. Ол Петровтың «Түркістан Ресей отары болғандықтан, өзінің климаты мүмкіндік беретін өніммен қамтамасыз ету керек, мұндай өнім ең бастысы мақта мен күріш» -деген ұсынысына қолдау жасап, ең бастысы Ферғана облысында (246 мың. дес) және Сырдария облысының құрғақ даласында (375 мың. дес) өсіру жұмыстарын жүргізу керектігі жөніндегі ұсыныс жасады [7].

Түркістан өлкесінде мақта өсіру кәсіпкерлігінің дамуына патшалық саясат қолайлы жағдай жасады. Бұған дейін Ресей мақта-мата зауыт-фабрикалары мен текстильді кәсіпорындары мақтаны сырттан, көбінесе Америкадан тасуға мәжбүр болатын. Ресей Түркістан өлкесін отарлау арқылы мәселені оңай шешу жолын тапты. Бұл мәселені іске асыру барысында бірнеше іс-шаралар жүргізілді.

Жерге орналастыру және Жер өңдеу басқармасының Бас Басқарушысы Кривошеин 1912 жылы Түркістандағы мақта шаруашылығын Ресейден әкелінетін нан есебінен болса да, өте көп мөлшерде кеңейту керектігін дәлелдеумен болды. Ол: «Түркістан бидайының жиналған әрбір артық пұты Орыс және Сібір бидайына бәсеке болады; ал, әрбір Түркістан мақтасының жиналған артық пұты америка мақтасына бәсеке болады. Сондықтан өлкеге қымбатқа түссе де сырттан әкелінген нан беріп, егіс алқабын мақта өсіру үшін босату керек» -деген ұсыныс жасады [8].

Түркістанда алғашқы мақта өсірумен айналысушылар жақсы пайда тапқандықтан, бұл салада кәсіпкерлік кеңейе түсті. Оған мақта кедені саясаты қолайлы әсер етті. Оның тарихына қысқаша тоқталсақ, 1841-1864 жылдары сырттан әкелінетін мақта шикізатына 25 тиын көлемінде баж салынған болатын. Алпысыншы жылдары Түркістан өлкесі Ресей отарына айналған соң бұл баж салығы алынып тасталынды. 1864 -жылдан 1878 жылдың 21-ші желтоқсанына дейін Орталық Азия мақтасына баж салығы салынған жоқ [9]. 1890 жылғы басқа жақтан әкелінетін мақтаға баж салығына 20% қосылуы туралы жарлық шыққаннан кейін, жергілікті мақта өндірісінің дамуына мүмкіндік туды. 1891 жылғы 1 сом 20 тиын және құрғақ жолмен келетін мақтаға 1 сом 35 тиынға көтерілуі Ресейдің осы аймағында мақта өндірісінің өркендеуіне алып келді. 1896 жылы сырттан келетін мақта шикізатына баж салығына көтерілуі және Закаспий теміржолының Ташкентке дейін созылып, Өндіріс тармағының жіберілуі азиялық мақта өндірісінің жақсы дамуына жағдай туғызды [10].

Сырдария облысында мақта алаңдары жыл санап өсті. Мәселен, 1903 жылы 11 мың десятин жерге егіс егілсе, 1906-1907 жылдары мақта алаңы 27-39 мың десятин жерді алып жатты [2; 75 б].

Өсіру саласында жеке кәсіпкерлердің өркендеу кезеңі 1910-1911 жылдары арта бастаған болатын. Бұл жөнінде П.Г.Галузо: «Түркістанда мақта қызуы (горячкасы) басталды: көпестер, чиновниктер, офицерлер, сол сияқты кімде ақша болса сол мақта плантациясын егіп, мақта тазалайтын зауыттар салуға кірісті. Жергілікті халық алғашқыда америка мақтасына күдіктене қарағанымен, кейіннен бұл өсімдіктің кереметін көріп, осыған аусты» - деп жазды [11].

Мұрағат деректерінде сүйенсек, 1911 жылы мақта егісі 38 % өсіп, осы жылы 2 700 000 пұт мақта шикізаты жиналғаны белгілі [12].

Жылдан жылға мақта өсірудің көбейуіне, осы саланы қаржыландырушы жергілікті капиталистердің белгілі территорияға мақта егу үшін жериеленушілерге несие ақша беруі себеп етті. Облыс бойынша 1913 жылы 14 млн сомға 4 млн пұт мақта өндірілді. Бұл мақта егушілердің қарыздарынан құтылып, тұрмысын жақсартуға мүмкіндік берді [13].

Алғашқыда болжағандай мақта өсіруге өлкенің тек қана Ташкент және Амудария бөлімі ғана қолайлы емес, сонымен қатар, мақта егісі тұтас Шымкент уездын қамтып, тіпті Түркістан қаласына жақындады [14].

Сырдария облысының Ташкент және Шымкент уездарында кәсіпкерлер мақта етуге үлкен мән берді. Шымкент уезында Орта Азиялық мақта сорты «гуза» егілді. Мәселен, 1911 жылы Шымкент уезында мақта егісінде 5027 десятина жер болса, оның 723 десятинасын мақтаның үлпілдек сорты (гуза) алып жатты [15].

Барлық тазартылған мақтаның 1 млн пұты Ресейге шығарылады. Одан басқа 390 200 пұт мақта тұқымы май өндіру мақсатында Нижний Новгород зауытына жіберіледі және Ташкент уезында тазартылған мақта майы сыртқы шығарылымға түсті [16].

Мақта өнімінің экспортқа шығарылған тауарлардың ішінде ара салмағының қандай

болғандығын келесі материалдан білуге болады. 1910 жылдары Орталық Азиядан шығарылатын тауарларды салыстыра есептегенде 138 млн сомға мақта, 2 млн сом люцерн тұқымы, 2,3 млн сомға кілем және алаша (киіз), 2,3 млн сомға күріш, 3 млн сомға мақта майы, 3,5 млн сомға кептірілген және жаңа піскен жеміс-жидек, 4,8 млн сомға кокон және жібек, 6 млн сомға жүн, 8 млн сомға тері, 12 млн сомға каракөл терісі шығарылды [1; 87 б]. Байқағанымыздай шығарылған тауардың басым бөлігін яғни, 138 млн сомын мақта шикізаты құраған.

Алғашқы уақытта мақта өсіру кәсібімен тек қана сарттар айналысқан болса, енді қазақтардың да бұл кәсіппен шұғылдана бастағаны туралы баспа беттерінде жазыла бастады. Мәселен, 1915 жылы «Қазақ» газетінде мынадай мақала жарық көрді: « Бұрын бүкіл Түркістан уалатында мақта егетін жұрт сарт еді. Қазақтарда да сарттардың жеріндей сулы жерлер болса да, қалай егуін білмей, білсе де шығынына төзе алмай, неше жылдан бері қызмет қылатын жігіттер мақта егетін сарттарға жалданып жүруші еді. Биыл әлдеқалай бір жер суы болмағандықтан болмаса, Түркістанның көп жерінде қазақтар мақта егу кәсібіне өздері кірісіп тұр. Бұл жақсы ырым. Басқа жұрт қылған кәсіп, пайдадан біздің қазақ та үміт етіп, талаптанып тұр» -деп қуана хабарланды [17].

XIX ғасырдың соңында мақта егісі 1900 жылға дейін толассыз өсіп, осы жылдары 246 сажень мың гектарға жетті. Ресейге 82 мың тоннаға жуық мақта әкетіліп, орыс өнеркәсіптерінің мақта сұранысының 33%-ын қамтамасыз етті [18].

XX ғасырдың екінші онжылдығының соңында өсіру кәсіпкерлігінің маңызы төмендей бастады. Алғашқы қызу толқынының көтерілгеніне көп жыл өтпестен кәсіпкерлердің ауылшаруашылығы өнімдерін өсіруге деген көңілдері қала бастағаны байқалды. Онымен қоса XX ғасырдың басындағы Ресейдегі революциялық қозғалыстың Қазақстанға әсері, Қазан төңкерісі және одан кейінгі азамат соғысына ұласуы бұл салада үлкен дағдарыс әкелді. Жаңа құрылған жас мемлекет саясатында кәсіпкерлік қайраткерлікке деген көзқарас өзгеріп, жеке кәсіпкерлік мәселесі қолдау тапқан жоқ. Бұл өзі енді жүйеленіп келе жатқан қазақстандық кәсіпкерлік үшін үлкен тосқауыл болған еді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Материалы для изучения хлопководства. Главное Управление Землеустройства и Земледелия., Хлопковый комитет., Значение Туркестана в торговле России с сопредельными странами Азии. //Составил член комитета А.Ф.Губеревич-Радобильский под редакцией секретаря комитета Н.И.Малаховского. –С-Петербург: тип. В.Д.Кириебаума, 1912 г. –С. 22-23.
2. Экономический обзор Туркестанского района. Составил С.Г.Гулишамбаров –Асхабад: Электротпечатная, З.Д.Джаврова, 1913г. -С.42-44.
3. Төлебаев Т.Ә. Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы (XIX ғасырдың II жартысы-XX ғасырдың басы) : Тар. ғыл. док. дәр. Алу үшін жазылған диссертация. –Алматы.: Каз ҰУ, 2002. - С.250-251.
4. Галузо П.Г. Туркестан –колония. Москва: Из.Коммунистического Университета трудящихся Востока им. И.В.Сталина, 1929. -111 с.
5. ӨР ОММ, И-269-қ., 1-т., 18-іс., 3-п.
6. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. –С-Петербург: Типография В.Д.Кириебаума, 1903 г. //Отчет Члена Ученого Комитета М-ва З. и Г.И. А.А.Кауфмана по командировке летом 1903 года. -С.72.
7. Бұл да сонда ... -73 бет.
8. Сонда,... Галузо П.Г. Туркестан –колония. -111 бет.
9. Заорская В.В. и Алксандер К.А. Промышленная заведения Туркестанского края. IV. Отдельное отрасли промышленности. –Петроград: Екатеринбург типография, 1915. -С. 5-6
10. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. –С-Петербург: Типография В.Д.Кириебаума, 1903 г. //Отчет Члена Ученого Комитета М-ва З. и Г.И. А.А.Кауфмана по командировке летом 1903 года. -С. 21-22
11. Галузо П.Г. Туркестан –колония. Москва: Из.Коммунистического Университета трудящихся Востока им. И.В.Сталина, 1929. -С.18-19.
12. ӨР ОММ, И-269-қ., 1-т., 536-іс, 13 п.
13. ӨР ОММ, И-269-қ.,1-т., 536-іс, 50 п.
14. Туркестанский сборник 519. -С.135
15. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 год. Ташкент, 1913. -48 с.
16. Галузо П.Г. Туркестан –колония... -113 с.
17. Қазақ., 1915 жыл. №139.
18. Галузо П.Г. Туркестан –колония... -26 с.

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ В ОБЛАСТИ ХЛОПКОВОДСТВА  
по материалам Южного Казахстана (1861-1917 гг.)  
З.С.Абдирасилова**

*В данной статье автор рассматривает деятельность предпринимателей в области хлопководства Южного Казахстана во II-половине 19 – начале 20 вв.*

*В статье поднимаются проблемы в области предпринимательства социально-экономической, этнодемографической и культурной значимости данного региона. В работе рассматривается формирование и развитие хлопковой промышленности данного периода. Дается комплексный анализ государственной поддержки и препятствий в развитии сельского хозяйства данного периода.*

**THE ACTIVITIES OF ENTREPRENEURS IN THE FIELD OF COTTON PRODUCTION according  
to the materials of the southern Kazakhstan (1861-1917)  
Z. S. Abdirassilova**

*In this article the author examines the activities of entrepreneurs in the field of breeding of cotton southern Kazakhstan in the second half of 19th – early 20th centuries.*

*The article deals with the problems in the field of entrepreneurship, socio-economic, ethno-demographic and cultural significance of the region. This paper examines the formation and development of the cotton industry of this period. Gives a comprehensive analysis of the state support and constraints to the development of agriculture in this period.*

ӘОЖ: 940.5(574)

**З.С.Токбергенова**

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қаласы

**ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ»  
САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ**

***Аннотация:** Мақалада Кеңес үкіметінің Түркістан өлкесінде азық-түлік диктатурасын орнатып, ауыл тұрғындарынан азық-түлік пен мал басын зорлап тартып алып отырғандығы қарастырылады. Оның арты аштыққа ұласып, аштықтың өлкеге тегіс таралғаны аталып өтіледі. Жергілікті тұрғындардан тартып алынған азық-түлікті үзіліссіз ашаршылыққа ұшыраған Ресей қалаларының тұрғындарына жөнелтіп отырғандығы айтылады.*

***Кілт сөздер:** Кеңес өкіметі, азық-түлік диктатурасы, салғырт, «әскери коммунизм», Халық Комиссарлар Кеңесі.*

Кеңес өкіметі орнасымен В.И.Ленин басқарған орталық үкімет бүкіл ел көлемінде астық монополиясын, азық-түлікке тұрақты баға тағайындау тәртібін, артық өнімді мемлекетке алып, оны қайта бөлу үрдісін айқындаған “соғыс коммунизмі” әскери-экономикалық шаралар жиынтығын енгізіп, оларды коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің экономикалық саясатының құрамдас бөліктері деп жариялады.

1918 жылғы 9-мамырда Ресей Федерациясы Халық Комиссарлар Кеңесінің “Азық-түлік комиссариатына деревнялық буржуазиямен күресте төтенше билік беру туралы” декреті жарияланды. Онда “бұл құжат азық-түлік қорын жасырып, алыпсатарлықпен айналысатын деревнялық буржуазиямен күрес” мақсатында қабылданды делінгенімен осы қаулының негізінде елде азық-түлік монополиясы мен астыққа деген тұрақты бағаның орнатылуы тек қана “деревня буржуазиясына” ғана емес, жалпы шаруалар қауымына, басқа сөзбен айтқанда, астық пен басқа да азық-түлікті өндірушілерге қарсы бағытталды. Дәлірек айтсақ бұл декрет товарлы-ақшалы нарықтық қатынастардың тамырына балта шабуға жол берілді. Осы декретке сәйкес өз қолдарындағы азық-түлік қорларын үкімет бағалаған тұрақты бағалармен дер кезінде өткізбегендер халық жаулары деп жарияланып, он жылдан кем емес мерзімдерге бас бостандығынан айырылып, басқа өңірлерге жер аударылатын болды [1, 52-53 б.].

Бұл декрет арқылы Орталық кеңес үкіметі бүкіл елде, оның ішінде Қазақстан мен Түркістанда азық-түлік диктатурасын орнатты. Түркістан өлкесінің Сырдария облысында Кеңес өкіметінің орнап, нығаю процесімен қатар азық-түлік диктатурасы да орнатыла бастады. Диктатура күштеуге сүйенген билік деген сөз жиі айтылатын болды: пролетариат диктатурасы, азық-түлік диктатурасы дегендей.

Азық-түлік саясатында осындай қатал шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде 1917 жылғы қарашадан 1918 жылғы мамырға дейін Қазақстаннан Ресейдің орталық өнеркәсіп аудандарына 18.245 мың пұт астық, 1.478 мың пұт ет, 220 вагон балық жөнелтілді, ал бір ғана Сырдария және Жетісу облыстарының 1918 жылғы өнім есебінен 4622 мың пұт астық, 432 мың бастан астам қой, 12 мың басқа жуық ірі қара мал дайындалды [2, 75 б.; 78 б.].

Уақыт өткен сайын айтылмыш декретке сәйкес азық-түлік салғыртының (продразверстка) көлемі өсе берді. Мәселен, Сырдария облысында 1919 жылғы астық өнімі бойынша әр уезге салынған азық-түлік салғырты (продразверстка) мен оның орындалу нәтижесі төмендегідей болды (пұтқа есептегенде) [3, 19-20 п.].

Кесте 1 - Сырдария облысында 1919 жылғы астық өнімі бойынша әр уезге салынған азық-түлік салғырты мен оның орындалу нәтижесі

Азық-түлік комитеттері	Салым көлемі	Орындалуы	Пайызға шаққанда	Қалғаны (пайызға шаққанда)
Ташкент уезі	1.733.845	889.697	51,3	48,7
Бетпақдала уезі	425.000	82.485	19,4	87,7
Черняев уезі	2.167.093	502.262	23,2	76,8
Түркістан уезі	75.000	74.060	98,7	7,3
Әулиеата уезі	1.710.000	420.824	24,1	75,9
Перовск уезі	125.000	44.77	35,8	64,2
Қазалы уезі	113.710	7.706	6,7	93,3

Сол кездегі мал басына белгіленген салғырттың көлемі мен орындалу көрінісі мынандай болды (мал басын ірі-қараға шаққанда) [4, 19-20 п.]:

Кесте 2 - Мал басына белгіленген салғырттың көлемі мен орындалу көрінісі

Уездің азық-түлік комитеттері	Салым	Орындалды	Пайызға шаққанда
Ташкент уезі	99.820	65.817	65,9
Бетпақдала уезі	44.180	13.557	28,1
Черняев (Шымкент)уезі	56.800	52.539	92,4
Түркістан уезі	5.000	7.572	151,4
Әулиеата уезі	65.000	47.260	72,7
Перовск уезі	9.600	21.393	222,8
Перовск уезі	9.600	21.393	222,8
Қазалы уезі	27.672	10.002	36,5
Қорытынды	312072	218.140	69,8

Жер-жерлерге жіберілген азық-түлік комитеттерінің өкілдеріне мына мағынадағы нұсқаулар берілген: “Азық-түлік қызметкері (продработник) Ленин жолдастың сөздерін жадында сақта: кулакты тона, орташаны ренжітпе, кедейге көмектес” - іс жүзінде осы нұсқаудағыдай болды [5, 22 п.]. Салғырт мен салық кедей, орташа, дәулетті, бай демей жаппай жиналды. Азамат соғысы тудырған қосымша қиыншылықтарға орай тапшылық көрген орталық Ресей өнеркәсіп орталықтарының тұрғындары үшін жинайтын азық-түлік мөлшері, әсіресе ет салығының көлемі өсті. Ол үшін мал баққан Сырдария облысының шаруаларын (басым көпшілігі қазақтар болған) әртүрлі әлеуметтік топтарға қалай болса, солай бөліп, олар төлейтін ет салығының (мал басының) мөлшелері анықталды. Облыс тұрғындарының ірі-қараға шаққанда 6 басқа дейін малы барлар - кедейлер, 10-басқа дейінгі малы барлар - орташалар, 11-ден 20-ға дейін мал иелері - байлар деп есептелді. Осы әлеуметтік топтар мүшелеріне салынатын салық мөлшері былай анықталды: 6-дан 10-ға дейін малы барлар бір малдан, 11-ден 20-ға дейін малы барлар 2 бас малдан, 31-ден 40-қа дейінгі малы барлар 5 бас малдан, 40-тан 50-ге дейінгі малы барлар - 10 бас малдан, 60 бастан астам малы бар кісілер бар малының 25%-ын мемлекетке өткізуге міндеттенді [2, 79 б.]. Осындай есепке сүйенген (дәлірек айтсақ, ол

есептегі көрсетілген салық мөлшерін өздерінше көбейтіп отырған) азық-түлік жинаушылар іс жүзінде қазақ ауылдарын тонауға кірісті. Жергілікті “продработниктерге” Ресейдің орталық аудандарынан 1918 жылдың көктемінен Қазақстан мен Түркістанға жіберілген азық-түлік отрядтары (продотряды) мен жұмысшылардан тұратынын автомобиль колонналары көмектесті. 1918 жылғы бір ғана сәуір айында Ресей Федерациясының азық-түлік комиссариаты Қазақстан мен Түркістанның көптеген өңірлеріне 1000 “революцияшыл” жұмысшылардан тұратын азық-түлік отрядтары мен жүздеген автомашиналардан тұратын колонналар жіберді. Уақыт өткен сайын олардың сандары еселеп өсті. 1920 жылы бір ғана Сырдария облысында Ресейден келген құрамында 900-дей адам бар 300 азық-түлік отряды орталық үшін астық пен мал басын жинап, оларды үзіліссіз ашаршылыққа ұшыраған Иваново-Вознесенск, т.б. қалалардың тұрғындарына жөнелтіп отырды [6, 222 б.; 7, 120 п.]. Осындай әрекеттер нәтижесінде 1920 жылдың бірінші желтоқсанына дейін Сырдария облысын түгел тінтіп шыққан азық-түлік отрядтары ресми мәліметтер бойынша 80.502 пұт бидай, 2.303.675 дәндік жемшөп (зернофураж), 130.110 пұт ет, 3804 пұт көкөніс дайындады [8, 4 п.].

Бұл отрядтар өлкенің ауыл тұрғындарынан азық-түлік пен мал басын зорлап тартып алып отырды. Оларға кейбір жергілікті билік басында отырған шовинистік пиғылдағы, жергілікті халыққа жаны ашымайтын чиновниктер барынша көмектесті.

Сондай қаныпезерлердің бірі Перовскі уезін ешбір шек қоюсыз билеген Гершот деген болды. Ол туралы Мұстафа Шоқай өзінің “Кеңестер билеген Түркістан атты енбегінде былай деп жазды: “Перовскіде өзі би, өзі қожа Гершот отыр. Одан тұтастай халық - қырғыздар (қазақтар) үдере көшкен. Осы босқыншылықта бір миллионға жуық адам өлген” [9, 75 б.].

Шет елде эмиграцияда болған Мұстафа Шоқайдың осы сөздері Ташкентте шығып тұрған “Бірлік туы” газетінің 1918 жылғы бір санында жарияланған мақаламен сарындас. “Осы күні, - делінген айтылмыш мақалада, - Сырдария облысына аштықтың тегіс таралғаны, аштыққа шыдай алмай көбінше қазақтардың басы ауған жаққа қаңғып кетіп жатқаны газет оқырмандарына белгілі... Осы аштық Ақмешіт уезінде болып, күн сайын өлім-жітім көбейе бастады және осы өлген адамдарға кебін табу қиынға айналды. Кебін табылса, ақ жауып, арулап көметін адам табылмай састырды...” [10].

Әулиеата уезіндегі ашаршылыққа байланысты Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған 1918 жылғы 15 қарашада жазылған бір құжатта осы өңірдегі тіркелген ашыққандар саны 5000-ға жеткендігі, оларға шұғыл түрде көмек көрсетілмесе, көктемге дейін осы 5000 адамның жартысы ғана тірі қалуы мүмкін делінген [11, 35 п.].

Ашаршылық Қазалы уезін де шарлады. “Ұлұғ Түркістан” газетінің 1918 жылғы екінші сәуірдегі санында осыған орай жарияланған мақалада былай делінді: “...Қорқынышты ашаршылық Қазалы уезінде де көріне бастады. Бұл пәлекет әсіресе қазақ халқы үстіне түсті. Қазір даладан қалаға бірін-бірі сүйреп келушілер көбейді. Бұлардың ішінде аштан өліп жатқандар бар... Қазалының оқыған жастары қаланың саналы ақсақалдарын жинап, аштардың хал-жағдайларын түсіндірді... Көмек комиссиясы сайланып, жәрдем жинай бастады”. Мақала авторы М. Күзембаев Қазалыда ашыққандарға Мұқымбай Хасенбайұлы сияқты дәулетті адамдардың көп жәрдем бергендігін атап көрсетті. Мұндай бастамалар Сырдария облысының басқа аймақтарында да көріне басталды. Мәселен, 1918 жылғы 26 қазан күні Әулиеата уезінің зиялылары мен дәулетті топтары өкілдерінің өңірді жайлаған ашаршылыққа байланысты басқосулары (құжатта “конференция” делінген) өтті. Оған Қарабастау болысынан Керімбай Буракин, Билікөл болысынан - Белқожа Ташманбетов, Ошақты болысынан - Әбдрахман Жанабаев, Ұйық болысынан- Әбдрахман Бейбітов, Сейсембай Әлімбеков, Жаманқара Ниязбеков, Тастөбе болысынан - Омар Ниязбеков, т.б. болыстардан ұзын саны 30-ға жуық қатынасты. Уездегі қазақ болыстарының өкілдері осы басқосуға уездік Кеңестің Атқару комитетінің большевиктер фракциясының мүшелері Н.Прокудин, Федоров-Завадский шақырылды. Осы мәжіліске қатынасушылар ашыққандарға көптеп-көлемдеп, халық есебінен азық-түлік, сойыс мал, киім-кешек жинау жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Сонымен қатар Кеңестердің уездік комитетінің мүшелері Төрәкүл Жанұзақов пен Тұрар Рысқұловты Түркістан үкіметіне өздерінің өкілдері етіп жіберу жөнінде шешім қабылдап, оларға өлкелік үкіметке аштарға көмек көрсету туралы өз талаптарын жеткізуді тапсырды [12, 9 п.; 54 п.].

Жергілікті халықтың осындай ауыр жағдайға ұшырағандығына карамастан, орталықтан келген Кеңес өкіметінің азық-түлік отрядтары өздерінің тонаушылық іс-әрекеттерін жалғастыра берді. Халық бұқарасы тарапынан әртүрлі деңгейдегі және әрқилы түрдегі қарсылыққа кездесті. Бұл қарсылықты Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясының жергілікті белсенділері “буржуазияшыл ұлтшылдардың” залымдық әрекеттері деп түсіндірді, азық-түлік отрядтарының әрекеттерін ақтап, қолдап отырды. Мәселен, Орталық Ресейден келген азық-түлік отрядтардың тонаушылық іс-

әрекетінің тігісін жатқызбақ болған бір мақалада былай деп жазылды: “Жұмысшы отрядтарының деревняға жасаған жорығын (поход) бір ұлттың екінші ұлтқа шабуылы деп ұқпау керек. Бұл отрядтар өздерінің қызметін барлық ұлттардың кедейлерін біріктіруге бағындырулары қажет”. Одан әрі қарай мақала (оның авторы көрсетілмеген. Ол редакция атынан жарияланған сияқты) Ресейден келген азық-түлік отрядтары “кедейлер мен орташалардан астықты күштеп тартып алу үшін емес, керісінше кулактар мен байлардан оны азық-түлік алуда оларға көмектесу үшін келді”, - деп жауырды жаба токиды [13].

В.И.Ленин болса, Ресей мен ұлт аймақтардағы ашаршылықтың себептерін біржақты түсіндірді. Ол халықтың айтарлықтай бөлігінің Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан ашаршылыққа ұшырауын буржуазия мен байлардың қарсылығының нәтижесі деп жариялады.

“Ашаршылық Ресейде астық жоқтығынан емес, - деп жазды ол Путилов заводының жұмысшыларына жазған хатында,- буржуазия және барлық бай адамдар ең маңызды және қиын мәселеде, астық туралы мәселеде, еңбекшілер үстемдігіне, жұмысшылар мемлекетіне, Совет өкіметіне қарсы ең ақырғы шешуші зор майдан ашып жатқандықтан болып отыр” [14, 391 б.]. Одан әрі Кеңес үкіметінің басшысы ашаршылықтың кең етек жаюына себепші болып, “астық монополиясына, мемлекеттік астық бөлу ісіне кедергі жасап, кесел келтіріп отырғандарға” қарсы қатал күрес ашу қажеттігін баса көрсетті. Бұл күресте ең алдымен Петроград сияқты өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары бастаулары қажет деді. Олар, яғни өнеркәсіп жұмысшылары, деді большевиктер көсемі “...он жетінші жылғы февраль мен октябрьдегіден кем түспейтін ерлік көрсетуді талап ететінін, астық пен жалдаптық жасаушыларға қарсы кулактарға, алпауыттарға, іріткі салушыларға, паракорларға қарсы ұлы “крест жорығын” ұйымдастыру керек екенін... түсінуге тиіс” [14, 391 б.].

Осы «крест жорығына орталық аудандардың жұмысшыларының үлгісімен “ұлан-байтақ елдің барлық түкпірлерінде алдыңғы қатарлы жұмысшылар жаппай шығуы керек” екендігін ол баса, шегелеп айтты. “Коммунизмге, - деді ол, - сапалы түрде және шексіз берілген пролетариаттың темірдей берік отрядтары ондаған есе көп болуы керек... Сонда біз революцияны социализмнің табалдырығына дейін жеткіземіз” [14, 394 б.].

Орталық Кеңес өкіметінің басшысынан осындай “бата алған”, қатарында сан мыңдаған «революцияшыл пролетариаттың саналы өкілдері бар азық-түлік отрядтары жер-жерлердегі Кеңес өкіметінің солақай белсенділері мен “кедейлер комитеттеріне сүйеніп”, заңсыздық, зорлықшылдық әрекеттерге барды. Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясының Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі алғашқы жылдарда негізі қалыптасқан жалпы экономикалық, оның ішінде аграрлық және азық-түлік мәселесіндегі саясаты түптеп келгенде, кейінгі кезеңдерде Кеңес Одағында қалыптасқан тоталитарлық жүйеге қызмет етіп, мыңдаған кәсіпкерлер мен миллиондаған шаруалар бұқарасына ауыр қасіреттер әкелді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Директивы КПСС Советского правительства по хозяйственным вопросам (1917-57 годы) // Сборник документов: в 4-х т. – М.: Госполитиздат, 1957. – 1 т. – 590 с.\
2. Тугов П.И. Некоторые вопросы продовольственной политики Советской власти в Казахстане в 1917-1920 годах // Труды института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР.– Алма-Ата, 1962. – Т.3. – С. 75-78.
3. ҚР ОММ. – Қор-1, тізбе - 1, іс -12, 19-20 п.
4. ҚР ОММ. – Қор-1, тізбе - 1, іс -12, 19-20 п.
5. ҚР ОММ. - Қор-406, тізбе-1, іс-1а, 22 п.
6. Орлов Н. Девять месяцев продовольственной работы Советской власти. - М., 1918. – 9 с.
7. Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор- 25, тізбе-1, іс-358, 120 п.
8. Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-805, тізбе-1, іс-149, 4 п.
9. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құраст. Б. Серікбайұлы, Қошым-Ноғай. – Алматы, 1992. – 184 б.
10. Бірлік туы. - Ташкент. –1918, наурыз - 22.
11. Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-384, тізбе-1, іс-3, 35 п.
12. Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-384, тізбе-1, іс-9, 54 п.
13. Известия. – Ташкент, 1920, қаңтар –14. - №34.
14. Ленин В.И. Совет өкіметінің кезектегі міндеттері: научное издание. – Алматы: Қазақстан, 1982. – С.41-46.

**ПОЛИТИКА «ВОЕННЫЙ КОММУНИЗМ» В ТУРКЕСТАНСКОМ  
КРАЕ И ЕЕ ПОСЛЕДСТВИЯ**  
**З.С.Токбергенова**

*В статье рассматривается продовольственная диктатура, проводимая после установления в Туркестанском крае власти Советского правительства, исследуется насильственная политика изъятия от местного населения продуктов питания и поголовья скота. Отмечается, что последствием этой политики стал голод, скрываемый в официальных региональных отчетах. В работе говорится о насильственно изъятых у местного населения продуктах питания, без перерыва отправляемых для голодающих жителей городов России.*

**POLITICS "WAR COMMUNISM" IN THE TURKISTAN REGION:  
POLICY AND ITS CONSEQUENCES**  
**Z.S.Tokbergenova**

*The article discusses the food dictatorship, carried out after the establishment in Turkestan by the Soviet government, examines the violent policy of withdrawing from the local population of food and livestock. It is noted that the consequence of this policy was the hunger that is hidden in the official regional report. The work tells about forcibly confiscated from the local population the food without a break sent to the starving residents of Russian cities.*

ӘОЖ: 958.45:950

**М.М.Тастанбеков<sup>1</sup>, М.С.Амрина<sup>2</sup>**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті<sup>1</sup>, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті<sup>2</sup>

**1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТЕ ТЫҢШЫЛАР ӘРЕКЕТІ БОЛДЫ МА?**

*Мақала 1916 жылғы көтерілісте неміс және түрік тыңшыларының іс-әрекеті жөніндегі көтерілген кейбір мәселелерді талдауға және осы тақырып бойынша өзіндік жауап іздеуге арналған.*

***Түйін сөздер:** 1916 жыл, ұлт-азаттық көтеріліс, Түркістан, Орта Азия, бес түрік, Сами бей, Герман Янтцен.*

Өткен жыл тарих биігінен жүз жыл бұрынғы халық қасіреті туралы тәуелсіз елдің тың тұжырымдары жасалған жыл болды. «1916 жылдың жүз жылдығына» орай жарық көрген зерттеулер мен ғалымдар пікірі мәселенің көпқырлылығын атап өтеді. Кеңестік кезең тарихнамасында толықтай теріске шығарылып, нүктесі қойылғандай болған «көтерілістегі тыңшылар әрекеті» қайта көтеріліп, бірнеше мақала мен баяндамаларға тақырып болды.

Сыртқы күштердің 1916 жылғы оқиғаларға әсер-ықпалы туралы мәселе тарихшылардың белгілі дәрежеде қызығушылығын тудырды. Бұл жөнінде 2015 жылдың 18 қыркүйегінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің Түркістандағы 1916 жылғы көтерілістің жүз жылдығына арналған конференцияда Ресей ғалымдары баяндама жасады. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан ғалымдары қатысқан «Ресей мен Орталық Азия елдерінің XX ғасыр басындағы өзара қатынастарының өркениеттік-мәдени аспектілері» [1] атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарына сүйенген А.Күзембайұлы: «Москвада болған конференцияда 1916 жылғы қозғалысқа шет мемлекеттердің ықпалы болғандығы туралы болжамдар келтірілді. Ресей ғалымы Игорь Баринов Орталық Азиядағы герман саясаты жөнінде айтса, Александр Васильев есімді бір тарихшы Осман империясы мұрағатынан көтеріліске дайындық кезінде түрік жансыздарының Орталық Азиядағы әрекеттерін дәлелдейтін құжаттардың бар екендігін тілге тиек етті. Конференцияда Сергей Абашиннің «Советский кишлак Между колониализмом и модернизацией» және Александр Васильевтің «Знамя и меч от Падишаха» атты монографиялары таныстырылды. Екеуі де түрік қарулы күштерінің бас штабының барлаушыларының Орталық Азия мен Қазақстандағы әрекеттері жөнінде жазылған. Ресей қарулы күштері бас штабына қарасты әскери Академиясы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Елена Наземцева 1916 -1917

жылдары орыс-қытай шекарасындағы оқиғаларға тоқталды» [2, 9-10], дейді. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің доценті Дмитрий Овсянников терең зерттеген деректеріне сүйеніп, көтерілісшілерге шетелдік ықпал ету фактыларын ашқанын, яғни Германия және Осман барлау агенттерінің қатыстылығы анықталғанын баяндайды [3].

Википедия анықтамалық сайтында соңғы кездердегі пікірлермен толықтырылған деп: «Осман империясының бірінші дүниежүзілік соғысқа кіруінен соң, Түркістан аумағында Түрік сұлтанының қасиетті соғысқа шақырған үндеуі тарай бастады. Ресей және оның одақтастарына қарсы соғыста, азаттық алар сәт басталғаны жазылды. Сондай-ақ Кавказ майданында тұтқынға түскен түрік әскерлерінің де Орталық Азияға келуі, мұндағы саяси жағдайға өз әсерін тигізді. Үндеулерде, «Мұсылмандар! Бізге патшалық құрушы Ислам Халифы – Түрік сұлтаны Ресейге және оның одақтастарымен соғыс жүргізіп жатыр. Сұлтанның бұл қасиетті соғысында әрбір мұсылман атсалысуы керек және барлық мұсылмандардың игілігі үшін жүріп жатқан соғысқа шұғыл құрбандық атауы тиіс. Құрбандыққа шамасы келмегендер кәпірлерге қарсы шайқасушылардың қатарына қосылуы қажет... Орыс-гяурлар билігінен азаттық алар уақыт келді...», деген шақырулар насихаталды. Орыс әскерлерінің жеңілісі туралы ақпараттар тез тараса, немістердің азғантай жеңісі, әсіресе осман әскерлерінің табысы айрықша мадақталды.

Соғыс жылдары Австрия-Венгрия, Германия тұтқындарының қазақ жеріне әкелінуі өлкенің қоғамдық – саяси жағдайына әсер етті. 1915-1916 жылдардағы Кавказ майданында тұтқынға түскен түріктердің іс-әрекеттері Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс себептерінің бірі болды деген пікір жиі айтылады. Ресей империясында қатарынан екі дүркін төңкерістің болуы да әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қатты шиеленісіп кетуін және бұны сыртқы күштердің өз мақсаты үшін пайдаланғанын көрсетеді.

«Халықаралық аренада Ресейде төңкеріс болуын қалаған мүдделі топ не мемлекет болып отыр», - деп жазады Р.Тәжібаев, «Өйткені, I д.ж.соғыстың нәтижесінде Ресейде саяси құрылым ауысып, әлеуметтік институттар өзгеріске ұшырады. Қоғамдағы құндылықтар мен экономикалық жүйе түбегейлі ауысты... Мәселеге осы тұрғыдан қарайтын болса, I д.ж.соғыс кезіндегі оқиғаларды әсіресе Орталық Азиядағы 1916 жылғы көтерілісті басқа бір қырынан қарастыруды талап етеді» [5,8]. Яғни, кенестік кезеңде үзілді-кесілді теріске шығарылған 1916 жылғы көтерілісте шетелдік тыңшылардың іс-әрекетінің болғандығы жөніндегі пікірге халықаралық саясат пен халықаралық қатынас теориясы тұрғысынан зерттеулердің қажеттігі. Түрік эмиссарларының және өзге де тыңшылардың ықпалында қалып бас көтерген бірлі жарым топтарды тез арада басып тастағанымен, яғни нәтижесіздігіне қарамастан олардың іс-әрекеттерін жоққа шығаруға да болмайды.

1916 жылғы 23 шілдеде генерал А.Н.Куропаткин өзінің күнделігінде былай деп жазған: «кеше менің қасымда жақында Түркістан өлкесінде болған генерал Покотило болды. Оның айтуы бойынша ол жерде жағдай тым ауыр. Билік бөтен біреулердің қолында. Германияның эмиссарлары барлық жерде жұмыс жасап жатыр» [5,11]. Ұлт-азаттық қозғалыстан соң патшалық отарлаушылар көтерілістің негізгі себептерін бүркемелеп халықты патша жарлығына қарсы көтерген түрік пен неміс агенттері деп түсіндіруге тырысты. Мұндай пайымдаулардың астарын жақсы түсінген М.Тынышбаев көтерілістің негізгі себептерін генерал-губернаторға (4.ҮІ.1924 жылы) берген хатында ашық жазды: «Түркістандағы орыс тұрғындарының 90%-ы жетісу жеріндегі толқулардың себебін көп ойланып жатпай-ақ, түркі және герман үгіттеуінен көру дұрыс емес, шындығында оның себептері қырғыз, қазақтарды ата қонысынан, жерінен айырған-отарлау саясаты мен патша жендеттерінің жасаған түрлі зорлықтары және де үлкен көтерілістерді ұйымдастырар үгітшісінің жоқтығы еді» [6, 36]

Социалистік құрылыстың алғашқы 20 жылында ұлы сілкініс тарихы мен тағдырын зерделеуге мол олжа салғандардың бел ортасында Ораз Жандосов бар... О.Жандосов көтеріліс кездейсоқ құбылыс емес деп білді. Оны Ресейдегі және басқа да әлемдік державалардағы саяси-экономикалық ахуалмен, империализм дағдарысымен байланыстырды. Ирландиялықтардың бас көтеруін, ағылшындар аяусыз басқанын мысалға келтірді. 1916 жылғы көтеріліс те, оның пайымынша, империализмнің жалпы дағдарысымен астасып жатты.

1916 жылғы көтеріліске Түркияның қатысы жоқ екенін де дәйектеді [7, 4-6].

Патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген отарлық саясаты бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тіпті шегінен шықты. Түбі бұл соғыстың Ресей үшін қайырлы болмағаны аян. Соғыс Ресей мемлекетінің онсыз да мықты емес экономикасын тұралатты. Ол өз тарапынан әлеуметтік жағдайға тікелей әсер етті. Бұрыннан шешімін таппаған саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық мәселелерді одан әрі шиеленістірді. Соғысты қолдау мақсатында бүкіл елде шовинистік психоз өршітілді. Осының бәрінің көріністері Қазақстанда да кең етек алды. Мәселен, охранның қазақ, татар, неміс және т.б. ұлт өкілдерінің ішінен түрік пен неміске іш тартушыларды іздеу әдеттегі іске



айналды. Осының бәрі адамдық, ұлттық намысқа тиіп, ашу-ызаны күшейтті. Сөйтіп, алда болғалы тұрған үлкен дүмпудің алғы-шарттары отарлық саясаттың тікелей әсерімен қалыптасты [8,19].

Кеңестік кезеңде көтеріліске «шетелдік тыңшылардың» қатысқандығы туралы мәселе теріске шығарылып келді. Патша әкімшілігінің көтеріліс себептерін басқа арнаға бұру әрекеті ретінде бағаланды. 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығы аясында бірнеше конференциялар бұл тақырыпқа қайта оралғанымен неміс және түрік архивтерінің ашылмағандығы мен қолжетімсіздігі терең зерттеуге мүмкіндік бермей отыр деген тұжырыммен шектелді.

Жақында Бішкекте жарық көрген «Орталық Азиядан қашу» атты Павел Назаровтың естелік кітабында 1916 жылғы көтеріліске арналған мынадай жолдар бар: «Қырғыздардың орыс билігіне наразылық себебі олардың жерлерін тартып алып орыс переселендерге тапсырған әділетсіздігі болды... Көтеріліс әрине, жоғарғы орыс әкімшілігінің жол беру салдарынан неміс агенттері мен түрік резиденттері ұйымдастырды және жүзеге асырды. Петроградтағы үкімет соғыс жылдарында Түркістанның генерал-губернаторлығына неміс фон Мартсонды, Жетісудың әскери губернаторы қызметіне келесі неміс Фольбаумды тағайындауынан артық ойлап таппас еді. Фон Мартсон майдандағы әскери жұмыстарға кенеттен шақыру арқылы Түркістандағы мұсылмандардың көтерілісіне себеп салды» [9]. Көтерілістің куәгері Павел Назаров өмірінің соңын Оңтүстік Африкадағы Кейптаунда өткізген.

Соғыс жылдарында неміс барлау ұйымдары Ресей империясының тылында жүргізген белсенді тыңшылық әрекеті шалғайдағы Коросноярскке дейін жетті. Қазіргі зерттеулерде герман барлау ұйымдарының өз қарсыластарына үстемдік құрғанын, кей авторлар большевиктер партиясын қаржыландырып, Ресейдің соғыстан шығуына қол жеткізгенін жазып жүр.

Патша үкіметі Османлы мемлекетінің Ресей мұсылмандары арасында іріткі туғызып, үгіт насихат жасау мақсатымен келетін түрік әмисарларға қарсы түрлі шаралар қарастырған. Осы мақсатта діни басқармаларға арнайы тапсырма беріп, дінбасыларының халық арасында жихад туралы түсініктеме беруін талап етеді [10].

Бұған үлкен дәлел ретінде «Азияда бес түрік» еңбегін атауға болады. Қырғыз-Түрік Манас университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Абдыкулова Роза 1916 жылғы оқиғалардың 90-жылдығына арнап, 2006 жылы Шоокум журналына «1916-жыл: Азияда беш түрк» [11] атты мақаласы арқылы алғашқылардың бірі болып оқырман қауымды Адил Хикметтің еңбегімен таныстырады. Адил Хикметтің естелігінде Османлы мемлекеті бірінші д.ж.соғыс кезінде Ресейдің қол астындағы мұсылман халықтарға Тешкилат-ы Махсуса (Ерекше ұйым) агенттерін жібергені айтылады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бір бөлігін құрайтын Жетісудағы бас көтеруде Осман мемлекетінен келген бес түрік туралы мәлімет берген еңбек 1999 жылы Стамбул қаласындағы «Өтүкен» баспаханасынан «Азияда бес түрік» атымен жеке кітап болып жарық көрді. Еңбектің авторы Адил Хикмет 1914 жылы Орта Азияға келген бес түріктің бірі болған [12]. Еңбекте берілген мәліметтерге қарағанда, Осман мемлекетінің Кушчубашы Селим Сами, Хүсейин Эмруллах, Хүсейин (түбі қырымдық болған), Ибрахим және біз талқылып отырған еңбектің авторы Адил Хикмет деген саудагер атымен бүркенген бес кісі 1914 жылдың 14 маусымында аттанып, 1918 жылдың 29 маусымына дейін Орта Азияда болып, Шанхай арқылы соңынан түскен қуғында адастыру мақсатында бес түрік Түркияға әр түрлі бағытта оралады. Естелік еңбек авторы Адил Хикмет Стамбулға 1921 жылдың 23 наурызында ғана жеткен.

М.Деркенбаев осы мәселеге қатысты мынадай мәліметтерімен бөліседі. «Ұлы Үркінге қатысқан белгілі ғалым Хусейин Карасаев та Самийбек деген түрік бастаған қарулы адамдар асуда орыс жазалаушыларының зеңбірегінен елді сақтап қалғандығын өз еңбегінде жазған, осы оқиғадан кейін қырғыздар балаларына Самийбек деген есімді қоя бастағаны баяндалады. Жазушы Калқанбай Ашымбаев англиялық барлаушы Адигап Стамбулдық молдамын деп елді орыстарға қарсы үгіттегені туралы «Азат күш» романында жазыпты. Демек айтылған мәліметтер ұлттық бостандық қимылында түріктердің қатысқандығын растайды» [13] дейді.

Стамбул түріктерінің 1916 жылғы қазақ жеріндегі көтерілісте де куәгерлер естеліктерінен ізін көреміз. Қарқара көтерілісінің куәгері Додабек Сарсенбекұлы былай деп еске алады: «Сонан Нарынқолдың аяғында Ұзақ батырдың ауылы Ноғай Толағайда еді. Сол ауылда бірқатар Текес болысындағы Албандар жиналып бас қосады деп жұрт жиналып барды. Барғандармен Сұлтанәлі Саурық батырдың баласы сөйлесті. Сұлтанәлінің ауылында 4 түрік жатыр екен. Бұл түріктердің қайдан келгенін білмедік. Бұлар жабдықты адамдар. Сонда түріктер былай деді: «Сендер жұрттық қылып, жиналып, әскер тізіндер. Біз басқарайық. Казак-орыспен атысалық, осыған қалай дейсіндер?» - деді. Жұрт мақұлдасып 1000 кісі жинап бермек болды» [14, 16-17].

Ұлы державалар арасында әлемді қайта бөлісуді көздеген дүниежүзілік соғыста қарсыластар жеңіске жету жолында барлық амалдарды қарастырғаны белгілі. Майдан даласынан қаншалықты қашық жатуына қарамастан Түркістан жеріндегі көңіл-күй туралы естелік әңгімелер мынадай сыр шертеді: «Немістер барлық орыстарды өлтірді, енді олар бізді армияға алғысы келеді, сондықта біз немістерге осы жерден көмектесу туралы шешім қабылдадық. Енді олар – біздің досымыз, біз олар үшін өз мешіттерімізде дұға қыламыз. Олардың пашасы, кайзер Вильгельм бірнеше жыл бұрын Стамбулда түрік сұлтанымен кездесті. Сұлтанмен бірге жұма күні мешітке барды, сұлтан сияқты сәлде тағынды. Неміс пашасы өз ұлы үшін сұлтанның қызына құда түскендіктен (шын мәнінде ешқашан мұндай оқиға болған емес) біз енді Германиямен жақсы дос болдық» [15], деп жазады Қырғыз жерінде өмір сүрген ұлты неміс Герман Янтцен естеліктерінде.

Майдан мен тылдағы оқиғалардың бір уақытта басталуының өзара байланысы кездейсоқтық болғанымен, жалпы тұтастықтың құрамдас бөлшегі екендігін де теріске шығаруға болмайды. «25 маусымдағы жарлықтың 1916 жылдың 2 шілдесінде жариялануы генерал Н.Н.Баратовтың парсы жеріндегі сәтсіздігі туралы хабармен тұспа-тұс келді. Герман-түрік әскерлері орыс армиясын Керманшах ауданында кері шегінуге мәжбүр еткен болатын. «Мұсылман аумағында» орын алған сәтсіздіктен соң өлке тұрғындары патша әскерінің дәрменсіздігін көрді. Түріктердің жақын арада жергілікті мұсылмандарды құтқарушы ретінде Түркістанға келіп қалатындығы туралы алып-қашпа әңгіме тарады [16].

Қалай дегенмен де, «Көтеріліс Германия мен Түркия үшін өте қолайлы уақытта басталды... Көтеріліс майданға қажет әскери бөлімдер күштерін кері алдыртты, жергілікті халықты мобилизациялау мен тыл жұмыстарына жөнелтуге кедергі жасады, елдегі ұлтаралық қатынасты шиеленістірді, бұл жағдайлар өз кезегінде саяси дағдарыс жағдайын ушықтырып, 1917 жылғы ақпан революциясына алып келгені белгілі» [17].

Бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан уақытта қарсыластары Ресейді соғыстан шығару, Антанта елдерін одақтасынан айыруды мақсат етуі, Ресей империясының тылына арандатушылық мақсатпен тыңшыларын жіберуі Орта Азия елдерін қамтыған 1916 жылғы көтерілістің себебі бола алмаса да, көтеріліс жылдарындағы орын алған фактор ретінде мәселені зерттеушілердің қызығушылығын тудыруы заңды құбылыс болып табылады. Осылайша, патша режимінің отарлық жүйесіне қарсы бағытталған көтерілістің жалпы қабылданған себептерінен бөлек, Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 1916 жылғы тағдырында бірінші дүние жүзілік соғыс және соғысқа қатысқан державалар арасындағы қайшылық ролін есептен шығаруға болмайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://e-history.kz/ru/publications/view/1437/> 100-лет восстанию 1916 года
2. Күзембайұлы А. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың Торғай ошағы тарихының көмескі зерттелген проблемалары / Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары 13 мамыр. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2016. - 295 б.
3. <http://www.nomad.su/> / Ибраев А. Зачем сегодня нужно изучать восстание 1916 года?
4. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Среднеазиатское восстание 1916 года](https://ru.wikipedia.org/wiki/Среднеазиатское_восстание_1916_года) 5
5. Тәжібаев Р. Халықаралық саясат тұрғысынан қазақ даласындағы 1916 жылғы көтеріліс / «Дүниежүзі тарихының өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. Түркістан, 10 сәуір 2015
6. Нұрланбекова Р.Б. Жетісу жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыс -100 жыл / Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары 13 мамыр. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2016. - 295 б.
7. Әбжанов Х.М. 1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы / Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары 13 мамыр. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2016. - 295 б.
8. Каримов М. Шығыс қазақстан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезеңінде / Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары 13 мамыр. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2016. - 295 б.
9. <http://www.spik.kz/articles/dumy/> / Кожомкулов К. Восстание 1916 года является самой кровавой трагедией в истории кыргызского народа
10. Альфина Сибгатуллин, Контакты тюркок-мусульман Российской и Османской империй на рубеже XIX-XX вв. – Москва, Институт Востоковедения РАН, 2010.
11. <http://kmb3.hostenko.com/2015/03/13/1916-zhyl-aziyada-besh-t-rk/> Абдыкулова Р. 1916-жыл: Азияда беш түрк / Шоокум Журналы, 05.02.2006-ж./

12. Adil Hikmet Bey. Asyada Beş Türk. - İstanbul, «Ötüken», 1999.
13. Деркенбаев М. Көтөрлішке беш түрк катышканбы / “Эмгек Туусу” Кочкор районунун коомдук - саясий гезити. 26-август, 2016-жыл №29-32 ( 8829-8832)
14. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Қарқара көтерілісіне қатысушы Додабай Сәрсенбекұлының естелігі / Аңыз адам. №10 (142) мамыр 2016. – 16 бет
15. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1389168720> / Среднеазиатское восстание 1916 года (рассказы очевидцев), - А.Усманов, П.Кокайсл
16. <http://www.spik.kz/articles/dumy/2015-11-24/kemelbek-kozhomkulov-vosstanie-1916-goda-yavlyatsya-samoj-krovavoy-traagediyej-v-istorii-kyrgyzskogo-naroda> / Кемелбек КОЖОМКУЛОВ. Восстание 1916 года является самой кровавой трагедией в истории кыргызского народа
17. <http://www.nomad.su/?a=15-201509250021> / Ашимбаев: Восстание 1916 г.: вопросы трактовки в контексте современной политики.

## **БЫЛИ ЛИ ШПИОНСКИЕ ДЕЙСТВИЯ В ВОССТАНИИ 1916 ГОДА?**

**М.М.Тастанбеков, М.С.Амрина**

*В статье рассматриваются и анализируются некоторые проблемы о возможной деятельности немецких и турецких шпионов в период восстания 1916 года.*

## **DID THE SPYING ACTIONS TAKE PLACE IN THE STRUGGLE OF 1916?**

**M.M.Tastanbekov, M.S.Amrina**

*The article informs and analyzes some problems of possible actions of German and Turkish spies during the struggle of 1916.*

ӘОЖ (УДК) 902.02

T86

**Khazretali Tursun, Hakan AS**

International Kazakh-turkh Universiti named after H.A.Yassawi

## **HISTORICITY OF POEM “KKhIVA CAMPAIGN” BY MÄDELIQOzHA SULTANKOZHAYLY**

*ABSTRACT. This article deals with the historical and comparative analysis of historical poem “KKhiva campaign” by poet Mädeliqoja Sultanhozhauly on the basis of historical sources. The historical relevance and ideological-artistic features of the poem dedicated to praising the military governors of the Syr Darya region General N.N.Golovochaev are considered. It was also determined the causes of failure to disclose the images of such outstanding leaders of the national liberation movement in Central Asia as Syzdykov Kenesarin, Telhodzha Atygaev.*

**Keywords:** *Central Asia, the Russian colonization, KKhiva campaign, Mädeliqoja Sultanhozhauly, Syzdyk Kenesarin, Governor General of KP von Kaufmann, General N.N.Golovochaev, painter of battle-pieces V.V. Vereshchagin.*

The literary works of prominent representative of the Southern region School of poets Mädeliqoja Sultanqojauily, whose 150<sup>th</sup> anniversary is celebrated this year, are considered as the literary resource of Russian colonization and the history of the national liberation movement against it. The historicity of “Khiva campaign” among poet’s historical poems is used as the sources relevant to our analysis. The Qoqan-Russia authorities’ confrontation widely-spread in Kazakh field caused great tension around the city of Turkestan, the place of great strategic significance. The descendants of Khan Kene, Taishyk and Ahmed Sultans handling the reins of the country said as, “... now Kokand khanate is not able to defend themselves, let’s join Russians without waiting for the Russian conquer. If it comes out we will obtain the position, or we will live under their reign in peace”; but Syzdyk Sultan did not want to be in the Russian side because of the position of his ancestors, saying as “If their threats go to Bukhara, then there are other Muslim countries, I will go to any Muslim country. In any case, I exactly will follow the way of my ancestors” [1, 22-23]. In this way the

leaders chose the path of the split.

Such disagreement between two states ruling elite of traditional society pressed hard on local tribes. From south Kokand rulers, from north Russia colonialists pressing the Syr Darya people made them being bewildered from both sides. The tribe ruled by descendants of Kenessary, the leader who was fighting against Russian forces for independence, split into two at that moment and constructive “barricades” of one tribe on both sides of the detection would not say that the country was classified into political division.

Further the heroic epic by Syzdyk Kenessaryuly comes, which lasted a quarter of century. Shymkent and Tashkent cities were ruled by Syzdyk Dukhara passing from Russian colonization. The activities of him in Emirate of Bukhara is existing in one of the narrative data by Molla Sāmi Bustani named “Tuhfa and Shah” (Prize for Shah), the work with some valuable information.

In this heroic poem it is written that Syddyk (Syzdyk) töre joined the Emir of Bukhara with Kazakh authorities as his cousins as Arystan Tore, Abilkaiyr Tore and Sadan Biy. Syddyk Tore left Bukhara and joined Kazakhs, planning to gain governing after Amir campaigned to Shahrisabz to punish the rebels.

He brought Kazakhs together to attack Ghizhduan and detained more trophy and with a large force conquered Kermīnge. [2]. There is one thing, should be spoken to disclose the issue. In the connection of different historical circumstances, there were a lot of tribes from Middle and Junior Juz at the discretion of the Emirate of Bukhara. It was a case of political harassment where tribes gained independence from Bukhara and have a favorable moment to achieve self-ruling and wanted to join the Kazakh people. Even the above mentioned data describes that Syzdyk’s action was as if to fight the authorities and seek ruling political interests. This issue requires special study. In such a difficult situation to maintain the authority of the Emir of Bukhara Russian otarşılarimen, he will be interested to come to an agreement. As a result, the Bukhara ruler Muzaffar could stop the strike under his reign by the help of Russian army. Son of the Emir of Bukhara khanzada (prince) Abdumalik, Syzdyk Sultan and Telqoja with their follower heroes continued the war against the colonialists gestures with outside emirate.

Prince Abdumalik estimated mischief against the colonialists after the defeat of their struggle in Kermīne, the leaders of the uprising Sadik (Syzdyk) Sardar and Telqoja could not be further in Bukhara. Then they followed the end of the army to pursue Bukhars and hiding from the Russian army, within the limits to further Nuratağa KKhiva Khanate. On their military actions There were much things discussed in the Russian media at that time. In the spring of 1869 at its offices in Syzdyk Kenesarin and Telqozha hero were welcome to Muhammad Rahim Khan II (Feruz) and was assigned a position there (*Muhammed Rahim Khan ruled KKhiva between 1865-1910. He was a descendant of the tribe Konyrat rulers. There was relative connection which caused him to be closer to Telqozha except his political interest in such a close kinship - author*). This will be the case, the Governor-General of Turkestan in 1869-1872 K.P.Kaufman sent a letter to KKhiva khan that require twice about joining voluntarily to the Russian state. Refusing to accept the claim Muhammad Rahim Khan started preparing to attack the colonialists. That’s why he made good opportunity for Syzdyk Sultan and Telqozha Batyr giving them the land with 900 *tanap* (about 250 hectares) in their possession on the right bank of Amudarya from Şabbaz fields. In addition, the Muhamed Rahim assigned Syzdyk Sultan Kenesarin to serve as a *Naib* for Kazakh, Karakalpak, Turkmen tribes living in Shavvat, Moinaq, Qojeili, Konyrat properties for taxes and customs control. During his time in KKhiva Syzdyk Kenessarin Sadyk Sardar was recognized with the surname of Sadyk Bukhontov. This surname might be given due to his illness in Qyzylqum, Buqan mountain [1, 41B]. Of course, it can be connected with his aim not to make known his actions against the Russian army covering his real name becoming as “Buqanttyk Sadyk – Bukhontov Sadyk”. Relating to the data collected from archives and expeditions in his name is not given as Syzdyk Kenesarin, names as Syddyk Tore, Sadyk Sardar, Sadyk Bukhontov are widely known.

During this time, the main activity of Sadyk was to organize the action against Russian army with 2000 soldiers. As the first Kazakh-language press body was the newspaper “Turkestan Province newspaper” as a supplement to the Turkestan's first governor-general’s official newspaper “Turkestanskije Vedomosti” (*Turkestan Statements*) published in the period 1870-1882. Newspaper of Zhetisu and Syrdarya region were widespread. Because it was a supplement to the Official Gazette translated materials were mostly published promoting the policy of the colonial authorities. That’s why the newspaper have been published the materials about the national liberation movement by the eyes of the Russian colonialists. For example, the second edition of this newspaper, published in 1871 spread the material about the attack by son of Kenessary Kassymov, Sadyk Sultan to Kazakh villages living on the left bank of the Syr Darya under KKhiva Khanate provocation [3, 74].

Telqozha hero built his family working in Sarıbi wintering farm and guarding the border with 400 soldiers from Darghan Valley till the Aral Sea. He trained Kazakh, Uzbek, and Karakalpak men military skills. He also controlled the Russian troops in the Kyzylqum routes to study and organize to stop them with

Nurmukhamed officer, Kadyrberdy officer, and Abdullah zhusbasy.

In 1873, from February to May under the command of adyutant General K.P. Kaufman Russian army campaigned to Khiva Khanate. Sardar and Telqozha took part in the action with thousand followers to block the path of. They are located along the caravan route to Tashkent, KKhiva direction from time to time to bury the 60 well then attacked the caravans of the colonialists. Their strong objections by the peaceful way in 15-16 days Russian troops spend 101 days. Professor E.Jelyabujski wrote that thirst, disease and actions against Russian soldiers by the enemy caused the loose of army soldiers decreasing the number of them from 13 thousand till 7,5 thousand in his "Essays and conquest of Khiva". In addition, Russian troops lose more than five of the current efforts to transport. In this work it was written that on May 6 at 4 am, Russian army under command of major-general Bardovski was attacked by most popular pirate group under the leadership Sadyk with 200 Turkmen and Kyrgyz (Kazakh) soldiers between Altıqudıq and Adamqırılghan. Sadyk tracked the movement of Russian Military Convoy from the place named "Ush Oshaq" or Ush Shoshak (Russian sources known as "Three Holmes" [4, C.91-92]. Kazakh language data "Three Hearth" said in a statement. Better "Three housing" should be auth.) Adamqırılğanğa sharply, reaching an unexpected blow [4, S.91-92]. This fight is given in Psalm by Mädeliqozha as following:

Орыс оны елемей жатып алды, /Orys ony elemei zhatyp aldy/ (*Russian was lying to ignore it,*)

Қиналып Қиуаның аты қалды. /Qinalyp Qiuanyñ Aty kaldy/ (*Khiva stayed in difficulty*)

Ертеңіне көшті де, енді әскер /Ertenine koshti de, endi asker/ (*The next day the army has moved*)

Үшошақтың құмына жақын барды /Ushoshaqtyn qumyna zhaqın bardy/ (*They went closer to Ush Shoshak sands*) [5, 115].

Russian troops KKhiva, Üšoşaq, People, Adamqırılğan besides the heroic battles of Sadyk Sardar, Telqozha hero and KKhiva Khanate army diwanbegi Matmurad for the city, advanced weapons of Russian army forces won them in 1873 on May 25.

According to the agreement made on August 12, in 1873 between Seit Muhamet Rahim, Khan of KKhiva and the commander of the Russian army K.P. Kaufman, Khan confessed himself as a vassal of Russia, the Russian state forced to pay him more contribution [6, 367]. After KKhiva Khanate being defeated the Russian army, Sardar hero and Telqozha Sadyk went back to Karakum Desert [5, 217].

Basing on the forgiveness by Tsar Government for action against colonization in 1888, Sadyk wounded at his hands while the conflict with Chinese army, asked permission to return to his country within the jurisdiction of Governor-General K.P.Kaufman and to his family. His request is granted, he lived peacefully in the Syrdarya region, Shymkent district, Aris Karabulak wintering ground along the river, thirty kilometers from Khanqorghon former residence of Abylay Khan horde. Syzdyk Kenesarin died in 1910 at his 73 age in the city of Shymkent.

For now we could find only two poems from Kazakh poetry described with artistic context about the event. One of them is Mädeliqozha's epic "About KKhiva Campaign" published in "Turkestan Ualaiaty" newspaper with the title "*Shymkent oyazına karagan Madeliqozha degen aqinnin Syrdaria oblysynyn gubernatory Kalauashevtyn KKhivaga bargany taqyryptagy shygargan oleni*" ("Turkestan ualayaty" newspaper in 1875, 17, 18, 19). A total the poem consists 325 lines. Serikbay Kossanov and Ässylkhan Osoanuly made some analysis on the content of the poem [5, 217 p.].

The second was written after more than 40 years. This is a work of the authors, not only work of one poet. The book is named as "Rusya patshalygynda Romanov nasilinen hukimranlyk kylgan patshalar tarihlari", published in 1913 The authors are Qoñırqoja Khodzhikov, Aliaskar Qasim, Sultan Shadi Zhangirov [7, 150-151].

Mädeliqozha was not the first or the last writer who wrote the literary work about colonial government. In history of Kazakh literature Kadyrgali Jalaïri made a great contribution by writing "Collection of yearbooks" in 1602.

The content of the poem dedicated to describe to military governor of the Syrdarya region, Nikolai Nikitich Golovachaev (1823-1887). The pages of "Turkestan Ualaiaty" published the colonial rule in different genres promoted the achievements of the region. Materials with the official translation of the publication in "Turkestan Ualaiaty" were translated into Kazakh with the demand to publish original works. In accordance with the requirements of this newspaper we think that Ahmet Kenessarın and Zhagypar Asfendiarov might order to this poem. Perhaps the book "Kenessary and Syzdyk Sultans" was written by Ahmet Kenessarın himself. There is no specific data available to restrict their dealing with the same outlook. KKhiva campaign at least non-participation in the Mädeliqojan self-evident. If you took part in the campaign that took place during the delicate parts and the contents of the song would eagerly seize the "me" would not hiding. So Mädeliqoja sang this song with special order and customer could not go out of the editor's frame.

Customer political interests of a certain song of praise to the military governor of the region

inscribed. In fact, Russian general who took part in the war in the Caucasus and in campaign to Turkestan, N.N.Golovochaev in 1867 was appointed as the military governor of the Syr Darya region prior to the rank of major-general has recognized the ability to command combat heroism. On June 23, has been military And he Turkestan 1868. April took part in the campaign of Bukhara, Samarkand recognized for his heroism in the fourth degree was awarded the Order of St. George. He is preparing for a military governor in the activities of the Khiva campaign. In 1871 indigenous way to and from the Amu Darya field in the fall of angels could be trapped. His military mission completed in Kazalinsk.

The last part of the poem where Khiva campaign finished on May, 1873 continued with the punishment Turkmen tribe which had failed the comply with the order by Kaufman to pay contribution Golovoçaev with Turkestan military and two Caucasian hundreds [8]. This event also was described together with Khiva campaign in the poem. Of course, the real reason is stated Mädeliqoja brutal massacre in the Turkmen, who can not say a sense of compassion.

Şädi wrote the poem content under the consultancy of Qoñırqozha Khodzhikov and Aliaskar Kassymov. There is no mean to compare the content, structure and artistic storyteller of poems by Şädi with sample traditional poet Mädeliqoja. However, a representative of the school of poetry, similar to the modern Maylıqoja on his historical epic “The visiting of Datqas to Petersburg”. The mentioned poetry whether in terms of both artistic credibility withers higher derivatives.

Do not touch the customary way, the political requirements of the collective evidence of the contents of the letter and other documents have not met with any facts. And under the direct supervision under the auspices of colonial rule, the "king" of the deputation went däregeyne unlikely political demands of life. However, with the praise of the poet Maylıqoja historical figures, art, aims to bring the idea to protect the interests of the country if the decision.

The program “Cultural Heritage” represented a great success for foreign and domestic works and historical documents circulation. This opportunity plays great role in the recovery of scientific research in the rich history of our people. The poem by Mailykozha is only one sample of such scientific researches.

In Madelikozha’s poem we meet with V.V.Vereschagin, artist who took part in the campaign together with Kaufman in the later period of campaign to Khiva. Among his works the picture “Apofez Wars” is well-known. He could draw the real picture of “källä tower”. However, the ambitious spirit of the artist colonial power might have been able to tell both hostility and cruelty of the local population.

Отан тарихында жағымсыз рөл атқарған осындай тұлғаны мадақтауға арналған жыр тарихи оқиғаны көркемдік тұрғыда тұлғаландырған еңбек десек те Мәделіқожа сияқты өршіл рухты ақынның шығармасындағы аса бір сәтсіз туынды болып шыққан деп білеміз. Көркем туындыға жасалған тарихи талдау осындай қорытынды жасатады.

V.V.Vereschagin, who took part in the Kaufman’s field court by against prisoners caught after the campaign to Qoqan and saw the scene, wrote as: “Dobreyschy Konstantin Petrovich, surrounded by officers sitting on a camp chair, smoking a cigarette, dispassionately uttered *shoot, shoot, shoot*” [10, S.54]. And noble, well-educated people freeze loyalty to the local population of the severity of his heart. And praised by Mädeliqozha N.N.Golovaçaev worked under such a cruel soul. He obeyed all his instructions perfectly. As well as other Vassals under his command took the example in his conduct and behavior. Most importantly Goldovachaev was one of the person who, in accordance with reform 1867-1868 in Syrdarya region, destroyed the traditional structures of power with force and replaced it with the colonial authorities of the special brutality

Patriotic poems of praise to the such person who played a negative role in the history of art in the context of historical events by ambitious spirit of the poet as Mädeliqoja, we may say that his poem is derived from more than unsuccessful. Art moves us to do a historical analysis of the final product.

#### References:

1. Kenesaryuly A. Kenesary jane Syzdyk sultandar. / Kazaksha audarmasy G.Ahmedov. – Almaty: Jalyn, 1992. – 48b.
2. Tarih i salatii –i mangytiya (istoriya mangytskih gosudarei). Izdanie teksta, predisloviye, perevod i primechaniya A.M.Epifanovoi. – M.: Izdatelstvo Vostochnoi Literatury. 1962. s.94-95.
3. Bekhojin H. Kazahskaya progressivno-demokraticeskaya pechat vo vtoroi polovine XIX i nachala XX vv. – Alma-Ata. 1976.
4. Jelyabujskiy E. “Ocherki i zavoevaniya Hivy” – Moskva. Tipografiya A.I.Mamontova i K, 1875. s.128.
5. Ospanuly A., Aynabekuly T. Madelikoja. Olender, zertteuler. – Almaty, 2009. – 400b.
6. Kazahstan tarihy (kone zamannan bugyngy kunge deyin) 3-tom. – Almaty: Atamura. 2010. – 768b.

7. Qazynaly Ontustik, Volume 26. Tarihi Zhyrlar. – Almaty: «Nurly Alem». 2011. P.296.
8. Terentiev M.A. Istoriya zavoevaniya Srednei Azii. T. – SPb.1906. – 510s.
9. Tursun H., Adilbekova Z. 1867 jili Sankt-Peterburge bargan Turkistan deputatsiasy tarihyyn kuzhattyk zhane adebi derekteri. //Bulletin of Shakarim State University. №1 (69) 2016. P. 329-333.
10. V.V.Vereschagin, *Memories of the Artist*. – M., 1894. P.189.

**МӘДЕЛІҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫНЫҢ «ҚИУАҒА ЖОРЫҚ ТУРАЛЫ»  
ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ**  
Хазретәлі Түрсүн, Хакан Ас

*Мақалада Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуа жорығы туралы» жыры тарихи деректермен салыстырыла отырып талданады. Сырдария облысының әскери губернаторы генерал Н.Н. Головачевты мадақтауға арналған жырдың мазмұндық нақтылығы мен көркемдік-идеялық ерекшеліктері жайлы тұжырымдар жасалады. Патша өкіметінің отарлығына қарсы Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті өкілдері Сыздық Кенесарин, Телқожа Атығайұлы сияқты қолбасымдардың тарихи жырда лайықты сомдалмауының себептері айқындалады.*

**ИСТОРИЧНОСТЬ ПОЭМЫ "ПОХОД В ХИВУ" МАДЕЛИХОДЖА СУЛТАНХОЖАУЛЫ**  
Хазретәлі Түрсүн, Хакан Ас

*В данной статье на делается историко-сравнительный анализ на основе исторических источников историческая поэма «Хивинский поход» поэта Маделиходжа Султанходжаулы. Рассмотрено историческое соответствие и идейно-художественные особенности поэмы посвященной восхвалу военного губернатора Сыр-Дарьинской области генерала Н.Н.Головачева. Определяется причины нераскрытия образа таких выдающихся руководителей национально-освободительного движение в Средней Азии как Сыздық Кенесарин, Телходжа Атыгаев.*

ӘОЖ: 94(=512,122)

**Б.Ж. Атангаева, У.Бакытжанұлы**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

**РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ ЕЛГЕ ОРАЛУ ТАРИХЫ**  
(1950-1960 жж.)

*Аннотация:* Ұсынылып отырған мақалада Қазақ елі тәуелсіздік алған жылдан бергі қандастарымыздың отанына оралу мәселесі тарихи тұрғыдан зерделеніп қарастырылады. Репатрианттардың елге оралу тарихы жүйелі сараланып талданды.

*Түйін сөздер:* Қазақ, көші-қон, қазақ диаспорасы, ақтаңдақтар, репатрианттар, қазақ қандастарымыз.

Қазақ елі тәуелсіздік алған жылдан бергі ұлт тарихының ақтаңдақтар ақиқаты шынайы тарихилық тұрғысынан зерделеніп, басы ашық мәселелердің орын толықтыру үстінде. Солардың бірі ел басына күн туған заманда шетелге ауа көшкен халықтың тарихи отанына оралу мәселесі. Иә, бұл әр уақытта өзекті деп ойлаймын. Олардың өз жеріне, өз атамекеніне қоныстануы, қазақстандық өмірге бейімделуі туралы біраз мәселелер зерделеніп, нақты тұжырымдар жасалды. Дегенмен, 1950-1960 жылдадарындағы Қытайдағы қазақтардың Қазақстанға оралуы әлі толық бағасын ала алған жоқ едім. Себебі кеңес өкіметінің орнауы мен орнығуы тұсындағы Қазақстандағы көші-қон үдерісі ХХ ғ. басындағы тарихи оқиғалармен тығыз байланыста жүрді.

Қазақ диаспорасының шетелдегі ең көп қоныстанған жері Қытай мемлекеті. 1949 ж. Қытай Халық Республикасы құрылған кезде онда 420 мыңнан астам қазақтар болса, олардың 418 мыңы Шыңжаң халқының 9%-ын құрайтын. 3 мыңдай қазақтар Шыңжаңмен шекаралас Ганьсу және Синхай провинцияларында өмір сүріп жатты.

1949 жылы Қытайдан Компартия билік басына келіп, Кеңес Одағы үлгісінде социализм құра бастағанда-ақ олар Қазақстанда болған саяси-экономикалық оқиғалардың Шыңжаңда да сол жағдай

қайталанатындығын сезіп, «есің барда, елің тап» деген қазақ даналығымен кеңестік паспорттар арқылы қалыпты жағдайда Қазақстанға қайтып орала бастады [1].

Ал 1999 жылғы ресми қытай деректері бойынша, қазақ диаспорасы 1,3 млн адамға жетіп, жалпы халық санының 7,4%-ын құраған. Қытайдағы қазақтар негізінен найман, албан, уақ, керей руларына жатады. Қазақтардың басым көпшілігі (82,6%) егін, мал, балық аулау, орман шаруашылықтарында еңбек етеді. Кәсіби мамандықтарына орай, тағы мынадай сипаттарды бөліп көрсетуге болады (90-жылдардың соңындағы деректер бойынша): әр түрлі мекемелердегі техникалық қызметкерлер — 13%, көлікте — 2,5%, мемлекеттік органдар, партиялық және қоғамдық ұйымдар қызметкерлері — 2%. Қазақтардың кәсіби бөлінісі олардың жалпы білім деңгейінің нашар екендігін айғақтайды.

Кеңес өкіметі кезінде Шыңжаңдағы аз ұлттар өкілдері балаларын оқыту үшін КСРО-дан оқулықтар беріліп тұрған. Онда қазақ, ұйғыр, дүнген т. б. Ұлттық мектептер болған. 1970-1980 жж. ресми Қытай үкіметі азшылық ұлт өкілдері арасынан жоғары білімді мамандардың болғанын қаламады. Мәселен, жоғары оқу орына қабылдаған кезде оларға қытайлықтардан төмен балл белгіленді. Алайда Қытайдағы ауыл қазақтарының білім деңгейінің төмендігі, мектептер мен мұғалім-қазақтардың азшылығы жағдайында жоғары білім қол жетпейтін дәреже болып қала берді.

Ата жұртқа оралудың ірі толқыны 1950-1960 жылдары жүзеге асты. Екі ел арасында кеңес азаматтарын қайтару туралы арнайы келісім болған жоқ. Дегенмен, 1954 жылы КСРО мен Қытай арасындағы қарым-қатынас туралы жасалынған 10 жылдық келісім-шарт «кеңес азаматтарының» КСРО-ға қайтуына жол ашты. Сонымен бірге, КСРО Министрлер кеңесі 1954 жылы 16 сәуірде № 751-329 ерекше құпия жарлығы бойынша маусым-тамыз айларында Қытай Халық Республикасындағы «кеңес азаматтарын» тың жерлерді игеруге көшіру туралы, 1955 жылы 17 қыркүйекте №170 «Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатриациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту» туралы қаулы қабылдайды. Аталған қаулылар негізінде Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы мен т.б. аудандарынан қазақ, ұйғыр, дүнген, орыстар қайта оралады [2,268].

Ресми құжаттарда 1955 жылы Қытайдан қоныс аударған репатрианттар «кеңес азаматтары» деп аталды. «Кеңес азаматтары» деп аталуы 1930-жылдары Қытайдағы кеңес консулдықтарының жанынан құрылған Үрімші, Құлжа, Шәуешек, Алтай және Қашқарда орналасқан «Кеңес мұғаджарлар қоғамының» өкілдері мен олардың сенімді агенттері 1945 жылы қаңтарда Шығыс Түркістан ислам республикасы құрылғаннан кейін, Кеңес Одағына қайтамын деген адамдарға кеңес азаматтарының паспортын үлестіреді. Олардың арасында 1916-1933 жж. арасында Қазақстаннан қашқан қазақ, ұйғыр, дүнген, өзбек, орыс және т.б. ұлт өкілдері болды. Кезінде «кеңестік тазалау», «бай-қулақтарды тазалау» деген желеумен жүрген кеңестік саясаттың салдарынан қуғыншылыққа ұшырап, шекара асқан қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдерінің де 1950-жылдары қайта оралуға мүмкіндігі туды. Құжаттары жоқ шекарадан өтуге тілек білдірген адамдар «кеңес азаматы» деген тізімге іліккен. Сонымен бірге, КСРО-дан бармағанымен КСРО-ға, Қазақстанға кетемін дегендерге де мөрі басылған Кеңес Одағы азаматының паспортын берген. Тіпті, паспорттарды қоржынға салып жүріп, кез-келген жерде үгітке ерген адамдарға үлестіріп, «кеңес азаматы» ретінде тізімге алған оқиғалар да кездескен. Осылайша, Қытай жерінде «кеңес азаматтары» деген контингент пайда болды. 1954 ж. КСРО мен Қытай арасында жасалынған 10 жылдық келісім-шарт «кеңес азаматтарының» КСРО-ға қайтуына жол ашты.

1955 жылы олар заңды түрде жаппай Қазақстанға қайта бастады. Репатрианттардың саны туралы мынандай пікір айтылды: 1954-1963 жж. Қытайдан 268371 репатриант қайта оралды, олардың, 1849 отбасысы (8984 адам) басқа республикаға жіберілді Қазақстанға барлығы 259, 4 мың репатриант келді деп есептейміз [3].

Кеңестер Одағы тұсындағы әміршіл жүйенің қыспағынан 1956-1962 жылдары Қытайға өтіп кеткен қазақтарға Отанына оралуға рұқсат етілді. Сол жылдары келушілердің қолында аты-жөні жазылған және көлемі 4x5 см фотосуреті бар қағаз болды. Оларға бұрынғы кеңестік негізінде 1930 ж. 2 тамыздағы «КСРО азаматтығы туралы заңды» басшылыққа ала отырып, жаңа төлқұжаттар берілді. Сол заңның 2-бабы бойынша 1930 жылдардағы аштық кезінде кеткендерге азаматтық берілді. Ал 3-бабы 1917 жылғы төңкерістерден шетелге кетуге мәжбүр болғандарға қатысты қолданылды. Осы 2-ші және 3-ші баптары бойынша Қытайдан келген оралмандарға КСРО азаматтығын беру туралы қортындылар шықты. Бұл қортындылар бекітіліп, төлқұжат берілетін мекемелерге жөнелтілді.

1950-1960 жылдардағы көші – қон мәселесі СССР-дағы репатриациялық саясаттың және саяси және экономикалық себептермен түсіндірілді. Қытай мемлекетінің тұрғындары болып келген кеңестік қазақ азаматтарының елге қайтуын кеңес өкіметімен қытай мемлекетінің арасындағы қарым



- қатынастардың нашарлауымен, Қытай мемлекетінің қатаң саясат жүргізуімен және Синьцзян халқының 92% құрайтын Қытайдағы мұсылман халықтарына (ұйғыр, қазақ, татар, қырғыз, тәжік және тағы басқа ұлт әкілдеріне) кемсітушілігі себепші болған [4].

Қазақ еліне қоныс тепкен репатрианттардың басым бөлігі Синзиянның Іле, Тарбағатай, Алтай елді мекендерінен болды. Қытайдан қоныс аударған кеңес азаматтарын өкімет мейлінше шекарадан алыс аймаққа қоныстандыруға тырысты. Мәселен, Қарағандының Көктас, Шет аудандары болса, Ақтөбенің Қызыл – Қайың, Новороссийск және Батыс Қазақстанның совхоздарына орналастырылғандығы жөнінде мәлімет кездестіреміз. Сонымен бірге Қазақстан компартиясының Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің 1955 жылдың 16 шілдесі мен 10 қараша аралығында Қытай Халық Республикасынан арнайы көшірілгендер анықтамасында Тарбағатай ауданына 131 жанұя, 659 адам келгені, олардың 5 колхозға орналастырылғаны айтылды [5].

Қытай мемлекетінен қоныс аударған қандастарымызды бейімдеу мақсатында жергілікті жерлерде тиісті шаралар жүргізілгендігі жөнінде мәліметтер тіркелген. 1955-1956 жылдары Қытайдан Шығыс Қазақстанға келген қандастарымызға үймен, жермен, жұмыспен қамтамасыз етіп, олардың балаларының білім алуына мүмкіндік жасап, ал ересектер үшін кешкі мектеп және жоғарғы оқу орындарында білімін жалғастыруға мүмкіндіктер берілді. Шекара асып келген халықты қоғамдық өмірге тезірек бейімдеу мақсатында еңбек және тұрғын үй жағдайларын жасау туралы шешім Қазақстан Орталық комитетінің 1956 жылғы қарашадағы бюро жиналысында қабылданды. 1956 жылы желтоқсанда партияның облыстық, қалалық, және аудандық комитеттеріне әрбір репатрианттың және реэмигранттың тұрмыстық жағдайын бақылау, олардың мамандығы бойынша жұмысқа орналасуын, кәсіби біліктілігін жоғарлатуын бақылау, олардың арасында саяси-тәрбиелік жұмыстар жүргізу, халықтан түскен өтініштерді қарастыру және оларды орнында шешу, жеке құрылыс салуға жер учаскелерін беру мәселелерін шешу тапсырылды [6].

Қытайға қараған қазақтардың орналасқан аймақтары бойынша рулық құрылымы негізінен мынадай болды: Іле аймағына қоныс тепкендер Ұлы жүздің Албан, Суан рулары мен Орта жүздің Найман ұлысының Матай әулетінен тарайтын Қызай рулары; Тарбағатайға орналасқандар - Орта жүз Найманнан тараған Қаракерейдің бірнеше рулары, Уақ рулары және Абақ Керейдің ішінара рулары; Алтай аймағына қоныстанғандар - Орта жүздің Абақ Керей рулары (Он екі Абақ керей) мен Найманның кейбір рулары.

Қазақ халқының бұл бөлігі Қытайда қазақ қауымдастығын қалыптастырды. Одан кейінгі кездердегі тарихи саяси оқиғаларға байланысты, мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының жанышталуынан Қытайға босып барған қазақтар (бұлардың көбі кері қайтарылса да) және 1931-1932 жылғы ашаршылықтан ауып барған қазақтар сондағы қазақтарды паналап, олардың қатарын көбейтті, негізін нығайтты [7].

Қазақтардың Қытай мемлекетінен оралуы жергілікті қазақтардың механикалық жолмен ұлғаюына жағдай жасады. 1959—1970 жылдары қазақтар механикалық жолмен 143 мыңға көбейді. Тек ғана Алматы облысына 62 мың адам көшіп келді.

1956-1962 жылдардағы қазақтардың кері миграциялық ағымдары олардың этнодемографиялық жағдайына әсер етті. Мәселен, 1962 туғандардың жалпы саны ең жоғары көрсеткішке жетті. 1962 ж. 60 мыңдай ұйғырлар мен қазақтар кеңес-қытай шекарасынан Қазақстанға өтті.

Тұтастай алғанда, елдіктің, егемендіктің арқасында ұлы көш әлі де өз жалғасын табуда. Қазақтардың тарихи Отанына оралуы мәселесі үкімет деңгейінде шешіле бастады. Этникалық қазақтардың отанға оралуы мәселесі әрқашанда өзекті болып қала бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Атантаева Б.Ж., Табулдинова А.М. 1950-1960 жылдары Қытайдағы қазақтардың Шығыс Қазақстанға оралу тарихы //Шәкәрім атындағы СМУ хабаршысы. №2, (54) 2011, 120-125 бб.
2. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үрдестерінің тарихи демографиялық қыры. – Алматы, 2011. – 416 б.
3. Құдайбергенова А.И. Шетел қазақтарының кеңестік дәуірде атамекенге оралу тарихынан // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғыл.-практ. конф. «Этникалық қазақтардың репатриациясы Қазақстан мемлекеті көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде: жетістіктері, мәселелері және оларды шешу жолдары» материалдары. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. – 215-220 бб.
4. Кузнецов В. Ислам в общественно-политической жизни КНР. Москва, 2002.

5. Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960 гг. Алматы, 2008.
6. ШҚО ҚЗТҚОҚ 652 қ, 72 т, 2 іс, 44 п.
7. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. – 336 б.

## **ИСТОРИЯ РЕПАТРИАЦИИ РЕПАТРИАНТОВ (1950-1960)**

**Б.Ж. Атантаева, У.Бакытжанұлы**

*Аннотация: В данной статье рассматривается возвращение иммигрантов в страну после обретения независимости с исторической точки зрения. История возвращения на родину репатриантов.*

## **THE HISTORY OF THE REPATRIATION OF RETURNEES (1950-1960)**

**B.Atantayeva, U.Bakitzhanuly**

*Annotation: In this article the return of immigrants to the country after gaining independence from the historical point of view is considered. The story of the return home of immigrants.*

ӘОЖ: 94(574) «1950/1960»

**Б.Ж. Атантаева, У. Бакытжанұлы**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **1950-1960 ЖЫЛДАРЫНЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОТАНЫНА ОРАЛУ ТАРИХЫ**

*Аннотация: Ұсынылып отырған мақалада Қазақ тарихында Кеңес Одағынан солақай саясаттың салдарынан шекара асып, қандастарымыздың тарихы отанына оралу мәселесі зерделеніп, мұрағат деректері негізінде талданып, сараланды.*

*Түйін сөздер: Қазақ тарихы, Кеңес Одағы, репатриант, көші-қон, миграция.*

Қазақ тарихында Кеңес Одағының солақай саясатының салдарынан шекара асып, тағдырлары тәлкекке түскен қандастарымыздың тарихи отанына оралу мәселесі қай кезде болмасын өзекті. Себебі, қазақ жерінен жырақтағы, шет елдердегі қазақ халқының мәдениеті мен тарихын зерттеу бұл Қазақстан тарихының бөлінбес бір бөлшегін, ажырамас тұтастығын көрсетуге бағытталады. Бұның өзі шын мәнінде, қазақ халқының бірлігі мен ұлттық идеяны қалыптастыруда маңызды. Ол Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына ықпал етеді. Мақаланың негізгі мақсаты қазақтардың тарихи отанына оралу мәселесін объективті шындық Қазақтардың көші – қон тарихына қалам тартып жүрген зерттеушілер қатарына Б.Ж. Атантаева [1], Г. М. Мендикулова[2], А.И. Құдайбергенова[3], М.Х. Асылбеков[4] сынды ғалымдарымызды жатқыза аламыз. Мәселен, Г.М. Мендикулова мен Б.Ж. Атантаеваның «Казахстанско-китайские межгосударственные миграции в середине XIX-начале XXI вв» ғылыми зерттеу еңбегінде 1950-1960 жылдарындағы қазақтардың тарихи Отанына оралу мәселесіне тарихнамалық сараптама жасалғанымен, аталған мәселеге нақты тоқталмаған. Ал осы көші – қон тарихына өзіндік зерттеу жүргізген Ж.А. Құдайбергенова қандастарымыздың елге оралу жағдайын тарихи – демографиялық тұрғыдан қарастырған. «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг» деп аталатын монографияда КСРО мен Қытай арасындағы қарым-қатынас туралы жасалынған 10 жылдық келісім-шарт «кеңес азаматтарының» КСРО-ға қайтуына жол ашылуы жайында ғылыми сараптама жасалған.

Қытай жерінде пайда болған «кеңес азаматтары» деген контингент 1955 ж. Қазақстанға қайта бастады [4]. зерттеушілердің пікіріне көз салсақ, 1955 ж. Қытайдан келген «кеңес азаматтарын» қабылдау арнайы тәртіппен жүргізілген. Олар Хоргос станциясы арқылы өтіп, Сарыөзекке жіберіліп, одан ары қарай Іле, Аягөз және Отор станциялары жанынан құрылған 3 қабылдау-бөлу пункттері арқылы қабылданды. Әрбір қабылдау-бөлу пунктін ауыл шаруашылығы, кеңшар және құрылыс пен көлік министрліктерінің одақтық және республикалық көлемдегі өкілдері басқарды. Оларға көмекші ретінде әрбір облыс орталықтары мен аудандардан есепшілер мен техникалық қызметкерлер бөлінді.

Қабылдау арнайы жоспар мен график бойынша жүргізілді. Барлық пункттерде сауда орындары ашылып, дәрігерлік және мәдени қызмет көрсету ұйымдастырылды. Көшіп келген «кеңес азаматтарына» көмек ретінде: отбасы басшысына 3000 сом, мүшелеріне 600 сомнан қайтарылмайтын көмек ақша берілді. Әрбір отбасы мемлекеттік банкіден жеке үй құрылысы үшін 15 мыңға дейін, мал сатып алу үшін 3 мың сом көлемінде несиені алуға құқылы болды.

Белгілі бір ұлт өкілдерінің жинақы орналасқан жерлеріне көшіп кетіп, орналастырған жерінде тұрақтамаған репатрианттар да кездесті. Несиені алып, қашып кетіп, орналастырған жерінде бекімей, кейіннен оларды милиция органдары арқылы таба алмаған немесе кейбір көшіп-қонушылардың кері Қытайға жіберуді сұраған оқиғалары да болған. 1960-жж. кеңес-қытай қарым-қатынасы шиеленіскенге дейін екі жақтың туыстары арнайы виза мен ресми куәліксіз бір-бірімен араласып тұрды. 1962 ж. жағдай өзгерді. Сол жылы Қытайдың Іле-Қазақ автономиялы облысынан өткендердің саны 100 мың болған (негізінен, қазақтар мен ұйғырлар). Шекара жабылады. Яғни, Қытайдағы қазақтарды қайтару халықтың сұранысы мен соған орай қабылданған Кеңес үкіметінің шешімдері негізінде жүрді.

1950-1960-жж. Қытайдан қайта оралған қазақтардың саны туралы мәліметтер әр түрлі. Зерттеулер бойынша, 1954-1963 жж. Қытайдан 268371 репатриант қайта оралды: 1954 ж. 2461 адам Қытайдан ұйымдасқан түрде келді. Келесі 1955 ж. мен 1963 ж. аралығында барлығы 199269 адам ұйымдасқан түрде, ал, 1962 ж. сәуір айында 66841 адам өз бетінше Қазақстанға оралды. Барлығын қоссақ, репатрианттар саны **268371** адам болып шығады. Реэмигранттардың бірқатары республикадан тыс кетіп, басқа республикаларға да барып орналасты. 1954-1965 жж. ҚХР-нан келген көші-қоншылардың 47569 отбасысының (259398 адам) республиканың 14 облысқа орналастырылғаны және 1849 отбасының (8984 адам) басқа республикаға жіберілгені туралы мәлімет беретін мұрағат құжаты бар. Сонда 1954-1965 жж. ҚХР-нан Қазақстанға барлығы **259, 4 мың** репатриант келіп, орналасты [5, 275].

Сондықтан, бұл мәселеге орай қазақстандық пікір айтылды:

Аталған жылдары келген қазақтар Қазақстан халқының 2,8 %-ын құрады. Осы кезеңде жүрген ірі одақтық маңызы бар науқан – тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында басқа республикалардан келгендер жалпы халықтың 4 % болды. Қазақ жеріне келген өзге ұлт өкілдері қазақ жеріндегі халықтың этникалық ара салмағында қазақтардың үлесінің 29,8 пайызға төмендеуіне әсер етті. Осы екі шаманың халықтың құрамындағы үлесін алып салыстырар болсақ, шетелден келген қазақтардың сандық мөлшері қазақтар үшін мәнді болғаны көрінеді. Сол жылдары келген қазақтардың саны өсіп өнуі арқасында қазір 1 миллионнан асты деген ғылыми болжам бар. Тәуелсіздік алған жылдары елімізге келген оралмандар 1 миллионнан асады. Демек, 2 миллионнан аса қазақ шеттен көшіп келді.

«Кеңес азаматтары» деген айдармен қытайдан келген негізінен, жұмыс қолы жеткіліксіз және мал шаруашылығымен айналысатын Павлодар, Қостанай, Көкшетау, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарының ұжымшар, кеңшарларына жіберілді. Сол сияқты, құрылыс пен көлік салалары бойынша да орналасты

Әр шаруашылық келісілген шарт бойынша, тиесілі малын, ақшалай көмегін беріп, өзінің экономикалық күш-қуатына қарай отын-су, азық-түлікпен қамтамасыз етуге тырысты. «Бір қой егіз туса, бір түп жусан артық өседі» дегендей аштан өліп, көштен қалмаудың жағдайлары жасалды. Тіпті, тұрғылықты адамдарға жетпейтін болғандықтан, тек қоныс аударушыларға ғана қолда бар азық-түлік т.б. қажетті заттарды берген шаруашылықтар да болды. Бұл тұрмыстық қиындықтар көріп жатқан жергілікті тұрғындардың арасында наразылықтардың туып, Қытайдан көшіп келуші «кеңес азаматтарына» суық қабақпен қараған жағдайларға әкелді.

Қазақстанға көшіп келушілердің негізгі қатынас тілі – орыс тілін білмегендіктен тұрмыста, жұмысқа орналасуда, дәрігерлік көмек қабылдауда, білім алуда және т.б. байланысты бірқатар қиыншылықтарды басынан өткізгенін байқаймыз. Бұл жағдай бүгінгі Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы қоныс аударушылар тарапынан кездесіп қалатын мәселе.

Белгілі бір ұлт өкілдерінің жинақы орналасқан жерлеріне көшіп кетіп, орналастырған жерінде тұрақтамаған репатрианттар да кездесті. Несиені алып, қашып кетіп, орналастырған жерінде бекімей, кейіннен оларды милиция органдары арқылы таба алмаған немесе кейбір көшіп-қонушылардың кері Қытайға жіберуді сұраған оқиғалары да болған. 1960-жж. кеңес-қытай қарым-қатынасы шиеленіскенге дейін екі жақтың туыстары арнайы виза мен ресми куәліксіз бір-бірімен араласып тұрды. 1962 ж. жағдай өзгерді. Сол жылы Қытайдың Іле-Қазақ автономиялы облысынан өткендердің саны 100 мың болған (негізінен, қазақтар мен ұйғырлар). Шекара жабылады. Яғни, Қытайдағы

қазақтарды қайтару халықтың сұранысы мен соған орай қабылданған Кеңес үкіметінің шешімдері негізінде жүрді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей келген халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуға көңіл қою, ұлттық мәдени ерекшеліктерімізді сақтау, жинау, зерттеу ісін жетілдіре түсу – бүгінгі маңызды міндеттеріміздің қатарына кіреді» Демек, шеттегі қандастарымыздың тарихы – бұл біздің ұлтымыздың ақтаңдақ беті [6].

Шетелдегі қандастарымыздың қазақ жеріне оралу процесі әлі де өз жалғасын тауып келе жатқан мәселе. Елдігімізді артырамыз, ұлттық ерекшелігімізді сақтаймыз десек, онда қазақ халқы көбейіндер.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Б.Ж. Атантаева «Казахстанско-китайские межгосударственные миграции в середине XIX- начале XXI вв». : автореферат дис. ... доктора исторических наук :07.00.03 / АтантаеваБакытЖумагазиевна; [Место защиты: Ин-т востоковедения РАН]. - Алматы, 2008. - 50 с.
2. Г. М. Мендикулова, Атантаева Б.Ж «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг»
3. А.И. Құдайбергенова Влияние миграционных процессов на изменение историко-демографической ситуации в Казахстане (вторая половина XIX - начало XX вв.) : Автореферат дис. ... д-ра ист. наук : 07.00.02 / Құдайбергенова,ЖанарАделхановна, - Алматы: 2010 . - 48,
4. Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.). – Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.
5. Құдайбергенова А.И.Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи-демографиялық қыры. – Алматы: Елтаным, 2011. – 416 б.
6. Назарбаев Н.Ә. «Құшағымыз бауырларымызға айқара ашық» // Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы (құжаттар жинағы) — Алматы: Атамұра, 1993. – 280 б.

#### **ИСТОРИЯ РЕПАТРАЦИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА В НАЧАЛЕ 1950-1960 ГОДОВ В АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛАХ**

**Б.Ж. Атантаева, У. Бакытжанұлы**

*Аннотация: В данной статье история о возвращении иммигрантов казахского народа на родину по вопросу исследования и анализа на основе архивных данных.*

#### **IN THE BEGINNING OF 1950-1960 TO THE KAZAKH'S REPATRIATION HISTORY ARCHIVE**

**B.Atantayeva, U.Bakitzhanuly**

*Annotation: The proposed article in the history of the Kazakh border left-handed policy of the Soviet Union, the history of immigrants to return to their homeland over the issue studied and analyzed on the basis of archive data.*

### «ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ТАРИХТА»

*Түйін:* Мақалада Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде ұлттық патриотизмнің қайнар көзі тарихта екендігі баяндалады. Патриотизмді дамытудың басты шарты, отандастар бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтау көрсетілген.

*Кілт сөздер:* патриотизм, тарих, Мәңгілік Ел, жолдау.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген еді. Ал «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын. [1] Аталған идея «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» жаңа Жолдауында да жаңа қырынан толықтырыла түсті. Бұл идеяны үлкен жауапкершілікпен дереу іске асырудың түпқазығы отандастарымыздың бойындағы адамгершілік, туған елге сүйіспеншілігі десек, объективті тұжырым болар деп ойлаймын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» — деп атап көрсеткен еді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы құндылықтардың дамуын аша түскендігін көрсетеді. Қазір ғылымға Қазақ Хандығы құрылғанға дейін-ақ қазақ жерінде болған 12 мемлекет белгілі болып отыр. Бұл біздің мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде екенін көрсетеді. Ата-бабаларымыздың ұлы істерге, ұлы ерліктерге толы тарихын жас ұрпаққа мақтаныш ете алатындай мазмұнда табыстауға тиіспіз. [2]

«Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді», - деген Қазыбек бидің ұлы сөзін елемеске болмас. Патриотизм мәселесін көтеруімізге себеп болған, тәуелсіз ел болғалы бері әлі күнге дейін патриотизмнің мазмұны мен соны құндылықтары қалыптаспағандығынан туындап отыр. Патриотизмді дамытудың басты шарты, отандастар бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтау. Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі - Отан. Ал оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Мысалға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылайхан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны Отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі өзге диаспоралар өмір сүріп жатқан Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлары болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені оларға Отан болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсетуі азаматтық парызы.

«Ұлттық патриотизмді оятатын — тарих қана». Осыған байланысты Тарихқа үңілсек, арғы тарихымыз біздің дәуірімізге дейінгі V-III ғасырлардағы сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын болса, «қазақ» деген атауға ие болып, қазақ мемлекетінің құрылғанына осы кезде 550 жылға толып отыр. Римді жаулаған ғұн патшасы Еділ, Кирдің басын алған Томирис ханшайым, түркі дүниесінің төріндегі Бумын, Тоныкөк қағандар, Мысыр билеушісі Сұлтан Бейбарыс, Үнді жеріне иелік еткен Бабыр, Шыңғыс хан, Абылай, Кенесары, Дінмұхамед, Нұрсұлтан есімдері біз үшін тек зор мақтаныш қана емес, рухани әлеміміздің шамшырақтары екені даусыз әлемді мойындатқалы қашан. Тұтастай алғанда қарапайым халық патриоттықты ұлтын сүюмен байланыстырады. Ал оның астарында көптеген алғышарттары жатқанын біреу білсе, біреу біле бермейтін шығар. Шын мәнінде, ол тек ұлтын сүюмен шектелмейтіні белгілі. Онымен қоса, мемлекетін, тілін, дінін, ділін, дәстүр-салтын құрметтеумен де байланысты екені ақиқат. Көптеген жетістіктерге жетуге себепкер болған да осы патриотизм десек, жаңылыспаған болар едік. Кезінде Алаш арыстары да ұлтшыл деп айыпталғанымен, шын мәнінде нағыз патриот болғанын тарих дәлелдеп берді. Ұлтымыздың патриотизмге бай тарихын жауынгерлер мен батырлардың ерліктерін, ата- бабаларымыздың өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу патриотизмге баулудың бірден- бір көзі. Биыл «Алаш» атты ұлттық-демократиялық партиясының, Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл .Жас ұрпақ ерлеріміздің ерлігін біліп өсуі тиіс . Бұл ретте халқына суықта пана , ыстықта сая болған аттары ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Қазақ халқының біртуар ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Жұмабаев, Павлодар өңірінен Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, Қ. Сәтбаев сынды

азаматтар өз елінің теңдігін ұран етіп, азаттықтың салтанат құруына үлес қосқан. Олар өздерінің өнегелі өмірімен, биік парасатымен асқан білімділігімен, халқына деген шексіз махаббатымен ел есінде, тарих тағылымында қалды. [3]

Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері мол болады. Бұл Отанның иесі қазақ деген халық кеше ғана пайда болған жоқ, онымен санаспайтындай. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар. «Отан – отбасыдан басталады» дегендей отбасыдағы бірлікті нығайту мен ата-анасын сүйуден бастауымыз керек. Халықтың табиғатына жақын дегенде, ашық саясат ұстанбасақ та ұлттық патриотизм төңірегінде өрбіткеніміз абзал. Бұрынғы ата-бабаларымызға қазіргідей арнайы патриотизм саясаты жүргізілмесе де Отанды қорғауда жанын-тәнін аямай, патриотизмнің керемет үлгісін көрсеткен. Себеп біреу, табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген табиғи, ұлттық патриотизм. Жасандылық жоқ. Басқа елдердің патриотизмін үлгі тұтқандарға айтарым, тарихымызды оқысын.

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Ел Президенті Н.Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн», – деуі патриотизмге баулудың жарқын үлгісі іспетті. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан бастау алатындай.

Қорыта келгенде, егер еліміздің болашақ жастарын Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз десек, ең алдымен, қазақ мәдениеті мен өнеріне, мемлекеттік тілге мән бергеніміз жөн. Біздің қазақта Отаншылдыққа тәрбиелеудің тамыры тереңде, халық ауыз әдебиетінде – мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерінде, ертегілер мен батырлар жырында, терме және халық әндерінде жатқаны ақиқат. Қазақта «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер бір өледі, ез мың өледі» деп, жас ұрпақты елін сүйуге, намысты таптатпауға тәрбиелеген. Ендігі мақсат осындай ұлағатты да даналы сөздерді елімізді мекен етіп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстарға жеткізу, олардың да Отанға деген сүйіспеншілігін ояту болмақ.

Айтар болсақ, қазақ ұлтының ұлтжанды ұрпағы: ең алдымен қазақ болуы тиіс. Қазақ ұлты – Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы мәртебелі ұлт. Қалған ұлттар диаспора. Қазақ ұлты басқа ұлттардың дамуы мен тілін, дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын сақтауға кедергі келтірмейді. Басқа ұлт өкілдерінің қазақ ұлтының тілі мен дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, ұлттық болмысын сыйлауын құрметтеуін талап етеді. Сонымен қорыта келгенде, қазақстандық патриотизм, ол – бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі бізде ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ тіл мен мәдениет. Басқа ұлт өкілдері осыны саналы түрде қабылдауы тиіс. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулықтың маңыздылығы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тарихи еңбектері толық қамтылып, жазылған. Бұның өзі көп нәрседен хабар берсе керек.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан үзінді келтіре отырып түйіндесек: «2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс». «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді». [6]. Қазыбек би: «Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, көшінің соңы болады», – деген. Токсан сөз ауыздың, тобықтай түйіні: «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде». Қазақ «Отан отбасынан басталады» дейді. Отанды сүйудің іргетасы алдымен туған жерге деген сүйіспеншілікпен қаланады. Сондықтан мемлекет басшысы ұсынып отырған «Туған жер» бағдарламасын көп болып қолдауымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. // «Егемен Қазақстан» газеті, №10 (28234) 17 қаңтар 2014 жыл, 2бет
2. // «Айқын» газеті, №18, 30 наурыз 2012 жыл, 7 бет
3. Б. Тілеуханов «Он ғасыр жырлайды» - Алматы, 2006 ж. 23-24 бет
4. Н.Назарбаев «Тәуелсіздік белестері» - Алматы: «Атамұра», 2003 жыл, 335 бет
5. Ғаламтор сайты – М.Мәметова атындағы Қызылорда колледжі, «Жас жеткіншектер бойындағы патриоттық тәрбиені қалыптастыру» мақаласы, 2 бет.
6. ҚР Президенті Н.Назарбаев –мақалалары мен жолдаулары.

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ПАТРИОТИЗМА М.С. Карибаев

*В статье рассматриваются вопросы патриотического воспитания в свете реализации идеи Мәңгілік Ел, вопросы формирования и развития исторического сознания нации, гражданской идентичности, сохранения духовного, культурного наследия народа.*

## THE SOURCE OF THE NATIONAL PATRIOTISM IS HISTORY M.C. Karibaev

*The article considers the issues of patriotic education in the light of the realization of the idea of Mangilik El (Eternal Nation), the issues of formation and development of the historical consciousness of the nation, civil identity and the preservation of the spiritual and cultural heritage of the nation.*

УДК: 94 (574.4) «1928»

**М.Г. Ескендиоров, Н.А.Магзумова**

Государственный университет имени Шакарима города Семей

### КОНФИСКАЦИЯ ХОЗЯЙСТВ КРУПНЫХ СКОТОВОДОВ ИЗ КОРЕННОГО НАСЕЛЕНИЯ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1928 ГОДУ В ДОКУМЕНТАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСАРХИВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЦЕНТРА ДОКУМЕНТАЦИИ НОВЕЙШЕЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

*Аннотация:* В статье приведены результаты исследования конфискации и выселения в Сырдарьинский округ крупных баев-феодалов и зажиточных крестьян Семипалатинского Прииртышья, на основе Постановления ЦИК КАССР от 27 августа 1928 года. Показаны применяемые приемы «волевого» решения правоохранительными и местными органами власти по отношению осужденных.

*Ключевые слова:* аграрная политика; крестьянства; конфискация; выселения.

Громадные изменения, которые произошли после распада союзного государства, позволяет взглянуть на историю нашей страны с новых позиций. Не секрет, что в течение длительного времени история Казахстана, так же как и история СССР, рассматривалась с классовых узкопартийных позиций, затушевывались негативные явления. Нередко от общественности скрывались или не в полном объеме освещались такие трагические страницы истории, как вынужденная эмиграция казахов за рубеж, голод 1920-х, 1930-х годов, силовая коллективизация, насильственное переселение целых народов на территорию Казахстана, трагедия Арала, смертоносное влияние ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. Теперь стали известны такие факты, что с начала 1930-х годов казахский народ потерял в результате голода 1 млн. 75 тыс.чел. ( по другим данным демографов - 2 млн. 300 тыс.), что за границу ушло 200 тыс. казахов и т.д. В период с 1917 по 1959 гг. численность казахов на своей земле, прежде составлявшая 58,7% населения, понизилась до 28,9%. [1]

Историческая наука постсоветских стран сделала большую работу по выведению исторической памяти общества из состояния глубокой деформации, в связи с чем более уверенные позиции завоевывает ориентация на объективный анализ реалий прошлого, критическое переосмысление десятилетиями формировавшихся стереотипов и установок.

«Нужно признать, наши исторические представления, особенно на уровне массового сознания, необъективны, фрагментарны, пропущены через множество вульгарно-социологических фильтров. Отсюда и крайности в трактовках - от попыток замазать «белые пятна» только черной краской до идеализации недавнего прошлого». [2]

Нами была поставлена задача объективно осветить одного из наиболее трагичных по своим последствиям периода становления тоталитарной системы, дать ретроспективную информацию о важнейших исторических событиях 1920-1930 годов XX столетия в отдельно взятом крупном административном регионе Казахстана - Семипалатинском Прииртышье, который включал в себя

такие административно-территориальные образования, как Семипалатинская губерния (1928 -1930 гг.), Семипалатинский округ (1930-1932 гг.), Восточно-Казахстанская область с центром в г.Семипалатинске (1932-1939 гг.).

С этой целью было выявлено документов ранее находившихся в ограниченном доступе, по фондам ЦГА РК и ЦДНИ ВКО, свидетельствующие о целенаправленной политике советской власти по истреблению зажиточных слоев кочевого крестьянства, которые своим влиянием могли препятствовать советизации аулов. Эти документы позволили нам осветить различные аспекты экономического, социального и политического развития Семипалатинского Прииртышья в один из самых переломных моментов истории.

Сам факт конфискации имущества баев предусматривал использование карательных мер, поэтому большинство документов имеют грифы "секретно", "совершенно секретно" - это протоколы заседаний партийных органов, донесения ОГПУ, докладные записки о проводимых мероприятиях по конфискации, списки баев с описями имущества и др.

В 1925 г. ВКП(б), безраздельно завоевавшая все политические и экономические позиции правления, круто делает переход от практики гражданского согласия и мира к стратегии классовой борьбы в ауле и разложения его родовой ограниченности.

Линия на классовое размежевание в казахском ауле получила подкрепление в решении КазЦИК и СНК от 20.05.1926 г. о переделе сенокосных и пахотных земель, в результате которого пахотные земельные наделы бедняков и середняков возросли на 2,6 млн. га. Отсюда резко усилилось оседание кочевых и полукочевых крестьянских хозяйств.

В том же 1926 г. специальная комиссия Крайкома ВКП(б) и ЦИК провела всестороннее обследование ряда аулов. Оно показало, что решающее влияние находится в руках 700 хозяйств. Это были семьи наиболее авторитетных людей, немалая их часть по достоинству пользовалась уважением в народе, — крупные собственники-скотоводы, владевшие 50-70 % поголовья скота /125.172 головами скота, в переводе на крупный рогатый/ потомки ханов и султанов, которые поддерживали родовые обычаи и опирались на традиционное право, их экономическое и общественное влияние в ауле было очень велико. Как было записано в правительственном постановлении: "Они своим имущественным и общественным положением препятствуют советизации аула". 1926-27 гг. партийно-советским властям удалось отчасти сформировать в ауле атмосферу некоторого противостояния байства и бедноты.[3]

27 августа 1928 года ЦИК КАССР принял постановление о конфискации хозяйств тех наиболее крупных скотоводов из коренного населения, которые сохраняют полуфеодалные, патриархальные и родовые отношения. Имелись в виду хозяйства, которым в кочевых районах принадлежало более чем по 400 голов скота /в переводе на крупный рогатый/, в полукочевых — более чем 300, в оседлых — более чем по 150, иногда 100 голов. В число подлежащих конфискации включались также хозяйства ханских и султанских потомков, бывших несменяемых волостных управителей. [4]

"Смысл конфискации состоял, — писала газета "Советская степь", — в освобождении бедняцких и середняцких слоев населения от экономической зависимости и эксплуатации со стороны этих лиц и создания необходимых условий для скорейшего экономического подъема и культурного развития трудящихся".

Согласно утвержденной 30 августа 1928 года Инструкции по проведению в жизнь декрета от 27 августа 1928 г. конфискации должна была проводиться по всей территории КАССР одновременно. [5]

Рекомендовалось при распределении скота и имущества в первую очередь удовлетворить платежные обязательства баев-полуфеодалов перед работавшими у них бедняками и батраками, одновременно принять меры по снабжению последних частью конфискованного имущества, чтобы они создали свое хозяйство или трудоустроить их. Срок завершения выселения баев-феодалов и конфискации их скота и имущества планировалось завершить до 1 ноября 1928 г. 60-70% изъятого скота и другого имущества баев-полуфеодалов надлежало распределить среди казахской бедноты, остальное между колхозами и совхозами, а племенной скот — между государственными племрассадниками. [6]

Целый ряд дополнений, разъяснений к постановлению от 27 августа 1928 года и Инструкций о его применению предостерегали от расширительного толкования задач конфискации, подчеркивали, что на этот раз она ничего общего не имеет с раскулачиванием и не затронет обычных байских хозяйств.

Однако предшествующие "кампании" 1928 г., когда изымался скот не только у зажиточной части кочевого населения, но и у середняков и даже бедняков, да еще с подведением под статьи 62,



67, 58/10 Уголовного кодекса РСФСР, подорвали у средняцких масс доверие к Советской власти и надежду на справедливое решение проблемы конфискации. [7]

И несмотря на восторженную шумиху, поднятую партийной прессой по поводу активности масс в отношении нового декрета, действительность это опровергала.

Было точно определен круг хозяйств, подлежащих конфискации: помимо 700 баев-полуфеодалов конфискации подлежали хозяйства потомков ханов и султанов, которые должны быть выселены вне зависимости от имущественного положения. Таким образом, Постановление от 27 августа преследовало еще одну цель — уничтожение родовой части, "степной аристократии", которая всегда стояла на защите национальных интересов.

Так, во время проведения декрета в Семипалатинской губернии подверглись репрессивным мерам сын Абая Турагул Ибрагимов, пользовавшийся огромным авторитетом у односельчан, и Мусатай Малдыбаев, бывший волостной управитель, глава рода. [8]

Помимо того, что ни тот, ни другой по количеству скота и имущества не подпали под действие декрета, им было вынесено обвинение в разжигании родовой вражды и контрреволюционной деятельности. М.Малдыбаев, как "социально опасный элемент", был выслан в Рубцовский округ.

Для реализации Постановления 27 августа 1928 г. на места выехало несколько тысяч уполномоченных. В каждом ауле создали Комиссии содействия из 10-15 батраков и бедняков. Почти неограниченные права получили представители ОГПУ. Руководство этого учреждения распорядилось о введении на границе усиленной охраны, чтобы воспрепятствовать откочевкам за рубеж, в пределы Китая. В специальной шифрограмме в Вахты, Зайсан, Джаркент говорилось: "Первого сентября начнется проведение в жизнь декрета конфискации байства. Учитывая возможность напора байства в Китай в целях обеспечения охраны границы ваше оперподчинение высылается. [9]

Однако ни меры по созданию усиленной охраны, ни комиссии по конфискации желаемого эффекта не дали. «Байство, — писалось в Обзоре СНК, — осведомленное о предстоящей конфискации, повело контрреволюционную агитацию о якобы предстоящей конфискации скота среднего и зажиточного крестьянства, широко используя отдельные ошибки и перегибы». [10]

В Семипалатинском округе руководство Округкома ВКП(б) и Окрисполком поддались левацким настроениям, чем снизили экономический и политический эффект проводимой кампании: в списки баев-полуфеодалов и лиц, попадавших под действие декрета о конфискации и выселении, были внесены обычные байские, зажиточные и даже средняцкие хозяйства. Так, в Бескарагайском районе первоначальный список из двух баев был увеличен до 17, окружной комиссии пришлось принимать меры к проведению конфискации по ранее принятым спискам не только в указанном, но и во многих других районах. [11]

В Чингистауском районе конфискации задела не только баев, но и середняков, в список попали 19 человек. После долгих разбирательств скот и имущество были возвращены 16 хозяйствам. [12]

Территория применения Постановления в Семипалатинском округе включала 9 районов: Бескарагайский, Кызылтанский, Кызыл-Тасовский, Чингистауский, Аягузский, Жарминский, Уланский, Тарбагатайский, Курчумский. [13]

Выселению и конфискации по декрету от 27 августа подверглись 64 хозяйства, из них баи-полуфеодалы составляли 20 человек, остальные 44 были крупными скотоводами. Было конфисковано 2746,59 голов скота в переводе на крупный рогатый, в трудовую норму репрессированным баям-полуфеодалам была оставлена 871 голова по нормам, разработанным СНК. [14]

Характерно резкое несоответствие данных о количестве скота и имущества по состоянию на 01.01.1928 с фактическим изъятием их за период кампании по проведению декрета. Это объясняется тем, что скот укрывался, заблаговременно распродался, передавался другим хозяйствам, тоже байским, но не подлежащим конфискации, укрывался среди населения других округов, передавался русскому населению.

Всего высланных в Сыр-Дарьинский округ семейств насчитывалось 446 человек, из них взрослых мужчин — 99, взрослых женщин 125, подростков мужского пола /до 18 лет/ — 131, женатого пола — 101. Скрылись с семьями трое: Мурсалимов Заманбек, Адилев Иса, Укубаев Кара-жан. На месте проживания из высланных семейств осталось 7 человек по болезни.

Из общего числа высланных обжаловали решения комиссий 45 лиц, которые свои претензии аргументировали неправильностью подведения хозяйств под признаки выселения, а также несоответствием наличного скота к нормам, предусматриваемым декретом. [15]

Предпринимались и другие попытки противостоять выселению. Это был и сбор документов, носящих оправдательный характер, от райисполкомов, сельаулсоветов, которые власти во всех случаях признавали фиктивными. Подавались жалобы в окружную комиссию по конфискации, в КазЦИК, ВЦИК РСФСР и СССР. Они также передавались на рассмотрение местным властям и ни к каким положительным результатам не приводили<sup>2</sup>. Наконец, последняя попытка простоять насильственным мерам властей была предпринята женщинами, которые подавали на развод со своими мужьями, чтобы сохранить хоть какую-то часть имущества и остаться на месте. Сначала народные суды рассматривали эти заявления, но затем и они были признаны властями несостоятельными и были аннулированы. [16]

В период кампании по выселению и конфискации баев-полуфеодалов вместо высылаемых из округа 61 семейства были распределены по 7 районам — Аягузскому, Кзылтанскому, Бескарагайскому, Уланскому, Жарминскому, Жана-Семейскому, Чингистаускому - 31 семейство баев-полуфеодалов, высланных из Кустанайского округа. Их расселяли на свободных землях, где имелись бывшие переселенческие участки, отводилось место для усадьбы, выделялись пахотные и сенокосные угодья по числу едоков, согласно существующим нормам.

И в данном случае не обошлось без перегибов. В пяти случаях расселение прибывших произошло в местах, откуда были высланы свои баи-полуфеодалы. [17]

Проведение Постановления о выселении и конфискации скота и имущества баев-полуфеодалов в Семипалатинском округе проходило с нарушением элементарных правовых норм, наблюдались случаи массового расхищения конфискованного скота вследствие отсутствия точного его учета. Органы прокуратуры и ОГПУ, чувствуя безнаказанность, усиливали карательные меры воздействия.

В целом конфискация и выселение баев-полуфеодалов было очередной попыткой Советской власти сбалансировать экономику путем еще одной репрессивной кампании, имевшей главной целью уничтожение кочевого и полукочевого хозяйства.

Как и предыдущие кампании в сельском хозяйстве, проводимые репрессивными мерами, она не могла дать желаемого экономического эффекта ни в масштабе отдельно взятого округа, ни в масштабе республики.

Ее итогом стало изъятие от бывших феодалов всего около 145 тысяч голов скота, то есть менее 10 процентов. [18]

Но зато сформировалась острая социально-политическая напряженность. Искусственно формируемое противостояние различных имущественных слоев населения подготавливало применение чрезвычайных мер, повышало в жизни общества значимость административной системы и карательного аппарата. Проведена была генеральная репетиция перед началом насильственной коллективизации и ликвидации кочевого и полукочевого хозяйства.

#### **Список использованных источников:**

1. Правда о голоде 1932-1933 гг. – Алматы: ТОО Литера – М, 2012. - с.254
2. Н.Назарбаев. За мир и согласие в нашем общем доме //Доклад на первой сессии Ассамблеи народа Казахстана. Алматы. «Казахстан», 1995. - с.38
3. Казахстанская правда //30 мая 1992. №21049
4. Дахшлейгер Г.Ф. Социально – экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. Алматы: Наука. КазССР, 1965. - с.343-344
5. ЦДНИ ВКО //Ф.74. Оп.3. д.5. л.л.9-12. Заверенная копия.
6. Там же.
7. ЦДНИ ВКО //Ф.1- п. Оп.1. д.1583. л.л 88,92. Отпуск.; Там же. Ф.1. Оп.1. д.1583. л. 71. Копия; Там же // Ф.3- п. Оп.1. д.25. л.26. Заверенная копия.
8. ЦГА РК// Ф.135. Оп.1. д.4. л. 89. Заверенная копия; ЦДНИ ВКО. Ф.73. Оп.1.д.17. л.л.131-132.
9. Казахстанская правда //30 мая 1992. №124 (21.049).
10. Бюллетень Казахского крайкома ВКП(б) // №3.
11. ЦГ РК //Ф.135. Оп.1. д.4. л.36. Заверенная копия.
12. ЦДНИ ВКО //Ф.74. Оп.3. д.36. л.л.1-22. Подлинник.
13. Там же.
14. ЦГ РК //Ф.5. оп.21. д.15. л. 90. Копия.
15. ЦДНИ ВКО //Ф.74. Оп.3. д.36. л.л.1-22. Подлинник.
16. ЦДНИ ВКО // Ф.74. Оп.3. д.36. л.л.51-52. Отпуск.
17. ЦДНИ ВКО //Ф.74. Оп.3. д.8. л.30; ЦГА РК. Ф.1. Оп.1. д.1. л.л.190-191.
18. Казахстанская правда // 30 мая 1992. №21049

**1928 ЖЫЛЫ СЕМЕЙДІҢ ЕРТІС ӨңІРІНІҢ БАЙЫРҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ  
АРАСЫНДАҒЫ ІРІ МАЛ ӨСІРУШІ ШАРУАЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ЖӘНЕ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫН  
ҚҰЖАТТАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДА  
М.Г. Ескендилов, Н.А.Мағзумова**

*Аннотация: Мақалада 1928 жылғы 19 тамыздағы ҚАКСР ОАК қаулысы негізінде Семейдің Ертіс өңірінің ірі бай-феодалдары мен ауқатты шаруаларын тәркілеу және Сырдария округіне жер аударуды зерттеудің нәтижелері келтірілген. Жергілікті билік пен құқық қорғау органдарының айыпталғандарға қатысты қолданған «жігерлі» түрде шешудің тәсілдері көрсетілген.*

**CONFISCATION OF THE FARMS OF LARGE HERDSMEN FROM THE INDIGENOUS  
POPULATION OF SEMIPALATINSK IRTYSH REGION IN 1928 IN THE DOCUMENTS OF THE  
CENTRAL STATE ARCHIVES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE CENTER  
FOR DOCUMENTATION OF THE CONTEMPORARY  
HISTORY OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION  
M.Eskendyyrov, N.Magzumova**

*Annotation: The article presents the results of the study of confiscation and eviction of large feudal lords and well-to-do peasants of the Semipalatinsk Irtysh region to the Syrdarya District on the basis of the Decree of the CEC of the KASSR of August 27, 1928. The applied methods of "strong-willed" decision by law enforcement and local authorities concerning convicts are shown.*

ӘОЖ: 94(574) «1900/1957»

**Б.Ж. Атангаева, Қ.Ж. Серіков**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

**АХМЕТЖАН ҚОЗЫБАҒАРОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

*Аннотация: Бұл мақалада ХХ ғасырдың басында дүниеге келген «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі және оның орнығуына өзінің қомақты үлесін қосқан ұлт зиялысы Ахметжан Қозыбағаровтың қоғамдық-саяси қызметі қарастырылған.*

*Түйін сөздер: Алаш, қайраткер, земство, Семей уезі, съезд.*

Кезінде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің жергілікті жерден баюына өздерінің қомақты үлестерін қосқан ұлт зиялыларының көп салалы қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеу және оны бүгінгі ұрпақпен таныстыру тарихи тұрғыдан алғанда да қажеттілік болып табылады. ХХ ғасырдың басында дүниеге келген Алаш қозғалысы саяси жағдайдың күрделілігіне қарамастан 1917 жылға қарай өзінің жаңа кезеңіне шығып, Алаш партиясына трансформацияланғаны белгілі. Осы бір аса күрделі кезеңде, алаш қозғалысының қатарына, ұлтының тәуелсіздігін аңсаған небір күрескерлер қосылып отырды. Сөйтіп, уақыт және қалыптасқан жағдай азаттық жолындағы күрескерлердің бүтін бір буынын тарих сахынасына шығарды. Солардың ішінде Ахметжан Қозыбағаров сынды алаштың көрнекті қайраткері де болды.

Ахметжан Қозыбағаров Алаш партиясының алдыңғы сапындағы қайраткері, ұлтымыздың демократиялық көзқарастағы зиялыларының бірі еді. Ол Семей өңірінен шыққан тұңғыш кәсіпқой медицина қызметкері екендігін де айтуымыз керек.

Ахметжан Қозыбағаров 1879 жылы бұрынғы Семей облысы, Бұғылы болысының жерінде (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) орташа дәулетті отбасында дүниеге келген. Оның жанұясының мүшелерінің естеліктері бойынша Ахметжанның әкесі Қозыбағар Абаймен замандас, құрдас, сырлас болған адам көрінеді. Абайдың кеңесімен Қозыбағар өзінің екі ұлын Семей қаласына әкеліп оқытқан [1,3].

Ахметжан Семейдегі ауылшаруашылық мектеп-интернатын бітіргеннен кейін, 1901-1906 жылдары Омбыдағы медициналық фельдшерлік мектепте оқыған. Сауатты жас Ахметжан студенттік

кезінде-ақ қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласады. Осы Омбыда оқыған жылдары Ахметжан қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымына қатысып, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Сәдуақасов, Хамза Жүсіпбеков тәрізді болашақ қайраткерлермен танысады. Ахметжанның сол студенттік шағында Алаштық тұрғыда қалыптасқан саяси көзқарасы одан кейінгі төңкерістер кезеңінде де еш өзгермеді. Ол шын мәнінде, ұлт мүддесіне қызмет еткен Алаштың нағыз азаматы болды. Ахметжан оқуын бітіріп келген соң, 1906-1918 жылдар аралығында Семейдің Затон жақ бөлігіндегі госпитальда фельдшер болып жұмыс істеді, үлкен кәсіби біліктілігін қалыптастырды.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен алғаш «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылғанда, Ахметжан Қозыбағаров оның басшылық құрамына еніп, қоғамдағы саяси жұмыстарға білек сыбана араласады. Ол облыста қазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге қатысып, Облыстық Қазақ комитетіне мүшелікке сайланады. Сол тұстағы қазақ комитеттерінің тарихи ролін, қазіргі таңда алаштанушылар «ұлттық мемлекеттің негізі, бастау көздері еді» деп бағалайды. Шынында да, Семей облыстық қазақ комитетінің ұсынысы бойынша ұлттық автономия құру мәселесі, ең бірінші болып Семейдегі қазақ съезінде көтерілді. Ол туралы академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты зерттеу еңбегінде: «Семей съезінің өзіне тән және басты ерекшелігі, онда мемлекеттік басқару мен қазақ халқының автономиясы туралы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер болды» дейді[2].

Міне, осы қазақ қоғамындағы мемлекеттік билік түрі, ұлттық автономия, жер, халық милициясы, земство, оқу, сот, дін және тағы басқадай саяси-әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге байланысты 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезіне Семей облысынан Ә.Бөкейханов, Г.Потанин, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, М.Боштаев, Ж.Ақбаев, Б.Сәрсеновтермен қатар Ахметжан Қозыбағаров та қатысады. Сондай-ақ, ол «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутат болып сайланады. Сол уақыттың өзінде-ақ «Қазақ» газеті «Ахметжан Қозыбағаров-фельдшер. Пікірлі, ұлтшыл жастарымыздың бірі»- деп атап жазып, үлкен үміт артқан.

1917 жылдың күзінде Семей облысында земстволық басқару органдарының сайлауы жаппай өткізіле басталған кезде, өздеріне болашақта негіз болады деп есептеген халықтық билікті білдіретін осы құрылымнан шет қалмау мақсатында Алаш қайраткерлері де оған бір кісідей жұмыла атсалысады. Осындай саяси науқан барысында А.Қозыбағаров бұрынғы Алаш қаласы тұрғындары атынан, алғашқыда Семей уездік земствосына депутат ретінде сайланып, одан кейін оның басқарма төрағасы болып тағайындалады. Азаматтық қарсыласу жылдары Семейдегі земстволық басқару органдары Алашорда үкіметінің және халықтың сенім артқан мықты тірегі болды. Олар негізінен милиция, сот органдарын құру, жер бөлу, несие-қаржы беру, шаруашылықты дамыту, азық-түлікпен жабдықтау, денсаулық сақтау, білім беру, ұлттық мектептерді ашу тәрізді тағы басқа саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы мәселелермен айналысты. Ахметжан Қозыбағаровтың тағы бір баса назар аударарлық қоғамдық қызметі Алаш қаласында ұлттық педагог кадрларды даярлау мен қазақ мектептерін ашу мәселелерімен тығыз байланысты болды. Бұл істерде ол Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтармен бірлесіп жұмыс жасады. Сол уақытта Алаш қаласында екі қазақ, бір мұсылман, арнаулы білім беретін қыздар мектептері ашылып, қызметкөрсетті[3;].

Ал 1920 жылдары Семей уезіндегі бастауыш мектептер саны жетпіске жетті. Әрине, бұл бастауыш оқу орындарында білім беретін ұстаздар жағы үнемі жетіспеді, сондай-ақ оқу-құралдарының тапшылығы да қатты сезіліп отырды. Міне, осындай өзекті мәселелер жайында Ахметжан Қозыбағаров 1918 жылдың 16 қыркүйегіндегі «Қазақ» газетінің №265 санында жарияланған «Оқу құралдары» атты мақаласында айтады. Дегенмен, табанды алашордашы Райымжан Мәрсеков басқарған Семей облыстық Земствосы және Ахметжан Қозыбағаровтың басқаруындағы Семей уездік земствосы бұл кедергілерді асқан қажырлылықпен шеше білді.

Ахметжан Қозыбағаровтың ұйымдастыруымен 1921 жылы губерниялық ұйымдар бөлген және бұрынғы Шыңғыстау болысы тұрғындарынан жиналған қаржыға қазіргі Абай ауданының орталығы Қаруылдан 70 шақырымдай жырақта Архат тауының қойнауынан аурухана салдырады. Құйылған кірпіштен тұрғызылған аурухананың екі ғимаратында 16 бөлме болыпты. Сол бөлмелердің барлығының едені тақтайланған. Ғимарат шатыры темірмен жабылған. Өзі осы 1921-1922 жылдар аралығында Шыңғыстауда Архат дәрігерлік бөлімшесін басқарады [4].

1973 жылы шілде айында Архатқа арнайы барған Ахметжанның ұлы Алаш сол шақта ауруханада әкесімен бірге жұмыс істеген аурухананың атшысы болған Әзімжан ақсақалмен кездесіп, көп дерек алған. Әзімжанның айтуынша аурухананың қосалқы үйлері 1963 жылға дейін сақталып келген. Семейде Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде де А.Қозыбағаров біраз уақыт жергілікті

әкімшілік орындарда басшылық қызметтер атқарады. Алғашқыда Алашорда қайраткерлеріне кешірім жасалғанымен, Мемлекеттік Саяси Басқарма органдары қысым жасауын тоқтатпады. 1929-1932 жылдары екі рет ішкі істер органдарының құрығына ілініп, түрмеге жабылады да, оған таққан айыптары дәлелденбегендіктен екі ретінде де заңсыз деп босатылады. Осыдан кейін Ахметжан басқа жаққа кетуге мәжбүр болады. Ахметжан Қозыбағаровқа қатысты 1937 жылдың 26 тамызында Халықтық ішкі істер комиссариаты органдарының тергеу құжаттарында оның 1921 жылдан бастап Алматы қаласында тұрып, №3 кірпіш зауытының емханасында меңгеруші болып істегені, содай-ақ отбасы мүшелері жайлы айтылады [5].

Ахметжанның жанұясында: әйелі – Тұрар, Алаш, Сәтен, Жошы есімді ұлдары және Сара, Рәш атты қыздары болған. Қозыбағаровтың сүйікті жары Тұрар Қозыбағарованың есімі де Семей жұртшылығына жақсы таныс еді. 1914 жылдың күзінде ұлы Абайдың өмірден өткеніне 10 жыл толуына арналған Семейдегі әдеби кешті ұйымдастырып, өткізуші тамаша педагог-ағартушы Нәзипа Құлжанованың жақын досы, құрбысы ғана емес, сондағы «Біржан-Сара» спектакіліндегі ақын Сараның ролін ойнаған өнерлі жан еді. Ол жайында 1915 жылғы «Қазақ» газетінің 28 наурыздағы 114 санына М.Әуезов «М» – деген бүркеншік есіммен жазған мақаласында: «13 февральда Семейде саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын...»- дей келіп, кешті Райымжан Мәрсековтың қазақ әдебиеті туралы сөзімен ашқанын, одан соң Н.Құлжанов сөйлеп, Біржан-Сара айтысы қойылып, Сара – қыз Қозыбағаровтың жамағаты Тұрар ханым, Біржан – семинарияда оқитын шәкірт – Жүсіпбек мырза Аймауытов және көріністен соң күй шертіліп, ән айтылып, Абайдың, Ы.Алтынсариннің өлеңдері оқылып кеш көркем де көңілді өтіп, 817 сом жиналғанын айтады [6].

Ал, Ахметжанның 1918 жылы туған тұңғышының есімін Алаш деп қоюы, тағы бір ұлына Жошы деп ат беруінің өзі-ақ, оның ұлтымыздың мүддесіне қаншалықты адал болғандығынан хабардар еткендей. Ұлы Алаш та әкесінің жолын қуып дәрігерлікті таңдайды. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер атағының иегері, Семей облыстық акушер-гинекологтар қоғамының негізін қалаушы болды, көптеген жылдар бойы Семей қаласындағы облыстық және қалалық ауыруханаларда дәрігер, бірнеше жыл қатарынан Семей медицина институтында Акушерлік және гинекология кафедрасында меңгеруші болып қызмет атқарды. Алаш Ахметжанұлы дүниеден озған соң, Семей қаласының бір көшесіне оның аты берілді. А.Қозыбағаровтың үлкен қыздары Сара мен Рәш туралы білетіміз аз. Рәш Алматы қаласындағы Қазақ медицина институтының бірінші түлегі болған, басқадай дерек жоқ.

Ал, 1937 жылдың 9 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облыстық Халықтық ішкі істер комиссариаты Басқармасының жанындағы «үштіктің» Қаулысымен Ахметжан Қозыбағаров кеңес үкіметіне қарсы күрескен астыртын контрреволюциялық ұйымның басшысы ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. Алайда, арада жиырма жыл өткен соң, яғни 1957 жылы Қазақ КСР Жоғарғы сотының коллегиясы Ахметжан Қозыбағаровтың ісінде ешқандай қылмыстық әрекет жоқ деп тауып, ақтады [7]. Десекте, Алашорда қайраткерлеріне қатысты тарихтың жабулы беттерінің ашылуы, тәуелсіздік алған кезеңнен басталды.

Шын мәнінде, А. Қозыбағаровтың атқарған қызметі Алашорда тарихында ерекше орынға ие. Кезінде өзінің жазған мақалаларында А.Қозыбағаров оқырманның назарын мемлекеттің іргетасын құрайтын өзекті мәселелерге (жер, сот, білім, ұлт бірлігі және т. б.) аударғаны белгілі. Бұл пікірлердің айтылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, бүгінгі күннің өзінде олар әлі маңызын жоғалтпаған.

Сондықтан да, Ахметжан Қозбағаров сияқты алаш ісіне берілген, оның идеяларын табандылықпен іске асырған, түгелге жуық қызыл террордың құрбандары болған қайраткерлердің өмірлерін, шығармашылықтарын зерттеу бүгінгі күннің сұранысы болып табылады. Солардың ішінде Ахметжан Қозбағаров сынды қайраткердің әсіресе медицина және қоғамдық-саяси саладағы қызметін тереңдете зерттеуді қолға алу, кезек күттірмейтін міндеттердің қатарына жатады.

#### **Пайдаланылған Әдебиеттер:**

1. Ғ.Әнес, С.Смағұлова Алаш. Алашорда: Энциклопедия - Алматы: Арыс, 2009.- 228 б.
2. .Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж: Т.3. Кіт.1.- Алматы: Ел-шежіре, 2007.- 304 б.
3. .Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917ж. – мамыр 1920 жж: Т.2.- Алматы: Алаш, 2005.- 496 б.
4. Кенемолдин М. Алаштың ардагер азаматы //Абай.- 2011.- №1.- 71 б.
5. Кенемолдин М. Семей земство және ұлт зиялылары. //Абай.- 2007.- №2.- 94 б.

6. Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов.«Қазақ» газеті:Алаш азаматтарының рухына бағышталады - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. 555 б.
7. Сейсенұлы Д. Алаштың Ахметжаны еді... //Дидар.- 2000.- 3 маусым.- 4 б.

## **ОБЩЕСТВЕННО–ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АХМЕТЖАНА КОЗБАГАРОВА Б.Ж.Атантаева, Қ.Ж.Серіков**

*Аннотация: В данной статье анализируется общественно-политическая деятельность Ахметжана Козбагарова, который внес огромный вклад в создание партии Алаш и правительства Алашорды.*

## **POLITICAL AND PUBLIC POSITION OF AKHMETZHAN KOZYBAGAROV B.Atantayeva, K.Serikov**

*Abstract: This article was created at the beginning of the 20th century by the Alash Party and the by the government Alashorda and considers the political and public position of Alash Akhmetzhan Kozybagarov, who made a significant contribution to its creation.*

УДК 94(574) «19/20»

**Ф.С. Рамазанова, Т. Ахметжанов**

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

## **СЕМИПАЛАТИНСК В ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЯХ РОССИИ И КИТАЯ XIX – НАЧАЛА XX ВЕКОВ**

*В статье рассматривается историческое значение Семипалатинска в развитии торгово-экономических отношений с Китаем.*

*Ключевые слова: экономические отношения и торговля, семипалатинское купечество, экономическая политика российской администрации.*

Заключение Кульджинского договора в 1854 году способствовало установлению официальных отношений между Россией и Китаем в районе Синьцзяня и содействовало росту взаимовыгодных экономических связей [1,с.55]. Однако продвижение России на юг на этом не завершилось. В 1871 году российские войска были введены в Илийский край. Понадобилась новая серия дипломатических договоров и соглашений для урегулирования российско-китайских отношений. В 1881 году был заключен Петербургский договор, который служил основой для межгосударственных отношений России и Китая в Синьцзяне и регионе примыкающих к нему казахских земель. Илийский край был передан Китаю. По поводу серии русско-китайских договоров второй половины XIX века К. Скачков в 1881 г. писал: “При континентальном соседстве России с Китаем и при большей склонности нашего народа к сухопутной, чем к морской торговле, пространства Средней Азии представляют готовые рынки для нашей торговли. Прямой путь влечет нашу торговлю не к портам Китая, а в Китай Застенный” [2]. Таким образом, Петербургский договор создавал условия для расширения торговых связей между Россией и всей территорией Синьцзяня.

Для обширного региона русско-китайской торговли в 1881 году был установлен беспошлинный товарообмен между русскими и китайскими подданными в 50-верстной полосе по обе стороны русско-китайской границы.

По условиям Петербургского договора право беспошлинной торговли российские купцы и торговцы имели в Кульдже, Чугучаке, Кашгаре и права транзита через территорию в города внутреннего Китая . Все китайские товары, кроме чая, серебра и запрещенного к привозу хлебного пива, пропускались беспошлинно, а с чая, привозимого в пределы России из Китая сухим путем, взималась значительно меньшая пошлина, чем при ввозе его по европейской границе. За вывоз хлопка возвращалась пошлина. Это же правило распространялось на торговлю хлопчатобумажными изделиями. Возвращался купцам и торговцам акциз на спички и на сахар при ввозе их из российской территории в Синьцзян.

После заключения договора в Петербурге для синьцзянских купцов открывался новый рынок России, к границам которой теперь прилегали земли Восточного Казахстана. Также быстро возраставшее население Азии предъявляло спрос на такие синьцзянские товары, как фрукты, живой скот, мясо и сало, которые ранее находили спрос только на внутреннем рынке Синьцзяня. В новых условиях синьцзянские купцы получили возможность продавать их в обмен на хлопчатобумажные и шерстяные ткани и изделия русской промышленности.

Развитие торговли между Китаем и Россией на казахстанском участке границы и в прилегающих регионах, а также в Синьцзяне после Петербургского договора получило новое юридическое обоснование. 5 августа 1883 года в российском МИДе с участием заинтересованных ведомств Петербурга было проведено совещание, которое прямо признало, что “образование русских торговых колоний в западно-китайских городах действительно может способствовать развитию в нем русской торговли” [3].

Позже, в 1893 году в Петербурге было проведено особое межведомственное совещание о торговле с азиатскими государствами, о развитии торговли и сношений с Афганистаном, на котором был представлен доклад с изложением положения и приоритетов российской торговли всего региона Центральной Азии.

На следующий год такое же совещание было проведено по Бухарскому ханству и прилегающим регионам Средней Азии. Торговые отношения с Китаем были постоянно в поле внимания ряда российских министерств и ведомств. Подданным России разрешалось торговать в Синьцзяне и Западной Монголии, а китайским подданным - на казахской территории подвластной Российской империи. Однако в силу экономических причин преобладала торговля русских купцов и торговцев в Синьцзяне и Западной Монголии. В 1884 году для торговли в Синьцзяне было выдано Семипалатинским областным правлением 57 торговых билетов, а в 1885 г. - 28. В 1885 году было отправлено из Семипалатинска 2 каравана в Чугучак, 1 - в Кульджу, 2 - в Кобдо, 13 - в Улясутай, Кобдо и Манас. Вывезено товаров на сумму 221 766 рублей [4]. Через таможи Семипалатинской области в 1891 году было отправлено 29 караванов, часть из которых принадлежала казахским торговцам. Так, Б. Чаянбаев с четырьмя работниками вез товар на 6 400 рублей, кокпектинский купец Т. Жандыбаев - мануфактурные товары кожи на 2 600 рублей, семипалатинский купец М. Шакиров мелочные товары и железные изделия на 7899 рублей, А. Жетыков разнообразные изделия на 1 150 рублей [5]. На участие в торговле коренных жителей указывал авторитетный исследователь дореволюционного Синьцзяна Н.В. Богоявленский: “Торговлею занимаются купцы из татар, сартов, торанчей и дунган; встречаются между ними и коренные русские, но в самом незначительном числе”. Российский консул в Урумчи в 1902 году также констатировал, что торговля здесь ведется по-прежнему исключительно татарами и нашими среднеазиатскими сартами, причем “в руках узбеков и небольшой кучки татар и казахов сосредотачивалась, по-прежнему, торговля в Урумчийском округе”. Газета “Правительственный вестник” за 1914 год сообщала, что “большинство российских торговцев, проживающих в урумчийском округе - татары и киргизы Семипалатинской области” [3].

Среди тех, кто вел торговлю в Синьцзяне значились семипалатинские крупные купцы 1-й гильдии - А.В. Москвин, Д.Н. Деров, купцы 2-й гильдии - Ф.В. Ступин, В.А. Торопов, Биби Газиз Габдулжапаров. Все они торговали сахаром, мануфактурой. По промысловому свидетельству 2 разряда торговали “Коковин и Басов”, А.Р. Лушников, М.Д. Пятков, И.О. Токмаков, компания “Сотенников и братья Молчановы”.

Центрами торговли в Синьцзяне были Урумчи, Чугучак, Кульджа, Кашгар, Кобдо, Улясутай, Хами, Хотан, Аксу и другие города. Базар Урумчи был переполнен китайскими и русскими товарами. Среди тех купцов, кто постоянно проживал в Урумчийском округе, также были татары и казахи из Семипалатинской области.

Эти купцы распались на три группы, довольно резко отличавшиеся друг от друга, как размерами торговых оборотов, так и самим характером торговой деятельности. Первую и самую многочисленную группу составляли мелкие торговцы. Не обладая достаточными средствами, они брали товар в кредит и распродавали его понемногу на городских базарах, по кочевьям торгоутов и казахов. Вторая группа состояла из так называемых “алыпсатаров”. К ним, в частности, относились казахи, торговая деятельность которых заключалась в том, что на взятое в долг серебро они покупали из первых рук у населения небольшие партии шерсти, конских кож и другой животноводческой продукции и сдавали эти товары по базарным ценам своим кредиторам. Эта деятельность регулировалась российскими инструкциями.

Третью группу представляли крупные купцы, игравшие значительную роль в российско-китайской торговле. Почти у каждого из них имелись в Урумчи и других городах собственные дома с торговыми лавками, а в отдельных случаях и товарные склады.

Все завезенные товары складывались в караван-сараях городов Синьцзяна. Семипалатинские купцы и торговцы также имели свои товарные склады. "Устав торговый" в общих чертах регламентировал положение и порядок работы товарных складов, их учреждение, хранение товаров частных собственников и компаний. Распределение части товаров производилось при посредстве мелких торговцев частью на наличные деньги, частью в кредит.

Таким образом, Семипалатинск в XIX – начале XX веков сохранял свои позиции торгового центра в системе торговых отношений Российской империи с Китаем.

#### **Литература**

1. Алдабекова Н.А. Русско-китайская торговля в Синьцзяне в середине XIX в. / Известия АН КазССР. СОН. N 3. Алма-Ата, 1989.- № 3, с.54-59
2. Скачков К.А. О торговле русских в Чугучаке / Вестник промышленности и торговли. М., 1860. Ч. VIII.
3. Русско-китайские отношения 1689-1916 гг. Официальные документы. – М., 1958.
4. Обзор Семипалатинской области за 1885 г.
5. Галиев В.В. Казахстан в системе российско-казахских торгово-экономических отношений в Синьцзяне (конец XIX –XX века). Алматы, 2003.

#### **САУДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ РЕСЕЙ МЕН ҚЫТАЙ СЕМЕЙ XIX - XX ҒАСЫРДЫҢ Ф.С. Рамазанова, Т. Ахметжанов**

*Мақала сауда және Қытаймен экономикалық қарым-қатынастарды дамыту Семей тарихи маңызын зерттейді.*

#### **TRADE AND ECONOMIC TIES SEMIPALATINSK XVIII - FIRST HALF XIX CENTURY F.S. Ramazanova, T. Akhmetzhanov**

#### *Semipalatinsk in the trade relations between Russia and China XIX - early XX centuries*

ЖОЖ: 94 (574.42) " 19 "

**Д.Е Қазықанов**

Семей қ, Шакәрім Мемлекеттік Университеті

#### **ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1905-1907 Ж.Ж. ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

*Аннотация: Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі қарастырылған.*

*Кілт сөздер: Интеллигенция, қоғам, саясат, петиция.*

Қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал ең алдымен аграрлық және ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді. Қазақ халқы отарлық езгіні әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, рухани салада да бірдей көтерді. Осындай жағдайда өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына әуел баста жалпы ұлттық демократиялық мақсат міндеттерді қойды. Бұл істің басы-қасында ат төбеліндей тұңғыш қазақ интеллигенттері болды. Олардың бір бөлігі бірінші орыс революциясының ықпалымен қазақ халқының жалпы ұлттық мүдделерін білдіретін саяси ұйымдар құрып, сол арқылы өлкедегі буржуазиялық-демократиялық сипаттағы қоғамдық қозғалысты басқаруға талпынды.

Солардың қатарында 1903-1909 жылдары Петербургтегі әскери-медициналық академияда оқыған, кейін Алаш қозғалысының белгілі жетекшілерінің-бірі болған Халел Досмұхамедовтың саяси көзқарасының қалыптасуы мен саясат саласында белсене көріне бастауы оның осы Петербургте өмір сүрген кезеңіне дәл келеді. Бұған Халел Досмұхамедовтың 1931 жылғы қыркүйектің 14-інде ОГПУ-дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген мәлімдемесі дәлел бола алады. "Мен, — деп жазды өз



мәлімдемесінде Халел Досмұхамедов, — Петербургке бірінші орыс революциясының қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық күштер, оның ішінде студенттер қауымы да, жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Өртүрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен таныстым... Мені және басқа қазақ студенттерін ешбір саяси партия бағдарламасы қанағаттандырмады. Социал-демократтар тек қана жұмысшылар туралы айтса, социал-революционерлер шаруалар жөнінде сөйлеп жататын Кадеттер орыс халқының ұлылығы жөнінде сайрап, басқа халықтар туралы жұмған аузын ашпайтын, ал оңшылдар болса орыс емес халықтарды жамандап, оларды қудалаумен болатын. Сол кезде жолдастарыммен бірге митингіге кездейсоқ тап болғанымызда сонда сөйлеген Милуковтың айтқан сөздерін осы күнге дейін ұмытқан жоқпын. Ол "патша үкіметі орыс емес халықтарды аса дөрекілікпен және ұятсыздықпен қанап отыр" деп еді ...

1905-1906 жылдары мен кейбір қазақ студенттерімен бірге Орал қаласында үгіт жұмыстарын жүргізіп, халыққа елде болып жатқан оқиғаларды түсіндірдім. "Фикр" және "Уральский листок" газеттерінде мақалалар жарияладым. 1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де саяси жұмыс жүргізуіме тыйым салынды [1;30-356].

Х.Досмұхамедовтың бұл көрсетулеріндегі фактілердің шындықтан алшақ еместігіне толық сенуге болады. Саяси өмірге енді ғана араласа бастаған қазақ жастарын бұл тарихи кезеңде ең алдымен ұлттық мәселе, оның шешілу жолдары толғантқаны даусыз, сондықтан да олардың бұл мәселеде ұлыдержавиялық бағытта болған партияларға сенімсіздікпен қарауы да толық негізді. Досмұхамедов көрсетулеріндегі келесі маңызды факті қазақ жастары арасындағы қазақ қоғамының «батыстық» және «шығыстық» даму мүмкіндігі төңірегіндегі айтыс. Ондай қызу пікір алысулардың Петербургтегі қазақ студенттері арасында болғандығын сәл кейінірек оқыған С.Асфендияров та айтады. Ол марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалында болған конференцияда (1933) сөйлеген сөзінде мынадай факті келтіреді: Алаш лидерлері арасындағы «батысшылдық» және «түркішілдік» мәселесіне байланысты да анықтық қажет. Менің есімде 1912 жылдың күзінде, бірінші Балқан соғысы тұсында Петроградтағы қазақстандық, татар, өзбек студенттері арасында Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болгар студенттері бізбен жұдырықтасу алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бір мәжілісте Бөкейхановқа «біз Түркияға барамыз, нағыз ұлтжандылықтың дәлелі болмақ!» дедік. Бөкейханов сонда біздің түркішілдігімізге үзілді-кесілді қарсы шығып, «өздеріңді ешқандай да сағыммен алдамаңдар, ескі Түркия ыдырау үстінде» деген сияқты ойларды айтып, біздің назарымызды батыстық өркениетке бұрды.

Қазақ интеллигенциясының осы алғы легінің Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейханов, Мұқаметжан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Жаһанша Досмұхамедов сияқты белгілі өкілдерінің көпшілігі ғасыр басындағы Ресейде орын алған саяси хал-ахуалға сергектікпен әрі сын көзімен қарағандығын, ал содан кейін барып қандай саяси ұйымнан үлгі алу мәселесін шешкендігін көрсетеді.

Соның алғашқы көрінісінің бірі 1905 жылдың соңында Орал қаласында өткен Ә.Бөкейханов, Жаһанша Сейдалиев, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов сияқты қазақ зиялылары өкілдерінің "бес облыстық делегаттар съезі" аталған бас қосуда жасаған "қазақ конституциялық- демократиялық" партиясын құру жөніндегі әрекеті болды. Бұл әрекет сол кезде Петербургте оқуда болған Халел Досмұхамедов тарапынан да қолдау тапты.

Ресейде 1905-1907 жылдары болған бірінші революциядан соң, үкімет саяси-құқықта және бостандықта бірқатар жеңілдіктер берді. 1905 жылы 18 ақпанда Мемлекеттік Думаны шақыру туралы үкім шығарылды. 1905 жылы Ю. Виттеннің бастамасымен дін шыдамдылығы туралы жарлық жарияланды. Сондай-ақ, көптеген халықтар өз қажеттіліктеріне қарай патша атына петиция бере алатын болды. Елдегі революциялық оқиға қоғамдық өмірде жаңа шарттар жасап, қазақ қоғамын қалпына келтіруге шақырды. Әлихан Бөкейханов атап айтқандай «Бүкіл дала саясат саласына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді. Көктемде көшпенділердің жазғы тұрағы жайлауда- аймақтың негізгі мәселесін талқылаған съездер ұйымдастырылды. Дәстүрлі жәрмеңкелер «қырғыздардың саяси алаңына айналып, ол жерде қырғыздар петицияны талқылаған және қол қойып, кейін ұсынған». Қырғыздарда саяси бостандық мәселесі бола тұра, діни және жер мәселелері бірінші кезекте тұрды» [2;956].

Ә. Бөкейханов туралы көрнекті мемлекет қайраткері, математика профессоры, «Алаш» қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермековтің деректеріне қарағанда, ол Ленинмен бірге «Санкт Петербург университетінің заң факультетін бітірген, бірнеше шетел тілін білген. Сөйтіп, 24 жасында жоғары білімі жөніндегі екі дипломға (бірі Орман институты) ие болған керемет білімді жас, Санкт Петербургтегі марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы шыққан» [3:33-366].

Саяси үгітпен студент М. Тынышпаев та айналысты. Жетісу облысы Лепсі уезіндегі жандарм орындары жоғары басшыларына студент Тынышбаевтың азаттыққа үндейтін түрлі баспа материалдарын үйіне тасып, оларды жергілікті сауатты қазақтардың арасында таратып жүргендігін жеткізген.

Саяси қызметке араласу тек ірі қалаларда оқитын студенттерге тиесілі көрініс емес еді. Өмірде болып жатқан саяси оқиғаларға ден қою, түрлі үйірмелер жұмысына араласу Омбы, Семей, Орал сияқты жергілікті орталықтарда білім алатын жасарға тән болатын. Мәскеу университетіне түскенге дейін Семей гимназиясында білім алған Х.Ғаббасов өзінің гимназияда Бичевин деген кісі ұйымдастырған революциялық үйірмеге қатысқанын, гимназистерге 1905 жылғы оқиғалардың үлкен әсері болғандығын, оның ықпалымен алдымен Бекметов, соңынан Қозыбағаров басқарған қазақ жастарының да үйірмесі құрылып, оның жұмысына Омбыдан саяси қызметі үшін қуылған Жақып Ақбаевтың да араласқанын, үйірме мүшелері халық арасына «саяси әдебиеттер және қазақтарды отырған жерін өз еркімен бермеуге, елінің мүддесін қауіпке айырбастаған сатқын болыстармен» күресуге шақырған үндеу таратқандықтарын жазады.

Қазақ елі, міне, осындай түнекте ғұмыр кешті. Патша өкіметінің отаршыл саясаты гүлдеу шегіне жетті. Осының бәрін көре тұрып өзімің азын-аулақ біліміме қарамастан, қолымдағы барыммен ар-намысы аяқ асты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым санадым».

Ресейдегі 1905 жылғы азаттық үшін қуатты қозғалыстың дүмпуі ортағасырлық қатынастар құрсауындағы қазақ қоғамына да келіп жетті.

Мұны ең алдымен қазақ елінің көңіл -күйін жіті бақылап отырған орыс әкімшілігі аңғарды. Ресей Ішкі істер министрлігі полиция департаментінің директоры генерал-майор Климович губерниялық жандарм басқармаларына жолдаған құпия жарлығын мынадай сөздермен бастады: «Ресей мұсылмандар арасындағы қозғалыс өткен ғасырдың соңында, яғни, Ресей тұрғындарының барлық топтарын қамтыған үкімет тәртібіне наразылық негізінде пайда болған толқу барысында басталып, 1904 жылғы орыс-жапон соғысы тұсында ерекше күшейе түсті».

Нақ осы пікірді Верный уезі бастығының міндетін атқарушы чиновник Мойынкұм болысы қазақтарының жерге байланысты наразылық әрекеттеріне орай 1909 жылғы шілдеде әскери губернаторға жазған құпия рапортында былайша білдірді: «Өзара байланысты мұндай оқиғалар маған бүгін бір құбылыстық сипат алып бара жатқандай көрінеді[2;96б]..

Сондықтан да бұл оқиғалардың тудырған себептерді талдай отырып мен мынадай қорытындыға келдім: өзімің шет аймақтағы 19 жылдық қызметім кезінде қырғыздардың өміріне мұқият көз сала жүріп байқағаным сол, орыс-жапон соғысы аяқталған соң, осы соғыстағы сәтсіздік қырғыздардың алдында орыс билігі қадірінің төмендеуіне алып келді. Қырғыздар «бұрын ойлағандай орыстар соншалықты күшті емес» деген тұжырымға келді».

Төніп келе жатқан халықтық толқуларды болдырмау үшін және солшыл күштердің тегеурінін бәсеңдету мақсатында Николай II 18 ақпан күні Ішкі істер министрі А.Булыгин дайындаған рескриптке қол қойды.

18 ақпан қаулысы тудырған көңіл-күй Қазақстанға да жеткен еді. Ол жөнінде Ә.Бөкейханов өзінің «Қазақтар» атты мақаласында былай деп жазды: «...халық сеніміне ие болған адамдарды» жинауға және халық мұқтажының білдіретін петицияларды беруге рұқсат еткен 18 ақпан рескриптің қала үлкен құлшыныспен қарсы алды. Бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді. Қазақ халқының мұқтажықтары жөнінде хат арқылы пікір алмасу басталып кетті. 17 сәуірдегі дін сыйластығына қатысты қаулы көңіл күйді одан бетер көтере түсті. 1905 жылдың жазғытұры кеңшілік өмір келісімен далада, жайлауда жергілікті мәселелерді және барлық қазақ жұртының мұқтажықтарын талқылаған съездер өте бастады. Осы жылғы барлық ірі дала жәрмеңкелері қазақтардың саяси съездері өткізілген аренаға айналды. Бұл съездерде қазақтар артынша жоғары мәртебеліге жолданған петицияларды талдап, оларға қолдарын қойды»[4;597б].

Сонымен, 1905 жыл қазақ халық азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін көтеріп берді, ал саяси күрес болса ең алдымен патшаға, орталық билікке петиция жазып тапсыру болды. Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам қол қойған еді.

Ал, белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына келетін болсақ.

1905 жылдың күзінде Ақмола облысының орталығы Омбы қаласындағы митингтен кейін Ж.Ақбаев Павлодар — Қарқаралы бағыты бойынша үгіт жүргізу сапарына шықты. Осы сапар

барысында ол 1905 жылы қарашаның 7-сінде Павлодарда болған қалалық митингіде бостандық идеясын уағыздаған және жергілікті әкімшілікті қайта сайлауды талап еткен сөз сөйледі, осы мазмұнды сөздерді ол қарашаның 11-інде Баянауылда, 14-інде Қарқаралыда көп адам қатынасқан жиналыстарда да айтты. Қарқаралыдағы митинг 14,5 мың адам қол қойған Россия министрлер кеңесінің төрағасы С.Ю.Виттенің атына жолданған петиция (арыз-тілек, арыз-талапты) Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев сияқты ұлттық-либералдық қазақ зиялылары дайындағаны айдан анық. Петицияда патшаның 1905 жылы қазанның 17-сінде жарияланған Манифесінде халыққа берген уәделердің орындалуы, ал қазақ өлкесі жағдайында жер мәселесінің әділ шешілуі, халықтың өшпінділігін тудырған патшаның жергілікті озбыр чиновниктерінің аластатылуы қазақ тілінде ұлттық басылым-дар шығару, т.с.с. талап етілді.

Қорыта айтқанда 1905-1907 ж.ж.қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси өмірге қатысқандығын байқауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

1. К. Нұрпейісов. Қайраткер Халел. «Жалын» журналы: 2009, №5, 30-35 б.
2. М. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы) Алматы: «Санат». 1994, 95-97 б.
3. С. Аққұлыұлы. «Юридическая газета»: 1995. 33-35 б.
4. Букейханов А. Киргизы- Формы национального движения в формах. Спб, 1910. 597 с.

#### **ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В 1905-1907 Г. Г. Д.Е.Казыканов**

*В статье рассматривается общественно-политическая деятельность казахской интеллигенции в начале XX века.*

#### **THE SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF KAZAKH INTELLIGATION IN 1905-1907 YEARS D.E.Kazikanov**

*The article deals with the socio-political activity of Kazakh intelligation at the beginning of the 21 st century.*

УДК:338.242.4:334.7(574)

М.Д. Абикаева<sup>1</sup>, Н. Омаркожаева<sup>2</sup>

АО «Казахстанско-Британский технический университет»<sup>1</sup>, АО «Финансовая академия»<sup>2</sup>

### АНТИКРИЗИСНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В МОНОГОРОДАХ РК

*В статье рассматриваются вопросы государственной поддержки предпринимательства моногородов. Представлены типы антикризисного государственного воздействия на бизнес и определены роли государства в разносторонней государственной поддержке предпринимательства. Также в статье представлен анализ реализации Программы развития моногородов на 2012-2020 гг. по субсидируемым кредитным портфелям в разрезе городов, по количеству субсидируемых проектов в моногородах в отраслевом разрезе.*

**Ключевые слова:** моногорода, предпринимательство, государственная поддержка, государственные программы.

Государственное вмешательство в экономику в период кризисов является объективно необходимым. Рыночный механизм не в состоянии решить все проблемы экономического роста. Государство вынуждено брать на себя содержание обременительных для бизнеса и неэффективных с позиций предпринимательства секторов экономики: железные дороги, почта, телеграф и тому подобное. На этот факт обращают внимание экономисты: «Рыночный механизм не всегда способен автоматически прийти к оптимальности. Существуют проблемы, на решение которых рыночный механизм не рассчитан, а поэтому не в состоянии решить их эффективно. Такие случаи, когда рынок неэффективно размещает ресурсы, называются провалами, или фиаско рынка» [1].

Причины, вызывающие необходимость вмешательства государства в рыночные процессы, его объективная необходимость, функции и цели нами обобщены на основании исследования литературных источников [2; 3; 4].

Анализ данных источников показал, что подавляющее большинство исследователей считают государственное антикризисное регулирование экономики объективной необходимостью. Предприятия бизнеса являются главным субъектом экономики, одновременно объектом для государственного воздействия. Когда говорится о государственном регулировании экономики - это, по нашему мнению, в первую очередь относится к регулированию бизнеса и его активной части - предпринимательскому бизнесу.

Антикризисное государственное регулирование - это процесс применения форм, методов, инструментов государственного управления экономики, направленных на прогнозирование и анализ кризисных процессов в экономике, снижение отрицательных последствий кризиса для экономических субъектов и использование накопленных данных для последующего развития экономики [5].

Осмысление теоретических разработок и практических материалов [5; 6; 7] позволил нам выделить следующие типы антикризисного государственного воздействия на бизнес: содействие, присутствие, контроль, перераспределение.

Как было отмечено ранее, предпринимательство наиболее зависимо от колебаний рынка и кризисов, они нуждаются в разносторонней государственной поддержке. В этом взаимодействии государство играет несколько ролей [8; 9]:

а) обеспечение минимизации негативных финансово-экономических последствий в результате:

- резкого изменения конъюнктуры рынка;
- изменения ставок прямых (налог на доходы физических лиц, налог на прибыль, налог на имущество и т.д.) и косвенных (налог на добавленную стоимость, таможенные пошлины, плата за негативное воздействие на окружающую среду и т.д.) налоговых отчислений;
- динамики курсов валют, инфляционных процессов и как следствие ставок ссудного процента;
- увеличения цен и тарифов на ресурсы естественных монополий (электроэнергия, газ);

- изменения внешнеэкономической ситуации, условий экспорта и т.д. путем разработки механизмов поддержки и развития предпринимательства;
- б) формирование единых организационно-правовых основ работы малых и средних предприятий (законов и подзаконных актов, основной документ регламентирующий работу);
- в) разработка и реализация финансово-экономических методов регулирования бизнеса:
  - налогообложение малого и среднего бизнеса;
  - установление и ограничение цен на услуги естественных монополий;
  - бюджетное финансирование;
  - формирование организационных основ внешнеэкономической и внешней финансовой деятельности;
  - организация обращения ценных бумаг;
  - регулирование банкротства малого и среднего бизнеса;
  - денежное обращение и кредитование малых и средних фирм;
  - государственные гарантии;
  - внешнеэкономическая и внешняя финансовая деятельность;
  - балансирование и оптимизация рынков капитала и фондовых бирж;
- г) разработка и реализация административных методов регулирования бизнеса:
  - разработка порядка регистрации и закрытия малых и средних предприятий;
  - сертификация продукции (работ, услуг) и лицензирование деятельности;
  - укрепление договорной и финансовой дисциплины;
  - применение санкций (штрафы, административные санкции) к недобросовестным субъектам предпринимательства;
  - контроль соблюдения законодательства в работе малых и средних предприятий, с помощью специальных контролирующих органов.

Антикризисное управление в современных условиях развития экономики является приоритетной функцией государства. Процесс регулирования включает в себя совокупность продуманных действий органов законодательства, исполнительных органов, национального, регионального, и муниципального органов в сфере управления кризисными ситуациями на предприятиях и предотвращения их банкротств.

Особым видом программирования социально-экономического развития являются антикризисные программы государства. Они разрабатываются правительством и утверждаются законодательными органами страны в периоды кризисных фаз экономических циклов.

Казахстан реализует последовательную государственную политику в сфере поддержки предпринимательства, которая выражается в реализации различных программ, содержащих комплекс мер по расширению доступа к финансовым ресурсам, упрощению процедур регистрации, консалтинг по вопросам финансово-хозяйственной деятельности, обучению необходимым навыкам и др. К числу последних программ относятся «Дорожная карта бизнеса 2020», «Программа занятости 2020», «Программа посткризисного восстановления», Программа по развитию АПК в РК на 2010-2014 гг. Однако государственная политика, на наш взгляд, должна быть направлена не только на разрешение проблемных вопросов и создание возможностей, но и на оказание поддержки в сфере повышения конкурентоспособности предприятий.

Необходимо заострить внимание на таких программах поддержки предпринимательства как Государственная программа форсированного индустриально-инновационного развития 2010-2014 гг., на 2015-2019 годы, специфика которых состоит в том, что она подразумевает участие в ней, как предприятий государственного сектора, национальных компаний и институтов развития, так и всех других субъектов сферы хозяйствования [10].

Главной целью данных программ является диверсификация и повышение конкурентоспособности экономики страны. В Казахстане при разработке данной программы предполагалось, что усилия государства сконцентрируются на развитии таких секторов экономики, как:

- традиционных: нефтегазового сектора, горно-металлургического комплекса, атомной и химической промышленности с последующим переходом сырьевых производств на более высокие пределы;
- основанных на спросе недропользователей, национальных компаний и государства: машиностроение, стройиндустрия, фармацевтика;

- производств, не связанных с сырьевым сектором и ориентированных преимущественно на экспорт: агропромышленный комплекс, легкая промышленность, туризм;
- секторов «экономики будущего», которые будут играть доминирующую роль в мировой экономике в последующие 15-20 лет: информационные и коммуникационные технологии, биотехнологии, альтернативная энергетика, космическая деятельность.

Для достижения данной цели в Государственной программе форсированного индустриально-инновационного развития предусматривались 13 отраслевых и 11 функциональных программ. В ходе реализации Госпрограммы была пересмотрена законодательная база, внесены изменения более 50 законов. Разработаны на пятилетний период отраслевые программы, программы поддержки бизнеса, программы развития территорий, с такими индикаторами и задачами, как производительность, привлечение инвестиций, инновационность, экспортоориентированность и др., а также инструменты поддержки бизнеса.

В ходе реализации Госпрограмм были опробованы различные инструменты поддержки предпринимательства, запущены механизмы привлечения иностранных инвестиций и поддержки экспорта.

Важнейшим направлением в поддержке предпринимательства, на наш взгляд, является его развитие в моногородах, так как предпринимательство в Казахстане продолжает испытывать серьезные трудности, а ведь модернизация моногородов, развитие градообразующих предприятий, социально-экономическая стабильность региона является чрезвычайно важным для экономики страны в целом.

На экономическое развитие моногородов естественно оказывает влияние экономическая устойчивость градообразующих предприятий и субъектов малого и среднего предпринимательства, для которых государственная поддержка может выражаться в доступности кредитных ресурсов посредством снижения ставок, увеличения сроков кредитования, изменения требований залогового обеспечения кредита, усиления контроля за их целевым использованием в рамках государственных мер по преодолению последствий финансового кризиса.

В целях поддержки предпринимательства в моногородах Республики Казахстан, государство реализует ряд программ, включая Программу развития моногородов на 2012-2020 гг.

Программа развития моногородов на 2012-2020 гг. разработана в рамках реализации президентского Послания народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» от 27 января 2012 года.

Программа развития моногородов является одним из механизмов реализации Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны до 2020 года. При этом документ является логическим продолжением мер по государственной поддержке развития регионов в рамках программ «Развитие регионов», «Дорожная карта бизнеса 2020», «Программы занятости 2020» и других, концентрируя и дополняя их меры в приложении к развитию монопрофильных городов на долгосрочной основе в условиях посткризисного развития страны.

Целью Программы развития моногородов является устойчивое социально-экономическое развитие моногородов в средне- и долгосрочной перспективе.

На 1 января 2015 г. в рамках Программы развития моногородов в моногородах заключены договоры субсидирования по 346 проектам на общую сумму кредитов 16 944 млн. тенге. Выплачено субсидий на сумму 939,9 млн. тенге. В том числе за 2014 год заключено 306 договоров субсидирования на общую сумму кредитов 13 841 млн. тенге.

В региональном разрезе наибольший объем кредитного портфеля участников Программы развития моногородов представлено на рисунке 1.




Рисунок 1. Объем субсидируемого кредитного портфеля в разрезе моногородов на 1 января 2015 г., млн. тенге.

Примечание: составлено на основании данных Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК.

Больше всего проектов подписано в городах Аксай, Рудный, Экибастуз, Зыряновск и Аксу – 47,35,23,22 и 21 единиц соответственно.

Среди финансовых институтов наиболее активно просубсидировали проекты в моногородах такие банки как ДБ АО «Сбербанк» - 4 111 млн.тенге, АО «Цеснабанк» - 2 915 млн.тенге, АО «Банк ЦентрКредит» - 2 733 млн.тенгеи АО «Народный Банк Казахстана» - 1 177 млн.тенге, наименьший вклад в субсидировании проектов моногородов внесли АО «DeltaBank» - 39 млн. тенге, АО «ForteBank» - 25 млн. тенге, АО «Лизинг Групп» - 22 млн. тенге, ДО АО «Банк ВТБ» - 15 млн. тенге.

По количеству субсидируемых проектов в моногородах в разрезе финансовых институтов на 1 января 2015 г.лидируют АО «Банк ЦентрКредит» - 66 единиц, АО «Цеснабанк» - 51 единица, АО «Народный Банк Казахстана» - 46 единиц, ДБ АО «Сбербанк» - 40 единиц и АО «БТА Банк» - 35 единиц.

В отраслевом разрезе преобладают проекты сектора обрабатывающей промышленности, транспорта и складирования и сферы предоставления прочих видов услуг, что представлено нарисунке 2.




Рисунок 2. Объем субсидируемого кредитного портфеля в моногородах в отраслевом разрезе на 1 января 2015 г., млн. тенге

Примечание: составлено на основании статданных Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК.

Однако по количеству субсидируемых проектов в моногородах в отраслевом разрезе лидируют такие отрасли как: предоставление прочих видов услуг, транспорт и складирование и обрабатывающая промышленность (рисунок 3).




Рисунок 3. Количество субсидируемых проектов в моногородах в отраслевом разрезе на 1 января 2015 г., ед.

Примечание: составлено на основании статданных Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК.

Кроме того в рамках Программы развития моногородов просубсидировано 132 проекта женщин-предпринимателей на общую сумму кредитов 3 261 млн. тенге

В разрезе моногородов наиболее активно субсидируются проекты женщин – предпринимательниц в городах Рудный, Аксай, Текели, Лисаковск и Аксу. Наибольшие объемы субсидируемого кредитного портфеля по женщинам зафиксированы в моногородах Экибастуз, Балхаш, Рудный, Аксай и Сарань.

В разрезе финансовых институтов по Программе развития моногородов наиболее активно оказали поддержку в виде субсидирования ставки вознаграждения женщинам АО «Банк ЦентрКредит», АО «Цеснабанк», АО «Евразийский банк», АО «Народный Банк Казахстана», ДБ АО «Сбербанк».

В отраслевом разрезе наибольшее количество и сумма проектов субсидирования женщин наблюдается в сфере предоставления прочих видов услуг и в обрабатывающей промышленности.

Кроме того, в рамках Программы «ПРМ» просубсидировано 10 проектов молодых предпринимателей до 29 лет на общую сумму кредитов 189 млн. тенге.

В региональном разрезе наибольшее количество договоров субсидирования молодых предпринимателей подписано в городах Шахтинск, Жанаозен и Аксай. По объему субсидируемого кредитного портфеля молодежи лидируют города Шахтинск, Жанаозен и Рудный.

Среди субсидируемых проектов молодых предпринимателей преобладающую долю занимают проекты сферы предоставления прочих видов услуг и услуги по проживанию и питанию.

Необходимо отметить, что развитие предпринимательства в моногородах зависит не только от финансовых инструментов поддержки, но также от других факторов, в частности состояние местной ресурсной базы, позволяющей в зависимости от ее способности к воспроизводству необходимых ресурсов обеспечивать непрерывность производственных процессов на предприятиях предпринимательства и в градообслуживающей сфере. Немаловажным фактором на наш взгляд, является существование местных административных и экономических барьеров. Под барьером понимаются любые препятствия, вызывающие нарушение взаимодействия во времени и пространстве. Барьеры связываются с более высокими издержками, которые возникают на начальном и последующем периоде осуществления деятельности в пределах соответствующего локального рынка (в границах МО).



Таким образом, государственная поддержка предпринимательства в моногородах Казахстана посредством инструментов субсидирования ставок вознаграждения и гарантирования кредитования содействует выходу субъектов предпринимательства на устойчивое и прибыльное развитие. В свою очередь предпринимательство в процессе своей деятельности обеспечивают поступления в бюджет, повышая бюджетный эффект программы и ее экономическую обоснованность.

#### **Список литературы:**

1. Государственное регулирование рыночной экономики: Учебник / В.И. Кушлин. - общ.ред. МВ Изд-во РАГС, 2005. - 828 с.
2. Капканщиков С.Г. Государственное регулирование экономики: учебное пособие - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: КНОРУС, 2009. - 416 с.
3. Экономическая теория: учебное пособие / В.М. Соколинский, В.Е. Корольков [и др.]; под ред. А.Г. Грязновой, В.М. Соколинского. - 2-е издание. -М.: КНОРУС, 2006. - 464 с.
4. Самуэльсон П.Э. Экономика. / П. Э. Самуэльсон, В. Д. Нордхаус. 18-е издание: пер. с англ. - М.: ООО «И.Д. Вильямс», 2008.- 1360с.
5. Кадыров Д.Б. «Формирование эффективной государственной политики роста благосостояния (цели, принципы, методы) //Вестник ВГУ, №4 2008, С. 1-4
6. Замулин. О Реальные деловые циклы их роль в истории макроэкономической мысли, РЭШ, 2004г, С 5
7. Покрытан П.А. Теория антикризисного управления: Учебно-методический комплекс/ М.: Изд.центр ЕАОИ,2008, С. 57
8. И.А. Горяева. Совершенствование системы поддержки и развития предпринимательства Пермского края. - Екатеринбург: Издательство института экономики УрО РАН.2008-с.17
9. Малое предпринимательство в России: прошлое, настоящее и будущее/Под ред. Б.Г. Ясина, АЛЮ. Чепуренко, В.В. Буева. — М.: Фонд «Либеральная миссия», 2003. — 220 с.
10. Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлыжол» на 2015 - 2019 годы.

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МОНОҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ КӘСІП-КЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ АРҚЫЛЫ DAҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

**М.Д. Абиқаева, Н. Омаркожаева**

*Мақалада моноқалалардағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша сұрақтар қарастырылған. Бизнеске кризиске қарсы мемлекет тарапынан әсер етілуінің түрлері мен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша мемлекеттің ролі айқындалған. 2012-2020 ж.ж. моноқалалардың даму бағдарламасының орындалуы бойынша талдау келтірілген.*

#### **ANTI-CRISIS GOVERNMENT REGULATION OF BUSINESS SUPPORT IN SINGLE-INDUSTRY TOWNS OF KAZAKHSTAN**

**M.Abikayeva, N. Omarkozhayeva**

*This article discusses the issues State support of entrepreneurship single-industry towns. The types of anti-recessionary State impact on business and defined the role of the State in a diverse state support entrepreneurship. Also in the article presents an analysis implementation programme of development single-industry towns on the 2012-2020 timeframe, on subsidized credit portfolios in terms of cities, the number subsidized projects in single-industry towns by industry.*

## КӘСІПОРЫН КАПИТАЛЫ ҚҰРЫЛЫМЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ ЖОҒАРЫЛАТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*Мақалада капиталдың қаржылық құрылымын қалыптастыру процесі қарастырылған. Капиталдың мейлінше тиімді құрылымын қалыптастыру арқылы инвестициялық тартымдылыққа әсер ету зерттеледі. Процесс барысында капиталды оңтайландыру критерийлері, капиталды оңтайландыру әдістерінің классификациясы мен қысқаша түсініктемесі қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** капитал, қаржылық құрылым, инвестиция, инвестициялық процестер, капиталды оңтайландыру критерийлері

Бүгінгі күні Қазақстандық экономиканың дамуы қаржылық ортаның тұрақсыздығымен сипатталады. Мұндай жағдайда кәсіпорын капиталының құрылымын қалыптастыру мен оңтайландыру үрдісі ерекше маңызға ие болып отыр. Инновациялық стратегияны іске асыру қомақты қаражатты жұмылдыруды талап етеді. Сондықтан, қаржылық ресурстың тапшылығы жағдайында техникалық модернизацияны іске асыру, қоғам қызметін әртараптандыру, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін іскерлік және қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында кәсіпорын капитал нарығына жүгінуі қажет. Аталған қаржы көздерін пайдаланудың шегі бар және белгілі бір шығындармен байланысты. Сол себепті, тартылған капиталды мейлінше тиімді пайдалану үшін қарыздық және өзіндік капиталдың арақатынасын үнемі реттеп отыру керек. Аталған жағдай қоғамды дамытудың ағымдағы және болашақтағы мақсаттарын ескере отырып, капиталды қалыптастыру саясатын жетілдіруді талап етеді.

Қаржылық ресурстарға деген қажеттілік басшылықтың алдына қоғамның инвестициялық тартымдылығын жоғарылату бойынша іс-шаралар бағдарламасын қалыптастыру міндетін қояды. Басшылық стратегиясын, әсіресе инновация саласындағы стратегияны іске асыру өзіндік капиталдан бөлек қосымша қаржы ресурстарын қажет етеді.

Қазіргі таңда бәсекелестік деңгейі өте жоғары болғандықтан, кәсіпорындар бәсекеге қабілетті артықшылықтарды қамтамасыз ету мақсатында үнемі өздерін дамытулары тиіс. Компанияның дамуы инвестиция тартуға қолайлы жағдай тудырады. Инвестициялау процесінің табысты нәтижесі ретінде ең бірінші компания құнының жоғарылауы танылады. Барлық инвестициялық шешімдерді осы критерий бойынша бағалау қажет.

Кәсіпорын капиталының ұлғаюы табыстылық деңгейінің жоғарылауымен жүзеге асады. Осы жерде табыстылық деңгейін қалайша жоғарылатуға болады, оны капитал құрылымын оңтайландыру негізінде ұлғайтуға болады ма, капитал құрылымы мен оның құны арасындағы теориялық емес, практикалық тәуекелділікті анықтауға болады ма деген сұрақтар туындайды.

Капитал құрылымы – жалпы көлемдегі компанияның қызметін қаржыландыру көздерінің арақатынасы болып табылады. Капиталды анықтаудың үш тәсілі бар:

Бухгалтерлік тәсіл капиталды таза актив немесе кәсіпорынның міндеттемелерден еркін мүлкі ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда капитал дамуға қажетті жағдайды қалыптастыратын стратегиялық резерв және кәсіпорынның құнын түзуші маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Батыстық тәсіл капиталды ұзақ мерзімді пассивтер ретінде қарастырады. Капитал құрамына өзіндік капитал және ұзақ мерзімді қарыздық қаражаттар кіреді. Батыстық есеп жүргізу тәжірибесінде ұзақ мерзімді қарыздық қаражаттар өзінің мәні мен функциясына қарай өзіндік капиталға теңестіріледі.

Практикалық тәсіл капитал құрылымын ұйым өзінің қызметі барысында активтерді қаржыландыру мақсатында қолданатын өзіндік және қарыздық қаражаттардың барлық түрлерінің арақатынасы ретінде қарастырады [1].

«Капитал құрылымына» мұндай түсініктеме беру аталған тәсілдің әсіресе практикада қолданылу аясын айтарлықтай кеңейтеді. Мұның себептері 1-суретте қарастырылған.



Сурет 1 – Капиталдың құрылымын анықтаудағы практикалық тәсіл танымалдылығының себептері  
Ескерту: қарастырылған әдебиеттерге негізделіп, автормен құрастырылған

Осылайша, капитал құрылымы практикалық мақсаттарда көбіне кәсіпорынның қызметінде пайдаланылатын өзіндік және қарыздық қаражаттардың арақатынасы ретінде қарастырылады.

Қазақстандық және ресейлік қағидалар бойынша өзіндік және қарыздық қаражаттардың арақатынасы бірге бір, яғни 1 теңге қарыздық қаражатқа 1 теңге өзіндік капитал сәйкес келетін болса, кәсіпорын қызметі тұрақты болып саналады.

Кәсіпорын жұмысының тиімділігі тұрғысынан қарыз қаражаттарын пайдалану инвестициялық белсенділікті жоғарылатуға мүмкіндік беретіндіктен, көп жағдайларда жағымды сипатқа ие. Ал жағымсыз жағы – қаржылық тұрақтылықтың төмендеуі мен тәуекелдің жоғарылауы ретінде көрініс алады. Қарыз қаражаттарын тарту айтарлықтай оңай шаруа емес. Аталған процедура кәсіпорыннан кепілдік беруді және несие алу тарихының жағымды болуын талап етеді.

Ғылыми әдебиеттерде капитал құрылымының екі негізгі түрін бөліп көрсетеді.

Бірінші теория дәстүрлі тәсілге негізделген, оның негізін салушы – Дюран (1952 ж.). Оның айтуы бойынша, фирма капиталының құны оның құрылымына тәуелді болып келеді. Мұндай құрылымда капиталдың өзіндік құны минималды болса да, фирманың нарықтағы құны максималды болмақ.

Екінші теория оны әзірлеген американдық ғалымдардың аттарымен Модильяни-Миллер теориясы (1958 ж.) деп аталған. Теорияға сәйкес, кейбір жағдайларда капитал құны мен фирманың нарықтағы құны капитал құрылымына тәуелді емес. Капитал құрылымын өзгерту арқылы фирманың нарықтық құнына әсер ету мүмкін емес. Аталған қағиданы «бәліш қағидасы» деп те атайды. Бәлішті қалай бөлсең де, оның құны жоғарыламайды. Фирманың нарықтық құны да тек оның активтерінің жалпы құнына байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық менеджерінің жұмысында капиталдың бағасы мен құрылымын оңтайландыру бойынша үш негізгі сұраққа жауап беру маңызды:

1. Капиталды қайдан алуға болады – капиталдың пайда болу көздері туралы?
2. Капиталды тарту шығындары қаншаға бағаланбақ – капитал бағасы туралы?
3. Капитал көздерінің арақатынасы қандай болуы керек – капиталдың оңтайлы құрылымы туралы?

Капиталдың оңтайлы құрылымы – бұл капиталды тиімді пайдаланған жағдайда капитал бағасының берілген шегінде оңтайландыру критерийлері бойынша ең жоғарғы көрсеткіштерді қамтамасыз ететін өзіндік және қарыздық қаражаттардың арақатынасы [2].

Оңтайландыру критерийлері кәсіпорындардың басты мақсаттық функцияларының негізгі модельдерінен шығады. Компанияның мақсаттық функцияларын келесі негізгі модельдер анықтайды:

- табыстың максималды деңгейіне жету;
- транзакциялық шығындарды азайту;
- сату көлемін ұлғайту;
- компанияның өсу қарқынын жоғарылату;
- бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету;
- компанияның қосылған құнын максималды деңгейге жеткізу;
- компанияның нарықтық құнын жоғарылату.

Табыстың максималды деңгейіне жету моделі А.Смиттің жеке шаруашылық субъектілерінің табыстарын максималды деңгейге жеткізу қоғамдық байлықтың (overall economic welfare) жоғарылауына әкеп соғатыны туралы қорытындысына негізделген. Бұл – 1938 жылы француз экономисі А.Курно ең алғаш тұжырымдаған компания қызметінің мақсаттық моделі. Кейіннен аталған модель неоклассикалық мектеп экономистерінің жұмыстарында жетіле түсіп, кәсіпорынның шекті табысы мен шекті шығындары көрсеткіштерінің теңдігін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылды.

Кейінірек басты мақсаттық функцияның мұндай тұжырымы қатаң сынға алынды. Барлық мемлекеттерде есеп тәжірибесі кәсіпорынның кірісі мен ағымдағы шығындары арасындағы айырманы білдіретін тек бухгалтерлік табысты бөліп көрсетеді. Аталған табыс бухгалтерлік есепте көрінбейтін ресурстарға кеткен шығындарды ескермейді. Сол себепті, кәсіпорынның қаржылық қызметінің нақты нәтижесін бағалау мақсатында кәсіпорынның кірістер сомасы мен оның ішкі және сыртқы шығындар сомасы арасындағы айырманы білдіретін «экономикалық табыс» түсінігі енді. Сонымен қатар, жоғары табысқа өте жоғары қаржылық тәуекел деңгейінде де қол жеткізуге болады.

Транзакциялық шығындарды азайту моделі неоинституционализмнің негізін қалаушы, экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Р.Коузаның теориялық тәсілдеріне негізделген. Бастапқы кезде транзакциялық шығындар деп нарықтағы мәмілелерді жүргізу шығындарын айтқан, кейінірек транзакциялық шығындарға экономикалық агенттердің шаруашылық өзара іс-әрекеттерімен сипатталатын кез-келген шығын түрлерін жатқызатын болды. Модельдің мақсаттық функциясы сатудың абсолютті көлемімен өлшенеді. Қазіргі заманғы экономистер транзакциялық шығындар құрамына тауарды жеткізушілер мен сатып алушылар, тауарлар мен қызметтер туралы коммерциялық ақпараттарды іздестірумен байланысты ресурстар мен уақыт шығындарын да қоса бастады.

Модельдің келесідей кемшіліктері бар: тауарлар мен қызметтердің тұтынушылық таңдау функциясының өзгергіштігі нашар болжанады; кәсіпорынның инновациялық саясатының тиімсіздігі транзакциялық шығындарды анағұрлым ұлғайтады; модельдің мақсаттық функциясы мен кәсіпорынның шығындарды үнемдеуі арасында ешбір байланыс жоқ.

Кәсіпорынның өсу қарқынын жоғарылату моделі фирманың қазіргі заманғы теориясына негізделеді. Модельдің артықшылықтарына стратегиялық мүмкіндіктерге бағытталуын, кәсіпорын кірістерінің тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етуді жатқызуға болады. Ал кемшілігі – аталған модель кәсіпорын тауарына деген сұраныс тұрақты болған жағдайда ғана жұмыс істейді. Өнімнің сату бағасы өзгермейді. Кәсіпорынның даму мүмкіндіктерімен байланысты мәселелерді шешуге қажетті кәсіпорынның қол жеткізген табыс деңгейінің жеткіліктілік дәрежесі бағаланбайды.

Бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету моделі өз дамуын стратегиялық менеджмент парадигмасы жүйесінде тапты. Модельдің кәсіпорынның барлық негізгі қызметтерінің нәтижелерін көрсететіндігі оның артықшылығы болып табылады. Себебі бәсекелестік артықшылықтар инновациялық өнімдер мен технологияларды өндіру, маркетинг пен технологиялардың, баға саясатының, кәсіпорынның ұйымдық құрылымының тиімділігін арттыру есебінен жүзеге асады.

Модельдің кемшілігі – «бәсекеге қабілеттілік» түсінігі бірыңғай көрсеткішке синтезделуі қиын бірнеше көрсеткіштермен сипатталуында. Бәсекелестік артықшылық белгілі бір сала шеңберіндегі кәсіпорынның салыстырмалы жағдайын сипаттайды.

Кәсіпорынның қосылған құнын максималды деңгейге жеткізу моделі жапондық экономистер ойлап тапқан мақсаттық функцияларға негізделіп, фирманы дамытудың жапондық моделі атауына ие болды. Қосылған құнға кәсіпорынның өнімді өндіру мен сату бойынша барлық ішкі шығындары және табыстар кіреді. Модель кәсіпорын иелерінің экономикалық мүдделерін жоғарылатады және оың

мақсаттық функциясы ұзақ мерзімді сипатқа ие. Алайда оның кемшілігі де бар: мақсаттық функция өнімнің соңғы сатып алушысының мүдделеріне қайшы келеді.

Кәсіпорынның нарықтық құнын жоғарылату моделі (құнға бейімделген модель) кәсіпорынның негізгі мақсаттық функциясы оның иелерінің игіліктерін жоғарылату болып табылатын фирманың қазіргі заманғы теориясының заманауи идеяларын бейнелейді. Модель келесідей негізгі ерекшеліктермен сипатталады:

- кәсіпорын иелерін оның қызметімен байланысты экономикалық игіліктер жүйесіндегі басты субъектілер ретінде анықтайды;
- кәсіпорын қызметімен байланысты негізгі субъектілердің экономикалық игіліктерін реттейді;
- кәсіпорын бөлімшелерінің тиімді жұмыс істеуінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін біріктіреді;
- нарықтық құн көрсеткіші басқа бағалау көрсеткіштеріне қарағанда кәсіпорынның қызмет етуі туралы толығырақ ақпарат береді.

